ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДА, МЕЙРАМХАНА – ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІНДЕ, ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ

НАЙДЖЕЛ ЭВАНС

ROUTLEDGE

Алғашқы басылымы 2003 жылы жарияланған.
Екінші басылымы 2015 жылғы.
Роутлидж
2 Park Square, Милтон Парк, Абингдон, Оксфордшир OX14 4RN

және Роутлидж
711 Third Avenue, Нью-Йорк, NY 10017
Тэйлор & Френсис Групп, бизнес ақпараттама, Роутлидж белгісімен кітаптар шығарады.

© 2015 Найджел Эванс

Найджел Эванстың авторлық құқықтары 1988 жылғы Авторлық және патенттік құқықтарды, сонымен қатар конструкторлық өнертабыстар саласындағы құқықтарды қорғау туралы заңның 77 және 78 параграфтарына сәйкес бекітілген.

Барлық құқықтары қорғалған. Осы кітаптың ешқандай бөлімін басылым иелерінің жазбаша рұқсатынсыз қандай да бір электронды, механикалық немесе өзге де қазіргі уақытта белгілі формада, немесе кейін ойлап табылған басқа да құралдардың көмегімен, фото басып шығару және жазба жасауды қоса алғанда, немесе кез-келген ақпарат тасымалдаушысы немесе түзетулер жүйесі арқылы қайта басуға, қайта шығаруға немесе пайдалануға болмайды.

Өнімдегі тауарлық белгінің белгіленуі: Өнімнің немесе ұйымның атауы тауарлық белгі немесе тіркеуге алынған сауда маркасы бола алады, және біреудің құқығына қол сұғу немесе бұзу ниетінсіз, сәйкестендіру және түсінік беру мақсатында ғана пайдаланылады.
Британдық Кітапхананың библиографиялық жазбасы
Осы кітаптың каталогталған жазбасы Британдық кітапханасында қолжетімді.
АҚШ Конгресінің библиографиялық жазбасы
АҚШ Конгресі Кітапханасының библиографиялық жазбасы
Эванс, Найджел, 1955-
Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар саласындағы стратегиялық басқару / Найджел Эванс. — Екінші басылым.
Парақтарда.
Библиографиялық сілтемелері мен индекстері бар.
1.Туризм—Менеджмент. 2. Қонақ үй бизнесі—Менеджмент. 3.Страте-

гиялық жоспарлау. I. Атауы.
G155.A1E927 2014
910.68′4—dc232014020183
МСНК: 978-0-415-83727-9 (оқу құралы)
МСНК: 978-0-415-83724-8 (жұмсақ мұқабалы)
МСНК: 978-0-203-77149-5 (ebk)
Айов ескі стилінде терілген.
Кистроук, Стейшн Роуд, Кодсэлл, Вулвергемптон қ.

Мазмұны

1-бөлім. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар стратегиясының және негіздері. 6

2-бөлім. Ішкі ортаны зерттеу. 107

3-бөлім. Сыртқы ортаны зерттеу және ӘЖМҚ. 111

4-бөлім. Стратегиялық іріктеу. 167

5-бөлім. Стратегиялық қамтамасыз ету. Теория және тәжірибедегі стратегия. 228

6-бөлім. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларға байланысты тәжірибелік мысалдарды талдау. 299

1-бөлім. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар стратегиясы және негіздері.

Кіріспе

1-бөлімде ұсынылып отырған осы кіріспенің екі негізгі міндеті оқырмандарды төмендегілермен таныстыру болып табылады:

1. Осы кітаптың стратегияны – *Стратегиялық үдерісті* зерделеу тәсілдері.
2. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру секілді салалар мән-мәтініндегі стратегиялық басқару қағидалары, әдістері мен құралдарын пайдалануға байланысты негізгі уәждемелік факторлар - туризм , қонақ үй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру – *Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру саласындағы стратегиялардың рөлі.*

Стратегиялық үдеріс.

Біз неліктен стратегияны үдеріс ретінде жиі қарастырамыз? Оның жауабы мынада – бұл бір рет қана болатын құбылыс емес, үнемі жалғасып жататын әрекет.

Ұйым ішінде өзінің қызметін жүзеге асырып отырған ортаның үздіксіз өзгеріп отыруына байланысты *стратегиялық міндеттерді* үнемі қайта қарастырып отыру қажет. Стратегияның мақсаты – ұйымды сыртқы қоршаған жағдайлардың талабына жауап бере алатындай ету. Бұл мақсатқа қол жеткізген жағдайда, ұйымның аман қалу және әрі қарай гүлдену мүмкіндіктері де арта түспек.

Ұсынылып отырған кітаптың 1-бөлімі белгілі мән-мәтіндегі стратегияның заттық құрамдас бөлігі ұғымымен, атап айтқанда: туриз, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастырумен байланыста қарастырылады.

Осылайша, 1-бөлім төмендегілерден тұрады:

1. 1-тарау, негізгі түсінікті ашады, міндеттердің анықтамасы мен сипаттамасын береді.
2. 2-тарау, өз қызметі аясында ұйымның стратегиялық әдісті басқару мүмкіндігін түсіну үшін қажет болып табылатын туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру саласының нақты ерекшелік-

терімен таныстырады.

Кітаптың одан кейінгі бөлімдері стратегиялық үрдістің жекелеген «кезеңдерін» зерделеумен байланысты. Былайша айтқанда, стратегия дегеніміз жеке үрдіс болып табылады, себебі ол бірнеше жеке «кезеңдерден» тұрады және үрдіске үш негізгі өзара байланысты кезең қатысады.

Шын мәнінде, стратегиялық басқару үдерісі төмендегі Р1.1-суретте көрсетілгендей, үш негізгі құрамдас бөліктен немесе кезеңнен тұрады.



Р1.1-сурет. Стратегиялық үдерістің сызбалық көрінісі.
STRATEGIC ANALYSIS – СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ
STRATEGIC IMPLEMENTATION - СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
STRATEGIC SELECTION - СТРАТЕГИЯЛЫҚ ІРІКТЕУ

Стратегиялақ талдау.

Стратегиялық талдаудың мақсаты ақпарат жинау, және оны жүйелі түрде және мұқият зерделеу болып табылады. Ешбір адам өмірдегі қандай да бір мәселені шешуге келгенде, осыған байланысты толыққанды, шынайы және қажетті мәліметтерсіз маңызды шешім қабылдай алмас

еді. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралармен байланысты қызмет түрімен айналысып жүрген ұйымдардың жағдайы да дәл осындай.

Стратегиялық талдау екі негізгі кезеңнен тұрады:

- Стратегиялық талдау ұйымның ішкі ортасын зерттеуден тұрады *(ішкі талдау).* Талдаудың бұл түрі кәсіпорынның ішкі үдерістері мен құрылымдарын мұқият зерттейтіндігімен ерекшеленеді, былайша айтқанда, дәрігердің емделушіні толық медициналық тексеруден өткізетіні сияқты. Ішкі талдаудың мақсаты – ұйымның басымдығының неде екендігін (*оның басымдығы, күшті жақтары*) және оның қызметінің әлі де жақсарта түсуін қажет ететін тұстарын анықтау (*оның кемшіліктері, әлсіз жақтары*). Ұйымның ішкі ортасы туралы біз осы басылымның 2-бөлімінде тереңірек сөз ететін боламыз.
- Стратегиялық талдаудың екінші кезеңі ұйымның сыртқы ордасын зерттеуге негізделеді *(сыртқы талдау).* Талдаудың бұл түрі сыртқы ортаның екі «қабатын» - *микро* немесе *жақын,* және *макро* немесе *қашықтағы* ортаны мұқият зерттеумен айналысады. Сыртқы орта туралы осы кітаптың 3-бөлімінде толығырақ айтылады.

Макроорта қандай да бір ұйымға және оның қызмет түріне ғана емес, жалпы өнеркәсіпке әсер ететін бірқатар факторлардан тұрады. Бұдан әдетте бір ұйымның макроортаның факторларына әсер ете алмайтындығын көре аламыз, дегенмен, табысты ұйымдастырылған стратегия, әдетте, қиындықтарды жеңуге және өзгерістерге бейімделуге әсер ететін дағдыларды иеленуге көмектеседі. Ұсынылып отырған кітап макроорта ұғымын бес әсер ету саласы бойынша ашып көрсетеді – әлеуметтік -демографиялық, саяси, экономикалық, экологиялық және технологиялық – бұл жөнінде 7-бөлімде танысатын боламыз.

Микроорта ұйым бәсекеге түсіп отырған қызмет түрін қамтиды. Ережеге сәйкес, ұйым осы ортаның факторларының әсеріне ұшырайды, алайда оларға да өзінің әсерін тигізуі мүмкін. Бірақ , ішкі ортамен салыстыратын болсақ, микроорта ұйымның бақылауына бағынбайды. Осы кітаптың 8-бөлімінде сөз етілетін микроорта кейде *бәсекеге қабілетті орта* деп те бағаланып жүр, себебі ол енгізілетін ресурстар тұрғысынан болсын, сатуға шығарылатын өнім тұрғысынан болсын, ұйым қызметі салаларының аясында орналасқан.

Сыртқы талдауға сәйкес жинақталған деректерге сүйене отырып, біз қандай факторлардың қандай да бір *мүмкіндіктер* бере алатындығын, ал қандай факторлардың *қауіп* төндіруі мүмкін екендігін табамыз және

анықтаймыз.

Ұйымның күшті және әлсіз жақтарын, сонымен қатар оның сыртқы мүмкіндіктерін анықтаған сәттен бастап, негізгі міндет сәйкес стратегияны таңдау болып табылады. Кемшіліктер мен қауіп түлерін жою үдерісі кезінде, осы аталғандармен қатар анықталған басымдықтарға негізделетін және туындаған мүмкіндіктерді пайдаланатын стратегия қажет. Мұқият жүргізілген ішкі және сыртқы талдау ӘЖҚМ – әлсіз жақтары, мүмкіндіктер мен қауіптерге қатысты қорытынды мәліметтерді алудың қажетті алғышарты болып табылады. Басқаша айтқанда, ӘЖМҚ ішкі және сыртқы талдаудан құралады және негізгі нәтижелердің қысқаша сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Бұл үдеріс кейде *негізгі проблемаларға* шолу жасау үшін, күшті және әлсіз жақтар, мүмкіндіктер мен қауіптер туралы деректер жинаудың қосымша кезеңін де қарастыруы мүмкін. ӘЖМҚ көрсеткіштерінің ішінде кейінге қалдыруға болмайтыны және ең маңыздысы жедел шара қолдануды қажет ететін құрамдас бөліктер не болмаса, проблеманы шешудің айрықша стратегиясын әзірлеу қажет бөліктер болып табылады. ӘЖМҚ туралы деректермен 9-тарауда танысатын боламыз.

Стратегиялық іріктеу.

Стратегиялық үдерістің екінші кезеңі стратегиялық талдау кезеңінде алынған маңызды ақпаратты жинақтау және оны рационалды және саналы түрде қабылданған болашақта жүзеге асырылатын іс-қимылдарды қамтитын жоспарды *іріктеу* немесе *таңдау* және оны жүзеге асыру мақсатында пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады. Аталған стратегиялық таңдаулар осы кітаптың 4-бөлімінде берілген.

Әдетте, стратегиялық іріктеу туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар саласында қызмет етіп жатқан ұйымдар үшін (немесе олардың құрамдас бөліктері үшін) негізгі үш аспектіге қатысты талап етіледі:

- Ұйым бәсекелестікті қалай жасақтайтын болады?
- Ұйым қабылдайтын стратегиялық бағыттылық қандай?
- Ұйым қандай әдістерді пайдаланатын болады?

Стратегиялық іріктеудің бұл аспектілері 10 және 11-тарауда берілген.

Дәл осы кезеңде стратегиялық талдаудың маңыздылығына шынайы баға беруге болады. Егер талдау барысында жеткіліксіз немесе расталмаған ақпарат анықталатын болса, онда стратегиялық іріктеу үдерісінің

негізі де дұрыс қаланбайтын болады. Басқаша айтар болсақ, тиімсіз стратегиялық әдістер таңдалынып алынуы мүмкін.

Осылайша, стратегиялық іріктеу стратегиялық талдауды зерттеп-зерделеуден басталады. Талдаумен танысып шыққаннан кейін, әдетте, біз ұйым үшін қолжетімді әдістердің тізімін жасаймыз, ол кезде әрбір әдістің маңызды проблеманы шеше алатындығына назар аударатын боламыз. Одан кейін біз бірнеше критерийлер қатарын пайдалана отырып, әрбір әдіске баға береміз. Және, ең соңында, сәйкес келетін стратегиялық әдіс таңдалынып алынады. Стратегиялық бағалау және таңдау жөнінде 12-тарауда айтылған.

Стратегиялық қамтамасыз ету және басқару.

Стратегиялық үдерістің үшінші кезеңі таңдалынып алынған стратегиялық әдістердің тәжірибе жүзінде қолданылуынан тұрады. Таңдалынып алынған стратегияларды қолдану және басқару мәселелері осы кітаптың 5-тарауында талқыланған.

Стратегиялық үдерістің бұл кезеңі кешенді болып табылады, себебі ол стратегияның маңызды аспектілерінің тәжірибе жүзінде қолданылуына жатқызылады. Ол тікелей стратегияны жүзеге асыруға қатысты болып табылады, бұл бірқатар басқарушылық мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Біздің білуіміз қажет қызмет салаларының да бар екендігін естен шығармаған жөн, ол стратегияның туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар салалары аясында тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қажет. Стратегиялық қамтамасыз ету, әдетте, төмендегілерді есепке алады:

- ұйым ресурстары базасының сапасы (13-тарау);
- ұйым мәдениеті мен құрылымының өзіне ұсынылып отырған стратегияны алуға дайын болуы (13-тарау);
- стратегияны орындау үшін қажетті кез-келген өзгерістерді ұйымдастыру және жүзеге асыру (13-тарау);
- ұйымның өзінің географиялық орналасуы және халықаралық қатысуына байланысты позициясын анықтайтын масштаб (14-тарау).

Стратегиялық үдерісті орындаған кезде ішкі және сыртқы ортада ғана емес, зерттеліп отырған жағдайдың өзінде болып жататын өзгерістер жайлы да біліп отыру қажет. Стратегиялық басқару – зерттеп-зерделеудің кешенді саласы. Берілген кітапта біз зерттеліп отырған жағдай-

ға қатысты өз көзқарасымызды білдіреміз, осыған орай өзге де балама жағдайлар орын алуы мүмкін, және олардың қабылдануы да, ал зерттеліп отырған жағдайдың өзі үздіксіз даму жолына түсуі де мүмкін. Осылайша, 15-тарау стратегиялық басқаруды қарастыру барысында туындайтын қазіргі және болашақ тенденцияларды қарастырады, бұл оқушыларға жағдайдың көпқырлылығы мен дамуы жөнінде мәлімет беруге бағытталған. Осы тарау, сондай-ақ, ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға тәжірибелік тұрғыда стратегияны қалай жеңіл әрі сенімді түрде жеткізуге болатындығы жөніндегі мәселелерді де қарастырады.

Кері байланыс.

Ойымызды қорытатын болсақ, стратегиялық прогресс енгізу кезеңінен бастап талдау кезеңіне дейінгі аралықта кері байланыс арқылы үнемі бақылауда болады. Стратегия даму жағдайында болатындықтан, ол ұйымның ішкі ортасына да, сыртқы ортасына да әсер етуі мүмкін. Бұған қоса, бөгде әсерлер алғашқы стратегиялық талдау жүргізіліп болғаннан кейін ішкі және сыртқы әсерлердің туындауына ықпал ететін жағдайлар да кездеседі. Таңдалынып алынған стратегияның талаптарға жауап бере алатындығына көз жеткізу үшін, стратегиялық талдауға қайта көз жүгіртетін боламыз. Ешқандай өзгеріс орын алмаған болса, компания стратегияға түзетулер немесе толықтырулар енгізудің қажет еместігі туралы шешім қабылдай алады. Алайда, егер орта (ішкі немесе сыртқы) өзгерістерге ұшыраған болса, онда стратегияға бірқатар түзетулер енгізуге тура келеді. Соңғы уақыттарда орталар жиі және қарқынды түрде өзгере бастады, бұл дегеніңіз, ұйымдарға кез-келген өзгерістерге дайын болу үшін өздерінің икемділіктерін үнемі сақтау қажет екендігін білдіреді.

Зерделеу динамикасы.

Осылайша, кітап логикалық рет бойынша стратегиялық үдеріс реттілігін сақтай отырып, бес бөлімге бөлінген.

Төменде берілген диаграмма әрбір бөлімнің басында қайталанып отырады (өзгертілген формада). Бөлімдерде қарастырылатын тараулар кітап мазмұнын игеру кезіндегі табыстарыңызды көрсетіп отыратындай және логикалық бірізділікке бағынатын барлық стратегиялық үдеріс аясында тараулардың орналасу ретін анықтауға мүмкіндік бере алатындай етіп жазылған.

1-бөлім		2-бөлім	3-бөлім	4-бөлім	5-бөлім
Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар стратегиясы және оның негіздері.		Ішкі ортаға талдау.	Сыртқы орта және ӘЖМҚ талдау.	Стратегиялық іріктеу	Стратегиялық қамтамасыз ету, стратегия теорияда және тәжірибеде.
1-тарау Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар стратегиясы және стратегиялық міндеттер.	2-тарау Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар саласының стратегиясына кіріспе.	3, 4, 5 және 6-тараулар	7, 8 және 9-тараулар	10, 11 және 12-тараулар	13, 14, және 15-тараулар

Стратегия туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар (ТҚІ) мән-мәтінінде .

Осы редакция ТҚІ мән-мәтінінде стратегиялық басқару түсінігін және қағидаларын төмендегілер арқылы қолданады:

- түсініктер мен қағидалардың қосымшалары;
- осы салаға әсер ететін негізгі кезеңдерді бөліп көрсету, және;
- қысқа көрнекі мысалдар және кең ауқымды тәжірибелік мүмкіндіктерді пайдалану.

Әрбір тарауда ТНЕ (ТҚІ) нақты сілтемелер келтіріледі, алайда кітаптың *Туризм, Қонақ үй бизнесі және Іс-шаралар саласындағы стратегиялық басқару* мәселелеріне арналғандығына баса назар аударған жөн, осылайша ол бұл тұста теорияның анағұрлым жақын және осы мәселеге тән екендігін көрсетеді (өнім өндіруге қарағанда, қызмет көрсету бағыттылығының жоғары деңгейде екендігіне қарамастан), және нақты коммерциялық сала талаптарына сәйкес бейімделген және осы бағытта пайдаланылады.

Кітап бұл салалардың (бір қатарда тығыз орналасқан) өнім өндірісі емес, қызмет көрсетуге негізделіп отырғандығын жасырмайды, сол себепті стратегиялық басқарудың белгілі бір аспектілеріне ерекше көңіл бөлінген және сәйкесінше, қолданыстағы тілі де түрі жағынан өзгеріске ұшыраған. Мысалы, «өндіріс» сөзінің орнына «қызметті жүзеге асыру» деген түсінік қолданылады, және бейматериалдылық, өнімнің сақталмаушылығы, қолма-қол қаражат қозғалысының әсері, сапа стандарттарын сақтаудағы қиындықтар және басқалары, тиісінше қызмет саласындағы әрекеттің нәтижелеріне негізделе қарастырылатын болады.

Мұндай көзқарас жағдайында бірқатар қиындықтардың болары сөзсіз. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар саласы өзара ұқсас және

байланысты болғанымен, олардың белгілі бір деңгейде бір-бірінен ерекшеленетін тұстары да бар. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру жекелеген салалардың иесі деген де дәлелдер келтіруге болады, бұған олардың жеке құжаттары мен құрылымдары дәлел.

Ұсынылып отырған кітаптың көзқарасы төмендегідей:

- ұқсастық айырмашылыққа қарағанда басымырақ;
- кез-келген қиындықты сәтті жеңіп шығуға болады, және осыған орай;
- көрсетіліп отырған салалар *стратегиялық* деңгейде бір мезгілде қарастырылуы мүмкін.

Соңғысына айрықша назар аударған жөн. Стратегиялық маңыздылық тұрғысынан қарағанда (жоғары деңгейлі шешім қабылдау) бұл үшеуін тығыз байланыста қарастыруға болады, себебі оларды жеке-жеке қарастыру тәжірибелік деңгейде тиісті нәтижеге қол жеткізе алмауы мүмкін.

Мысалы – туристік оператор тарапынан басқарудың тәжірибелік бөлігі отельді басқарудан айтарлықтай ерекшеленеді, себебі олар өздерінің қызметін әр түрлі икем және дағдыларды талап ететін әр түрлі әдістердің көмегімен жүзеге асырады. Алайда, ресурстардың қалай бөлінетіндігіне байланысты шешімдерді есепке алатын болсақ, бұл шешімдерді стратегиялық деңгейде есепке ала отырып, олардың қандай деңгейде бәсекелестікке бара алатындығын байқауға болады, - оларда туындайтын мәселелер өзара ұқсас болуы да мүмкін және шын мәнінде көптеген жағдайларда олар бір ұйымның әр түрлі бөліктері болып шығады.

Шынтуайтқа келгенде, басқаларын былай қойғанда, аталған үш саланы бір мезгілде стратегиялық деңгейде қарастыру мүмкін емес, оның үстіне қажет емес екендігін дәлелдеуге де болады. Оның себебі, туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар бір-біріне анағұрлым жоғары деңгейде тәуелді, және оларды бірге басқарудың көптеген мысалдарын келтіруге болады. Бір саладағы сұраныс пен ұсыныс басқа ТҚІ құрамдас бөліктеріне әсер ете алады, және көптеген жағдайларда аталған үш саланың арасында үлестік меншік құрылымдары кең тараған.

Қазіргі біз осы кітапта анағұрлым толығырақ қарастырылатын жеке кәсіпкерлік мәселесіне де шолу жасап өттік.

Туризм саласындағы басқару.

Туризм және күн санап өсіп келе жетқан және оған қолдау көрсететін халықаралық іссапарлар саласы, - бұл:

- ірі және кешенді өндіріс сегменті;
- меншік және бақылаудың кең ауқымда тармақталған құрылымына ие;
- кең ауқымды әзірлемелер мен белгілеу қосындары бар; және
- көбінесе қоғамдық және жекеменшік сектор арасында бөлінген.

БҰҰ жанындағы Дүниежүзілік Туристік Ұйымы (БҰҰ ДТҰ) туризмге төмендегідей анықтама береді:

Адамдардың демалу үшін, іскерлік мәселелер бойынша немесе өзге де мақсаттармен өздерінің тұрақты мекендеп жатқан ортасынан бір күннен артық уақытқа орын ауыстыру және уақытша тұрақтау қызметі, алайда бұл уақыт мерзімі бір жылдан аспайды.

(Чедуик, 1994:65)

Туризмнің зиярат ету немесе сауда-саттық мақсатында басқа қалалар мен мемлекеттерге бару секілді түрі тарихта бұрыннан жалғасып келеді. Ал, қазіргі бұқаралық халықаралық туризм кейінірек пайда болды және ол Томас Кук, 1850 жылдардағы (Уитей, 1998; Гамильтон, 2006; Холлоуэй және Хэмфри, 2012) Британия дәуірлеріне сәйкес келеді. Көптеген елдерде бұл саланың күрделі құрылымға ие болуына байланысты, алғашқыда оның бертін келе пайда болған секілді көрінуі де мүмкін. Оның қалыптасуы жайлы Джи және қосалқы авторлар (1997), Пейдж (2011) және Холлоуэй мен Хэмфри (2012) еңбектерінде әңгімеленеді. 1950 жылдардың басынан бастап, туризмнің дамыған елдердің ішінде болсын, халықаралық деңгейде болсын дамуы өзінің феноменалды деңгейіне жетті, сонымен қатар оқтын-оқтын болып тұратын экономикалық және саяси келеңсіздіктерге төтеп бергіштігі мен өте тұрақтылығымен ерекшеленді (Эванс, 2012:215).

Бұл өсу көрсеткіші аумақтық тұрғыда біркелкі болмады және экономикалық жағдайларға байланысты түбегейлі өзгерістер нәтижесінде пайда болды. Осындай жолмен дамыған орта бір мезгілде, және жекеменшік сектор басқарушылары үшін де, мемлекеттік сектордың саяси қызметкерлері үшін де басқарушылық мүмкіндіктерге жол ашып берді. Туризмнің дамуындағы жекеменшік сектордың басымдығы және белсенділігін және осы қызмет саласына қолдау көрсететін қызмет аясының кеңеюін есепке ала отырып, кәсіпкерлікті басқару ісінің туризмді зерттеп-зерделеуі соңғы ғасырдың алғашқы ширегінен немесе соған жуықтас уақыт межесіндегі уақыттан бері қарай жалғасын тауып келеді (Эванс, 2012:217), біздің кітапта осы мәселелердің бәрі де стратегиялық

тұрғыда есепке алынған.

Туристік өнім оны басқару және бақылау әдісі үшін қажетті бірқатар өзіндік белгілерге ие болып табылады, осыған байланысты, бұл белгілер туризмді кез-келген бизнеске бағдарланған қалыпта зерттеу үшін маңызды болып табылады. Бұл белгілердің бірқатары қызмет көрсету салаларының басқа да нәтижелерімен өзара ұқсас болып келуі мүмкін, ал басқалары, арнайы қарастырылған ортақ жағдайларды есепке алмағанда, туризм және ішінара туристік өнімдер үшін міндетті түрде айрықша мәнге ие болып табылады. Осылайша, көрсетіліп отырған өзара тән белгілер басқаларынан айтарлықтай ерекшеленіп тұрады және осы кітапта берілгендей мақсатты түрде жүргізілген зерттеу жұмыстарының сенімін ақтайтын болады.

Қызметті басқару мәселелері ерекше деңгейде туындаған жағдайға тәуелді, бизнестің типі, орналасуы және ауқымы бойынша бірқатар айрықша сипаттамаларға ие жағдайларда қарастырылуы мүмкін, және осыған байланысты, бұл кітаптың міндеті болып есептелмейді. Алайда, олар туралы басқа авторлардың еңбектерінде көп айтылған: Шарпли (2002); Купер және басқалары. (2008); Чарльз Гоэлднер және Брент Ритчи (2011); Холлоуэй және Хэмфри (2012). Көрсетілген тәжірибелік мәселелер туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды басқару салаларында өзара реттеліп отырылады. Сол себепті, аталған үш қызмет саласын зерттеудің стратегиялық деңгейдегі аралас қадамын жүзеге асыру мүмкін болып есептеледі, ал тәжірибелік деңгейде оны жүзеге асыру мүмкін емес.

Қонақ үй бизнесі саласындағы басқару.

Қонақ үй бизнесі көрсетілетін қызмет түрлерінің ірі салаларының бірі болып есептелгенімен, ол әлі күнге дейін әр түрлі, біртекті емес кіші салалардан құралады. Қонақ үй бизнесінің шекарасын анықтауға байланысты жүргізілген толық шолу еңбегінде, Оттенбачер және басқалары (2009), ғылыми қызметкерлер мен қонақ үй бизнесі саласының мамандары арасында аталған саланың жалпы әсері мен ауқымына байланысты бірыңғай пікірдің жоқ екендігі айтылған. Ауызекі сөйлеу тілінде қонақ үй бизнесі көбінесе туристік саламен байланыстырыла айтылады, адамдардың көпшілігі оны қонақ үйлер мен мейрамханаларға жатқызады (Пауэрс және Бэрроуз, 2012).

Қонақ үй бизнесі ұғымына біршама толығырақ анықтама бере отырып,

Харрисон және басқалары (2005:23) қонақ үй бизнесінің төмендегілерге негізделетіндігін тілге тиек етуде:

ең бастысы тұруы, тамақтануы және сусын ішуі немесе кешенде қарастырылған басқа да қызмет түрлерінен құралатын кәсіпкерлік қызмет субъектілеренін тұрады.

Бұл қонақ үй бизнесінің қарапайым анықтамасын бере алады, ол дегеніңіз осы кітапта мазмұны ашылатын зерттеу затының өзін дұрыс түсінуді қамтамасыз етпек.

Терминге байланысты бірқатар қиындықтардың туындап жатқандығына қарамастан, дүние жүзі бойынша қонақ үй бизнесі және отельдерді басқаруға байланысты көптеген курстар ашылған, және көбінесе туризм және/немесе іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері де осындай курстардың тақырыптарында кездесіп қалып жатады, сөйтіп олардың арасында тығыз байланыстың бар екендігінің мысалын көрсеткендей болады.

Анықтама беруге байланысты мұндай қиындықтар туризм және қонақ үй бизнесінің арасында тығыз байланыстың бар екендігін, сонымен қатар олардың арасындағы шекараның нақты еместігін және икемділігін көрсетеді. Бұдан басқа, ұсынылып отырған бірнеше анықтама туризм және қонақ үй бизнесін (Оттенбачер және басқалары (2009)) «саяхат және туризм» ұранымен біріктіреді (атап айтқанда, Уокер, 2010). Туризм және қонақ үй бизнесінің тығыз байланысты, алайда бір-біріне тәуелді емес жеке ұйым екендігіне байланысты, қонақ үй бизнесінің тығыз байланысты екендігін көрсетіп отыр, мұнда қонақ үй бизнесі ішінара болсын, туризм қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүдделі болып отыр.

Осы басылымда таңдалынып алынған көзқарас қонақ үй бизнесіне арналған стратегиялық басқаруды туризм және іс-шаралардан бөлек емес, бірге қарастырылғандығын аңғару қиын емес, ал Харрингтон мен Оттенбачер (2011) басқаша көзқарасты таңдап отыр. Олар стратегиялық басқаруға байланысты зерттеулерді анықтама беруге қатысты бірқатар қиындықтарға қарамастан, қонақ үй бизнесі мән-мәтінінде жалпылама түрде зерделеуді жөн санайды.

Іс-шараларды басқару.

Қонақ үй бизнесін басқару саласына анықтама берудің теориялық мәселелері көп жағдайда іс-шараларды басқару ісімен біте қайнасып жатады.

.

Шын мәнінде, анықтама беру мәселелері қазіргі уақытта бірінші кезекте тұр, себебі қонақ үй бизнесімен салыстырғанда:

- білімнің бұл саласы аса қысқа мерзім аралығында ғана қарастырылып жүр;
- қызметтің бұл түрі танымал сауда маркаларының шамалы санына ғана ие (олардың шашыраңқылық деңгейі); және
- аталған сала бойынша әдебиеттер де өте сирек кездеседі және бертінгі уақыттарды ғана қамтиды.

Іс-шараларды басқару ісі төменде көрсетілген жағдаяттар аясындағы басқару ісімен байланысты екендігі көпшілік тарапынан мақұлданған (бұл кітапта да осындай көзқарас мақұлданады):

- іс-шараларды басқару және ұйымдастыру жөніндегі компаниялар;
- спорттық іс-шаралар;
- концерттер мен қойылымдар;
- фестивальдар мен мерекелік шаралар;
- көрмелер;
- кездесулер және конференциялар.

Ұсынылып отырған пәндік сала қазіргі уақытта өзінің қалыптасу кезеңін бастан өткеруде, ал Гетц (2007) іс-шараларды зерттеп-зерделеу ісіне «барлық оқиғалар мен оқиғаға қатысты мән-мағына және одан алынатын әсерге байланыстыра отырып, барлық жоспарланған оқиғаларды зерттеу» деген анықтама береді. Іс-шараларды бұдан кейін де зерттеу саласы ретінде қарастыра отырып, Гетц (2012) оның туризм, бос уақыт және спортпен айналысу секілді өзара жақын салалармен байланысты екендігін растап отыр. Іс-шаралар үнемі бір-бірімен үндесіп жатады (өзіне ұқсас басқа салалармен), себебі олар әр түрлі мақсаттарда қолданылады және оқиғаның сипатына қарай түрленіп отырады. Алайда, өзара ұқсас салалар аясында, іс-шаралар, өзінің жоспарлы сипатының болатындығына қарамастан, өте маңызды, себебі көптеген маңызды құбылыстардың арасында олар бір нәрсені ғана беруге бағдарланған.

Іс-шаралардың туристік қызығушылыққа ие орындарда, және маркетингті дамытудағы маңызды орнын анықтай отырып, Гетц (2012) негізгі бес орталық рөлді бөліп көрсетіп отыр:

1. Шығындары экономикалық табыс түсіруі мүмкін туристерді тарту.
2. Баратын орындардың позитивті имиджін қалыптастыру және оны брендке айналдыру.

3. Қалалардағы өмір сүру жағдайын жақсарту және инвестициялар тарту арқылы аймақтық маркетингтің дамуына үлес қосу.
4. Қалалар, шипажай орындары, саябақтар мен қала аумақтары және іс-шаралар өткізуге арналған орындарды тартымды ете түсу арқылы жандандыру.
5. Қалалардың модернизациялануын, инфрақұрылым, волютаризм және жетілдірілген маркетингтік мүмкіндіктерді жеделдету.

Көптеген оқу құралдары зерттеліп отырған мәселенің тәжірибелік аспектілерін қамтиды және іс-шаралар саласы мен іс-шараларды басқару ісінің зерттеу саласы ретінде дамуына үлсе қосады. Олардың арасында келесі авторлардың еңбектері де бар: Радж және басқалары (2008); Аллен және қосымша авторлар (2010); Боудин және басқалары (2011); және Голдблатт (2011). Бұған қоса, Джуди Ален, сонымен қатар Аллен (2009) секілді авторлардың іс-шараларды ұйымдастыру және өткізумен тәжірибе жүзінде айналысып жүрген мамандардың тәжірибесіне сүйене отырып жазған көптеген тәжірибелік кітаптары бар. Дегенмен, авторға белгілі болып отырғандай, қазіргі уақытта іс-шараларды тек стратегиялық тұрғыда қарастыратын, және іс-шараларды туризм және қонақ үй бизнесімен тұтастықта қарастыратын жұмыстар жоқтың қасы.

Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар саласындағы басқару – біріктірілген тәсіл.

Бұған дейінгі бөлімдер туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды өнеркәсіп салалары ретінде зерттеудің жиынтық сипатында қарастырады, алайда бұл салаларды шектеу мәселесі әлі де даулы мәселе болып қала бермек және олардың өзара тығыз байланысты екендігі туралы шындықты да ешкім жоққа шығара алмайды.

Зерттеу саласының әрқайсысында соңғы жылдары дүние жүзі бойынша көптеген бағыттар пайда болды, олардың бірқатары бұл салаларды жеке-жеке қарастыратын болса, екінші біреулері оларды көптеген атаулармен біріктіре сипаттайды. Оның үстіне, ғылыми және коммерциялық мазмұндағы саны көп әдеби мұра осы салалардың әрқайсысына байланысты жарық көрген, сонымен қатар бәсекелестер тарапынан кең ауқымда қарастырылатын халықаралық журналдарда олардың жеткілікті мөлшері жарық көруде. Мұндай журналдардың кейбірі келесі салаларды қамтиды: (мысалы: *Туризм саласындағы басқару, Іс-шаралар сала-*

сындағы басқару және Қонақ үй бизнесін басқару жөніндегі халықаралық журнал, Дәстүрлі және оқиғалы туризм журналы). Журналдардың атауына көз жүгіртетін болсаңыз, берілген саллардың шекарасы оларды анық көрсетілген, ал журналдың мазмұны дәл сондай анық және түсінікті болмауы да мүмкін. Мысалы: *Туризм саласындағы басқару* журналында қонақ үй бизнесі немесе туристер үшін ұйымдастырылатын нақты іс-шаралар туралы сөз етілуі мүмкін.

Көптеген маңызды әдеби кітаптар туризмнің, қонақ үй және іс-шаралар саласының нақты тәжірибелік немесе белгілі бір жағдайға тәуелді аспектілеріне байланысты мәселелерді қамтиды. Шын мәнінде, нақты тәжірибелік деңгейде қарастыратын болсақ, туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар сөзсіз жоғары деңгейде ерекше және өзіндік сипатқа ие (бір-бірімен байланысты болса да). Мәселен, дем алу орнында немесе музыкалық концерттер ұйымдастырған кездері әуе компаниясын басқару ісіне байланысты туындайтын тәжірибелік мәселелер жағдайға тікелей байланысты сипатта болады және сол себепті оған жеке әдіс-тәсілдер қолданылуы тиіс.

Алайда, бірқатар ұқсастықтарды есепке ала отырып, стратегиялық тұрғыда анағұрлым ықпалдастырылған тәсілдерді де қолдануға болады және бұл ойға қонымды да. Осылайша, ұсынылып отырған кітап тәжірибелік жағдаймен салыстырғанда, туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралардың арасындағы белгілі мөлшердегі шектік айырмашылықтардың оншалықты маңызды емес екендігін алға тартады. Тәжірибе жүзінде олар мүлдем бір-біріне ұқсамайтын болуы мүмкін, алайда стратегиялық тұрғыда (біз қарастырып отырғандай) бұл олай емес. Аталған үш саланың әрқайсысы өзара ұқсас сипаттамалардың ара жігін ашатын *қызмет көрсету саласы* деп аталады, және көп жағдайларда олар бір-біріне арқа сүйейді. Осыған орай, туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар біздің тарапымыздан ұсынылып отырған осы кітаптың мән-мәтінінде қарастырылуы заңды.

Мысалы – саяхаттарды ұйымдастырумен айналысатын туристік агенттіктер саяхатшыларды орналастыратын орындарға иелік ете алады немесе оларды басқарады және әр түрлі сипаттағы іс-шараларды ұйымдастырады.

Бұл кітапта қарастырылып отырған әдіс осы үш саланы біріктіруге бағытталған, себебі мұндай жұмыстарға тартылған көптеген компани-

ялар барлық салаларда (және кіші салаларда) кеңінен таралған әр түрлі ұйымдар, әр түрлі ауқымды қадамдар қатарының айқын мысалы болып табылады.

Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар осы кітаптың әр түрлі бөлімдерінде қарастырылатын, менеджментке арналған көптеген жалпы сипаттамалар мен мәселелерді қамтиды. Бұл секілді бірегей сипаттамалар төмендегілерден құралады:

- Қызмет көрсетуге негізделген өнім;
- Халықаралық масштабтағы мүмкіндіктер;
- Табысты қызмет көрсету барысында адами ресурсқа ерекше тәуелді болу;
- Тез бүлінетін және бейматериалдық тауарлар;
- *Баға дискриминациясын* және *табыстарды басқару* техникасын кең ауқымда пайдалану; және
- Қарқынды түрде ауысып отыратын тарату құралдары.

Шағын бизнес мәселесі.

Келесі маңызды тақырыптардың бірі масштабқа қатысты. Туризм және қонақ үй бизнесінің салалары белгілі бір әр түрлілік ретінде кең ауқымда қарастырылуы мүмкін екендігіне орай, ең бастысы, олардың тұтынушылар мен туристердің қызметтерін қамтамасыз ететін ірі ұйым (әуе тораптары, отельдер тобы және туристік агенттіктер) ретінде қарастырылғаны дұрыс, сондай-ақ олар көп түрлі, жеткілікті мөлшерде бөлшектенген желілерді қамтиды, ұсақ компаниялар мен өзге де ұйымдардан бастап, орта мөлшерлі түрлеріне дейін. Бұл, әсіресе, осы салаларда маңызды. Іс-шаралар саласы да жеткілікті деңгейде бөлшектенген, оның кіру шегінің деңгейі төмен, және кең ауқымды және көптүрлі бірнеше үлкен компаниялардан тұратын немесе аса танымал брендтері бар ұйымдардың жиынтығы ретінде көрініс табады.

Стратегиялық басқаруға қатысты көптеген әдебиеттер, негізінен, ірі кәсіпорындарға тиесілі болып табылады, және кейде анағұрлым ұсақ ұйымдар үшін айтарлықтай мәні жоқ ретінде де қарастырылады, бұл кітапта біз осы мәселеге көңіл бөлетін боламыз. Алайда, әдебиетте көрініс тауып отырған қағидалардың басым бөлігі шағын бизнеске және коммерциялық емес ұйымдарға тиесілі, алайда оларды мүлдем басқа тәсілмен қолдану қажет. Сол себепті, осы кітапта қабылданған пікірлер

мен көзқарастар ең алдымен ірі ауқымды кәсіпорындарға байланысты қарастырылады, алайда әрбір тараудың айрықша бөлімдері болады, онда шағын және орта көлемді кәсіпкерлікке (ШОК) арналған стратегиялық басқарудың маңызы көрсетіледі.

Қорытынды.

Берілген тарауда осы кітапта ТҚІ мән-мәтінінде стратегиялық басқаруды зерттеуге үшін қабылданған көзқарастар талқыға салынды. Тарау стратегиялық үдерістің үш негізгі құрамдас бөлігін көрсетіп отыр – стратегиялық талдау, стратегиялық іріктеу және стратегиялық қамтамасыз ету – және стратегияларды ұзаққа созылған үдеріс ретінде қабылдаудың кері байланыс тізбегін қажет ететін маңыздылығы туралы да осында сөз болады.

Тараудың жалғасы ретінде жекелеген салалаларға да көңіл бөлінеді – туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар – және аталған салалардың төңірегіндегі анықтамаларға байланысты түрлі пікірлерге сипаттама беріледі. Бұл үш саланың неліктен жедел емес, стратегиялық деңгейде қарастырылуы мүмкін екендігіне байланысты да дәлелдемелер ұсынылды, және осы кітап тарапынан мақұлданған көзқарас ТҚІ үш тармағын біріктіруге ат салысты.

Қорытынды бөлімде масштаб аспектісі қарастырылады, оның себебі бірқатар стратегиялық кітаптар ірі ауқымды ұйымдарға көңіл бөлумен шектеледі, алайда біздің кітаптың ұстанымы шағын ұйымдарға арналған стратегиялардың айрықша маңыздылығы жөніндегі мәселелерді де қамтитын болады.

1 тарау. Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру стратегиясы және стратегиялық міндеттері.

Кіріспе және тарауға шолу.

Стратегиялық ойлау және стратегиялық басқару кез-келген кәсіпорын немесе мемлекеттік сектордың ұйымдары тарапынан орындалатын өндірістік қызметтің ең маңызды түрлері ретінде қарастырылуы мүмкін. Стратегиялық шешімдер ке-келген ұйым түсінуі тиіс маңызды шешімдер болып табылады; және ұйымның ортақ негізі мен қағидаларын белгілейтін стратегиялық шешімдерден бірқатар нақты тәжірибелік шешімдер қабылдануы мүмкін. Бұл әрекеттердің қаншалықты сауатты орын-

далғандығына байланысты, ұйымның ұзақ мерзімді табысы немесе оның құрдымға кету жағдайлары анықталуы мүмкін.

Бұл тарауда стратегияның негізгі түсініктері мен қағидалары жөнінде айтылады.

«Стратегия» сөзінің анықтамасы жайында сөз етілді, осыған орай біз табысты стратегиялық басқару жағдайында шешім қабылдау үдерісінің деңгейлеріне шолу жасап өттік (стратегиялық және тәжірибелік деңгейлерде). Деңгейлер анықталған және олардың арасындағы байланыс мәселелері талқыға салынған. Және, ең соңында, біз стратегиялық міндеттердің сипаттамасын талқыға салатын боламыз – олардың қойылымы үшін кім жауапты және оларды қалай түсінеміз.

Оқу міндеттері.

Берілген тарауды оқып шыққаннан кейін, сіз төмендегілерді игеруге тиіссіз:

- *Стратегия* және *стратегиялық басқару* ұғымдарына анықтама беру;
- Минцбергтің Бес «П» стратегиясының қағидаларын түсіндіру;
- Шешім қабылдау стратегиялық үдерісінің маңыздылығы мен ұйымдастырушылық жағдайын бағалау;
- Әдейі (ойластырылған) және көлденең стратегияларды бір-бірінен ажырата алу;
- Тәжірибе жүзінде стратегияның неден құралатынын білу;
- Стратегиялық, тактикалық және тәжірибелік шешімдерді өзара ажырата алу;
- Миссия, өзінше көру және құндылықтардың мәнін түсіндіре алу, сондай-ақ берілген тұжырымдамалардың ортақ мазмұнын сипаттау;
- Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар (ТҚІ) ілеспе мән-мәтінінің міндеттері мен даму тұжырымдамасының қойылым мысалдарына талдау жасау;
- *Иерархиялық конгруэенттілік* ұғымының нені білдіретіндігін және оның маңыздылығын түсіндіру;
- Стратегиялық шешімдерге қалай қол жеткізілетіндігін түсіндіру үшін мүдделі тараптардың үлгілерін пайдалану;
- Стратегиялық басқару арқылы анықталатын міндеттердің ең негізгі типтерін түсіндіру, және оларды қалай болжап білуге болатындығына тоқталу; және
- Тарауда ұсынылып отырған стратегиялық қағидалардың қалайша туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар (ТҚІ) маңызды жағдайларында

қолданылуы мүмкін екендігін түсіну.

Стратегия дегеніміз не?

Стратегия дегеніміз көптарапты зерттеу саласы, ол төмендегілерден құралады:

- зерттелуі тиіс ешқандай да факті жоқ деп айтуға болады;
- ғалымдар, тәжірибе жүргізуші мамандар мен өзара қарама-қайшылықтың туындауына себеп болатын кеңесшілер тарапынан ұсынылған көзқарастардың көптігі;
- жаргондардың көптігі – бұл ретте сөздер, кейде, мағынасы жағынан бірдей бір аспектіні сипаттап отыруы мүмкін, немесе, керісінше, стратегияның сөз мағынасы жағынан мүлдем басқа аспектілерін сипаттау;
- ғылыми және коммерциялық әдеби мұраның көптігі;
- ғылыми ойдың түрлі бағыттары және көптеген ғалымдар мен осы салаға тартылған сарапшылар тарапынан қабылданған қадамдар;
- жағдайлардың динамикалық жиынтығымен жұмыс істеу;
- басқа салалардан келген зерттеу мақсаттарын біртұтас етіп біріктіру.

Ұсынылып отырған кітапта біз берілген жиынтық арқылы қажетті әдісті тауып алуға тырыстық, ол үшін материалдар логикалық тәртіппен қойылды, және кең ауқымда мойындалған, зерттеліп жатқан және тәжірибеде қолданылып жүрген зерттеу заттарына көз жүгіртуді мақсат етіп отырмыз.

Кітап *«Туризм, Қонақ үй бизнесі және Іс-шараларды стратегиялық басқару»* деп аталады, және қысқаша айтатын болсақ, біз ТҚІ қысқарған сөзін кітапты аяқтағанға дейін пайдаланатын боламыз.

Бұл атаудың мәні көрсетіліп отырған үш сала мән-мәтінінде айрықша көңіл бөлінуі тиіс стратегиялық басқару аспектілері болған жағдайда, концептуалды материалдың стандарттық сипатының басым екендігіне негізделеді. Басқаша айтқанда, концептуалды материалдың кез-келген бөлігі өнрекәсіптің көптеген салалары үшін маңызды болып табылады (оның ішінде туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар) , алайда оны қолдану тәсілі қарастырылып отырған салалардың нақты сипатына қарай реттелетін болады. 2 тараудан біз ТҚІ айрықша белгіге ие бірқатар аспектілерінің бар екендігін көре аламыз, және осыған орай, біздің тарапымыздан аталған мәселелерге айрықша назар аударылатын болады.

Анықтама.

Көрсетіліп отырған стратегия бойынша кітаптың басында қарастырылған мәселе «стратегия дегеніміз не?» деген сауалға жауап іздеуге негізделеді. Алайда, жоғарыда аталып өтілгендей, бұл сұраққа жауап беру алғашқыда оңай көрінгенімен, күрделі мәселе болып табылады. Зерттеу нысанының әрі қарай жетілдірілуі стратегия терминін (және стратегиялық басқаруды) әр түрлі мағынада пайдалануға себеп болды және осыған байланысты көрсетілген терминге байланысты көптеген анықтамалар пайда болды.

Істің мәнісіне тоқталатын болсақ, егер анықтамаларға байланысты пікірталастарға көз жүгіртетін болсақ, онда біз стратегия және стратегиялық басқару ұғымдары арасындағы айырмашылықтарға тоқтала аламыз:

- *Стратегия* ұғымының мәні ұйым қызметіне әсер ететін негізгі мәселелерге назар аударта отырып, сіздерді алдағы уақыт туралы ойлануға жетелеу болып табылады;
- *Стратегиялық басқару* осы стратегияның орындалуы барысында сізге көмекке келетін қағидалар, негіздер, құралдар мен әдістерді ұсынуға бағытталған.

Өзінің қызметін ТҚІ жүзеге асыратын көптеген ұйымдар (басқа салалардағы секілді) кейінге қалдыруға шыдамайтын, бірінші кезектегі аса жедел міндеттерге назар аудара отырып, аңғарымпаздық таныту және ұзақ мерзімді перспективалық қадамдарды таңдаудың орнына, өз әрекетіне байланысты болашақтағы жағдайды дұрыс болжай алмауына байланысты, өзін-өзі кешеуілдетіп жатады. Заманауи бизнес саласындағы қиындықтарды есепке алатын болсақ, туындаған жағдайды ескермеуге де болар еді, алайда бұл басқарудың саналы тәсіліне жатқызылмайды.

Ұйым үшін жұмыс жағдайларын алдын-ала болжау оңай емес, оның күрделілігі ауа райын болжау немесе пайыздық ставкалардың алдағы қозғалыс көрсеткіштерін болжаумен бірдей. Себебі көптеген белгісіздік аспектілері мен өзгерістер саны өте көп. Стратегиялық басқару үдерісіне қолдау көрсету мақсатында қағидалар, негіздемелер, құралдар мен әдістер әзірленді. Осылайша, стратегиялық басқарудың түпкі мақсаты ұзақ мерзімді болжамды ойлау – стратегиялық жоспарлауға қажетті негіздемені әзірлеп шығаруға негізделеді.

Түпкі тарихына үңілетін болсақ, стратегия термині өзінің бастауын

бұрынғы әскери өмірден алып жатқандығын көруге болады, кезінде қолбасшылар стратегияны қарсыластармен шайқас кезінде қолданған (мәселен, Джон Кигэннің «Басқару бетпердесі: Әскербасы өнерін үйрену» еңбегін қараңыз, 2004). Шын мәнінде, сөздіктерде де стратегия термині «соғысу өнері» ретінде беріліп жүр. Стратегияны мұндай сипатта қарайтын болсақ, стратегияның бастапқы іргетасын қалаушы алғышарт ретінде дұрыс бұлтарыс жасай алмасаң, қарсыластың қатты соққы беруі (өте қатты және анағұрлым көп) мүмкін екендігі туралы қалыптасқан идея қарастырылып жүр.

Бизнесте де әскери саладағы секілді: ұйым өзінің бәсекелестерінен озып кетуді, олардың алдында жеңіске жетуді мақсат етіп көздейді. Бұл ретте, маркетинг, қаржы ісі және адами ресурстарды басқару секілді әр түрлі тәртіпке негізделген стратегиялар әзірленуі тиіс.

Коммерциялық операциялар басталған кезден-ақ, кәсіпорындар алдағы уақыттағы әрекет жоспарын кең ауқымды қарастыратын стратегияларға қол жеткізген. Алайда, 1960 жылдардан бастап, бұл сала ғылыми қызығушылық тақырыбы ретінде қарастырылып жүр, және осыған орай, ол кәсіпкерлік мектептерінде және бизнеске-бағдарланған курстарда оқытылуда.

Бұл пән ТҚІ байланысты курстардың бір бөлігі ретінде де оқытылады. Кітаптағы ойымыздың өрбуіне байланысты, стратегиялық басқарудың әрбір бөлігі үшін маңызды болып табылатын ТҚІ әдебиеттері де ұсынылып отыратын болады. Кейбір стратегия салаларында (мысалы, 12 тарауда қарастырылатын стратегиялық альянс және 14 тарауда қарастырылатын нарыққа шығу және жаһандану стратегиялары) ТҚІ әдеби қатары кең ауқымды болып келсе, кейбір салаларда ол оншалықты ауқымды сипатта емес.

Әдебиеттер қатары біздің тарапымыздан қарастырылып отырған салаларды қамту тұрғысынан алғанда да бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді, әдетте туризм және қонақ үй бизнесімен салыстырғанда анағұрлым кеш және маңыздылығы шамалы іс-шараларға арналған іскерлік қызмет тұжырымдамасы сөз етілетін әдебиеттерді осы қатарға жатқызуға болады. Әрине, стратегияны және жоспарлауды ТҚІ мән-мәтінінде есепке алатын ортақ мәтіндер де бар екендігі белгілі, атап айтқанда: Холлоуэй (1998а, б); Олсен және басқалары, (2007); Филлипс және Моутинью (1998); және Моутинью (2000).

Чендлер анықтамасы.

Көптеген авторлар оқушылар үшін түсінікті болуын қамтамасыз ету мақсатында, стратегия мәнін қысқа әрі ықшам етіп сипаттауға тырысты. Осындай анықтамалардың бірі өзінің ертеден келе жатқандығына қарамастан, әлі күнге дейін кең ауқымда айтылып және қолданылып жүр, ол 1962 жылы Гарвард бизнес мектебінің профессоры Чендлер тарапынан ұсынылған болатын.

АНЫҚТАМА/ҚАНАТТЫ СӨЗ

Стратегия – кәсіпорынның *негізгі ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерін анықтау,* және *әрекеттер жоспарын құру,* және осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті *ресурстарды бөлу.*

(Чендлер, 1962; автор курсиві)

Стратегия элементтері.

Бұл анықтама стратегияның үш элементін (немесе компонентін) көрсетеді. Жоғарыда ұсынылған анықтамадағы көлбеу жазулар ұзақ мерзімді мақсаттарды; мақсаттарға қол жеткізу және ресурстарды өзара бөлуге арналған әрекеттерді көрсетеді:

- *Негізгі ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттерді анықтау* когерентті және қол жеткізуге болатын стратегиялық мақсаттардың конструктивті тұжырымдамасын ұғу және әзірлеуге жатқызылады. Мақсатсыз ештеңе болуы мүмкін емес. Егер қайда баратыныңызды білмесеңіз, онда бару үшін не істеу қажет екендігін де білмесіңіз анық?
- *Әрекеттер жоспарын бекіту* алдында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылатын әрекет түрлеріне жатады.
- *Ресурстарды бөлу* қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті әрекеттермен байланысты шығындардың болуы мүмкін екендігін көрсететін фактілерге сүйенеді. Егер іс-әрекет жоспары тиісті деңгейдегі ресурстармен қамтамасыз етілетін болса, нәтижеге қол жеткізуге болады. .

Төменде келтірілген азын-аулақ мысал Чендлер стратегиясы анықтамасынан алынған үш элементті көрнекі түрде көру үшін ойша саяхат жасауға негізделген.

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Берлиннен Парижге саяхат.

Жоғарыда айтылғандарға ұқсас жағдай ретінде, мәселен, Берлиннен Парижге дейінгі саяхатты қарастырып көрейік.

Сіздің мақсатыңыз түсінікті: Берлинді аралап болғаннан кейін, Парижге жету.

Оның үстіне, бұл саяхатты орындау барысында сізге әр түрлі қозғалыс бағыттары ұсынылып отыр. Сіз межелі жерге пойызбен, машинамен, автобуспен немесе ұшақпен жете аласыз. Сіздің белгілі бір күндері не болмаса күннің белгілі бір уақытында саяхаттау мүмкіндігіңіз бар. Сіз бірқатар тарифтік жеңілдіктерді пайдалана аласыз, және сіз туристік агенттік, Expedia секілді іздеу интернет-сайттары сияқты делдалдардың көмегімен алдын-ала броньдауды жүзеге асыра аласыз, немесе билетті тікелей компанияның өзінен ала аласыз (әуе- немесе т/ж- компаниялары).

Осылайша, Берлиннен Парижге дейін жету қажеттілігіне орай, бірқатар нұсқаларды қарастыруға және қай нұсқаны таңдау қажет екендігіне байланысты нақты шешім қабылдауға тура келеді. Осыған байланысты, стратегия үш элементтен құралады:

1. Сіздің Парижге жету мақсатыңыз белгілі бір күнге және уақытқа нақты белгіленген.
2. Бұл мақсатқа жету үшін бірқатар қолжетімді нұсқалардан таңдалынып алынатын белгілі бір әрекеттер қажет. Мүмкін, сіз ұшақпен бару ең оңтайлы нұсқа деп ойлайтын шығарсыз, онда, турагент арқылы нақты рейс алдын-ала броньдалады, және әуежайға әуежайдағы ұшақтың бортына отырғызу жүзеге асырылады.
3. Алайда, бұл әрекеттер қандай да бір ресурстармен шектелетін болса, олар орындалмай қалуы да мүмкін. Сізге білікті ұшқышы бар ұшақ, әуежай, ұшу жолына төленетін ақша және басқа да осы секілді «қаражат» қажет болады. Егер жоғарыда көрсетілген ресурстардың бірі болмаса, сіз өз мақсатыңызға жете алмайсыз. Ұйым мәселесін қарастырған кезде, біз әр түрлі типтерге бөлінетін ресурстар жайын сөз етеміз. Келесі беттегі негізгі тұжырымдама біздің ресурс ұғымын қалай түсінетіндігімізді көрсетеді.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Ресурстар.

Қолданылатын ресурстар ретінде (кейде өндіріс факторлары деп те аталады) ұйымдастыру үдерісінің қалыпты жұмыс жасауы кезінде маңызды мәнге ие болып табылатын салымдар қарастырылады.

Бұл салымдарсыз ұйым өзінің қызметін әрі қарай жүзеге асыра алмайды немесе өз мақсаттарына қол жеткізе алмайды. Біз адамның ауа, су, тамақ, баспана және т.б. секілді белгілі бір өмірлік маңызы бар ресурстарға тәуелді екенін білеміз, сол сияқты ұйымның да өзіндік қажеттіліктері болады.

Ұйымның қолданыстағы ресурстары төрт негізгі санатқа бөлінеді:

1. *Қаржы ресурстары* – капитал салымы және капитал айналымына арналған ақша. Оның көздері акционерлер, банктер, бағалы қағаз иелері және т.б. болып табылады.
2. *Адами ресурстар* – компания қызметінің тиімділігін арттыру және тиімділікті арттыратындарға қолдау көрсету біліктілігіне ие қызметкерлер (мысалы, қызметкерлерге маркетинг, бухгалтерия, қызметкерлер құрамы және т.б. саласында қолдау көрсету) . Бұл ресурстың көзі ұйымға қажетті біліктілік деңгейлеріне сәйкес келетін еңбек нарықтарын қамтиды.
3. *Физикалық (материалдық) ресурстар* – Жер, ғимараттар (кеңсе, тұрғын үй, қоймалар және т.б.), зауыт, құрылғылар, өндіріс құрал-жабдықтары, көлік құралдары және т.б.
4. *Интеллектуалдық (материалдық емес) ресурстар* – Көру немесе сезіну мүмкін емес, алайда кәсіпорын немесе ұйым қызметінің ұзақ уақыт межесіндегі табысы үшін қажетті салымдар, мысалы, «ноу-хау», заң тұрғысынан қорғалған патенттер және лицензиялар, сауда маркалары, патенттелген дизайн, логотиптер, «құпия» рецептуралар мен рецептілер, іскерлік келісімшарт жүйелері, деректер қоры және т.б.

Стратегия. Тәжірибеде қолданылуы.

Көптеген ғалымдар, кеңесшілер, авторлар мен тәжірибе алып жүрген мамандар қандай да бір жолмен стратегияға қатысты болуға ұмтылады. Мұндай көптүрлілік жағдайында стратегия терминін қалай атап көрсетсек те, тәжірибе жүзінде оның барлық мәнде де қолданыста болатындығына көз жеткізу қиын емес.

Терминге байланысты осы бір көп түрлі қолдану ерекшелігі Монреалдағы, Канада, Мактилл университетінің профессоры Генри Минцбергтің, 1980 жылдардың аяғында (Минцберг, 2002, 3-9) өзінің бес «П» стратегиясын ұсынуының алғышартына айналды.

Минцбергтің бес «П» стратегиясы.

Минцберг «стратегия» сөзіне иелік ету мүмкін еместігін атап көрсетті, және бұл термин заңды түрде бірнеше жағдайларда пайдаланылуы мүмкін деген ұсыныс жасады:

Стратегия мыналардан тұруы мүмкін:

- Жоспар;
- Әдіс;
- Іс-қимыл әрекеті;
- Басқаларға қатысты жағдайы (позициясы);
- Перспектива.

Ескерту: Берілген бес «П» әрқайсысын бір-бірінен бөлек қарастырмаған дұрыс. Ұсынылып отырған бес «П» концептуалды сызбасының идеяларын қарастыру мәселелерінің бірі олардың міндетті түрде жеңіл-

детілетіндігімен байланысты болып табылады. Бұл бес «П» бір-бірін жоққа шығармайды, яғни стратегия ұғымын түсіндірген кезде ұйым үшін оның бірнеше мәнін де ұсынуға жол беріледі.

Жоспар-стратегиялар.

Әрине, жоспар туралы сөз болғанда, адамдардың басым көпшілігі «стратегия» деген сөзі пайдаланады. Ол, әдетте, саналы түрде қолданысқа енгізілетін немесе құрылатын және үдерістің басынан бастап соңына дейін қадағаланатын жағдай ретінде қарастырылады. Бірқатар бизнес-стратегиялар осы үлгіні негізге алады. «Жоспар құрушылар», әдетте, компанияның белгілі бір уақыт аралығында (мәселен, бес жыл ішінде) не істейтіндігі туралы анық жазылған ішкі құжаттар құрастырады. Ол ұйымның жаңа коммерциялық мүмкіндіктерді іздеу жолындағы жалпы бағыты туралы ережеден, сондай-ақ жаңа өнім, табыс, қаржыландыру (яғни, пайда табу), адами ресурстардың өзгеруі, маркетинг және т.б. шығаруға арналған кестеден тұруы мүмкін.

Әдіс-стратегиялар.

Әжіс ұғымының астарында, әдетте, қабылданатын нақты тактикалық әрекеттермен байланысты қысқамерзімді стратегия жататындығы белгілі. Әдетте, оның міндеттері өте шектеулі, және ол ең соңғы сәтте өзгеріп кетуі де мүмкін. минцберг қабылдауды «қарсылас немесе бәсекелесті алдап кету мақсатында қолданылатын маневр» деп сипаттайды (Минцберг. Және басқалары, 2002:3). Ол бірқатар компаниялардың қабылдауды қауіп ретінде де пайдалануы мүмкін екендігіне назар аудартып отыр. Олар бәсекелестерінің жағдайын тұрақсыздандыру үшін, мәселен, өз өнімінің бағасын төмендету қаупін тудыруы мүмкін.

Үлгі-стратегиялар.

«Іс-қимыл үлгісі» - бұл ілгерілеушілік іс-қимылдың біртекті формасын қабылдау арқылы қол жеткізуге болатын стратегия. Жоспарлар және әдістермен салыстырғанда, мысалдар рет-ретімен жүзеге асырылатын іс-қимылдардың нәтижесінде «аяқ астынан» туындауы мүмкін.

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Стратегиялар және жоспар, әдіс және мысал: Солтүстік Еуропалық туроператор.

Жерорта теңізінің әр түрлі бағыттары бойынша жұмыс істейтін ірі туроператор, Солтүстік Еуропадағы демалыс мүмкіндігін ұсына отырып, өз бизнесінің әр түрлі салаларына байланысты жоспар, әдістер мен үлгі стратегияларын пайдаланатындығы анық.

- Жоспар – Ірі туроператор, мысалы, өзінің нарықтағы үлесін кеңейтумен байланысты стратегияны қолдануды жоспарлаймын деп шешуі мүмкін, және бұл мақсат бәсекелестермен салыстырғанда біршама төмен баға белгілеу, сондай-ақ анағұрлым ұсақ фирмаларды иелену есебінен қол жеткізілуі мүмкін.
- Әдіс – Осы іске араласып отырған туроператор жоспарға сәйкес, басқа операторлармен салыстырғанда анағұрлым төмен бағаны ұсыну мүмкіндігін қарастыратын болса, онда қысқа мерзімді әдіс қолданылуы мүмкін. Компания өз бәсекелестерінің жағдайын тұрақсыздандыру және артық мүмкіндіктерді сатып жіберу мақсатында тұтынушылар жүріп кеткеннен кейін аяқ астынан алты апта көлемінде бағаны төмендетіп жібере алады.
- Мысал – Өнеркәсіпте орын алып жататын шоғырлану мүмкіндіктеріне сәйкес, осы мысалда біз сөз етіп отырған туроператор айрықша әсемдікке ие Грек аралында аса үлкен емес, бірақ тұрақты тұтынушылар тобына арналған мерекелік шараларды өткізу үшін жазғы коттедж және үй-жайлар ұсынатын шағын фирмаға ие болды делік. Бұл жағдайды стратегияның іс-қимыл мысалдарын басшылыққа алуы ретінде қарастыруға болады. Компания жыл сайын үй-жай және көлік қызметінің иелерімен келісім шарттарды жаңартумен шектелетін болса, бұл жағдайда оның алдын-ала ойластырылған жоспар құруы екіталай. Егер пайдалы жағдайға ие жаңа вилла ұсынылатын болса, онда оператор оны алуы мүмкін және еш ойланбастан өз сайтына салып та қояды. Бұл нағыз мүмкіндікті жіберіп алмау барысында қолданылатын нағыз ыңғайлы сәт. Алайда, туроператордың, компания үшін қолжетімді болып тұрса да, Майоркедегі отельді жарнамалауы екіталай, себебі ол іскерлік іс-қимыл мысалының талаптарына сәйкес келмейді.

Сұрақтар

ТҚІ қатысты, сізге белгілі басқа да жағдайларды қарастырып көріңіз және мысалдар келтіріңіз:

1. Жоспар-стратегиялар;
2. □діс-стратегиялар;
3. □лгі-стратегиялар.

Іс-әрекеттің мұндай мысалдары кейде саналы түрде жүзеге асырылмауы да мүмкін, олар өздерінің қандай да бір заңдылықты қатаң негізге ала отырып жүзеге асырылып жатқандығын түсінбей-ақ жүргізілетін

жағдайлар өте көп кездеседі. Соған қарамастан, егер табысқа қол жеткізілгендігі дәлелденсе, мұндай рет-ретімен орындалатын іс-әрекеттің табысқа қол жеткізетіндігін байқау қиын емес. Бұл секілді іс-әрекетке толық қарсы ұғым жоспарлау әрекеті болып табылады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Ойластырылған және аяқ астынан туындайтын стратегиялар.

Минтцбергтің «П» стратегияларының арасындағы екі стратегияның арасында ерекше атап көрсетуге болатын айырмашылықтар да бар – бұл айырмашылықтар жоспар және іс-әрекет мысалдары арасында байқалады. Айырмашылықтың негізі стратегияда жатыр. Ол бірқатар стратегиялардың алдын-ала ойластырылып жасалатындығын (саналы түрде), ал кейбірінің аяқ астынан орын алып жататындығын атап көрсетеді.

Ойластырылған стратегия (кейде жоспарланған немесе нормативтік стратегия деп аталады) жағдайға байланысты орын алады. Ол алдын-ала анықталған, саналы түрде жүзеге асырылған және істің басынан бастап аяғына дейін бақылауда болады. Оның нақты белгіленген міндеті бар.

Аяқ астынан орын алып жататын стратегияның белгіленген міндеттемесі жоқ. Ол табысқа жетелейтін жолды да қарастырмайды, алайда істің нәтижесінде алдын-ала ойластырылған стратегия секілді тиімді болып шығуы да мүмкін. Рет-ретімен орындалатын іс-әрекетке арқа сүйей отырып, ұйым алдын-ала дұрыс ойластырылған жағдайдағы секілді нәтижелерге де қол жеткізуі мүмкін.

Олардың арасындағы айырмашылықтың стратегияларды қарастырған кездегі негізгі мәнге ие болып табылады. Тәжірибе жүзінде барлық компаниялар толық ойластырылған не болмаса толығымен аяқ астынан туындаған стратегияларға ие бола алмайды, тек бірқатар деңгейде оларды өзара үйлестіреді. Толыққанды ойластырылған стратегияны пайдалану икемділіктің жоқтығын көрсетеді, ал қоршаған орта жылдам әрі түбегейлі өзгерген жағдайда, бұл кез-келген компания үшін қауіпті. Тек қана аяқ астынан туындауы мүмкін стратегияларды қолдану көрегенділік саясатының жемісі емес.

Ұстанымды қалыптастыру стратегиясы.

Ұйымның алдында оның өз бәсекелестері немесе нарыққа (яғни, тұтынушылар) қатысты қандай жағдайда екендігі туралы сұрақ туындайтын болса, ұстанымды қалыптастыру стратегиясының маңызы зор болып табылады. Басқаша айтқанда, ұйым белгілі бір ұстанымға қол жеткізу немесе осы ұстанымды қалыптастыруға ұмтылады.

Бизнесте компаниялар мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылыс білдіреді: нарықтағы үлесі, тиімділік, озық зерттеулер, беделі және т.б. Мұндай көрсеткіштер болған жағдайда, әрине, барлық компаниялардың бір деңгейде бола қоймайтыны анық.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Минтцбергтің бес «П» стратегиясы қандай?
- Ойластырылған және аяқ асты туындайтын стратегиялардың анықтамасы және өзара айырмашылықтары
- Чендлер бойынша стратегияның үш элементі қандай?

Перспективалық стратегия.

Белгілі бір адамдар тобының мәдениетімен (діни сенімі және «әлемді сезінуі»; дүниетанымы) байланысты перспективалық стратегиялар – әдетте сол ұйымның мүшелерімен байланысты болып келеді. Бірқатар компаниялар өз қызметкерлерінің белгілі бір бағытта ойлануын талап етеді, және бұл табысқа қол жеткізудің маңызды құралы деп есептейді. Олар, мәселен, барлық қызметкерлердің сыпайы, кәсіби әрі рақымшылықпен ойлануына және әрекет етуіне қол жеткізуге ұмтылыс

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Ұстанымды қалыптастыру және перспективалық стратегия: отельдер және әуе жолдары.

Халықаралық әуе компаниялары немесе қонақ үй операторлары секілді көптеген ТҚІ компанияларының сенімділік және сапа көрсеткіштерінің арқасында қалыптасқан беделі бар, ал екінші біреулердің көптеген жылдар көлемінде жолы болмауы да мүмкін.

- *Ұстанымды қалыптастыру* – беделі қорғауды қажет ететін бәсекелестер өздеріне тиесілі беделді ұстап тұру және нығайту мақсатындағы міндеттемелерге кепілдік беру үшін ұстанымды қалыптастыру стратегияларын қолданады. Бұл қатарға жарнама және қоғаммен байланыс жөніндегі жұмыстарды жатқызуға болады, алайда бұл ретте өз өнімінің қасиеттерін жақсарту немесе арттыру, немесе баға түріндегі ынталандыру секілді әрекеттерге де назар аударылғаны дұрыс. Маркетингтік айналым бәсекелестердің өнімдеріне тән кемшіліктерге де қатысты болуы мүмкін, бұл ретте олар өздерінің халықаралық қонақ үй топтарының басымдықтарын алға тартатын болады, ал бәрқатар әуе компаниялары өздерінің нарықтың әрбір сегменті бойынша төтеп бере алатын ұстанымға ие болатындықтарын көрсету үшін бірқатар суб-брендтер де ойластырып шығаруда.
- *Перспектива* – Стратегияның бұл түрі көптеген ТҚІ компаниялар үшін бірінші кезектегі маңыздылыққа ие мәселелер қатарына жатады, себебі олар өзгеріссіз сапа қызметін ұсынуға негізделеді. ТҚІ саласында қызмет көрсету сапасы туралы жиі талқылаулар жасауға болады, олар қызмет көрсетіліміне тікелей қатысы бар қызметкерлер құрамының біліктілігі мен іс-әрекетіне байланысты болып табылады. Осының салдарынан, көптеген ТҚІ компаниялары күлті ұйым мәдениетінің дамуына айтарлықтай үлес қосуда, олар болса, өз кезегінде, белгілі бір деңгейде қызметкерлердің іс-әрекеті мен олардың біліктілігіне байланысты қарастырылады. Көптеген қонақ үйлер мен әуе компанияларының ірі топтары, мәселен, алға жылжуда және ішкі беріктік секілді мәдениетімен ерекшеленеді. Қызметкерлер (әдетте күлімсіреп тұрып!) ілгерілету саласына байланысты жарнамалар мен өзге де іс-шараларда көрсетіліп жатады, себебі бұл тұтынушылармен қарым-қатынас жасаудың құрамдас бөлігі болып табылады, ол өз кезегінде, тұтынушылардың жоғары қанағаттану деңгейіне қол жеткізудің маңызды факторы ретінде қарастырылады.

Стратегиялық шешімдердің деңгейлері.

Әр түрлі «деңгейлер».

Бұл кезеңде стратегиялық шешімнің нені сипаттайтындығы туралы түсінік алудың маңызы зор. Ұйымдағы басқарушылық шешімдер үш кең ауқымды және кейде қатты тербеліске ұшырап жататын санатқа жіктелуі

мүмкін: стратегиялық, тактикалық және жедел. Бұл иерархия түрінде де көрсетілуі мүмкін (1.1-суретті қараңыз), онда анағұрлым жоғары деңгейдегі шешімдер ұйымның анағұрлым төмендеу деңгейлерінде жатқандарға түр беруге тырысады.

1.1-сурет. Шешімдерді стратегиялық қабылдау деңгейлері.

Strategic Level – Стратегиялық деңгей
Tactical Level – Тактикалық деңгей
Operational Level - Қарқынды деңгей

Ұйым аясындағы стратегиялық, тактикалық және жедел шешімдер бір-бірінен өздерінің төмендегідей көрсеткіштері бойынша ерекшеленеді:

- басымдығы;
- олар қабылданған ұйымның деңгейі;
- қолданылу саласы;
- уақыт интервалы;
- белгілі болуы немесе белгісіздік деңгейі;
- күрделілігі.

Шешім қабылдаудың үш деңгейі арасындағы айырмашылық 1.1-кестеде қысқаша көрсетілген.

1.1-кесте. Стратегиялық, жедел және тактикалық шешімдерді өзара салыстыру кестесі.

Table 1.1 Comparison of strategic operational and tactical decisions

	Strategic	Tactical	Operational
Focus of decision	Achieving competitive advantage	Implementation of strategy	Day-to-day operations
Level of decision making	Senior management/ board of directors	Head of business unit or functional area	Supervisory
Scope	Corporate/whole organization	Business unit or functional area e.g. marketing	Department
Time horizon	Medium to long term (years)	Medium term (months to years)	Short to medium term (weeks to months)
Certainty/ uncertainty	High uncertainty	Some uncertainty	High certainty
Complexity	Highly complex	Moderately complex	Comparatively simple
Examples	Decisions to launch new products, enter new markets, takeover competitors, investment decisions	Decision to advertise adjust prices, alter product features etc.	Scheduling of work rotas, re-ordering supplies etc.

Стратегиялық шешім қабылдау деңгейі.

Strategic	Стратегиялық
Tactical	Тактикалық
Operational	Жедел
Focus of decision	Шешімнің басымдығы
Achieving competitive advantage	Бәсекелестік қабілеттілікке қол жеткізуі
Implementation of strategy	Стратегияның қолданысқа енгізілуі
Day-to-day operations	Күнделікті жұмыстар
Level of decision making	Шешім қабылдау деңгейі
Senior management/board of directors	Басқарушы буын /дирекция
Head of business unit or functional area	Бөлімше басшысы немесе функционалдық аймақ
Supervisory	Бақылаушы
Scope	Қолданылу саласы
Corporate/whole organization	Жалпы алғанда ұжым/ұйым

Business unit or functional area e.g. marketing Department	Бөлімше немесе функционалдық аймақ, мысалы маркетинг Департамент
Time horizon	Уақыт интервалы
Medium to long term (years)	Орта мерзімдіден ұзақ мерзімдіге дейін (жылдар)
Medium term (months to years)	Орта мерзімді (айдан бастап жылға дейін)
Short to medium term (weeks to months)	Қысқа мерзімдіден орта мерзімдіге дейін (аптадан бастап айға дейін)
Certainty/uncertainty	Белгілі болу/ белгісіздік
High uncertainty	Жоғары белгісіздік деңгейі
Some uncertainty	Бірқатар белгісіздік
High certainty	Жоғары деңгейде белгілі болу
Complexity	Күрделілігі
Highly complex	Жоғары күрделілік
Moderately complex	Бірқалыпты күрделілік
Comparatively simple	Салыстырмалы түрде қарапайым
Examples	Мысалдар
Decisions to launch new products, enter new markets, takeover competitors, investment decisions	Жаңа өнімді шығаруға рұқсат алу, жаңа нарықтарға қосылу, бәсекелестердің жойылуы, инвестициялық шешімдер.
Decision to advertise adjust prices, alter product features etc.	Нақты бағаны жарнамалау, өнім сипаттамасын өзгерту және т.б. туралы шешім
Scheduling of work rotas, re-ordering supplies etc.	Жұмыс кестесін жоспарлау, жеткізілім тәртібін өзгерту және т.б.

Стратегиялық шешімдер (біздің басымдығымыз болып табылатын) мыналарға қатысты болып табылады:

- *тұрақты бәсекелестік қабілеттілікке* қол жеткізу (коммерциялық ұйымда);
- ұзақ мерзімді мақсаттардың қойылуы;

- көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге арналған әзірлемелер, бағалау, іріктеу және мониторинг.

Стратегиялық шешімдердің, әдетте, бірқатар өзіндік ерекшеліктері болады, олар мынаған негізделген:

- аға буын басшылары тарапынан қабылданған (әдетте директорлар тарапынан);
- ұйымға тұтас әсер етеді (немесе ұй ымның жекелеген бөлігіне);
- өз сипаттамасы бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді болып келеді;
- күрделі болып табылады және көбінесе белгісіз немесе толық емес ақпаратқа негізделген.

Менеджерлер стратегиялық деңгейде бірнеше концептуалды дағдыларды талап етеді – көреттік ішкі және сыртқы бизнес әсерлерін және стратегия түзетілуі мүмкін болжамды тәсілдердің әсерін есепке алу қабілеті, ол мұндай әсерлерді есепке алып отыру үшін қажет.

Шешім қабылдаудың тактикалық деңгейі.

Тактикалық шешімдер стратегиялық деңгейдің мақсаттары мен міндеттеріне қалай қол жеткізілетіндігін және стратегиялардың қалай жүзеге асырылатындығын қарастырады. Олар, әдетте, бөлімше, бөлім немесе функционалдық сала басшысы тарапынан қабылданады, және ұйымның бір бөлігіне ғана әсер ете алады. Әдетте, орта мерзімді перспективада уақыт интервалы бойынша, күрделілік деңгейіне сәйкес, ол белгілі бір анық емес жайттарға да әкеліп соқтыруы мүмкін, алайда ол стратегиялық деңгейдегідей қарастырылмайды.

Шешім қабылдаудың жедел деңгейі.

Жедел шешімдер кәсіпорынның қысқа мерзімді мақсаттарымен және оның күнделікті басқару жағдайларымен байланысты. Олар стратегия мен тактикаға байланысты. Бұл шешімдер төменгі басқарушылық немесе бақылаушылық деңгейінде қабылданады, белгілі болудың жоғары деңгейіне негізделген және күрделі емес.

Шешім қабылдаудың түрлі деңгейлері төмендегі Іс-шараларды басқару жөніндегі Аустралиялық гипотетикалық компания мысалында келтірілген.

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Шешім қабылдау деңгейлері: Аустралиялық іс-шараларды басқару компаниясы.

TotalEventSolutions (TES) іс-шараларды басқарушы гипотетикалық компания болып табылады, ол Сидней, Аустралияда құрылған. Компания аталған нарықта көптеген жылдардан бері өзінің қызметін табысты жүзеге асырып келеді, ол өз өңірінде және Жаңа Оңтүстік Уэльс штаты аумағында конференциялар, кездесулер, көрмелер мен ірі және ұсақ тұтынушыларға арналған өзге де іс-шараларды ұйымдастырумен айналысады. Нарық өте бәсекеге қабілетті болып табылады және TES бірлесіп жұмыс атқаратын көптеген ірі компаниялар өздеріне көрсетілетін қызмет көрсету деңгейіне жоғары баға беріп отыр. Бұл, аталған ұйым ұсынып отырған ірі компаниялардың жалпы ұлттық сипатқа ие екендігін және оларға іс-шараларды басқаруға арналған серіктес қажет екендігін көрсетеді, ол жалпы ұлттық деңгейде де жүзеге асырылуы мүмкін.

TES директорлар кеңесі арнайы кездесу өткізді, онда болашақта табысқа қол жеткізу және нарықтағы ұлттық және халықаралық бәсекелестерге төтеп бере алатын бәсекелестік деңгейіне ие болу үшін, TES тұтас Аустралия нарығын игеру мақсатында өз аясын кеңейтуге тура келді. Кеңею елдің басқа бес штатының орталықтарында филиалдар ашу арқылы жүзеге асырылатын болады деген шешім қабылданды. Алайда, кеңеюдің өте қарқынды түрде жүзеге асырылуы бизнес үшін қауіпті және ол аса жоғары белсенділікке әкеліп соқтыруы мүмкін. Мұндай жағдайда, негізгі бизнестің сенімді болғандығына қарамастан, инвестициялар ақшалай қаражат ағынының белгілі бір уақыт межесінде теріс мәнге ие болатындығын және ол қандай да бір жолмен қаржыландырылуы тиіс болып табылатындығын білдіреді. Мұндай жағдайдың орын алуына қаржылық және басқа да ресурстардың сатылым басталғанға дейін және қолма-қол табыс түскенге дейін іске жұмылдырылуына байланысты туындайтын қажеттіліктер себеп болуы мүмкін. Егер бизнесті жүргізу талаптарына сәйкес қандай да бір қолайсыз өзгерістер туындай қалған болса, немесе күтілетін болжамды сатылым мөлшеріне қол жеткізілмесе, онда қаржыландыруды жүзеге асырып отырғандар (әдетте, акционерлер немесе банктер) қаражатты қайтарып ала алады және осылайша кәсіпорынның әлеуетті банкротқа ұшырауына ықпал етулері мүмкін.

Осыған орай, Директорлар Кеңесі мұндай қамту әрекетінің ұлттық деңгейде бірден қамтыла алмайтындығы, керісінше, бес жыл көлемінде кезең-кезеңімен мемлекеттік мекемелерді Мельбурн, Перт, Аделаида, Брисбен және Хобарт секілді қалаларда ашу арқылы жүзеге асырылатындығы туралы талап қойды. Осындай іс-қимылдар нәтижесінде, Бас директор және оның негізгі басқарушы құрамы өсу жоспарын қарастыру мақсатында кездесу өткізді және кеңселердің ашылу кестесін белгіледі, олар бес жыл көлемінде кезең-кезеңімен ашылуы тиіс болатын және Мельбурн және Брисбен қалаларынан осыдан кейінгі жылдары басталуы тиіс еді. Әдеттегідей, Сиднейде кеңсе ашуға байланысты жылдық сатылым жоспары қарастырылды және келесі жылы Мельбурн және Брисбен қалаларында ашылатын алғашқы жаңа TES кеңселерінің жаңа жылдық жоспарлары жасалды.

Сұрақтар

1. TES мысалында стратегиялық, тактикалық және қарқынды шешім қабылдау деңгейлерін анықтаңыз.
2. Жоғары белсенділік терминінің қандай мағына білдіретіндігін түсіндіріңіз.

Бәсекелестік және «сәйкестік».

Стратегияның табысы өте маңызды, бірақ жеткілікті мөлшерде анық қағидаға негізделеді. Егер стратегиялық деңгейдің мақсаттары анықталған болса, онда тактикалық және жедел мақсаттар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете алатындай етіп жасақталуы тиіс. Басқаша айтқанда, тактикалық және жедел шешімдер стратегиялық мақсаттарға «сәйкес келулері» тиіс. Бұл қағида *иерархиялық конгруэнттілік* ұғымын қалыптастырады, бұл дегеніңіз әр түрлі деңгейлерді анықталған мақсаттар ұйымның ортақ стратегиялық мақсаттарына өзіндік үлес қоса алатындай етіп, бір-бірімен сәйкестендірілуі тиіс дегенді білдіреді.

Шешім қабылдау құрылымын пирамидалық иерархия (1.1-суретті қараңыз) түрінде де қарастыруға болады. Пирамиданың жоғарғы, стратегиялық шешімдер қабылданатын жағы жіңішке болып келеді, ал төменгі бөлігі (жедел шешімдер) анағұрлым кең. Бұл жерде стратегиялық шешімдердің өте жиі қабылдана бермейтіндігі көрсетілген, ал тактикалық және жедел шешімдер жиі қолданыста болатындығын аңғару қиын емес. Стратегиялық шешімдер сирек кездеседі, тактикалық шешімдер айтарлықтай мөлшерде жиі қабылданып жатады, ал жедел шешімдер апта сайын, күн сайын, тіпті сағат сайын қабылданатын жиілікпен жүзеге асырылып жатады. Әрбір стратегиялық шешім үшін бірнеше жүздеген жедел шешім қарастырылуы мүмкін.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- «Иерархиялық конгруэнттілік» терминінің мағынасын түсіндіріңіз және оның ұйым үшін маңызына тоқталыңыз.
- Не себепті иерархиялық конгруэнттілік стратегияның табысты жүзеге асырылуы маңызды?

Жоспарлау уақыты және кезеңі.

Ұйымдардағы шешім қабылдау деңгейлерінің арасындағы басты айырмашылықтардың бірі уақыт факторы болып табылады, ол екеуі бір-бірімен тікелей байланысып жатыр. Әдетте, басқарумен байланысты уақыт межесі көп болып табылатын ұйымның басқаларға әсері де мол болады деп есептеледі. Әрине, бұл көпшілік өндірістік компанияларға

ортақ мәселе. Алайда, біз қарастырып отырған ТҚІ ұйымдары секілді қызмет көрсету ұйымдарында жағдай біршама басқаша болып келеді.

Қызмет көрсету сервистік компаниялар үшін бастапқы мәнге ие, және осыған орай, негізгі басқарушы қызметкерлер құрамы көбіне жедел шешім қабылдау жағдайларымен белгілі бір деңгейде байланысты болып келеді. Қызмет көрсету ісінде менеджерлердің көрсетіліп отырған қызметтердің төмендегі талаптарға сәйкес келетіндігіне кепілдік бере алатындай болуы маңызды:

- белгілі бір сапа стандарттарына жауап береді;
- репликацияға бейім;
- икемді (яғни, қызмет көрсету стандарттары күтпеген жерден болатын өзгерістерге қарсы тұра алады).

Шешім қабылдауға арналған уақыт интервалдарының айырмашылығы төмендегі отельдер тобына байланысты келтірілген мысалында көрсетілген.

стратегиялық басқару қоршаған орта параметрлерінің басым бөлігін есепке алуға негізделеді. Менеджер алдағы ұзақ болашаққа жоспар жасауға ұмтылған сайын, талдауға белгісіз жағдайлардың ену мөлшері де көбейе береді.

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Шешім қабылдаудың уақыт интервалы: отельдер тобы

Отельдер тобы шешім қабылдау деңгейлерінің талаптары мен әрбір деңгеймен тығыз байланысты уақыт интервалы арасындағы айырмашылықтың әр түрлі болатындығын тәжірибе жүзінде көрсетіп жүр.

Отельдер тобында көптеген қызметкерлер тапсырыстардың күн сайынғы кестесінің жоспар бойынша және штаттық режімде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге мүдделі болып табылады. Алайда, отель менеджері және штаттық қызметкерлер құрамының жұмысы бұдан көбеймесе, азаймайды. Олар, өздерінің апта сайынғы, ай сайынғы және жылдық бюджеттері мен сатылым жоспарларына қол жеткізулері әбден мүмкін. Олардың лауазымдық қызметтеріне қойылатын бұл талаптар оларға қонақ үйдің позициясын бір жыл бұрын жоспарлап қою қажет екендігін көрсетеді. Барлық отельдер тобының бас әкімшісі үшін бұл уақыт интервалы аса ұзақ болып көрінуі мүмкін, себебі бұл адам мен аға басқарушы қызметкерлер құрамы әлеуетті қауіптер мен нарықтағы мүмкіндіктердің болатындығын және оларға байланысты нақты отельдер тобының қалай әрекет ететіндігін есептеп шығара алады.

Ұсақтар:

1. ТҚІ компаниялары секілді қызмет көрсетуге негізделген бірқатар компанияларда шешім қабылдау иерархиясының неліктен әр түрлі болатындығын түсіндіріп беріңіз.
2. Бұл жағдайда, әрбір деңгейдегі менеджер үшін қызмет көрсетудің неліктен соншалықты маңызды болатындығын түсіндіре аласыз ба?

Мақсат түрлері.

Шешім қабылдау мүмкіндіктерінің түрлі деңгейлері ұйымның өз мақсаттарын қаншалықты дұрыс

белгілей алатындығына байланысты көрініс табады.

Мақсаттар екі түрде құрылуы мүмкін:

- Жабық – сандық сипатта белгіленеді, формасы және уақыт аясы бойынша өзіндік ерекшеліктерге ие.
- Ашық – сандық сипатта белгіленеді, формасы және уақыт аясы бойынша ортақ белгілерге ие.

Басынан бастап ұйымда мақсаттардың тәжірибе жүзінде қалай қолданылатындығына байланысты екі маңызды тармақты ұғып алған дұрыс:

- Мақсаттар ұйымның әр түрлі деңгейінде әр түрлі формаларды қабылдайды (ашық немесе жабық).
- Мақсаттар әр түрлі сипатта берілуі мүмкін. бұл ұйымның өз мақсаттарын сиппаттау үшін әр түрлі терминологияны пайдаланып жүргендігін білдіреді.

Ұйымның мақсаттары көп жағдайда иерархия түрінде көрсетіледі, оған сәйкес ұйым мыналарды ұсына алуы қажет:

- өзінің *миссиясы* арқылы ортақ тұрақты мақсатын;
- өзі қол жеткізуге ұмтылатын – өзінің *болжамы* арқылы болашақ қалаулы ұстанымын;
- миссия және ұйымның қалауы секілді келесі нақты мақсаттар да қайта жасақталатын болады – *корпоративтік мақсаттар*, *коммерциялық мақсаттар*,*блок-мақсаттар, жеке мақсаттар*.

Мақсаттар иерархиясы.

Ұйымдардағы шешім қабылдау иерархиясы 1.2-кестеде көрсетілгендей, мақсаттар иерархиясында көрініс табатын болады. Миссия, қабылдау және корпоративтік мақсаттар ұйым иерархиясына сәйкес төмен деңгейге де түсіп қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда, ортақ миссия және ұйымның қабылдауы қайта қарастырады, бұл әрбір құрамдас бөлікке, ал кейбір жағдайда, тіпті, әрбір қызметкерге жеке-жеке мән беруге ықпал ететін болады.

Миссия, болжам және құндылықтар: шолу жасау.

Ұйымның миссиясы, болжамы және құндылықтарын ұйым ішіндегі

ішкі бөлімшелер түрінде, және көбінесе, сыртқы топтар (құрылтайшылар) түрінде көрініс табатын ұйымның сәйкестендірілуінің және оның «өзіндік ерекшелігінің» бір көрінісі ретінде қарастыруға болады.

Басқарушылық әдебиеттердің басым көпшілігі миссия, болжам және құндылықтарға (мысалы, Кантабутраи Аверийді, 2010; және Пауэрсті қараңыз) байланысты нақты өлшемдерді қабылдауға арналған, және шын мәнінде ниет бұл тұжырымдардың нақты және шабыттандыру алатындай болуы тиіс, ал сыртқы мүдделі тараптарда ұйымның қандай жетістікке қол жеткізгендігі туралы түсінігі беріледі.

1.2-кесте. Мақсаттар иерархиясы.

Table 1.2 A hierarchy of objectives

Level of hierarchy	Focus	Type	Timescale
Mission	Strategic – Overall organization	Open	Long term
Values	Strategic – Overall organization	Open	Long term
Vision	Strategic – Overall organization	Open	Medium to long term
Corporate objectives	Strategic – Overall organization	Primary – Closed Secondary – Open and Closed	Medium to long term
Business objectives	Strategic/tactical – *Strategic Business Unit*	Closed	Medium term
Unit/team objectives	Operational	Closed	Short term
Personal	Operational	Closed	Short term

Level of hierarchy	Иерархиялардың деңгейлері
Focus	Басымдығы
Type	Түрі
Timescale	Уақыт аралығы
Mission	Миссия
Strategic – Overall organization	Стратегиялық – Барлық ұйым
Open	Ашық
Long term	Ұзақ мерзімді
Values	Құндылықтар
Vision	Болжам

Medium to long term	Орта мерзімдіден ұзақ мерзімдіге дейін
Corporate objectives	Корпоративтік мақсаттар
Primary – Closed Secondary – Open and Closed	Бастапқы – Жабық Кейінгі – Ашық және Жабық
Business objectives	Коммерциялық мақсаттар
Strategic/tactical – Strategic Business Unit	Стратегиялық/тактикалық – Стратегиялық Бизнес-Бірлік
Closed	Жабық
Medium term	Орта мерзімді
Unit/team objectives	Блок/командалық мақсаттар
Operational	Жедел
Short term	Қысқа мерзімді
Personal	Жеке мақсаттар

Бұл жерде біз стратегия мәселесін зерттеу кезінде орын алатын бірқатар түсініспеушілікке тап боламыз, себебі дәл осы аспектіні мән-мағынасы бойынша сипаттау барысында басқа да терминологияны кездестіруге болады, сондай-ақ стратегиядағы әр түрлі аспектілердің ережелері өзгеріп кетуі де мүмкін.

Мысалы, «стратегиялық ниеттер», «компания философиясы» және «корпоративтік мақсаттар» деген секілді терминдер миссияны сипаттау кезінде және болжау барысында кездесіп қалуы мүмкін. кейбір жағдайларда миссия болжамға бағынышты болып қалатын жағдайлар да кездеседі (керісінше емес).

Бірқатар ұйымдарда миссия, болжам және құндылықтар мүлдем белгіленбеген, немесе құндылықтар миссияның құрылымы бойынша жасақталған. Осылайша, ұйымдар әр түрлі заттық нормаларды қалыптастырады (стратегия туралы презентация 15 тарауда талқыға салынады) және әр түрлі терминологияны пайдаланады не болмаса оны мүлдем пайдаланбауы да мүмкін, алайда мақсат түсінікті:

Ой тұжырымдары ұйым шегінде шешім қабылдауға арналған нақты межені көрсетеді, және 1.2-кестеде көрсетілгендей, ұйым иерархиясы арқылы таралады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Миссия, қабылдау және құндылықтар.

Ұйымның миссиясы, болжамы және құндылықтары әр түрлі ұйымдарда көптеген формаларды қабылдауы мүмкін, және осыған орай бұл терминдерді әр түрлі сөздермен ауыстыруға болады. Ғылыми әдебиетте бұл ұғымдардың қандай мағынада пайдаланылатындығы туралы мәнді пікірлердің айтылғандығына көңіл аудармасқа болмайды; былайша айтқанда бұл түсініктердің тәжірибелік тұрғыдағы маңызы және олардың кімнің тарапынан ұсынылғандығы. Әрбір қойылымның қайсысы арқылы қол жеткізуге болатындығын түсіндіріп беретін осындай көзқарастардың бірі (Хилл және Джонс, 2009) төменде ұсынылған:

- *Миссия* – ұйымның миссиясы ұйымның не істейтіндігін сипаттайды.
- *Болжам* – ұйымның болжамы бірқатар қалаулы перспективалық жағдайды белгілейді; ол компанияның неге қол жеткізгісі келетіндігін айқын сипаттап береді.
- *Құндылықтар* – ұйымның құндылықтары басшылар мен қызметкерлердің өздерін қалай ұстаулары, істі қалай жүргізулері қажет екендігін, және ұйымға өз миссиясын орындауға көмектесу үшін нендей жағдай жасау қажеттігін көрсететін болады.

Миссия және міндеттердің қойылуы.

Пауэрс (2012) басқару жөніндегі мамандардың жалпы алғанда жоспарлау кезіндегі алғашқы маңызды қадам ұйымдастырушылық миссияны анықтап алу қажет екендігімен келісетіндігін алға тартуда. Міндеттердің қойылуы ұйымның негізгі мақсатын анықтайды және ол бірнеше құрамдас бөлшектен тұрады (Хитт және басқалары, 2012.), олардың ішінде мыналар да бар:

- компанияның философиясы;
- компанияның даралығы немесе компанияның өзі туралы түсінігі;
- негізгі өнім немесе қызметтер;
- тұтынушылар мен нарықтар;
- географиялық бағыттылық;
- акционерлер алдындағы міндеттеме;
- қызметкерлер құрамына деген бейілділік.

Миссия дегеніміз басты мақсат, ол өзінен төмен құрылған мақсаттар мен міндеттерді қамтиды, және бірқатар ұйымдар үшін миссияны құрастыру өте жеңіл жүзеге асырылады; алайда ірі коммерциялық кәсіпорындар үшін бұл іс өте күрделі болуы да мүмкін. Міндеттердің дұрыс қойылуы саласында да әр түрлі пікірлер бар, және оған байланысты осы уақытқа дейін белгілі бір жалпы қабылданған формат немесе белгілер

жиынтығы қарастырылмаған. Пауэрс (2012) бұған байланысты әр түрлі көзқарастарды алға тартады. Уильямс (2008) міндеттердің қойылуын Форчун-1000 [Fortune 1000] тізіміндегі ірі американдық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты бағалайды. Голландиялық Сидху (2003) миссиясының зерттеулерінде де міндеттердің қойылуы өнімділіктің жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беріледі деген пікірді алға тартады.

Бірқатар ұйымдар өздерінің миссиясын кеңсе қабырғаларынан жиі көруге болатын, қызметкерлердің жеке куәліктеріне басылған және жылдық есептерде жарияланатын деректер ретінде, ресми құжаттарға ресімдеуге тырысады. Міндеттердің қойылуы әдетте коммерциялық болсын, коммерциялық емес болсын (табыс көрсеткіштерінен тыс) секторларда кездеседі. Міндеттердің қойылуы дегеніміздің өзі ұзақ мерзімді перспективаға жасақталатын болғандықтан, ол ұйым ішінде болсын, немесе сыртқы ортада орын алып жататын өзгерістерге қарамастан, ұйымдардың басым бөлігінде көптеген жылдар көлемінде сақталады.

Американдық Оңтүстік Батыс әуе компаниясы, мысалы, өздерінің төменде көрсетілгендей, 1988 жылдың қаңтарында ойластырылған міндеттерін әлі күнге дейін сақтап келеді.

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Міндеттердің қойылуы: SouthwestAirlines

Постановказадачвиакомпании SouthwestAirlines (1988 жылдың қаңтар айынан бастап осы кезеңге дейін өзгеріссіз қалып отырған) әуе компаниясы міндеттерінің қойылымы осы секілді қойылымдардың көрсетіліп отырғандай ұзақтығы көптеген ұйымдар үшін маңызды екендігін көрсетіп отыр. Қойылымның ұйым қызмет етіп отырған мақсаттарға негізделетіндігіне байланысты, ол ұзақ уақыт көлемінде өзгеріссіз қалдырылуы мүмкін. Міндеттердің қойылуы тұтынушыларға қызмет көрсетуге және өз ісін білетін, яғни тұтынушыларға тамаша деңгейде қызмет көрсете алатын қызметкерлер құрамына басымдық танытады. Міндеттердің толық қойылымын компанияның www. southwest.com сайтынан табуға болады, алайда келесі үзінді қабылданған стильдің мысалы ретінде ұсынылып отыр:

SouthwestAirlines миссиясы тұтынушыларға қызмет көрсетудің ең жоғарғы сапасына деген ізгі көзқарасты білдіреді, яғни ... ол жылылық сезіммен, қайырымдылықпен, жеке мақтанышпен және Компанияның Рухымен жүзеге асырылады... Қызметкерлер олардан күтілетін, олармен бөлісетін.

www.southwest.com, 2014ж. мамыр айында қолжетімді

Сұрақтар:

1. Қалай ойлайсыз, SouthwestAitrlines компаниясы міндеттерінің қойылымы не себепті ұзақ уақыт көлемінде өзгеріссіж қалдырылды?
2. Қалай ойлайсыз, SouthwestAirlines өз қызметкерлерінен қандай іс-әрекет түрлерін күтеді?

Міндеттердің қойылуы бірқатар мүмкін мақсаттарға жол ашады. Ол ұйымның мақсаттары мен құндылықтарын әр түрлі *мүдделі тұлғалар* тобына беруге ықпал етеді және ол *стратегиялық конгруэнттілікке* қол жеткізуге көмектеседі деп үлкен сеніммен айтуға болады.

Басқаша айтқанда, ол ұйымның әр түрлі деңгейлерінде рет-ретімен дамуына ықпал ете алатындай етіп, өзге де міндеттердің қойылымының ретін белгілеп береді. Сондай-ақ, ол қызметкерлердің жүріс-тұрыс әрекеті мен қарым-қатынасына да әсер етуі мүмкін, оның үстіне бұл сөзсіз жүзеге асырылатын дүние, себебі ол аталған іспен тәжірибе жүзінде айналысып жүргендердің шын мәнінде өз ұйымының миссиясын оқымағандықтарын көрсетіп отыр.

Міндеттердің қойылымын ұйымды жоспарлау үрдісінің тұтас кезеңі үшін бастапқы нүктесі ретінде қарастыруға болады, себебі ол жоғарғы басшылықтан фирманың қазіргі уақытта қандай жағдайда тұрғандығы және оны болашақта не күтіп тұрғандығы жайлы мәселелерге дұрыс көзқараспен қарауды талап етеді. Бұл нүкте басқару саласындағы екі жазушы тарапынан нақтыланған, олардың пікірлері төменде ұсынылып отыр.

КӨСЕМСӨЗ/ЦИТАТА

Бизнесте де өнердегі сияқты, көшбасшыларды артта қалушылардан және ұлылықты қарапайымдылықтан ерекшелендіріп тұрған нәрселер бар – бұл болуы мүмкін, өзіндік болжам жасау мүмкіндігі ғана.

(Амель және Прахалад, 1994:25)

КӨСЕМСӨЗ/ЦИТАТА

Бизнестің мақсаты мен миссиясын анықтау қиын, ауыр және қауіпті. Тек бір ғана нәрсе кәсіпорынға мақсаттар қоюға, өзінің ішкі мүмкіндіктерін жинақтауға және жұмысты бастауға ықпал ететін стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Тек сол ғана кәсіпорынды өнімді басқаруға ықпал етпек.

(Питер Друкер, 1974:94)

Кэмпбелл және Енг (1998) миссияның қойылуы сөзсіз маңызды екендігіне баса назар аударады, яғни басшылар өз қызметкерлеріне «миссия сезімін» ұғындырулары тиіс. Миссияның табыстылығы қызметкерлердің іс-әрекеттерінің компанияның құндылықтарына сәйкес келуін талап етеді, алайда мұндай үйлесімділікке қол жеткізу үшін орындалатын миссия ұйымдастырушылық мәдениеттің бір бөлігі ретінде енгізілетін-

дей болуы қажет.

Миссияны тиімді ойластыру қажеттігі туралы көзқарастардың бірі төменде ұсынылып отыр.

ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕГІ СТРАТЕГИЯ

Миссияның тиімді қойылуы

Миссияның қойылымы төмендегідей болуы тиіс:

- *Дұрыс құрастырылған* – түсінуге жеңіл, қызметкерлер және өзге де мүдделі тұлғалар ұйыммен жұмыс істеу кезінде бағыт беріп отырған қағидалар мен құндылықтарды дұрыс түсінулері қажет. Қойылым жеткілікті мөлшерде дұрыс және нақты, жекелеген тұлғалардың іс-әрекеттеріне әсер ете алатындай болуы тиіс.
- *Сәйкес* – ұйымның тарихы, мәдениеті және жалпы қабылданған құндылықтары тұрғысынан қарағанда жақын болуы қажет. Миссия өте кең ауқымды немесе аясы тар болмауы қажет. Өте кең ауқымды миссия басымдықтың жоғалуына әкеліп соғуы мүмкін. Аясы тар миссия ұйым үшін маңызды болып табылатын факторлардың назардан тыс қалуы мүмкін екендігін білдіреді.
- *Маңызды* – міндеттердің өзгеріссіз қойылуы ұйымды алдағы кезеңдерге бағыттайтын қозғаушы күш ретінде әрекет ете алмай қалуы да мүмкін.
- *Позитивті* – енжарлықты жоятын және қызметкерлерді әрекет етуге немесе олардың еңбегін жандандыруға итермелейтіндей етіп құрылған.

- *Дербес* – ұйымды басқа ұйымдардан жеке қояды, оның дербестігін анықтайды, бұл оның бірегейлігі тұрғысынан жүзеге асырылмаған күннің өзінде, аталған ұйымның күшті және әлсіз жақтарын объективті бағалауға негізделген басымдықтарына баса назар аударады.
- *Қалыптасқан* – ол үнемі өзгере беретіндей болмауы тиіс, себебі бұл ұйымды адастырады, сол себепті олар бірнеше жыл қатарынан бір орында қалады. Осыған орай, олар бірқатар икемділікке жағдай жасайтындай етіп жазылуы тиіс.
- *Бейімделген* – әр түрлі мақсатты аудиторияларды есепке ала отырып жазылған: кейбіреуі тек қызметкерлер үшін, енді біреулері акционерлер мен өзге де сыртқы мүдделі тұлғалар үшін, ал басқалары жалпы аудитория үшін. Ақпарат және стиль сәйкес мақсатты аудиторияның ерекшелігін есепке алуы қажет.

Дерек көзі: Стоун (1996)

Міндеттердің қойылуы неден тұрады?

Міндеттерді қою стилі, оның мазмұны мен терминологиясы бір-бірінен ерекшеленеді. Олардың кейбіреулері ұзын және ұсақ-түйектің бәріне мән беретіндей етіп жасалса, келесі біреулері – қысқа және нақты болып келеді. Кейбіреулері белгілі бір аудиторияға бағдарланған (мысалы, қызметкерлер немесе тұтынушылар), екінші біреулері бірнеше мақсатты аудиторияны қамтитындай етіп жасалған. Әрине, оның мазмұнына байланысты «дұрыс» немесе «дұрыс емес» тәсілдер жоқ; оның бәрі де мәдениетті ұйымдастыруға байланысты болып табылады.

Міндеттердің қойылымын бағалау кезінде оқырман мағынасы әр түр-

лі немесе ұйымның имиджін қалыптастыру мақсатында жасалған «жалықтырып жіберетін жарнаманы» пайдалану кезінде күмәнді жағдайларға көптеген мысалдар кездестіре алады. Тәжірибе жүзінде көптеген міндеттердің қойылымы төменде көрсетілген аспектілерге байланысты ережелерде берілген.

ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕГІ СТРАТЕГИЯ

Міндеттерді қою мазмұны.

Тәжірибе жүзінде, міндеттердің қойылымы, әдетте, төменде көрсетілгендердің бірінен не көпшілігінен құралады:

- Ұйым тығыз байланысты болып табылатын сала немесе қызмет түрінің бірқатар белгілері.
- Ұйым соған қарай бағыт алуы тиіс нарықтағы шынайы үлес белгісі немесе нарықтағы жағдай.
- Ұйымның тұтынушылар немесе қызметкерлер секілді негізгі мүдделі тұлғалар тобына қатысты құндылықтары мен пікірлерінің қысқаша мазмұны.
- Жеке меншік құқығы немесе ұйымды бақылау құқығын растау.
- Ұйымның географиялық орналасуы немесе қызмет көрсету аукымы туралы қысқаша сипаттама.
- Міндеттер қойған кезде кейде нақты және жағдайға байланысты туындаған мақсаттар да көрініс тауып жатады.

Әр түрлі қызмет саласындағы ТҚІ ұйымдар қатарынан алынған міндеттер қойылымын таңдау сипаттамасы төменде көрсетілген қысқаша шартты мысалдар арқылы берілген.

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Құндылықтар, болжам және мақсат: RezidorHotelGroup

HotelGroupRezidor Брюссельде, Бельгия, штаб-пәтері бар қарқынды түрде дамып келе жатқан халықаралық қонақ үй компаниясы болып табылады, алайда оның негізі Скандинавиядан бастау алған, және биржа қорының негізі Швецияда тіркеуге алынған.

Компания «актив-жарық» бизнес-үлгісін басшылыққа алады, осы үлгінің көмегімен ол қазіргі брендтерді басқарады және олардың әр түрлі деңгейдегі, нарықтың түрлі сегментіне бағытталған құқықтық меншігіне ие болып табылады (оның ішінде, RadissonBlu, Парк Инн, HotelMissoni және Regent). Компания қала орталықтарында және негізінен қала маңындағы аудандарда, желілік әуежайларда және эксклюзивті шипажайларда 440 жуық отельдерді иеленіп отыр. Оның Еуропаның, Таяу Шығыс және Африканың 72 астам елінде 96000 нөмірі және 35000 артық қызметкерлері бар.

Rezidor компаниясының толық миссиясын, құндылықтарын және болжамдарын, компанияның www.rezidor.com. веб-сайтынан көруге болады.

Rezidor өзінің миссиясын қарапайым түрде (шын мәнінде көптеген компаниялар осылай істейді), әдеттегі, жеңіл есте сақталатын сөз оралымдары арқылы анықтайды. Rezidor жағдайында бұл бірегей айтылатын «Иә, менің қолымнан келеді!» дегенді білдіреді.

Қарапайым миссия бірнеше қолдау көрсететін сөздермен сүйемелденеді (бұл да бірегей қадам болып табылады). Біздің жағдайда мұндай сүйемелдеуші пікір – бұл Болжам және

Құндылықтар.
Rezidor компаниясының болжамы (ол танымал болуға ұмтылыс білдіріп отырған) оның отель иелерінің жұмысқа деген ынтасын нақтылай түседі; ол бірегей және жаңашыл; ол өзін Еуропаның, Таяу Шығыстың және Африка елдерінің аумағында дамып келе жатқан қонақ үй компаниясы ретінде қарастыруды талап етеді; және бизнесті жүргізуге негіз болып табылатын отельдер тобына айналуын қалайды.
Отельдер тобы өз құндылықтарының қатарында «Қожайын Болу» құндылығын ерекше атап көрсетеді, бұл қызмет көрсетуші ретінде кәсіби, жауапты және өз ісіне берік болу дегенді білдіреді; сонымен қатар бұл қатарды бренд негізінде жеткізу мүмкіндіктері толықтырады. Компанияның құндылықтар қатарын «Z» Өршіл Рух» құндылығы жалғастырады, ол қарқынды шешім қабылдау жағдайында ұйымды нығайта түседі және бастамашыл және «Сенімгер қор» бола отырып, өз құқықтарының аясын кеңейтумен және нәтижеге қол жеткізу мақсатында қызметкерлердің мүмкіндіктерін нығайтумен айналысады.

www.rezidor.com, қолжетімді мамыр 2014

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Болжам, миссия және мақсаттар: Керала Туристік Ұйымы.

Үндістанның табиғаты тамаша оңтүстік Кералы штаты шет елдік туристер санының күрт өсуі жағдайына тап болды, 1986 жылы олардың саны 50000 құраса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 0,6 млн дейін жеткен. Керала туризмінің саясаты 2012 жылы жарияланды және қазір Керала туристік ұйымының сайтында қолжетімді (www.keralatourism.Org) ол төмендегілерге негізделеді:

Туризм толық өмірге айналады және Керала штатының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосады.

Болжам Миссия тарапынан қолдауға ие, ол Кераладағы туримді дамытудың бірқатар аспектілеріне сүйенеді, олардың қатарында әлемдік масштабтағы қонақтармен жұмыс және әлемдік туризмдегі танымал бренд ретінде қалыптасу, Үндістан аумағынан тыс жерлердің нарығындағы үлес мөлшерін арттыруға негізделеді.

Өз кезегінде, Миссия бірқатар шағын қойылымдар қатарынан қолдау табады, оларды осы саясаттың «Мақсаттары» деп атайды.

(Www.keralatourism.org, қолжетімді мамыр 2014)

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Болжам, миссия және мақсаттар: VISIT FLORIDA.

VISIT FLORIDA, штаттың ресми маркетингтік туристік корпорациясы болып табылады, дүние жүзі бойынша келушілердің басты жоспары ретінде Флорида ресми демалыс көзі ретінде қызмет етеді. VISIT FLORIDA үкіметтік емес агенттік, керісінше, коммерциялық емес ұйым болып табылады, ол жекеменшік-мемлекеттік бірлестік ретінде құрылған.

Штатта бір ғана өнеркәсіптің болуына байланысты, Флорида 2011 жылы 87,3 миллион келушіні қарсы алған, олар 67,2 миллиард доллардан астам қаражат жұмсаған, және 1 миллионнан артығы өнеркәсіпте жұмыс істеген.

Миссиясы

Флорида және оның аумағына келушілерді ынталандыра отырып, саяхаттың дамуына үлес қосу.

Болжам

Флориданы әлемдегі №1 туристік бағыт ретінде қалыптастыру.

Құндылықтар

- Кемшіліксіз бедел
- Артықшылық
- Жаңашылдық
- Инклюзивтілік
- Өз ісіне беріктік
- Тартымдылық
- Командада жұмыс.

www.visitflorida.org

Міндеттердің қойылуы: Оңтүстік-Оңтүстік Батыс фестивалі, Остин, Техас.

Остин – Техас штатының астанасы, қарқынды дамып келе жатқан, негізгі өнеркәсіп салалары дамып келе жатқан қала, сондай-ақ Техас штаты университетінің үйі болып табылады. Қала өзін Жанды Әуеннің Әлемдік Астанасы ретінде таныстырады, себебі мұнда көптеген музыка алаңдары бар, олар қалада үздіксіз жұмыс істейді, сондай-ақ өзінің атауының әуездігіне байланысты да осындай атауға ие болып отыр: Оңтүстік-Оңтүстік-Батыс (қысқаша SXSW).

Қаланың танымал бола түсуіне музыкалық фестивальдің қосар үлесінің мол болуына қарамастан, SXSW жыл сайын көктемде 1987 жылы қаланың құрылуына орай интерактивті және кинофестивальдар мен конференциялар өткізіліп тұрады. Ол дамыды және әлемдік ірі фестивальдардың біріне айналды.

SXSW Интерактивті Фестиваль міндеттерінің қойылымы төмендегіше жүзеге асырылады:

Инновация құндылықтары, шабыт және шығармашылық SXSW Интеркативті Фестивальда атқарылатын барлық іс-әрекеттің негізін қалыптастырады. Инновациялар біздің SXSW технологиялар мен өнеркәсіп көшбасшыларын таныстыруға ұмтылыстарымызды білдіреді. Шабыт біздің тіркелген қатысушыларды жігерлендіретін, олардың белсенділіктерін арттыратын және шабыттандыратын бағдарламаларды әзірлеуге деген ұмтылысымызды анықтайды. Шабыт жаңа идеялардың туындау үдерісін көрсетеді және жаңа технологиялар жасақтау үдерісімен салыстырғанда, анағұрлым маңыздырақ болып есептеледі.

Ұйымдастырушылар ретінде біз қауымдастықтың қатысушылар саны мен SXSW Интерактивті Фестивалін бағдарламалау сапасын арттырудағы маңызын терең түсінеміз. PanelPicker қауымдастығы осы ерекшеліктің көрінісі болып табылады. Инновациялық интерфейс қауымдастықтың кез-келген пайдаланушысына ұсынылып отырған идея іс-шараның бір бөлігіне айналатындығына дауыс беру құқығын береді (және өзінің берген дауысына байланысты пікірін білдіру құқығы). Біздің қауымдастықта белгіленген құндылықтарды бағалауымыздың деңгейі жыл сайын өткізілетін ДьюиWinburneAwards рәсімінде де көрініс табады, сонымен қатар біз іс-шаралар кезінде бағдарламаға салатын әр түрлі әлеуметтік сессиялар арқылы да белгілі болады.

Және, сөзімізді қорыта келе, біз SXSW Interactive қашан да даму үстінде екендігін көреміз. Жыл сайын біз сызбалар әзірлейміз, және іс-шаралар да осыған орай жақсара түседі. Алайда, жыл сайын біз әлі ойластыруды қажет ететін және қайта жасақталуы тиіс элементтерге де көп кездесіп жатамыз. SXSW Interactive көптеген үздік жетістіктері қауымдастыққа қосылған адамдардың көмегі есебінен келіп түсіп жатады. Егер сіздің біз өзгертуіміз қажет және іс-шараны жақсарта түсетін өзгерістер туралы пікіріңіз болса, бізбен хабарласуыңызды сұраймыз.

www.sxsw.com

Сұрақтар:

Жоғарыда сөз болған Rezidor, Керала штаты, Флорида және SXSW, и қойылымдарын салыстырыңыз және қатар қойыңыз.

1. Қалай ойлайсыз, жекелеген жағдайлардың қайсысы қойылымдар үшін негізгі аудитория бола алады?
2. Сіздің ойыңызша, әрбір қойылым қаншалықты тиімді, және неліктен олай ойлайсыз?

Болжам және құндылықтар.

Миссия жағдайындағы секілді, болжам немесе құндылықтарды анықтаудың нақты, көпшілік тарапынан қабылданған анықтамасы жоқ. Дегенмен, көптарапты сипаттамалары бар стильдерді кездестіруге болады.

Стратегия және басқару саласының жазушылары болжамға қатысты деп танылған, танылуы тиіс әр түрлі сипаттамалар мен бірқатар ортақ ұқсастықтарды ұсынып келеді. Кантабутра және Аверий (2010), мысалы, болжам қойылымында табылуы мүмкін, ұйым жұмысының тиімділігіне әсер етуші ретінде қабылданатын жеті сипаттаманы анықтаған.

ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕГІ СТРАТЕГИЯ

«Перспективалық» болжам дегеніміз нені білдіреді?

- *Қолайлылық* – болжамдар беруге және есте сақтауға жеңіл болуы тиіс.
- *Дәлдік* – болжамдар алғашқы кезектегі мақсаттарды тура көрсетеді. Олар толық таныстырылымсыз және талқылаусыз түсінікті болуы қажет.
- *Болашаққа бағдар* – перспективалық деп есептелетін болжамдар бір реттік, нақты мақсаттардан немесе орындалуы мүмкін, бірақ одан кейін қарастырылмауы мүмкін өнімділік жоспарынан құралмайды (мысалы, сатылым немесе табыс).
- *Тұрақтылық* – қысқа мерзімді тенденциялар, технологиялар немесе нарық өзгерістеріне байланысты реакцияны көрсетпейді. Олар жеткілікті мөлшерде икемді болуы және туындаған жағдайлар мен өзгертулерге жылдам бейімделіп кетуі тиіс.
- *Ынталандыру* – тиімді болжамдар ынталандырушы болып табылады, себебі олар қызметкерлерді қалаулы нәтижеге қол жеткізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға итермелейді.
- *Абстрактілік* – абстрактілі болжамдар жеке интерпретацияларды да қарастыратын анағұрлым ұзақ мерзімді мақсатты мегзейді.
- *Мақсаттылық немесе жандану қабілеті* – перспективалық болжамдар аса қажет және әрекетке итермелейтін болуы тиіс. Олар қызметкерлерді тікелей шабыттандыратын мақсаттарды белгілеп береді.

Бәрінде біздің іс-әрекетіміз бен қимылымыздың образын анықтайтын құндылықтар жүйесі қалыптасқан. Ұйымдардың қолында бірқатар басқарушы қағидалардың болатындығы белгілі, атап айтқанда құндылықтар, алайда қойылым барысында олар толық көріне алмауы, не болмаса миссия қойылымы барысында ғана есепке алынуы әбден мүмкін.

Ұйымның құндылықтарын философиялық қағидалар ретінде де қарастыруға болады, ұйым мүшелерінің басым бөлігі оларды ұстануы тиіс деп есептеледі (Хаберберг және Риепле, 2001:48). Әдетте, құндылықтар өзгере бермейді, және көп жағдайда ұйым басшылығымен ғана ассоциацияланады, себебі ол ұйым өзінің қызметін жүзеге асыратын параметрлерді белгілейді.

Корпоративтік мақсаттардың мазмұны.

Күрделі жағдайлар орын алған кезде, міндеттердің ішіндегі аса маңыздысы кәсіпорын қызметінің үздіксіз жұмысын сақтап қалу болып табылады. Басқа міндеттер ұйымның типіне және оны қоршаған ортаның сипатына тәуелді болып келеді. Ұйым, әдетте, бір уақытта бірнеше типті міндеттердің көмегіне жүгінуі мүмкін, алайда мақсаттар бір-бірін қайталай алмайды. Екі озық ойлы автор оларды «фирма ұмтылатын нәтиже,

және фирманың өз тиімділігін анықтау үшін пайдаланатын параметрлері» деп атап көрсеткен (Глюк және Jauch, 1988:12).

Мақсаттар *жабық* түрде де жазылуы мүмкін, бұл олардың нақты сандық көрсеткіш негізінде көрініс табуы және түрі мен уақыт межесіне байлаынсты спецификалық мәнге ие болуына байланысты, және оның *ашық* түрі де қарастырылады, оған сәйкес ол сандық көрсеткішке негізделетін болуы және түрі мен уақыт межесіне байланысты ортақ болуы тиіс.

Мақсаттар кез-келген формальды ұйымның басқарушылық қызметін табысты жүзеге асыру кезінде маңызды рөлге ие болып табылады, себебі олар:

- бағыт сезімін қамтамасыз етеді;
- өнімділікті өлшеу стандарты мен бақылау құралдарын қамтамасыз етеді, сонымен қатар
- ұйым стилінің образын көрсетеді.

Корпоративтік мақсаттар миссия мен болжамды ұзақмерзімді мақсаттарға айналдырады, олар, әдетте, есептелуі және өлшенуі мүмкін. Корпоративтік мақсаттар стратегиялық деңгейдегі мақсаттар болып табылады, олар *бизнесті* жақсарту жолындағы басты қозғаушы нүкте ретінде пайдаланылуы мүмкін, сондай-ақ тактикалық немесе *жылдам* болып та жіктеледі, бұл жағдайда олар ұйымдастырушылық құрылым иерархиясынан төменгі орынға қойылады және мейлінше толығырақ мәселелерді қамтиды. Коммерциялық мақсаттар, әдетте, барлық ұйымның маңызды құрамдас бөліктерімен байланысты болып табылады – олар көбінесе стратегиялық бизнес-бірліктер (СББ) деп те аталады – ал жылдам мақсаттар, әдетте, анағұрлым ұсақ бөлімдерге немесе СББ ішінде өзара топтарға жіктеледі.

Корпоративтік мақсаттар әдетте:

- барлық ұйымдарға тиесілі болып табылады;
- орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада қолданылады (теріс жағындағы ескертуді қараңыз);
- жоғарғы басшылық тарапынан белгіленеді;
- кәсіпорынның маңызды салаларының қатарына жатқызылады; сондай-ақ
- бір мезгілде жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту – уақыт интервалы айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін, және ол көбінесе қызметтің туындау ерекшеліктеріне, әсіресе, жаңа өнім және қызметті іске қосу үшін қажетті дайындық кезеңіне байланысты болуы мүмкін. Ірі капитал салымын қажет ететін бірқатар секторларда даму көптеген уақыт шығынын қажет етуі мүмкін және дайындық уақыты да соған сәйкес ұзақ болады. Ережеге сүйенетін болсақ, ұзақ мерзімді уақыт кезеңі деп бес жылдан көп уақытты қажет ететін мерзім, ал орта мерзімді – бір жылдан бастап бес жылған дейінгі кезеңді қарастыру қалыптасқан, ал қысқа мерзімді мақсаттар – бір жылға дейінгі уақытты қамтиды.

Мысалы – көптеген жағдайларда ТҚІ секілді қызмет көрсету салаларында дайындық кезеңі салыстырмалы түрде соншалықты үлкен болмауы да мүмкін, себебі жаңа бағытты, жаңа бағытты іске қосу немесе іс-шаралардың басым бөлігін жоспарлау немесе қою салыстырмалы түрде жылдам орындалып жатады. Алайда, үлкен капитал салымы қажет болған жағдайлардың бәрінде, мәселен, қонақ үй салу немесе жаңа ұшақ алу немесе саяхат кемелеріне қол жеткізу секілді, әрине, ұзағырақ уақыт қажет болары сөзсіз.

Корпоративтік мақсаттарды қойған кезде мұқият болу қажет, себебі олар нақты және түсінуге жеңіл болуы тиіс.

ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕГІ СТРАТЕГИЯ

«CRIME» хаттағы міндеттердің қойылымы ретінде.

Міндеттерді қоюдың жалпы көрінісі хат жүзінде «CRIME» деп аталады (ағылшын сөздерінің осы аспектідегі алғашқы әріптерінің көрінісі), себебі корпоративтік мақсаттар:

- ***C*** – *Communicable* – жария етілетін – тікелей орындаушылар мен өзге де ішкі және сыртқы мүдделі топтар үшін жеңіл берілуге қабілетті болуы;
- ***R*** – *Realistic* – шынайы – берілген уақыт межесінде қол жеткізуге болатындай;
- ***I*** – *Internally consistent* – ішкі реттілікке ие – жалпы ұйымдастырушылық миссияға, жылдам мақсаттарға және қойылған міндеттерге қол жеткізу стратегияларына қойылатын талаптарға жауап бере алатындай;
- ***M*** – *Measurable* – өлшенетін – сандық түрде елестетуге болатындай, яғни мақсатқа қол жеткізу мүмкіндіктерін өлшеуге, салыстыруға, бағалауға болатындай;
- ***E*** – *Explicit* – түсінікті – анық және дұрыс мағынада қолданылатындай, қойылған міндеттер үшін де, уақыт шегі үшін де нақты болуы тиіс.

Корпоративтік мақсаттар көп жағдайда экономикалық және әлеуметтік мәселелермен байланысты, сондай-ақ ол даму және бәсекеге қабілеттілік басымдықтары жөніндегі мәселелерді де қамтиды. Енді корпоративтік мақсаттармен байланысты негізгі мәселелерді қарастырып көрелік.

Экономикалық міндеттер.

Экономикалық міндеттерге қаржылық қатынас тұрғысынан алғанда өлшенетін міндеттер жатқызылады. Коммерциялық ұйымдар үшін, мақсаттар, әдетте, *табыс* секілді көрсеткішке негізделеді. Табыс – бухгалтерлік термин, ол не сатылым, немесе пайда ретінде қалдырылған инвестициялық капиталдың пайыздық қатынасын сипаттауға арналған. Коммерциялық ұйымдарда экономикалық міндеттерді көп жағдайда, қаржылық міндеттерге қол жеткізу жолындағы басқа, *екінші қатардағы мақсаттармен* салыстырғанда *басым* міндеттер қатарына жатқызады.

Сатылым табыстылығы (сатылымнан түскен табыс), оны кейде табыстылық коэффициенті деп те атайды, ол компанияның өз шығындарын қаншалықты бақылай алатындығының көрсеткіші болып табылады, ал *активтердің (немесе қосылған капиталдан түскен табыс) табыстылығы* компанияның өз инвесторларының ақшасын қаншалықты тиімді пайдаланғандығының көрсеткіші блолып табылады. алғашқысы да, соңғысы да маңызды коммерциялық мақсаттар қатарында саналады: ол болашақ инвестициялар үшін қандай да бір табысты сақтап қалу үшін өзінің жеткілікті мөлшерде табысты болуын қамтамасыз ету, және инвесторларға олардың акциялық үлестері бойынша дивидендтерін беруге негізделеді.

Коммерциялық емес ұйымдардың да экономикалық мақсаттары болады, тек олар басқаша өлшенеді. Маркетингтік мақсаттағы, қайырымдылық және басқа мемлекеттік ведомстволардың мекемелері секілді ұйымдар, көп жағдайда, экономикалық көрсеткіштерді өлшеу үшін *қаржылық жеңілдіктерді* немесе *баға мен сапаның оңтайлы қатынасының* міндеттерін пайдаланады. Әдетте, мұндай ұйымдар, көбінесе, өздері жеткілікті мөлшерде бақылауға алып отырған табыстарға негізделеді – ол, мысалы, орталық немесе жергілікті үкіметке бекітілген болуы да мүмкін. Әдетте, қойылған мақсаттар өздеріне тиесілі пайда нәтижелеріне байланысты максималды пайдаға қол жеткізуді көздейді.

Әлеуметтік міндеттер.

Барлық ұйымдастырушылық мақсаттардың қаржылық сипаты болу керек деп ойламаған дұрыс. Олардың басым бөлігі әлеуметтік мүмкіндіктерді ұсыну үшін ішінара немесе толық жұмыс істейді. Мұражайлар, көркем өнер галереялары, мәдени мұра ескерткіштері және сол секілді мемлекет тарапынан қаржыландырылатын көптеген ұйымдар жалпы қоғамға қызмет көрсету мақсатында жұмыс істейтіндігі белгілі. Қайырымдылық ұйымдары, ең алдымен, бір немесе бірнеше болжамды перспективалық округке әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеуде. Мұндай типті ұйымдар үшін экономикалық мақсаттар олардың әлеуметтік маңызды нәтижелерге қол жеткізу тілегіне қатысты екінші орындағы сипатта да болуы мүмкін.

Коммерциялық ұйымдар да өздерінің ұйымішілік әлеуметтік жауакершілігі ретінде қарастырылатын әлеуметтік міндеттерді бірте-бірте қабылдайды. Әдетте, олардың өз экономикалық мақсаттарына бағынатындықтарына қарамастан, коммерциялық ұйымдар өздері қатысты болып табылатын әлеуметтік немесе экологиялық мотивтерге бағынышты болуы мүмкін. Олар, мәселен, жергілікті қоғамдық бастамалар тарапынан көрсетілген қолдаудың әлеуметтік маңыздылығын түсінуі немесе бірқатар адамдарға қайырымдылық ұйымдарды жабдықтауға қолдау көрсетулері (өз қаражаты есебінен) мүмкін.

Нарықтағы өсу және ұстанымдық міндеттер.

Ұйым жұмысының бірқатар кезеңдерінде мақсаттар өсу және кеңею тұрғысынан қарастырғанда аса маңызды мәселелер қатарына жатқызылады. Әсіресе, нарықта өсуі және өз позицияларына қолдау көрсетулері тиіс ұйымдар бәсекелестерінен «қалып қоймау» үшін немесе олардан «озып» кетпеу үшін бір деңгейде болу ұстанымын басшылыққа алады.

Нарықтағы ауқымы мен орналасу мүмкіндіктерінің бірқатар басымдықтары бар, және дәл ұйым дәл осыған ұмтылыс жасайтын болады, ал өсу маңызды міндеттердің біріне айналады. Мөлшер ұйымға тұтыну нарығы болсын, ресурстар нарығы болсын, өндіріс ауқымын арттырудан экономикалық табыс табуға мүмкіндік беретін болады. Бұл дегеніңіз, ірі ұйым масштабы жағынан шағын кәсіпорындар тарапынан салыстырғанда жеңілдік шығындары бойынша енгізілетін ресурстарды көптеп тартуға көмектеседі, ал оның өз нарығында үлкен көлемде болуы баға

түзілімі қабілеті мен өзіне бәсекелестерді бағындыру қабілетін арттыра түседі. Біз бұл типтес міндеттерді 11-тарауда тереңірек қарастыратын боламыз.

Бәсекеге қабілеттілік міндеттері.

Және, сөзімізді қорытатын болсақ, көптеген стратегиялық міндеттердің өз бәсекелестеріне қатысты компанияның позициясын да қамтитындығын білу маңызды. Бәсекеге қабілеттілік міндеттері компанияның басқалармен – әсіресе бәсекелестермен салыстырғандағы ұстанымының қандай екендігін қарастырады. Мақсаттар жай ғана «біз сіздерден алда боламыз» немесе «біз сіздерден жақсымыз» деген қарапайым сөздерден аулан болғаны жөн. Табыстылық өнімділігі жалғыз мақсат болып табылдаы, және егер компания өзіне жақын бәсекелестер арасында көшбасшылыққа қол жеткізетін болса, онда мақсатқа қол жеткізілді деп есептей беруге болады.

Кәсіпорындар міндеттерді қалай қояды?

Осыған дейін біз бұл тарауда стратегиялық міндеттер шешім қабылдаудың аса маңызды деңгейі ретінде қарастырылатындықтан, ұйымның жоғарғы басшылығымен, атап айтқанда директорлар кеңесімен белгіленеді. Міндеттерде қойған кезде, алайда, аға менеджерлер ұйымға қызығушылық танытқан бірнеше топтардың ықпалында кетіп қалуы да мүмкін.

Міндеттерді белгілеген кезде аға буын басшыларына не әсер етуі мүмкін? Екі негізгі мектептік ой пайда болады: акционердің қадамы немесе мүдделі тараптардың қадамы.

Акционердің көзқарасы.

Акционердің қадамы кәсіпорынның, ең бастысы, өз иелеріне (әдетте, акционерлері) қатысты жұмыс істейтіндігін көрсетіп отыр. Сәйкесінше, іскерлік қарым-қатынастың кез-келген нормалары бизнестегі өнімділіктің әр түрлі деңгейлерін құрастырады, ол бизнестің қызметкерлер, тұтынушылар және жеткізушілер секілді басқа да топотарға зиян тигізуі мүмкін деңгейлеріне әкеліп соғады.

Нобель сыйлығының лауреаты, профессор Милтон Фридман (1984), деген тұжырым жасаған. Фридман компания директорларының бір және

жалғыз міндеті (акционерлердің қаржылық мүдделерінің заңды өкілдері болып табылатын) меншік иелерінің акцияларындағы қаржылық табыс мөлшерін мейлінше арттыру бағытында жұмыс істеу екендігін дәлелдеп берді.

Мүдделі тараптардың көзқарасы.

Әр түрлі әсер ету топтарына көптеген мысалдар келтіруге болады, ал терминге төмендегідей анықтама берілген.

АНЫҚТАМА/ЦИТАТА

«Қосымша иегер» сөзінің мағынасы төмендегіше анықталуы мүмкін:

Ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге әсере ете алатын немесе соның әсеріне ұшыраған кез-келген топ немесе тұлға.

(Фриман, 1984:46)

Берілген анықтама ұйымның күнделікті өміріне әлеуетті қатысы барлардың бәрін қамтиды. Бұдан, әрине, ұйымның мақсаттарына әсер ету кезінде барлық мүдделі тараптардың бірдей деңгейде өзара тең бола алмайтындығын аңғару қиын емес.

Мүдделі тараптардың қадамы – бұл қадамды, мысалы, Доналдсон пен Престон, 1995 және Кэмпбелл, 1997 ұстанған – ұйымның, немесе жекелеген тұлғаның әр түрлі топтарға және қызметкерлер және тұтынушылар секілді әр түрлі тұлғаларға қатысты сипатталатындығын көрсетеді. Топ немесе жеке тұлға ұйымның жұмысының заңды пайыздық мөлшеріне ие болған жағдайда, ол мүдделі тарап деп танылады, және осыған орай, фирманың өнімділігіне әсер етуге және/немесе фирманың өнімділігінің үлесіне ие болуға мүдделі болып табылады.

Бұл пікірлердің мүмкін салдарының ауқымды, тартымды сипаты бар. Шын мәнінде, *мүдделі тараптар теориясы,* акционерлердің бизнестің жалғыз иелері еместігін, оның қызметінің пайдасын жалғыз көруші еместігін көрсетеді. Акционерлер, сөзсіз, бір мүдделі тараптар тобы (коммерциялық қызметте) болып табылатындықтан, олар кәсіпкерлік қызметтен табыс табуды көздемейді, және сәйкесінше, компанияның заңды стратегиялық мақсаттарына әсер ете алатын топтардың біріне айналады. Мұндай топтардың бір қатары ұйымға қатысты ішкі сипатқа ие

болса, екінші біреулері сыртқы сипатқа ие болып табылады.

Міндеттердің қойылуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін мүдделі тараптар 1.3-кестеде көрсетілген.

Мүдделі тараптар және міндеттер.

Мүдделі тараптардың ұйымның мақсаттарына қаншалықты әсер ететіндігі жайлы кең таралған және пайдалы үлгілердің бірі Менделоу тарапынан (1991) ұсынылды. Бұл үлгі бойынша, мүдделі тараптар екі айнымалы көрсеткіш арқылы «жіктелуі» мүмкін: *үлестік қатысу* және мүдделі тарпапардың *құқықтық қабілеттері.*

- Мүдделі тараптардың *құқықтық қабілеттілігі* тараптардың ұйымға әсер етуіне әсер ету болып табылады.
- Мүдделі тараптардың *үлестік қатысуы* ұйымға әсер етуге *дайын болудың* көрсеткіші болып есептеледі. Басқаша айтқанда, үлестік қатысу мүдделі тұлғаның ұйымның жұмысына қамқорлық таныту деңгейін көрсететін үлестік қатысу болып табылады.

Бұдан шығатын қорытынды:

*Мүдделі тараптардың әсері = құқықтық қабілеттілік * үлестік қатысу.*

1.3-кесте. Мүдделі тараптарға шолу.

Table 1.3 A summary of stakeholder groups

Internal stakeholders	External stakeholders
Board of directors	Shareholders
Employees collectively	Creditors (existing & potential)
Individual employees (e.g. founding entrepreneur)	Suppliers (existing & potential)
Employees' representatives (trade unions, trade associations etc)	Customers (existing & potential)
Functional business areas (marketing, finance etc)	Trade bodies (e.g. ABTA, the UK's Association of British Travel Agents)
Geographical areas of the organization (e.g. Europe, Asia etc.)	Pressure groups (e.g. environmental)
	Competitors (current and future, national and international)
	Government (legal, fiscal, and regulatory impacts)
	Private individuals
	International regulatory bodies (e.g. IATA, the International Air Transport Association)
	The local community

Internal stakeholders	Ішкі мүдделі тараптар
External stakeholders	Сыртқы мүдделі тараптар
Board of directors	Директорлар кеңесі
Shareholders	Акционерлер
Employees collectively	Жалпы қызметкерлер
Creditors (existing & potential)	Несиегерлер (қазіргі және әлеуетті)
Individual employees (e.g. founding entrepreneur)	Қызметтік бірлік (мысалы, құрылтайшы кәсіпкер)
Suppliers (existing & potential)	Жеткізушілер (қазіргі және әлеуетті)
Employees' representatives (trade unions, trade associations etc)	Жұмысшы ұжымдар және қызметкерлер өкілдері (кәсіподақтар, сауда ұйымдары және т.б.)
Customers (existing & potential)	Тұтынушылар (қазіргі және әлеуетті)
Functional business areas (marketing, finance etc)	Функционалды кәсіпкерлік салалары (маркетинг, қаржы және т.б.)
Trade bodies (e.g. ABTA, the UK's Association of British Travel Agents)	Сауда ұйымдары (мысалы, ҰТАА – Ұлыбритания Туристік Агенттіктер Ассоциациясы)
Geographical areas of the organization (e.g Europe, Asia etc.)	Ұйымның географиялық аймақтары (мысалы, Еуропа, Азия және т.б.)
Pressure groups (e.g. environmental)	Әсер етуші топтар (мысалы, қоршаған ортаны қорғауға жатқызылатын)
Competitors (current and future, national and international)	Бәсекелестер (қазіргі және әлеуетті, ұлттық және халықаралық)
Government (legal, fiscal, and regulatory impacts)	Үкімет (құқықтық, фискалды және реттеуші әсер)

Private individuals	Үкімет (құқықтық, фискалды және реттеуші әсер)
International regulatory bodies (e.g. IATA, the International Air Transport Association)	Халықаралық бақылау органдары (мысалы, IATA – Халықаралық әуе көлігі ассоциациясы)
The local community	Жергілікті тұрғындар

Мүдделі тұлға тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін нақты әсер оның әсер етуге қабілеттілігі мен дайындығына байланысты қайда орналасқандығына байланысты болып табылады. Жоғары құқықтық міндеттілікке ие, сонымен қатар қатысу үлесінің мөлшері жоғары болып табылатын мүдделі тұлға құқықтық міндеттілігі төмен және қатысу үлесінің мөлшері аз тұлғамен салыстырғанда анағұрлым әсерлірек жағдайда болады. Біз 1.2-суретте көрсетілгендей, екі өзара байланысты саланы қамтитын екі айнымалы торкөзді көрсете отырып, мүдделі тараптардың картасын өзара салыстыра аламыз.

Аяқталғаннан кейін карта екі аспектіні бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін:

1. Мүдделі тараптардың қайсысы ұйымның мақсаттарына айтарлықтай көп мөлшерде әсер ете алуы мүмкін.
2. Стратегиялық мақсаттардың айналасында әлеуетті келіспеушілік жағдайында болуы мүмкін мүдделі тараптар (екі немесе одан да көп мүдделі тараптар жоғары құқықтық қабілеттілік және көп мөлшердегі қатысу үлесіне тікелей жақын орналасқан жағдайда).

Бас директор және директорлар кеңесі жоғары құқықтық қабілеттілікке ие, және жоғары қатысу үлесі бар мүдделі тараптардың мысалдары болып табылады. Оның себебі, олар қызметті өздерінің атқарып отырған лауазымдары мен ұйым ішіндегі позициясына байланысты басқарады және басшылық жасайды, оларға міндеттемелер жүктейді, солар арқылы өздерінің шешімдерін енгізеді. Жергілікті қауымдастықтар (көп жағдайда) ұйымның мақсаттарын белгілеумен айналыспайды және шектеулі міндеттемелерге ие болып табылады және олар өз көзқарастарына байланысты шектеулі міндеттемелерге ие. Ұйымдардың қарама-қайшы көзқарастары бар мүдделі тараптардың біртұтас қатары болуы мүмкін.

1.2-сурет. Мүдделі тараптар картасы.



Stakeholder power – Мүдделі тараптың құқықтық міндеттілігі
Low – Төмен
High – Жоғары
Stakeholder interest – Мүдделі тараптың мүдделері
Least influential – Аз беделді
Increasing influence – Өсіп келе жатқан әсерлер
Most influential – Аса беделді

Мүдделі тараптар теориясын туризмді жоспарлау мән мәтінінде қолданған кезде, Зауттер мен Лиссен (1999) оның туризмді жоспарлау құралы ретінде қалай қолданылуы мүмкін екендігі туралы тұжырымдама жасады. Олар бұл теорияның негізгі жоспарлау үдерісіне қатысушылар арасындағы кооперациясын қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылуы мүмкін екендігін айтады, ал жоспарлаушылар белгілі бір мүдделі тараптарды жоспарлау үдерісіне қатыстыруға белсенді түрде ұмтылыс білдірулері тиіс.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Миссияны белгілеу дегеніміз не?
- Миссияның белгіленуі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге қалай әсер ете алады?
- Мүдделі тарап дегеніміз не, және мүдделі тараптар міндеттердің қойылуына қалай әсер етуі мүмкін?
- Қатысу үлесі-құқықтық қабілеттілік картасы аса беделді мүдделі тараптарды анықтауға қалай көмектесетіндігін түсіндіріңіз.

ШАРТТЫ МЫСАЛ

Маусымдық сұраныс өзгерістерін басқару: Куони.

Куони іссапарлар туралы деректер мен туристік бағыттарды басқару қызметін ұсынумен айналысатын үздік әлемдік компания болып табылады. Бүгінгі таңда дүние жүзінің 80 астам елінде 12000 артық адам қызмет ететін Куони Цюрихтен, Швейцария, бастау алады, яғни швейцариялық қор банкінің негізінде әрекет етеді.

Kuoni Group компаниясының кәсіпкерлік қызметі бір-біріне ұқсамайтын негізгі бес түрлі бағытқа бөлінген: дәстүрлі экскурсиялық қызмет көрсету, туристік бағыттарды басқару саяхаттарды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер, мамандандырылған туристік бизнес, дамыған нарықтардағы қызмет және визалық қызметтер. Бұл салалар топтың ұйымдастырушылық құрамында үл бөлімге құрылымдастырылған: Экспорттық Еуропа (мұнда Скандинавия, Ұлыбритания, Бельгия, Нидерланды және ішкі швейцариялық нарықтағы айрықша тұрақты сатылымдарды байқауға болады); Дүние жүзі бойынша саяхат түрлерін ұйымдастыру қызметі және дамушы нарықтарды инвестициялау стратегиясы; және Мамандандырылған ұйым. Куони, өзге еуропалық турпоператорлармен салыстырғанда, ұшақтар немесе отельдердің аз мөлшеріне ие болып табылады, осылайша компания «жеңіл» активтер стратегиясын сипаттауға тырысады.

Куони, Еуропаның көптеген туристік компаниялары секілді (белгілі бір деңгейде Солтүстік Еуропа нарықтарына тәуелді), жоғары маусымдық сұраныс деңгейіне тәуелді. Мұндай маусымдылық мәселесі еуропалық туроператорлар үшін белгілі бір деңгейдегі басқарушылық қиындықтарды туындатып отыр:

Пайда есепті жылдық кезеңнің екінші жартысына шоғырландырылған, ал шығындар не болмаса шағын пайда мөлшері көбінесе алғашқы алты ай көлемінде байқалып жатады. 2011 жылдың көлемінде, Куони, мысалы, маусымның соңына дейінгі алғашқы алты ай көлемінде 2,084 млн швейцариялық франкті құрайтын тауар айналымы мөлшерінде 32,5 млн швецариялық франк көлемінде шығынға ұшырады (пайыздар мен салықтарды есепке алмағандағы пайда). Дей тұрғанмен, жыл бойы оның тапқан пайдасы 5,111 млн. швейцариялық франкты құрайтын жылдық сатылым көлеміне шаққанда 398 млн. швейцариялық франкті құрады. Мұндай, көптеген туристік компаниялар ұшырасып жататын әрекелкі көрсеткіштер қаржы нарықтарын

Ақшалай қаражат қозғалысындағы ірі ауытқулар жиі кездесіп жатады. Әдетте, ақшалай қаражат ағыны күнтізбелік жылдың алғашқы айларында байқалады, себебі бұл кезде тапсырыстар жасалған және төленіп қойылған, алайда одан соң қаражат жаз айлары көлемінде таусылуы мүмкін, себебі компаниялар тұрғын үй, әуе жолы және өзге де шығындарды өтеулері тиіс болады. Жеке қолма-қол қаражат деңгейі, әдетте, күз бойы және қыс мезгілінің бас кезінде ең төменгі деңгейде болады. Көптеген компаниялар бұл кезеңде өзінің қызметін тоқтатып алмас үшін, банктік қарыздар алуға мәжбүр болады, ал бірқатар компаниялар банктердің уақытша қолма-қол қаражат тапшылығына орай, қолдау көрсетуден бас тартуына байланысты келеңсіздіктерге де ұшырап жатады.

TUI және Thomas Cook секілді «ықпалдастырылған» туристік компаниялардың чартерлік әуе компаниялары бар. Жазғы маусым көлемінде жүктеме коэффициенті деңгейінің жоғары болуына байланысты, өткізу қабілеттілігі әуе кемесінің өткізу қабілеттілігі қыс айларында пайдалану төмен коэффициенттік пайдалану көрсеткіші деңгейінде қалып қоймайтындай етіп, қатаң бақылауға алынуы тиіс. Еуропалық компаниялар бұл қиындықты кәсіпкерлікті дамытуға арналған циклдік мүмкіндіктерді әзірлеу арқылы шеше алады, мұндай кәсіпкерліктер қатарына шаңғы тебу және қысқы шипажайлар немесе әуе кемесін қыста жоғары сұранысқа ие Канада секілді өзге нарықтарға жіберу қызметтері жатады.

www.kuoni.com

Сұрақтар:

1. Куони кез болып отырған маусымдылық мәселесінің өзіндік сипаты жайында түсіндіріңіз.
2. Маусымдылық мәселесін шешу үшін Куони секілді компаниялардың менеджерлері қандай әрекеттер жасауы мүмкін екендігін түсіндіріңіз.

ШАҒЫН БИЗНЕС ТАҚЫРЫБЫ

Өкінішке орай, стратегиялық басқару бойынша әдебиетте шағын және орта кәсіпорындарға аса көңіл бөлінбеген, ол әдебиеттерде барлық назар халықаралық деңгейдегі ірі көпсалалы корпорацияларға аударылған. Әзірленген көптеген әдістер мен аспаптар осы кәсіпорындар мәнмәтінінде қарастырылады, бірақ көп жағдайларда олар шағын кәсіпорындарға да қатысты қолданылады.

ТГМ саласындағы өмір қызметінің бір аспектісі көптеген жағдайларда олар тым ұсақталған болып табылады. Егер көлік құралдарының немесе ұшақ құрастыру өндірісі бірнеше ірі корпорацияны басқаруымен өндірістің өте топтастырылған болып табылса, онда ТГМ саласында іс олай болмайды. Кейбір ірі халықаралық деңгейдегі көпсалалы компаниялар ТГМ саласында өз қызметін дамытты; сонда да осы салалар тым бірлеспеген, әсіресе дамып келе жатқан елдерде.

Ірі компантялар (мысалы, Tui, Marriott, Air France/KLM) осы кітапта мысал ретінде қолданылатын болады, бірақ есте сақтау керек, экономикасы жоғары дамыған елдерде де белгісіз сауда маркасымен жұмыс жасап жатқан шағын және орта кәсіпорындар көп.

Шын мәнінінде,қарастырылатын бір салада (іс –шараларды басқару) халықралақы деңгейдігі күшті және танылған бренд жоқ, бірақ шағын және орта кәсіпорындар саны баршылық. Көптеген шағын кәсіпорындар мен көптеген отбасылық кәсіпорындар одан әрі гүлденуде, себебі кіріс шығындары көптеген жағдайларда төмен, ал қызметтердің даралығы мен иілгіштігі жиі бағаланады.

Шағын кәсіпорындар ірі кәсіпорындардан бірнеше жағдайларда ерекшеленеді. Олар нарықта шектелген спектрде шектеулі тауар ассортиментімен бәсекелеседі, және «жеке» компаниялар «ашық» акционерлік қоғамдарға қарағанда қаржы деген қолжетімділікті қиындатады. Сонда да, осы кітапта суреттелген, көптеген стратегиялық тұжырымдар, инструменттері мен әдістері, шағын және орта бизнесті қолданылады. Мысалы, Джонсон және басқалады (2011) көрсеткендей, егер компания нарықтың белгілі сегментінде мамандандырылса, әрине ол бәсекестіктің қысымымен соқтығысады. Сонымен,біз бәсекестік стартегиягы зерттегенде осы кітапта қарастыратын салалар осы мәнмәтінде аса маңызды.

Осы тарауда біз стратегия түсінігін енгіздік, ол кәсіпорында кездесетін маңызды мәселелерді қарастыруда «алдын ала ойлау» дегенді білдіреді.Одан басқа, біз миссия, көріну, құндылық және міндетті қоюды қарастырамыз. Стратегиялық басқарудың осы аспектілері ұйымның өлшеміне тәуелді еместігін нық айтуға болады. Бәсекелстер тарапынан

болатын қысымдар, қоршаған ортаның динамикалық сипаттары және қызығушылық танытқан топтардың болжалдары (мысалы банктер мен басқа инвесторлар) алдын ала ойластырылған әрекеттер шағын және орта кәсіпорындарға да,ірі бәселесттер үшін де елеулі маңызы бар.

ТАРАУДЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Бұл тарауда *стратегия және стратегиялық басқару* терминдері қарастырылды және *ойланған және өндірілген* стратегиялар тұжырымдамалары келтірілген. Тараудың жалғасында ұйымдарда стратегиялық шешімдерді қабылдау деңгейін және маңызды стратегиялық бәсекелестік тұжырымдамасын талқыламас бұрын стратегия компоненттеріне түсініктеме берілді. Миссия, көрінуі және құндылықтар түсініктері енгізілді, сонымен қатар міндетті қоюдағы қызығушылық танытқан жақтың рөлі талқыланды. Негізгі «типтері» мен олардың мазмұнына түсініктеме берілді.

2 ТАРАУ.

Туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шаралар ұйымдастыруға кіріспе

Кіріспе және тарауға шолу

Туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шаралар ұйымдастыру стратегиясын әзірлеу осы салада жұмыс істейтін, менеджерлер үшін, ұсынылатын өнім сипаты мен ерекше ортаның сипатынан, қиын міндеттер кешені болып табылады. Стартегия негізігінен ТГМ өнімі тауар емес (материалды түрдегі тауар) ал «қызмет көрсету» болып табылады, ол өз кезегінде осы саладағы менеджерлер үшін белгілі бір салдары бар. Одан басқа туризм, қонақ үй бизнесі меніс –шаралар ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері бар, олар егер бірегей болмаса да,басқа да қызмет көрсету салаларымен салыстырғанда ерекше сипаттмалары болып табылады.

Біз осы тарауда сервистік қызмет көрсету өнімдері мен өнімнің нақты ерекше сипаттамаларынқарастырамыз. Осы өзіндік ерекшеліктер мен басқарудағы мүмкін салдардарды түсіну, себебі ол форма береді және стратегияны әзірлеу үдерісінің негізінде жатыр.

ОҚЫТУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Осы тарауды оқығаннан кейін сіз білуге тиіссіз:

• тауар мен қызмет көрсетудің анықтамасын беруге;

• сервисті өнімдердің негізгі сипаттамалары мен туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шара ұйымдастыру салаларының ұйымдары үшін олардың мағыналарын сипаттауға;

• туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шара ұйымдастыру өнімдерінің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру;

• туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шара ұйымдастыру өнімдерінің өзіндік ерекшеліктерінің осы салада жұмыс істейтін менеджерлерге әсерін бағалау;

• кейбір ұстанымдарды талдай білуге, менеджерлер өнімнің негізгі сипаттамасы талаптарына жауап береді.

Туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шара ұйымдастыру қызмет көрсету индустрия саласы

Тауар және қызмет көрсету

Туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шара ұйымдастыру стратегиясы туралы кітапта біз оқитын, негізгі тақырыптарды қамтитын өнім сипаттамасын талқылауымыз дұрыс шығар. Егер сіз бизнес және экономиканы оқыған болсаңыз, өнімнің екі түрі: тауар және қызмет көрсету екендігі есіңізде шығар.

• тауар материалды – сіз ие бола алатын заттар;

• қызмет көрсету материалды емес – сіздің атыңыздан немесе Сіз үшін жасалған заттар. Сіз сервистік өнімге меншікті бола алмайсыз. Оның орнына сіз оларды пайдаланасыз.

Мысалы – клиент бола тұра, ұшуда сіз ауа кемесінде орныңыз болса, қонақ үйде номер алсаңыз немесе сіз қатысып отырған іс –шарада иесі бола алмайсыз, сіз ұсынылған қызметті пайдаланасыз.

Біздің бұл айырмашылықтарды келтіріп отырған себебіміз, ол осы саладағы басқаруға маңызды әсері бар. Туризм, қонақ үй және іс –шараны ұйымдастыру саласының өнімінің бірқатар негізгі сипаттамалары бар, олар маңызды болып табыладфы, себебі олар осы салада менеджерлер қандай шешім қабылдау керек дегенге қатысы бар. Кейбір осы сипаттамаларды басқа да сервистік өнімдермен бөліседі, олар келесі тарауларда талқыланады. Кейбір өзіндік ерекшеліктерді туризм, қонақ үй бизнесі және іс –шараны ұйымдастыру өнімінің ерекшелігі деп қарастырылады. Мұндай ерекше сипаттамалар осы саладағы менеджерлерге қатысты және осы тарауда қарастырылады.

Сервистік өнімнің өзіндік белгілері

Қызмет көрсетуді материалды тауарлардан ажырататын бірқатар факторлар бар.

Осында ажырату факторларына жатады:

• материялылық еместігі

• бөлінбейтіндігі

• сақталмайтындығы

• әртектілік

• үлестік қатысу

Бізәрбір сипаттаманы кезекпен қарастырамыз

Материялылық еместігі

Қызмет көрсетуді мұқият қарауға, сипап қараға, иісін иіскеуге, өлшеуге немесе сатып алғанша дейін сөреде сақтауға болмайды. Сезіп білмеушілік сатып алуды қиындатады, себебі сіз оны тексере алмайсыз, бірақ оны тарату жеңілдеу, себебі тарату және орналастыру үшін ешқандай физикалық өнім жоқ. Туризм, қонақ үй және іс –шара ұйымдастыру өнімдері қарапайым физикалық заттар болмағандықтан, ал «көзге көрінбейтін» қызметтер осы салада жұмыс істейтіндер үшін белгілі бір қиындықтар туғызады. Осы материялылық еместі түсіндіру үшін осы салада жұмыс істейтін ұйымдар материалды ұсыныстардың кейбір формаларын құруға талпынады, мысалы, фирмадан тұтынушыға сыйлық, концерттерде сатылатын футболкалар немесе қнімнің ерекше суреті бейнеленген DVD. Бұл сонымен қатар,менеджерлер жарнама қызметі тиімді және оны орналастыру әлеуетті клиенттер үшін оны сатып алу үшін қолжетімді екендігін көрсету. Кейбір жағдайларда өнімді сатып алмас бұрын тексеруге мүмкіндік береді.

Мысалы – туроператорға, менеджерге, ііс-шара ұйымдастыру бойынша менеджерге немесе агентке келген сатып алушы, тапсырыс берушімен келісімшарт жасамас бұрын тамақтану мен тұратын жерінің үлгілерін таңдап ала алады. Бірақ клиент алатын үйі мен тамақтың нақты сапасы тағы да сезінбейді. Бұл клиенттің тамағы мен тұратын үйінің сапасы контракт жасалмас бұрынғы үлгілерден басқа болуымен түсіндіріледі. DVD-плеер, жеке және планшетті компьютер, сматрфон тұтынушыларының саны өсуімен туроператорлар барған жерлері, қонақ үйлер мен іс-шараларды жазып ала алады немесе өз өнімдерінің ерекшеліктерін тарата алады. Бұл осы қызметтерді сатып алушы клиенттердің белгісіздік сезімін жояды. Соынмен қатар, брошюралар, «флайерлер» және каталогтар материялылық емес мәселесін жеңуге көмектеседі, сондықтан оларды ресімдеу үшін көп шығын және шығармашылық қызмет арналады.

Бөлінбейтіндігі

Қызметті өндіру мен тұтыну бір-бірінен бөлінбейді.

Мысалы – музыка фестивалінің іс –шарасын қолдану үшін, сіз сол іс-шарада болуыңыз керек. Басқаша айтқанда, бұл жағдай сіз оны тыңдағанда (тұтынғанда) Сізге жеткізіледі (өндіріледі). Дәл осындай, ұшақпен ұшу немесе автобуспен қатынау үшін сіз де, көлік те бір уақытта ауысыуыңыз керек, яғни қызмет бірмезгілде ұсынылады және тұтынылады.

Мұндай үзіксіздіктің бүркемелі мағынасы қызмет көрсету саласындағы менеджерлер үшін үлкен маңызы бар, себебі қызмет көрсету тұтынушылары осы қызметтің өнімін тікелей сезінеді. Олар өндіру сәтінде «қызмет фабрикасында» болады. Бұл қызмет көрсету саласындағы менеджерлер мен қызметкерлер үшін терең салдары бар. Физикалық өнімді сатып алғанда ол әрине, буып –түйілген, және оны клиент оның ерекше қасиеттерімен (дәмі, өлшемі, сенміділігі, ұзақ мерзімділігі, сапасы т.б.) бағалайды. Менеджлерде өнімді басқарудың осы аспеектілерін әзірлеу үшін уақыт бар. Қнімнің қалай өндірілгені және оның қалай жеткізілгені клиент үшін маңызды емес. Бірақ сервисті өнім үшін басқаша жағдай. Клиент сервисті өнім қалай жеткізілгені, яғни клиенттерге қызмет көрсету деңгейі мазалауы мүмкін.

Мысалы – отельдегі тіркеу немесе көрмедегі немесе конвенциядағы ақпарат үстелінде клиент қарсы алушы қызметкердің дөрекелігі мен жаман ойын байқап қалуы мүмкін. Немесе керісінше, егер қарсы алушы қызметкердің біліктілін, әдептілігі мен кішіпейіл болса, өнім тауарын бағалайды.

Қызмет көрсетуді жеткізушілері үшін клиентті қанағаттандыру көп жағдайда өнім өндірушілерге қарағанда өте қиын. Дайын өнімді қамтамасыз ету үшін өнімді өдіру, оны тарату және тұтыну арасында уақыт ұстау бар. Бұл уақыт өткізу қателерді жоюға мүмкіндік береді. Қызмет көрсету индустриясында жағдай басқаша. Себебі өндіру мен тұтыну бір-бірінен бөлінбейді, қателерді түзетуге ешқандай мүмкіндік жоқ. Барлығы «алғашқыдан және соңына дейін дұрыс» болуы керек, кез келген қателік болашақ клиентураны жоғалтқанда үлкен шығындарға әкеледі. Қызмет көрсетуші қызметкерлер өздерін клиенттің көзінше қалай өздерін ұстайды –қалай сөйлейді; не айтпайды; қандай сымбатты және сыпайы – осының бәрі осы ұйымның қызметін пайдалана ма пайдаланбай

ма деген шарттас. Егер қателіктер бұлтартпас, осы қателер қлай жойылады, қандай әрекеттерді одан ары қабылдау керек – осының бәрі клиенттің адалдығын анықтау үшін маңызды. Туризм, қонақ үй және іс-шараны ұйымдастыру саласындағы жетекшілер үшін бөлінбестіліктің салдары контакты қызметкерлердің маңыздылығына назар аударуда жатыр, себебі ол мұқият таңдалуы керек, жақсы үйретілген және клиентке қызмет көрстеудің тиісті дағдысы мен қабілетін игеру керек.

Пакеттер туроператорлар

«Пакет», сатылған немесе сатуға келесі кем дегенде үш элемент енетін:

-көлік;

- тұрғын үй;

-басқа туристік қызмет, көлік немесе орналастыруға қосымша болып табылмайтын, бірақ пакеттің маңызды бөлігі болып есептелетін алдын ала құрастырылған комбинациялар болып анықталуы мүмкін.

Пакеттің таратылуы 1950 жылы Еуропа мен басқа елдерде демалыс кезінде билет сатылуының өсуінің басты себептерінің бірі болған. Пакеттің мәні компания, кейбір компоненттерді ірі партиямен сатып алады немесе тапсырыс беруімен көтерме сауда аясынан шығады, сонымен қатар осы компоненттерді «инклюзив –тур» (барлық қызметіі төленген туристік сапары), сонымен қатар ол демалыс кезеңінде билет өндіруші болып табылады. Туроператорлардың дәстүрлі тартымды өнімі өте төмен бағамен толық пакет ұсыну болып табылатын, оған көп жағдайда лингвистикалық немесе жалпы білімнің және сенімділіктің жетіспейтін адамдарға өз бетінше саяхат ұйымдастыра алатын.

Соңғы жылдары, туроператорлаға өз қызметін жүргізу қиындықтар туғызды, себебі интернет және бюджетті авиокомпаниялардың дамуы тұтынушыларға өзіндік жеке пакеттер құрастыруға мүмкіндік берді, ірі туроператорлар басқаратын чартерлік авиокомпаниялар ұсынатын басымдылықтардан айырылып қалды. Осындай өзгерістерге қарамастан, туроператорлар ұсынатын билеттер көптеген туристік салада дамушы елдерде негізгі сипатта болып қалады. .

Ең маңызды көрсеткіші кез келген уақытта сыйымдылық дұрыс қолданылатыны болып табылады, және оны әркез басқаша айтады. Бұл:

-тұруы үшін қамтылуы деңгейі;

-тасымалдау үшін жүктемелік коэффициенті;

-кіріп шығу саны (немесе қатынасу көрсеткіші) іс шаралар мен олардың өткізілу орны үшін;

-маршрут пен курорттар үшін өткізу қабілеті .

Мысалы – егер отель жыл бойы түнгі уақыт қана толық болса, онда ол бос тұрған бөлмелерді ешқандай пайдасыз «тұрақты шығындарды» төлейді (құрылысқа кеткен шығындар, ипотекалық төлемдер, салық т.б.). Сыйымдылықты басқару мезгілдік мәселесін бсқаруда маңызды, отельдің жалпы шығындарын жабуғы ықпал етеді.

Сақталмайтындығы

Өндіру мен тұтыну бірмезгілде болғандықтан, туризм, қонақ үй және іс-шара ұйымдастыру салаларының қызметтері тез жарамсыз болады; егер қызметтер ұсынылған уақытта сатылмаса олар өледі, ешқандай табыс әкелмейді.

Мысалы – іс –шарада бос орынның болуы; поездағы бос орын; отель номеріндегі бос орын; немесе жүзеге асырылмаған мереке – осының бәрі ұтлған пайда болып табылады. Осы жүзеге асырылмаған сауда және олар қайта орны толтырылмайды, себебі олар белгеленген меерзімге ұсынылған қызмет көрсету және олар «сұраныстың өсуін тосып тұру үшін «сақталмауы» мүмкін. Ұтылған пайданың қайта орны толтырылмайды.

Тауар өндірушілерге қарағанда, қызмет көрсетуді жеткізушілер қызметті өндіруді жалғастыра алмайды және болашақта оны сату үшін сақтай алмайды. Өнімділік пенсату (ұсыныс пен сұраныс) арасындаңы дұрыс баланс жасау өте қиын және осы салада жұмыс істейтіндер үшін маңызды басқарушылық міндет болып табылады.

Сақталмайтындылық мәселесі қызмет көрсетуге деген сұраныстың ауытқыуымен қршеленуі мүмкін, бірақ тіркелген ұсыныстарымен қатысты. Сұраныс күні бойы, апта немесе жыл мезгіліне қарай өзгеруі мүмкін.

Мысалы – көптеген курорт отельдері жылдыңбірнеше айы ғана толық болуы мүмкін. Сондықтан қабылдау қабілеті жеткіліксіз болуы мүмкін, қарбалас сәтте сұранысты қанағаттандыру үшін, бірақ тоқтап қалған кезде қажетті деңгейді шамадан асыру. Көркемсурет көрмесіне бару демалыс уақытында және адамдар жұмыс істемейтін уақытта яғни демалыс күндері және кешкі мезгілде болуы мүмкін. Осы кезеңде бару санын

шектеу керек, басқа жағдайларда өндірістік қуаттылықтың арттылуы бар. Сұраныс әртүрлі жағдайларда ауытқуы мүмкін: мысалы; мезгілдік өзгерістер; экономикалық белсенділік деңгейімен байланысты өзгерістер; жарнама немесе насихаттауға байланысты өзгерістер; сән мен үрдістегі өзгерістер. Сұраныстың өзгеруі кенеттен болуы мүкін және қызмет көрсетуді жеткізушілерге елеулі әсер етуі мүмкін. Мысалы –тағайындалған жердегі теракт немесе кеңінен таралған тұрақсыздық, мысалы, 2012 жылы Египетте болған саяси өзгерістер, сапар шегу мен сол жақта тұруға деген сұранысты тез қысқартуы мүмкін. 2011 жылы қыркүйек айындағыНью –Йорк қаласындағы егіз –мұнараға жасалған теракті́ден әлемдегі барлық ірі әуе компаниялары сұранысы күрт төмендеді, ол алдын ала қарастырылуы мүмкін емес және бірқатар жыл бойы сезілді.

Ұсынысты өзгерту қиын, ең дегенде қысқамерзімді преспективада.

Мысалы -қонақ үйде толтыруға тиіс тіркелген орын саны бар, кесте бойынша қызмет ететін авиолиниялар әуе кемесіндегі бос орынға қарамастан, көрсетілген пунктер арасында ұшуға міндетті, ал әуе кемесінің сыйымдылығын өзгерте алмаймыз. Туроператор немесе ұйымдастырушы бірнеше ай бұрын келісімшарт міндеттеріне кіреді. Туроператор белгілі бір орын санын толтыру туралы келісім болуы мүмкін, немесе іс-шараны ұйымдастыруда іс-шараны өткізу орны мен қатысушылармен келісімі болуы мүмкін. Осы жерде тізбектелген, жеткізілу туралы келісімдер өзгерту қиын болуы мүмкін. Басқарудың міндеті ұйымның жұмысын мүмкіндігінше толық қуаттылықпен, ұзақ мерзімге қамтамасыз ету болып табылады. Жетістікке жету үшін ұйымның мұқият әзірленген жоспары болуы керек, мысалы: жұмыспен қамтылу деңгейін,жүктемелік коэффиценті мен қатысушылық көрсеткішін «теңестіре» алуы үшін сұранысты ынталандыру үшін маусымды ұзатру немесе тиісті баға деңгейін ұсынады.

Әртектілік

Қызмет көрсету, жаппай өндірістік тауарды өндіруге қарағанда, ешқашанда бірдей емес. Қонақ жүйесіндегі бір қонақ үй, біреудің мейрамы немесе біреудің іс-шарадан алған әсерлері ешқашанда бірдей болмайды. Адам және басқа факторлар қызмет көрсетуде олардың әртектілігі, әртүрлілігімен қамтамасыз етіледі. Туризм, қонақ үй және іс –шара ұйымдастыру саласындағы өнімдер адам ресрустарымен қаныққан, яғни

«адамдарға бағытталған» және адам факторы бұл жерде негізгі роль атқарады.

Мысалы – шет елде дем алудан алған рақат, осы демалысты ұйымдастыруға қатысқан адамнан: турфирмада жұмыс істейтін қызметкерлер, ұшақ экипажы, отель қызметкерлері, туропертаор өкілдері, экскурсовод, және басқа да демалушылардан бөлек болмайды. Осының бәрі тапсырыс берушінің күткен демалысын ақтауда қандай да бір белгілі роль атқарады. Қонақ үйден, қонақжайлылықтан алған әсерлері және іс-шаралар нақты қызметті орындау жүктелген қызметкерлердің құзыреттілігі мен жеке қабілеттерімен тығыз байланысты. Адам факторының маңыздылығы Лондон Олимпиада ойындары мысалында көрсетілген.

ӨЗЕКТІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Зиянсыздық нүктесі

ТГМ саласындағы зиянсыздық шегін қсыну барысында ұйым қатысатын, белгілі қызметті эксплуатациялауда жетістікке жетудегі ең маңызды кезеңге жатқызуға болады. Зиянсыздық нүктесі – шығын мен түсім тең болатын нүкте, яғни таза шығыс немесе табыс жоқ, ал қызмет «өзін өзі өтеушілік» деңгейінде атқарылады. Барлық шығынды табыс жабады, сондықтан түсім табыс немесе табыстың артуы болып табылады. Мұны не түсетіндігіне қарап түсінуге болады. Сонымен, оператор жолаушы тасымалдайтын 54 орынды автобус 30 орынды зиянсыздық нүктесі болады; концерттік алаңның сыйымдылығы 1200 орын, осындайда зиянсыздық нүктесі 1000 билет сатқанда болады. Шын мәнінде, жағдай барлық уақытта анық болмайды, автобустағы орын немесе концерттегі билет әртүрі баға деңгейінде сатылуы мүмкін, бірақ егер менеджерлер зиянсыздық нүктесін қашан қол жетуі мүмкіндігі туралы білімі болса, бұл мақсатты болар еді.

Нарыққа қолжетімділік және одан шығудың оңайлығы

Нарыққа шығудың кірудің тосқауылдары зерттеу саласына танымал болып табылады, себебі Бэйннің (1956) іргелі еңбегі және көптеген әдебиет экономиканың осы нақты аспектісі бойынша әзірлеген (мысалы, Перссон, 2009). Жаңа фирмаларға белгеле нарықта тұрақтануына мүмкіндік бермейтін тосқауыл болып табылатын кедергілер, бір саладан бір салаға, бір елден немесе бірс ауда блогынан (мысалы Еуропалық Одақ) басқаға түрленеді, өзгереді. Перссон (2009) осындай нарыққа кірудің

тосқауылдарын жіктейді және олардың санын жалпылайды:



Cost – бағасы
Economy - эконом
Business - бизнес
2.1 сурет British Airways кезінде тарифтерді маусымдылығы

• бизнесті құруүшін қажетті капитал;

• жеткізушілер арасында қайта келісім жасауға кеткен клиенттің шығындары; сонымен қатар тарату каналына деген қолжетімділік а также доступ к каналам распределения.

Туризм, қонақ үй және іс-шара ұйымдастыру саласында кәсіпкерлік қызметті бастау жеңіл, ал шын мәнінінде, саладан шығу, яғни кіру мен шығудың шығындары салыстырмалы түрде тқмен болып табылады . Мұнай өндеу зауытын немесе көлік құралдарын шығару зауыты үшін бастапқы күрделі қаржы жұмсалуын талап етеді(яғни олар өндірістің капиталсыйымды саласы болып табылады), бірақ туризм, қонақ үй және іс-шара ұйымдастыру саласында жағдай басқаша.

Маусымды сұраныс өзгерістені басқару: Куони.

Куони - туристік бағыттар мен осы бағыттағы іс сапарды басқаруды қызмет көрсетумен айналысатын жетекші әлемдік компания. Куони,

80 –нене астам мемелкеттерде 12000 қызметкері бар, щвейцар нарық қорында бағаланатын, Цюрихте, Щвецарияда орналасқан. Kuoni Group компаниясының кәсіпкерлік қызметі бір –біріне ұқсамайтын бес негізгі бағытқа бөлінген: дәстүрлі саяхат қызметі, туристік бағыттар мен саяхат ұйымдастыру бағыттарындағы қызмет, мамандандырылған туристік бизнес, дамушы нарықтағы қызмет және визалық қызмет. Бұл салалар топтың ұйымдастырушылық құрылымында үш құрылымға топтастырылған: Экспорттық Еуропа (Скандинавия, Великобретания, Бельгия, Нидерланд және олардың ішкі щвейцар нарығында тұрақты саудасы байқалады); Барлық әлем бойынша саяхат ұйымдастыру бойынша қызмет және дамушы нарықта инвестициялау стратегиясы; және Мамандандырылған ұйымдар. Куони, басқа еуропалық туроператорларға қарағанда, иелігінде ұшақтар мен отельдер саны аз, компания «жеңіл» активтер стретегиясын сипаттай келіп, соған ұмтылады.

Куони, Еуропаның көптеген туристік компаниялары сияқты, маусымдық сұраныстың жоғары деңгейін бастан кешіруде. Осындай маусымдық сұраныс еуропалық туроператорлар үшін кейбір басқарушылық мәселелер тудырады:

Кіріс жылдың есептік кезеңінің екінші жартысына топталған, ал шығындар немесе шамалы кіріс алғашқы алты ай ішінде болады. 2011 жыл бойы, Куони мысалы, 32,5 млн щвейцар франк тауар айналымында алғашқы алты ай ішінде маусым айына дейін 2,084 млн. швейцар франкісіне шығынға кірді. Сонымен қатар, жыл бойы,111 млн. швейцар франк табыс жылдық сауда көлемінде табыс 398 млн щвейцар франкісін құрды. Көптеген туристік фирмаларда кездесетін, осындай әркелкі көрсеткіштер қаржы нарығын орнықсыз етеді, ол өз кезегінде акция курсының тұрақсыздығына әкелуі мүмкін және жаңа қаржы құралдарының өсуін қиындатады. Ақша құралдары қозғалысының ауытқушылықтары жиі болып тұрады. Ақша қаражатының түсімі жылдың күнтізбесінде алғашқы алты ай ішінде байқалады, себебі тапсырыс жасалған және төленген, бірақ қаражат жазғы айлары таусылады, себеб компания тұрғын үйді, авиокомпания және басқа да қызметтерді төлейді. Таза қолма қол ақша деңгейі күз бойы және қыстың басында төмен болады. Көптеген компаниялар осы уақытта тұрақтап қалуы үшін банктік займ қаражатын іске қосады, кейбір компаниялар банк қолдау көрсетуден бас тартқанда сәтсіздікке ұшырайды.

TUI и Thomas Cook сияқты «біріктірілген» туристік компаниялар-

дың чартерлік авиокомпаниялары бар. Жаз мезгілі бойы авиокомпания қызметі жоғары жүктеме коэффицентімен қолданатындықтан, қысқы мезгілде әуе кемесінің өткізу қабілеті пайдалану коэффиценті төмен болмасы үшін өткізу қабілеті аса қатаң бақылауда. Еуропа компаниялары аса жеңіл жағдайларда әуе кемелерін жалға алу, кәсіпкерлікті дамыту үшін контр циклдік әзірлеудің арқасында, мысалы курортта шаңғы тебу немесе басқа нарыққа әуе кемесімен бару, Канада сияқты, қыста үлкен сұраныс бар.

www.kuoni.com

Сұрақтар:

1.Объясните характер проблем сезонности, с которыми сталкивается Куони кездескен маусымдық мәселесінің сипатын түсіндіріңіз.

2.Объясните действия, которые могут предпринять менеджеры таких компаний как Куони сияқты компания менеджерлері қолдануы мүмкін әрекеттерді түсіндіріңіз.

Нарыққа қол жеткізу және одан шығу жеңілдігі.

Нарыққа кіру кедергілері көпшілікке мәлім зерттеу саласы болып табылады, себебі Бэйннің іргелі жұмысы (1956) және өзге де саны көп әдебиет экономиканың осы нақты аспектісі бойынша әзірленген (мысалы, Перссонды, 2009 қараңыз). Жаңа фирмаларға белгілі бір нарықтан орын тебуге мүмкіндік бермейтін, кедергі болып табылатын мәселелер саладан салаға және бір ел немесе сауда блогынан (Еуропалық Одақ секілді) екіншісіне қарай сараланады. Перссон (2009) мұндай кіріс кедергілерін төмендегіше жіктейді және ортақ қасиеттері бойынша топтастырады, атап айтқанда:

- бизнес құру үшін қажетті капитал;
- жеткізушілер арасында өзара ауысу кезінде тұтынушыларға келтірілген шығындар; сондай-ақ

өткізу арналарына қолжетімділік.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Нарыққа кіру кедергілері және шешімге келу.

Кіріс кедергілері сатылым барысында бәсекеге түсу мақсатында әлеуетті жеткізушілердің нарыққа енуіне кедергі келтіретін қиындықтарды сипаттайды. Экономистер кедергілердің салыстырмалы мөлшерлері туралы және нарық жағдайындағы шешімділік мәселелеріне тоқталады. Соңғы жылдары *жарыспалы нарықтар* теориясы аса байқала түсті, және ол ең алдымен, бастамашы Уильям Дж. Баумоль (1982) есімімен байланыстырыла түсіндіріледі.

Бұл теория бағаны белгілеу және жеткізілім деңгейлерін орнықтыру кезінде ең маңыздысы оның монополия болып табылатындығына немесе, керісінші, жоғары бәсекелестік деңгейде болғандығына емес, бәсекелестік қаупінің шын мәнінде туындағандығына байланысты түсіндіріледі. Бәсекелестік нарығы шамалы мөлшердегі кіріс және шығыс кедергілерімен сипатталады, осыған байланысты кіріс және шығыс шығындары оншалықты қомақты емес (Синклер және Стейблер, 1997:61). Мәселен, 1970 жылдардың соңынан бастап АҚШ әуе компаниялары нарығын бақылаудың алынып тасталуы бұл теорияның кіріс кедергілерін жою жағдайына жеткілікті мөлшерде қатты әсер етті, сөйтіп ол авиацияны шешімді мәселеге айналдырды.

Бірқатар жағдайларда кедергілерді жою мүмкін емес, мысалы, үкімет компанияға ұшу жағдайларын немесе темір жол торабының жұмысын қамтамасыз ету құқығын ұсынған жағдайда, алайда көбінесе кіріс кедергілері алынбас қамалға айналмауы да мүмкін, бұл тіпті ТҚІ әр түрлі салаларында бірқатар айырмашылықтарға ие және әр түрлі ұлттық нарықтар арасында жүзеге асырылады.

Маңызды деген кіріс кедергілері мыналардан тұрады:

- компанияларға қойылатын мемлекеттік талаптар қаржы облигацияларынан немесе қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялардан тұруы тиіс;
- бастапқы старттық капиталға қойылатын маңызды талаптар;
- жоспарлауды шектеу;
- ертеректе құрылған және табысты жұмыс істеп жатқан компаниялардың баға түзілімі

Көптеген ТҚІ салаларында кәсіпкерлік қызметті бастау салыстырмалы түрде жеңіл, немесе шын мәнінде, саладан шығу мүмкіндігі жеңілірек болып есептеледі, себебі кіріс және шығыс шығындары салыстырмалы түрде төмен болып есептеледі (бірқатар өзге салалармен салыстырғанда). Мұнай өңдейтін зауыт немесе көлік құралдарын шығаратын зауытты құру үшін қомақты капитал салымы қажет (себебі, олар өнеркәсіптің *капитал сыйымдылығы жоғары* салалары болып есептеледі), дегенмен ТҚІ көптеген салаларында жағдай бұлай емес.

Мысалы – туристік агенттік немесе іс-шаралар ұйымдастыру қызметін құруға арналған бастапқы салымдар мөлшері, әдетте, жеткілікті мөлшерде төмен (өнеркәсіптік басқа салаларымен салыстырғанда). Өнімге қосылған көптеген қызмет түрлері жалға беріледі немесе талап ету бойынша алынады және қажет болған жағдайларда қол жеткізіледі. Аздаған

шығындар (бірден төленген толық құны) көбінесе кітапшалар, буклеттер және өзге де жарнамалық материалдар шығарумен және өнімді агенттер мен халық арасында таратумен байланысты. Дәл осы секілді, туристік агенттер, әдетте, тұтынушы оның бағасын төлегенше, өнімді туроператорлардан сатып алады, осылайша сатылмай қалған тауарларды сақтау шығынын өзіне қабылдамайды.

Негізінде, салыстырмалы түрде төмен деңгейдегі кедергілер нәтижесінде дүние жүзінің ТҚІ саласындағы көптеген бөліктерінің нарығына ену жағдайында шағын және орта кәсіпорындар (ШОК) басымдыққа ие. ТҚІ салалары, әдетте, шамадан тыс бөлшектенген, және ол бірқатар авторлардың еңбегімен расталып та отыр. (Мысалы: Пехланер және т.б., 2004; және Томас және т.б., 1999 қараңыз). Кіріс кедергілері салыстырмалы түрде төмен ТҚІ салалары шағын және орта кәсіпорындар (ШОК) үшін тартымды болып табылады, себебі фирмалардың әр түрлі типтері шамалы капитал салымын, саны аз қызметкерлер штатын және төмен эксплуатациялық шығындарды талап етеді (Стикдорн және Церер, 2009).

Осылайша, көптеген ТҚІ салаларында сала қатарына ену салыстырмалы түрде қарапайым болып табылады, және бұл бір компанияның белгілі бір нарық сегментінде табысқа жеткендер қатарында есептеледі, ал бәсекелес үшін осы секілді өнімді ұсыну қиындық тудыра қоймауы да мүмкін. Алайда, басқа ТҚІ салаларында кіріс кедергілерінің оның мөлшері көп болуы да мүмкін.

Мысалы – әуе компаниясы, саяхат желісі мекемесі немесе қонақ үй құрылысы әдетте ірі капитал салымын қажет етеді, ал әуе компаниялары жағдайында осы уақытқа дейін жеткілікті мөлшерде қатаң болып есептелетін нормативтік қысым болып табылады деп есептеледі. Тіпті осындай ТҚІ салаларының өзінде, кіріс кедергілерінің деңгейі төмен, себебі бастапқы капиталдық шығындар крейсерлік және авиациялық кәсіпорындарды жалға беру секілді қаражаттарға байланысты түсіндіріледі, және басқару жөніндегі келісімдер мен отельдер құрылысы кезіндегі франшизалар арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Бұған қоса, халықаралық реттеуші кедергілердің алынып тасталуы аталған саладағы кедергілердің деңгейін бұрынғысынан да төмендетіп жіберуі мүмкін.

Нарыққа енуге арналған салыстырмалы деңгейдегі төмен кедергілердің салдары менеджерлер үшін (немесе бұдан ертеректе төмен деңгейде болған кедергілер) төмендегі қажеттіліктерге негізделеді:

- өнімді дифференциацияландыру тәсілдерін табу, баға не болмаса өнімнің тұтынушылар тарапынан жоғары бағаға ие қосымша қасиеттерін қосу арқылы;
- жалпы мойындалған және тұтынушылардың бойында сенім ұялататын бренд әзірлеу және құру арқылы;
- бірігу және өзге де келісімдер арқылы басқа ұйымдармен бірге жұмыс істеу мүмкіндіктерін қарастыру арқылы.

Өзара тәуелділік.

Бірінші бөлімнің алдындағы кіріспеде туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралардың құрамдас бөліктерін анықтау және шектеумен байланысты қиындықтар қарастырылған болатын. Құрамдас бөліктердің арасында қомақты мөлшердегі салымның бар екендігі туралы қорытынды шығарылған және стратегиялық деңгейде оларды тиімді түрде бірге қарастыру мүмкін екендігі де айтылған болатын. Нақтырақ айтар болсақ, бұл компоненттер материалдық шек мөлшеріне бағынбайды, алайда олардың құрамдас бөліктерінің арасындағы байланыстың бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Осыған орай, біз қарастырып отырған ТҚІ байланысты қызмет саласын алты құрамдас бөліктен тұратын сала ретінде қарастыруға болады:

- қонақ үй бизнесі
- іс-шараларды басқару
- көрнекі жерлер
- көлік
- саяхаттарды ұйымдастырушылар
- туристік бағыттарды ұйымдастырушылар.

Аталған секторлардың әрқайсысы бірнеше кіші секторларға бөлінеді (2.2-суретте көрсетілгендей). Туристік агенттіктер секілді бірқатар кіші салалар пайда табу мақсатында жұмыс істейді (коммерциялық негізде), ал мұражайлар мен ұлттық парктер бастаған өзгелері көп жағдайда коммерциялық емес негізде жұмыс істейді.

Алайда, бұл мән мәтінде барлық секторлардың өзара байланысты және бір-біріне тәуелді екендігін; олардың арасында өзара тәуелділік бар екендігін айта кеткен жөн.

Мысалы – қонақ үй секторы қонақтарды тұратын жеріне дейін және кері тасымалдаумен айналысатын көлік секторына арқа сүйейді. Осы-

лайша, көліктік және қонақ үй секторы саяхаттарды ұйымдастырушылар мен олардың тұтынушыларына байланысты өткізілетін іс-шаралар менеджерлеріне тікелей байланысты болып табылады.

Егер кіші салалардың бірі қызмет көрсетуді іске асыра алмай қалған болса, бұл басқа да кіші салаларға әсер ететін болады.

Мысалы – іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды басқару жөніндегі компания тарапынан ұйымдастырылған музыкалық фестивальдің табысы жайында қоғамдық қызмет көрсету және қабылдауды ұйымдастырушылар тарапынан ұсынылған қоғамдық қызмет көрсету және орналастыру тәртібіне байланысты қарастыруға болады. осылайша, егер туристік агенттік әуе кемесіндегі орындарды қоса отырып, демалыс ұйымдастыратын болса, көп жағдайда әуе компаниясының сапасы бойынша, ондағы туроператордың осы әуе компаниясындағы тура қызметіне бақылау жүргізу мәселесіне тәуелсіз жүзеге асырылуы мүмкін.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Маусымдылық жағдайының ТҚІ ұйымдарында басқаруды жүзеге асыратын әдіске қалай әсере ететіндігін түсіндіріңіз.
- ТҚІ салалары ұйымдарының өзара тәуелділігін түсіндіріңіз.
- Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар салалары құрылымына қысқаша түсініктеме беріңіз, және олардың арасындағы өзара байланысты түсіндіріңіз.

2.2-сурет. Секторы Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шараларға арналған секторлар.

HOSPITALITY	ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІ
Hotels & guesthouses	Отельдер мен шағын қонақ үйлер
Villas & apartments	Жеке үйлер мен апартаменттер
Timeshares	Таймшер
Camping	Кемпинг
Marinas	Гавани
Full service restaurants	Толық қызмет көрсететін мейрамханалар.
Fast food restaurants	Экспресс-дәмхана
Cafès & bars	Дәмхана және барлар.

EVENTS	ІС-ШАРАЛАР
Event management companies	Іс-шараларды басқару компаниялары
Sports events	Спорттық іс-шаралар
Concerts & performances	Концерттер мен қойылымдар
Festivals	Фестивальдер
Exhibitions	Көрмелер
Conferences	Конференциялар
ATTRACTIONS	КӨРНЕКІ ОРЫНДАР
Theme parks	Ойын-сауық саябақтары
Museums	Мұражайлар
Wildlife parks	Жабайы флора мен фауна саябақтары Зообақтар
Zoos	Бақтар
Gardens	Мәдени мұра нысандары
Heritage sites	Көркем галереялар және т.б.
Art galleries etc.	
TRANSPORT	КӨЛІК
Airlines	Әуе желілері
Shipping lines	Кеме жолы тораптары
Railways	Темір жол тораптары
Bus/coach operators	Автомобиль/автобус тасымалдары
Airports	Әуежайлар
Ground handlers etc.	Жер үсті операторлары және басқалары
TRAVEL ORGANISERS	САЯХАТТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
Tour operators	Туристік агенттіктер
Tour wholesalers/brokers	Бөлшек сауда жеткізушілері/делдалдар Көтерме сауда агенттері
Retail & business travel agents	Көтерме сауда жеткізушілері/делдалдар Бөлшек сауда және оқу іссапарлары Бастамашы
Incentive travel organisers	Саяхаттау іс-шаралары
Internet comparison Sites	Интернет-салыстырулар Сайттар.

DESTINATION ORGANISATIONS	ТУРИСТІК БАҒЫТТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
National, regional and local tourist offices	Ұлттық өңірлік және жергілікті туристік бюро
Tourism associations	Туристік ассоциациялар.

Осылайша, өнімнің табыстылығы, көп жағдайда, өзара байланысты звенолардан құралатын *жеткізілімдер тізбегіне* байланысты болып келеді. Менеджерлер туындауы мүмкін байланыстар туралы білулері тиіс, және белгілі бір қиындықтар туындай қалған жағдайда, егер, мысалы, сұраныстың артып кеткен кезіндегі жағдайларды толық меңгеріп алғандары дұрыс. Орын алған өзара тәуелділік жағдайында менеджерлер төмендегілердің көмегімен ауқымды бақылау тізбегіне қол жеткізуге тырысып көрулері мүмкін:

- жеткізушілер, дистрибьютерлер немесе бәсекелестерінің болуы;
- жеткізушілер, дистрибьютерлер немесе бәсекелестер арасында анағұрылым кең ауқымды серіктестің болуы;
- жеткізушілер мен дистрибьютерлерге арналған қатаң сапа стандарттарын белгілеу.

2.2-суретте саланың әр түрлі секторларының өзара қалай орналасқандығы және олардың барлық ТҚІ секторлары белгілі бір деңгейде тұтынушылардың қызмет көрсетілетін орында жылжу бағытына байланысты болып табылатындығын есепке ала отырып, орталықтағы көлік секторымен өзара әрекеттесетіндігі көрсетілген. Шын мәнінде, бәрі біз ойлағандай оңай бола салмауы да мүмкін, яғни диаграммаға да толық сене беруге болмайды. Жекелеген компаниялар көбінесе екі немесе одан да көп секторларды қамтиды.

КӨСЕМСӨЗ/ЦИТАТА

Туризм секторындағы жеткізілімдер тізбегі.
Туризм секторындағы жеткізілімдер тізбегі төмендегінше анықталады:
Әр түрлі қызметтермен, атап айтқанда, туристік өнім/қызметтердің ұшу және орналасу секілді әр түрлі компоненттерін жеткізуден бастап, белгілі бір туристік бағыт бойынша соңғы туристік өнімді өткізу және тұтынуға дейінгі қызмет түрлерін жүзеге асырады, және жекеменшік болсын, мемлекеттік болсын сектордың осы бағытта жұмыс жүргізетін тұлғаларының ауқымды мөлшерінен құралады.

(Чжан және т.б., 2009)

Туризмдегі жеткізілімдер тізбегі көрнекі түрде ТҚІ салаларының құрамдас бөліктеріне тәуелділікті көрсетіп отыр (өзге де жеткізушілер болуы мүмкін), себебі, Тэппер мен Фонт (2004) көрсеткендей, туризмді жеткізу тізбектері бірқатар компоненттерден құралған – ол тұрғын үй, көлік және экскурсиялармен ғана шектелмей, барлар мен мейрамханалар, ұсақ өнеркәсіп, тамақ өнімдері өндірісі, қалдықтарды жою, сонымен қатар демалушылар келіп жеткен кездегі туризмге қолдау көрсететін инфрақұрылымды да қамтиды. Бұл инфрақұрылым әр түрлі іс-шаралардан, фестивальдерден, көрмелерден және конференциялардан тұруы мүмкін, олар өз кезегінде бір мезгілде ең алдымен туризмге деген сұранысты тудырады және туристер келіп жеткен кезде

Мысалы – бірқатар қонақ үй компаниялары барлық қызмет түрлерін төлейтіндей етіп туристік сапарлар ұйымдастырады, және іс-шараларды саяхаттарды ұйымдастыру және іс-шараларды басқару секторларында да өз қызметтерін қатар жүзеге асыра отырып өткізеді және басқарады. Дәл осындай жолмен, 1990 жылдары еуропалық туристік компаниялар жұмысының нығая түсуі әр түрлі сауда маркалары бойынша жұмыс істейтін еуропалық бас кеңселерден бастап дүние жүзі бойынша жұмыс істейтін ірі жалпыеуропалық туристік топтардың шағын санының құрылуына әкеліп соқты (мысалы, (Эванс, 2001 және Холоуэй және Хэмфри, 2012 еңбектерін қараңыз). Сонымен, Ұлыбританияда орналасқан, бірақ құрылтайшы компаниясы Германияда тіркелген TUI ААҚ, (TUI АҚ, Ганноверде орналасқан); Ұлыбританиядағы Thomas Cook ААҚ компаниялар тобы; және швейцарлық Kuoni және Cosmos компаниялар тобы, осы аталғандардың барлығы 1990 жылдардың көлемінде дүние жүзі бойынша диверсификацияланған туристік компаниялар ретінде қызмет ете бастады.

Бұл компаниялар (әр түрлі деңгейдегі) «вертикалды ықпалдасулар» стратегиясын қабылдаған болатын, соның негізінде әрбір жеке топ келесі мақсаттарға орай құрылған:

- дүкендер мен он-лайн сатылымдар арқылы (бөлшек сауда түрінде өт-

кізу) тұтынушыларға турларды сату;

- орналасу мен тұру жағдайларын қамтамасыз ету (экскурсиялық қызмет көрсету);
- тұтынушыларды тасымалдау (әуе компанияларының қызметі); және бірқатар жағдайларда
- баспанаға ие болу немесе оны басқару.

Table 2.1 Vertically and horizontally integrated structure of Thomas Cook plc (adapted from: www.thomascookgroup.com)

Thomas Cook group plc Group Structure						
	UK, Ireland & Middle East	Central Europe	West Europe	Northern Europe	Airlines Germany	North America
	Turnover: £3,109m Operating profit: £13m	Turnover: £2,587m Operating profit: £50m	Turnover: £1,467m Operating profit: £2m	Turnover: £1,167m Operating profit: £101m	Turnover: £1,165m Operating profit: £36m	Turnover: £296m Operating profit: £22m
Retail Distribution	6.6m passengers 1,089 retail outlets 86.3% Controlled distribution 34.7% Internet distribution	4.7m passengers 1,625 retail outlets 23.4% Controlled distribution 6.8% Internet distribution	2.7m passengers 793 retail outlets 60.2% Controlled distribution 27.1% Internet distribution	1.5m passengers 11 retail outlets 87.1% Controlled distribution 69.4% Internet distribution		1.0m passengers 119 retail outlets 14.1% Controlled distribution 35.7% Internet distribution
Tour Operations (Main Brands)	Thomas Cook Club 1830 Direct Holidays Neilson Airtours	Thomas Cook Neckermann Öger Tours	Thomas Cook Aquatour Jet tours	Spies Ving Tjäreborg	Condor	Alba Tours Intair FunSun Vacations
Aircraft	35	0	6	12	38	0
Hotels and resorts		Sentido				

кесте Thomas Cook ЖШС вертикалды және горизонталь ықпалдасу құрылымы (дерек көзі: www.thomascookgroup.com)

Thomas Cook group plc Group Structure	Thoma Cook PLC тобы, Топтың құрылымы
Retail Distribution	Бөлшек өткізу мүмкіндіктері
Tour Operations (Main Brands)	Экскурсиялық қызмет көрсету (негізгі сауда маркалары)
Aircraft	Әуе кемесі
Hotels and resorts	Отельдер мен қонақ үй кешендері
UK, Ireland & Middle East	Ұлыбритания, Ирландия және Таяу Шығыс.
Turnover: £3,109m	Айналым: £3,109млн.
Operating profit: £13m	Ағымдағы табыс: £13млн
6.6m passengers	6млн жолаушы
1,089 retail outlets	1089 сауда нүктесі
86.3% Controlled distribution	86,3% бақыланған өткізу мүмкіндіктері
34.7% Internet distribution	37,4% интернет өткізу мүмкіндіктері
Central Europe	Орталық Еуропа
Turnover: £2,587m	Айналым: £2,587млн.
Operating profit: £50m	Ағымдағы табыс: £50млн
4.7m passengers	4,7млн жолаушы
1,625 retail outlets	1625 сауда нүктесі
23.4% Controlled distribution	23,4% бақыланған өткізу мүмкіндіктері
6.8% Internet distribution	6,8% интернет өткізу мүмкіндіктері
West Europe	Батыс Еуропа.
Turnover: £1,467m	Айналым: £1,467млн.
Operating profit: £2m	Ағымдағы табыс: £2млн
2.7m passengers	7млн жолаушы
793 retail outlets	793 сауда нүктесі
60.2% Controlled distribution	60,2% бақыланған өткізу мүмкіндіктері
27.1% Internet distribution	27,1% интернет өткізу мүмкіндіктері

Northern Europe	Солтүстік Еуропа.
Turnover: £1,167m Operating profit: £101m	Айналым: £1,167млн. Ағымдағы табыс: £101млн
1.5m passengers 11 retail outlets 87.1% Controlled distribution 69.4% Internet distribution	5млн жолаушы 11 сауда нүктесі 87,1% бақыланған өткізу мүмкіндіктері 69,4% интернет өткізу мүмкіндіктері
Airlines Germany	Германия әуе желілері
Turnover: £1,165m Operating profit: £36m	Айналым: £1,165млн. Ағымдағы табыс: £36млн
North America	Солтүстік Америка
Turnover: £296m Operating profit: £22m	Айналым: £296млн. Ағымдағы табыс: £22млн
1.0m passengers 119 retail outlets 14.1% Controlled distribution 35.7% Internet distribution	Айналым: £296млн. Ағымдағы табыс: £22млн 1млн жолаушы 119 сауда нүктесі 14,1% бақыланған өткізу мүмкіндіктері 35,7% интернет өткізу мүмкіндіктері

Көлденең ықпалдасу да байқалды, нәтижесінде ішкі жұтылу, бірігу және даму жағдайлары орын алды, сондықтан компаниялар тобы өзінің өнімдерін дүние жүзі бойынша әр түрлі нарықтарға өткізу мүмкіндігін иеленді.

Ұсынылып отырған тік және көлденең ықпалдастырылған құрылым 2.1-кестеде көрсетілгендей, Thomas Cook компаниясы тобы мысалында сипатталған болуы мүмкін. Thomas Cook ААҚ 2007 жылы Thomas Cook АҚ және MyTravel Group ААҚ бірігуі нәтижесінде құрылған, халықаралық ауқымдағы британдық онлайн/оффлайн туристік компаниясы болып табылады, бұл кезде Ұлыбританияның қаржы нарығындағы бизнес тұрақсыз сипатта болған еді. Thomas Cook ең танымал брендтердің бірі

болып табылады, оның тарихы да тереңде жатыр (Гамильтон 2006 және Уайти, 1998 еңбектерінде расталады). 1841 жылға қайта орала отырып, жиhаз жасаушы-шебер, Томас Кук, Лестер, Ноттингем, Дерби және Бирмингем қалалары арасындағы темір жол бойымен саналылықты жақтаушыларды тасымалдауға арналған компания құрды. Алайда, соңғы жылдары компания тобы үшін 2013 жыл көлемінде қолданысқа енгізілген қаржылық сауықтыру жоспарын орындау қиынға соғып отыр.

Туризмнің әсері

Туризмнің өзіндік бірегейлігін көрсетіп отырған не деген сауалға, мүмкін, былай жауап беруге болатын шығар (және, әрине, оған ілеспе қонақ үй бизнесі мен іс-шараларды басқару салаларын да қарастыруға болады), ол – оның қоғамға әсер ете білуі. Әрине, өнеркәсіптік салалардың ешқайсысының бұл жағдайда өзін туризммен салыстыруға келмейтіндігін дұрыс байқау әділдік болар еді, себебі туризм өзінің мәні бойынша адамдарды үйінен бастап межелі жерге дейін тасымалдау мүмкіндіктерін қарастыруға негізделген. Алайда, туризмге тән әсерлердің өзі әрі кең ауқымды, әрі қайшылыққа толы сипатқа ие болып отыр.

Ережеге сәйкес, негізгі көз тігетін мәселе туризмнің саяхатшылар баратын жердегі түпкілікті тұрғындарға әсері болып табылады. 2.3-суретте осындай әсерлердің бірқатары көрсетілген. Мұндай әсерлер экономикалық, әлеуметтік және экологиялық болып жіктелуі мүмкін, және оң және теріс әсер болып бөлінеді. Соған қарамастан, бұл секілді мәселелер көбінесе күрделі, өзара байланысты болып келеді және туризмді басқа да өнеркәсіптік секторлармен, атап айтқанда, қонақ үй бизнесі және іс-шаралармен байланыста қарастырады.

Адамдар орналасатын жерлердегі көптеген аудандар туристердің ағынына байланысты өзгерген. Испандық Балеар аралдары (Майорка, Ибица, Менорка), Аустралиядағы Голд-Кост; Тайландтық Пхукет аралы; және Дубай туримзнің соңғы жылдары белгілі бір елді мекеннің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыда өзгергендігінің нақты дәлелі болып табылады.

Қарапайым тілмен айтқанда, әсер ету «оң» немесе «теріс» болып белгіленуі мүмкін, алайда, көбінесе салдар сіздің қабылдап отырған көзқарасыңызға, не болмаса әр түрлі әсер етуші типтер арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу бағытындағы жетістіктеріңізге байланысты оң

немесе теріс әсерлерге ие болып табылады.

Мысалы – егер жағажай жанына жаға қонақ үй салу үшін орын босату мақсатында жер телімі тазартылып жатқан болса, ортақ экономикалық әсер ол орын тауып отырған өңір үшін айтарлықтай оң сипатқа ие болуы мүмкін. Алайда, құрылыс жұмыстарының салдарынан өзінің тұрғылықты мекендерін ауыстыруға мәжбүр болған тұрғындар мұндай дамуға оң көзқарас таныта алмайды.

Сондай-ақ, туризм туристер жиналатын орындарға келу және жиналу сапарларынан шалдыққан және орналасу орындары мен туристер жиналатын жерлерге байланысты әр түрлі әсер етуі мүмкін (Масон, 2008). Бұның дәлелі ретінде Солтүстік Еуропадағы тағам және мәдениет туралы өзгерген пікірді қарастыруға болады және шетелдік студентттердің Қытайға оралуы да осы жағдайда қарастырылған. Туристер (студенттер қайтып келген кездегі тұрақты туристерді қоса алғанда) осындай сапарлар санын арттыру нәтижесінде басқа мәдениеттер туралы түсінік ала бастады және өздерінің өзгерісін қабылдау, қажеттілік және туристар жиналған жердегі талап-тілектерін қайтарып ала алды.

Туризм тақырыбына арналған көптеген әдебиеттер жарық көрді, оларда туризмді дамыту, және туризмді тұрақты дамыту және саналы туризм саласындағы мағыналары жуық, жиі пайдаланылатын терминдер қарастырылды. Мәселен, мына еңбектерді қарап көрулеріңізге болады: Бакли, 2012; Уолл және Мэтисон, 2006; Фаррелл және Твайнинг-Уорд, 2005; сондай-ақ, Лоу және т.б., 1998 жұмыстарында көрсетілген әр түрлі халықаралық тақырыптық зерттеулер, Mbaiwa және Stronza (2010), бұлардың бәрінде туримзнің Окаванго Ботсвананың экологиялық сезімтал дельталарына әсері сөз болады және туризмді дамытудың ауылдық қоғамдардың өмірін жақсартуға қол жеткізілген жағдайда, толыққанды даму жолына түсетіндігі айтылады.

2.3-сурет. Туризмнің оларға қатысы бар аймақтарға әсер ету мысалдары.



Tourist needs Travel, Accomodation, Attractions, Shopping, Festivals, Events, Recreational Activities	Туристік қажеттіліктер Орын ауыстыру, Орналасу, Көрнекі орындар, Сатып алу, Фестивальдер, Іс-шаралар, Сауықтыру қызметі
Tourism Industry Providers Cars, Buses and Coaches, Road & Rail Networks, Airlines & Airports, Hotel Buildings, Shopping Centres, Leisure Facitilities, Event & Excursion Organizers	Туристік саланың жеткізушілері Автомобильдер, Автобустар мен Экскурсиялық автобусьтар, Жолдар және темір жол тораптары, Әуе желілері және Әуежайлар, Отель ғимараттары, Сауда орталықтары, Демалыс жағдайлары, Іс-шаралар мен экскурсияларды ұйымдастыру.
Types of Impact	Әсер ету түрлері
Economic	Экономикалық
Social	Әлеуметтік

Positive Impact	Оң әсерлер
Environmental	Экологиялық
Visitor Spending Tourism related employment Investment in infrastructure	Туристтік шығындар. Туризммен байланысты еңбекпен қамту,. Инфрақұрылымды инвестициялау.
Understanding different cultures	Әр түрлі мәдениеттерді түсіну.
Supporting local services	Жергілікті қызметтерге қолдау көрсету.
Regeneration of urban & rural areas Preservation of old buildings Protection of countryside	Қалалық және қала аумағындағы аймақтарды қалпына келтіру. Ескі поселкелерді сақтап қалу. Елді мекендерді сақтау.
Negative Impact	Теріс әсерлер
Leakages of income from economies	Жергілікті экономикадан табыстың шығып кетуі.
Increased inequalities	Теңсіздіктің артуы.
Disturbance of traditional ways of life	Қалыптасқан өмір салтының бұзылуы.
Air, sea and noise pollution Erosion of landscape Damage to historic buildings	Ауаның, теңіздің ластануы және шулы ластану жағдайлары. Ландшафттың бүлінуі. Тарихи құрылыстардың бүлінуі.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Швейцариялық академик, Джост Криппендорф «тұрақты туризмнің» негізін қалаушылардың бірі болды (Мюллер және Лейн, 2003). Өзінің көпшілікке қатты әсер еткен «Туристер – демалыс және саяхат әсерін түсіну» (1999) еңбегінде ол туристердің өздері келген жерлерге әсер ету аспектілері туралы сөз қозғайды.

Криппендорф 1960 жылдардың басында назар аудару ортасы ретінде адамдардың қарастырылатындығын тілге тиек еткен швейцариялық зерттеушінің еңбектерін негізге ала отырып, оның туризмнің, әсіресе, дамушы елдер үшін, халықтарды бір-біріне жақындату және жақсы халықаралық қарым-қатынастарды қолдауға арналған аса маңызды құралдардың бірі екендігі жөнінде сөз қозғайды(Эванс, 2012:221).

Криппендорф бұл көзқараспен келіспейтіндігін біддіреді, сөйтіп бұл теорияның жиырма жыл бұрын осылай болғандығымен, қазіргі жағдайдың басқаша екендігін тілге тиек етеді. Бүгінгі таңда, саяхаттар бұқаралық сипатқа ие болып отырған заманда, халықтар арасындағы өзара түсіністік туралы ертегі болып жатқан нәрсені шындық ретінде қабылдамаудан туындаған деп сипаттайды.

Мен бұл тұжырым туралы қандай да бір кереғар пікір айта алмаймын, сол сияқты ол туралы оң көзқарас та білдіре алмауым мүмкін, себебі оншалықты менің тәжірибем мен мысалдарым жоқ. Керісінше, мен дем алушылар мен жергілікті тұрғындар арасындағы шынайы адами қарым-қатынас мүмкіндіктері оптимистік сипатта болуы тиіс деп есептеймін. Қарым-қатынас, әдетте, үстіртін болып жатады, ал қарым-қатынас иллюзиялық сипатта. Негізгі себеп саяхат болып табылатын жер адамның басқалардан оңашалануға тырысуынан туындауы да мүмкін, мұндай жағдайда турист басқа адамдардың бар екенін байқамайды да; ал конвейерлік өндіріс көпшілікпен күрестің жалғыз тәсілі болып табылады, яғни олардың бәрі де үстемдік таныту және бағыну талаптарына бағынады, нәтижесінде ешқандай өзара байланыс пен қарым-

Туризмнің әсерін түсіну.

Туризмді басқа қызмет түрлерінен ерекше деп тұжырымдауға әбден болады, және бұл кем дегенде, бір маңызды ара қатынас жағдайында тіпті ерекшелене түспек – оның қоғамға әсері. Эванс (2012:221) былай дейді:

Туризм кейде байқаусыз қалып жатады, сол сияқты өзінің әсері тұрғысынан қарастырғанда, ол мүлдем беймәлім секілді, және ол түпкілікті елді мекендер ғана емес, туристік «экспорт» аумақтарындағы түпкілікті халық үшін түбегейлі әлеуметтік және мәдени өзгерістер алып келуге де қабілетті. Әрине, бұл ретте, әсер ету аумағының айтарлықтай кең екендігі белгілі және бірқатар әсерлерді анықтауға және өлшеуге жеңіл, ал екіншілері мұндай өзгерістер жасауға келмейді, бұл мәселе тәжірибе жүзінде қайшы көзқарастарға ие және ғылыми әдебиетте саны көп пікірталастардың мысалы болып табылады.

Осындай мәселелерге байланысты жүргізілген толық зерттеу (туризмнің әсеріне байланысты) бұл кітаптың ауқымына сыймайды. Соған қарамастан, ТҚІ саласында жұмыс істеп жүрген менеджерлер үшін туризмнің әсерін түсіну (қонақ үй бизнесі үшін де, іс-шаралар үшін де) бұл секілді әсерлер қанағаттанарлық деңгейде басқарылатын тәсілдерді қарастыру барысында маңызды рөлге ие болып табылады. Әр түрлі мүдделі тараптардың қажеттіліктері кез-келген стратегиялық жоспар аясында өзара теңестірілген тәсіл бойынша қарастыруды және соған жүгінуді талап етеді.

Туризмнің әсері туралы кез-келген пікір «бұқаралық туризм» деп аталатын әсерге бағынады. Оның үстіне, соңғы жылдары мұндай бұқаралық туризм мәселелерін шешу үшін оның саналы туризм, экотуризм және әсер ету деңгейі төмен өзге де шағын ауқымды баламалы түрлерін ұсыну мәселелері қарастырылуда (Гетц және Пейдж, 1997).

КӨСЕМСӨЗ/АНЫҚТАМА

Бұқаралық туризм.

Бұқаралық туризмге мынадай анықтама беруге болады:

Бұқаралық тұтынушылық сатылымды жүзеге асыру мақсатында белгіленген бағаға сәйкес бос уақытты өткізу жағдайында стандартталған қызметтерді кең ауқымда жинақтау құбылысы.

Пун (1993:32)

АНЫҚТАМА/КӨСЕМСӨЗ

Бұқаралық туризм

Бұқаралық туризм:

Бос уақыт салалсындағы стандартталған қызметтерді, бекітілген бағамен кең клиенттер қорына сатуға арналған ірі ауқымды құбылыс.

Пун (1993:32)

Пун (1993) стандартталған және қатаң пакеттің көпшілікке таралуына әсер еткен бес өзекті күшті анықтайды:

- *тұтынушы*: Күнді аңсау, тәжірибесіз бұқаралық тұтынушы;
- *технологиялар*: Реактивті ұшақтар, автокөліктер, брондау және шоттың компьютерлік жүйесі, несиелік карталар;
- *өндіріс*: Арзан мұнай, чартерлі рейстер, пакетті турлар, қонақ үй құрылысы, жаппай өндіру;
- *менеджмент*: Ауқымнан үнемдеу, мейманханалар және демалыстардың брендингі, әуе билеттеріне көтермелеу бағалар, бұқаралық маркетинг;
- *шекті жағдайлар*: Соғыстан кейінгі әлем және өркениет, төленетін еңбек демалыстары, әуе тасымалдауды реттеу, қызмет көрсету мейманхана желілерін ынталандырып көтермелеу құралдары.

Солтүстік Америка және Еуропада бұқаралық туризмнің дамуына және таралуына көптеген қозғалыс күштері әрекеттесті. Олар АҚШ-нда мейманханалардың көп ұлттық желілері, әуежелілер және көлік қолданудағы өсімі. Салыстырма ретінде келтірсек, Еуропада бұқаралық туризмнің жылдам өсуінің өзекті факторлары, мәртебесі жоғары туроператорлар, чартерлі рейстер және Жерорта теңізге «күнді» бағыттар бойынша пакетті турлар болды.

Нарық жағдайында бүгін менеджерлер алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі, ол келесіде: көпшіліктің пікірінше әлеумет, мәдениет және

өсу жолдарының экологиясына зиянды деп саналатын бұқаралық туризм қай деңгейге дейін жалғасады?

Пун (1993) өзінің «Туризм, технология және бәсекелес стратегиялар» кітабында, өзі «жаңа туризм» деп анықтаған құбылыстың өсу деңгейінде дамып келе жатқанын мәлімдейді. Дамып келе жатқан жаңа туризм келесіден тұрады:

- «Тәуелсіз», кешенді емес демалысқа деген сұраныстың өсіп жатқаны.
- Таңдау және икемділікке сұраныстың өсіп жатуы.
- Ақпараттық технологиялар, мысалы брондаудың компьютерлік жүйесі (БКЖ) және ғаламтордың тез тарауы және клиенттерге кешенді демалысқа балама ретінде икемді саяхат үшін компаниялар және ұйымдармен тікелей байланысуына жол беруі.
- Пакетті тур ұйымдастыру бойынша дәстүрлі бизнес өркендеуінің бәсендеген жылдамдығы.
- Белиз және Бермудтар секілді қабылдағыш елдердегі экологиялық жоспарлау және туризмді бақылаудың дамып келе жатуы.
- Әртүрлі өмір салтының ерекшеліктеріне сәйкес қызмет көрсету үшін, жолаушыларды тасымалдау нарықты «саралаудың» өсіп келе жатуы.
- Туристер тәртібі және ынтасы қысқалау үзіліске және белсенділікке бағытталған саяхаттарға өзгеріп барады.

Белгіленген факторлар сыртында тағы бір маңызды факторды қосуға болады, анықтап айтқанда, ол көптеген дамып келе жатқан нарықтардағы, мысалы Қытай, Үндістан және Бразилиядағы ішкі, кіру және шығу туризмдерінің жылдам дамуы.

Төменде келтірілген мысалдар, туризмнен туындаған кейбір қиындықтарды және жергілікті деңгейдегі қарсы әрекеттерді сипаттайды.

МЫСАЛ КЕЛТІРІЛГЕН ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРМЕ

Грутбос, Оңтүстік Африка

Туристік бағыттар және компаниялар, туристер ең әуелі іздейтін көрікті орындар, туризмнің даму нәтижесінде жойылып кетпеу үшін, даму шегін тоқтату қажет екендігін ұғына бастады. Орташа-ұзақ мерзім сақтауға болатын, туризмнің қалаулы максималды даму деңгейін белгілеу үшін туризм туралы әдебиеттерді «туристік сыйымдылық» және «экологиялық тұрғыдан тұрақты туризм» терминдері қолданылды.

Әлемде, тұрақтылық принциптеріне сәйкес қызмет атқару маңыздылығы анық болу үшін өздерінің бизнес үлгілерін бейімдейтін көптеген бағыттар, қонақ үй бизнес қызметтерін көрсетушілер және оқиғалар ұйымдастырушылардың мысалдары бар. Осындай мысалдардың бірі Оңтүстік Африкадағы Грутбос және Лодж жеке табиғи қорықтары болып табылады. Грутбос – бұл Кейптауннан солтүстікке екі сағат жерде орналасқан салтанатты лагерь. Қайырымдылық қоры ретінде қызмет атқаратын, Грутбос, табыс көзінің өте ірі ағынын қамтамасыз ететін қонақтарына бес жұлдызды орналасу ұсынады. Ол сонымен бірге, Финбош аймағындағы маңызды табиғи қорық болып табылады. Финбош – бұл, теңдесі жоқ биологиялық түрлілігімен әйгілі, Батыс Кейптаунның Жерорта теңіз климатының кіші белдеуі үшін лайық бұталы өсімдіктер аумағы. 1999 жылы Грутбос табиғи қорығы, табиғатты қорғау «Уокер Бэй Финбош» ұйымын құруға маңызды рөл атқарды және бүгін таңда, Финбош шамамен 12000 гектар жерін басқаратын, 21 жер иегерлерінен тұрады.

Грутбос жекеменшік қоры сонымен бірге, тұрақтылық бойынша бірқатар бағдарламалар ұсынады:

- «Болашақты өсірейік» – белгілі құрамдағы адамдарға жыл сайын, жеміс-жидек және көкөніс өсіру, ара шаруашылығы және сәтті мал шаруашылық принциптерін үйретеді.
- «Көк келешек» – жергілікті жұмыссыз тұрғындарға жыл сайын, тәжірибелік оқу бағдарламаларын ұсынады.
- «Спорт кеңістігі» – көп мақсатты объект ұсынады, ол қоғамық даму бойынша жоба болып саналады.

Бұл жер, бір біріне мүлдем ұқсамайтын үш қауым орталығындағы теңдеусіз орналасуы арқасында таңдап алынған. Қонақтарға, 2006 жылдың ақпан айында өрттен зардап шеккен жер тіліміне ағаш отырғызу мүмкіндігі беріледі. Бүгін ол жерде шамамен 1000 ағаш отырғызылған. Әр келуші ағаштар отырғызылған жер координаттары бар ағаш отырғызған куәлігін алады.

www.grootbos.com

Сұрақтар:

1. Грутбоста көтерілген, туризмнің әсеріне қатынас туралы мәселені

түсіндіріңіз.

2. Грубос шығарған бизнес үлгісін түсіндіріңіз, және оның нәтижелілігін бағалаңыз.

Алда қаралған туризмнің әсері туралы дискуссия өзектілігі, туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар ұйымдастырушы ұйымдар саласындағы менеджерлер үшін бірқатар мәселелер тудырады:

Қазіргі заманның тұтынушысы, тұтынып жатқан заттың тигізетін әсеріне, бұрыннан да сезімтал болып барады, яғни өздері қолданатын тазалағыш заттардың қоршаған ортаға келтірер әсері болсын, ыстық климатты жерде гольф алаңын суландыруға кеткен судың көлемі болсын, немесе қабылдағыш қоғамның мәдениетіне туризм тигізітен әсер болсын барлығы.

Менеджерлер және маркетологтар туризм өнімдерін, қонақ үй бизнесін және іс-шаралар ұйымдастыруды сәтті басқару үшін, бұрын олардың қолы жетпеген деңгейде бүгін сезімтал болулары қажет.

Бұқаралық туризмнің орыны қала беретіні анық екендігіне қарамастан, нарықтағы өзгерістер де болып жатыр. Тұтынушылар бұрыннан да хабардар, тәжірибелі және қалауларында ізденісті, сондай-ақ, түсіну үшін бұрыннан да күрделі болып барады. Сонымен бірге, нарықтардың дамуы мөлшерінде, қосымша тұтынушылар қосылып келеді, мысалы, Бразилия, Ресей, Үндістан және Қытай секілді. (яғни, «БРИК» аталған елдер).

Сөзсіз орын алып жатқан осы өзгерістерді түсіну үшін менеджерлер зерттеу жүргізуге және түсінуге тырысуға мәжбүр. Оның сыртында, бізді қызықтыратын жоғары бәсекелесті өндіріс салаларында олар, осы өзгеріске дұшар қалауларға сәйкес өнімдер жасап шығарулары қажет, артынан оларды нарыққа енгізу және тарату, және оларға сәйкес баға тоқтатулары керек.

Туризмнің көптеген жаңа нысандары, олардың ілеспе іс-шаралары және қонақ үй бизнес өнімдері, шарап туризмі, аспаздық туризм, «қараңғы» туризм, экстремальды әрекеттер, спорттық, фестивальды және оқиғалы туризм, сондай-ақ, оқыту негізіндегі туризмнің алуан түрлі арнайы нысандарын қосқанда, саяхаттың айрықшалау нарығы сұраныстарына сәйкес келу үшін туындады.

Туризмнің осы жаңа нысандары, менеджерлер зерттеуге және түсінуге, мақсатты өнімді дайындап ұсынуға қажет қосымша мүмкіндіктер және қиындықтар тудырады.

Сыртқы талықсытпа салдарлары

Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар ұйымы, менеджерлерге байланыссыз сыртқы талықсытпаларға бейім болады.

Корпоротивтік ішкі талықсытпа, мысалы, қаржының құлауы осы сала үшін маңызды рөл атқарады, алайда бұл, олар артықшылық танытқан өзге салалардағы іс-шаралар көрсеткендей дербес ерекшелігі болып табылмайды, яғни онда басқарма артық кеудемсоқтық, алаяқтық немесе біліксіздік танытқан. (Эванс және Элфик, 2005 ж.).

Өзінің әлсіздігі тарапынан қызмет көрсету сектор ретінде теңдеусіз (қызмет көрсету салалар арасында), өйткені, аталмыш сектор сыртқы оқиғалар нәтижесінде тәуекелділік пен дағдарысқа қатты бейім болып табылады. Менеджерлер бағалап, бақылай алатын ішкі оқиғаларға қарағанда, сыртқы оқиғалар олардың бақылауынан тыс орналасқан, осыған орай тәуекелділіктің және белгісіздіктің жоғары деңгейін береді.

Сонымен бірге, қызмет көрсетудің осы секторына тән ерекшеліктер (мысалы, өнімнің сақталмайтындығы және өнім элементтерінің өзара тәуелділігі) басқаруға әлеуетті күрделі тәуекелдіктер тудырады, өйткені сұраныстың кенеттен құлауына сәйкес ұсынысты жедел беру үнемі мүмкін бола бермейді (Эванс және Элфик, 2005 ж.).

Соғыс, боран, терракт, ластану, жағымсыз жариялар немесе жазатайым оқиғалар секілді сыртқы талықсытпалар, бизнес деңгейіне елеулі және өткір әсер тигізе алады және жоспарланған әрекеттер мен іс-шаралардың үзілуіне әкеп соғады. Сыртқы талықсытпалар тез арада дағдарыс деңгейіне өсіп кетуі мүмкін, сонымен бірге оларды осы индустрияның білікті менеджерлерінің негізгі проблемалары ретінде қарастырған жөн.

«Дағдарысты басқару» осы сектор туралы көптеген академиялық баспаларда жеткілікті аумақты етіп қарастырылған. (Мысалы, қараңыз. Глэссер, 2012 ж.; Пфорр және Хози, 2009 ж.; Холл, 2010 ж.; Ванг және Ричи, 2011 ж.).

Мысалы – жоғары деңгейлі үнділік мейманханаларды зерттеуде Израэли *және басқалар.* (2011 ж.) Үндістан мейманханаларының дағдарыспен күресуге дайын емес екендігін анықтаған; мысалы, 2008 жылдың қараша айында Мумбайда болған люкс деңгейлі екі қонақ үй тартылған терактылар. Бұл шабуыл бірнеше апта ішінде қонақ үйдің толтырымдық деңгейін 30 пайызға дейін құлатқан, ал Оңтүстік Үндістанған дейінгі чартерлі турлар, шамамен 2000 км қашықтықтан тоқтатылған. Нәтиже-

сінде, туризм, қонақ үй бизнесі және ұқсас салалар миллиондаған доллар табыстарынан айырылды.

Аталмыш оқиғалар, олардың географиялық орналасуы, уақыт және ауқымына қатысты, өз табиғаты жағынан тосын оқиға болып табылады, яғни индустрия менеджерлеріне бірқатар қиындықтар тудырады:

- Мұндай оқиғаларды алдын ала болжау және барлық жасырын салдарларын күту күрделі;
- Шешім қабылдауға қажет басқару шаралары стратегиялық деңгейде қиын болады;
- Сондай-ақ, оперативтік деңгейде басқару шараларын тиімді жүзеге асыру күрделі болып табылады және қор және байланысты мұқият үйлестіруді талап етеді;
- Көптеген жылдар бойы жігерлікпен жасалған Бренд, оқыс оқиға салдарынан елеулі зақымдануы немесе тіпті жойылып кетуі мүмкін;
- Жедел күтпеген өзгерістерді алдын ала қарастыратын, икемді стратегияға шоғырлана, дағдарыстан қалыпқа келу шараларын жоспарлау қажет. 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі Нью-Йорк және Вашингтондағы терактылар, «Аккор» қонақ үйі мысалында көрсетілгендей шұғыл салдарлы болған.

Өзге мысалдар:

- Парсы шығанағындағы соғыс 1990 жж басында туризм және жолаушылар тасымалдаудың едәуір құлауына алып келді. (бұл Таяу Шығыстағы қақтығыс орнынан алшақ жерлерге де тарады).
- 2004 жылдың 26 желтоқсанында орын алған, Үнді мұхитындағы бүлдіргіш цунами, Үнді мұхиты шаятын 14 елдегі 230 000 астам қаза тапқандар саны бар адамзат тарихындағы ең өлім саны көп табиғи апат болды. Қасіретті қазалы өмірге қатысты бүлдіргіш әсердің сыртында, ұзақ мерзімді салдарлар Индонезия, Тайланд және Шри-Ланкадағы туризміне байланысты болды .

МЫСАЛ КЕЛТІРІЛГЕН ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРМЕ

2001 жыл 11 қыркүйектің салдарлары: «Аккор» мейманханалар желісі

2001 жылы, сатылым және технология саласыны толығымен ендірілген, 90 елдің 3600 мейманханасы бар «Аккор», Париж қаласында алғаш іргетасы қаланған мультибрендті желі. Қонық үй бизнесін дамыту,

бюджеттік таптан люкс табына дейінгі кең ауқымды қамтыған, әйгілі халықаралық брендтерге («Софител», «Новотел», «Меркури», «Ибис», «Формула 1», сондай-ақ, Құрама Штаттарындағы «Мотель 6» және «Ред Руф Иннс» секілді) негізделген. «Аккор» мүліктік объектілері қазір бүкіл әлемге ұсынылған, әсіресе Америка, Еуропа және Азияға.

2001 жылдың көктемінде-ақ сезілген күйзеліске соқтыққан туризм индустриясы, өз тарихының ең ауыр дағдарыспен күресуге мәжбүр болды: 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі Америкадаға оқиға. Қасіретті оқиға екі салдардан тұрды. Біріншісі көзді ашып жұмғанша болды және теңдессіз ауқымды қамтыды – ол психологиялық талықсытпа. Екіншісі Америкаға, Еуропаға және Азияға бір мезетте әсерін тигізген экономикалық күйзелістің өршігуі болды.

Осы оқиғалар нәтижесінде кейбір қонақ үй инвестициялары кейінге қалды , ал шамалысы мүлдем тоқтатылды, және аталмыш топ сонда да келесі бірнеше жылдарда 250 жаңа қонақ үй салуды жоспарлады. Кейбір деңгейге дейін топ, географиялық тұрғыдан және сапалылық тұрғыдан қонақ үй номенклатурасын түрлендіру арқылы күйзелістің ең ауыр салдарынан қорғалған болды. Алайда, қонақ үй броньдауға арналған кейбір салдарлар шарасыз. Мысалы, Париж қаласындағы люкс тапты қонақ үй индустриясына тигізілген әсер елеулі болды, сонымен бірге, Европадағы үнемдеу таптағы қонақ үйлер сегменті төзімділікпен позициясын сақтап калды. Осылай, 2001 жылы «Софител» қонақ үйін брондау қазанда 33% және қарашада 18% төмендеді, ал Еуропадағы бюджетті брендтер «Формула 1» және «Ибис» брондаудың қазанда 3,5% және қарашада 4,6 % көтерілгенін тіркеді. АҚШ-ндағы «Софител» қонақ үйін брондау 25-30% құлады, ал «Ред Руф Иннс» және «Мотель 6» (бюджедті бренд) қазанда 8,2 % және қарашада артынан 6% қалыпты құлдырау байқады.

www.accor.com

Сұрақтар

1. «Аккор» үшін 11.09 теракт салдарларын түсіндіріңіз.
2. Шабуылдан кейінгі «Аккор» басқармасының қарсы реакциясын түсіндіріңіз.

- АЖТС (ауыр жіті тыныстық синдром), 2002 жылдың қараша айында оңтүстік Қытайдан алғаш шыққан және осы әсер астындағы аймақтар

және елдерге туристердің бармағаны жөн деген ескертуді 2003 жылдың 15 наурызында Бүкіләлімдік денсаулық сақтау Ұйымы (БДҰ) жариялағанға дейін жылдам таралып кеткен, жуықтағы құбылыс, яғни пневмонияның бір түрі. Қытайда және Гонконгта кіріп келетін туристер саны және халықаралық туризмнен түсетін табыс 2003 жылдың наурызынан бастап күрт төмендеді. Алайда, ауру пайда болғаннан кейінгі бірнеше ай ішінде дағдарыс кетіп, нарық қалпына келді және көбінесе «қалыпты» жағдай болды. (Гу және Уолл, 2006 ж.).

Ұқсас оқиғалар кезінде, тікелей жоспарлау жүргізе алмайтын менеджерлер, келесіге қабілетті болуға тиіс:

- Ұйымға әсерін тигізу мүмкін тәуекелділіктерді анықтау (орын немесе оқиға);
- Ұқсас тәуекелділіктердің салдарларын бағалау;
- Ұйым жылдам және нәтижелі қарсыласу үшін, күтпеген оқиғаларға арналған әрекеттер жоспарын жасап қою.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Салдарлар тұрғысынан алғанда неліктен қызмет көрсетудің басқа секторларынан өзгеше?
- Сыртқы талықсытпаларағa неліктен соншама қабылдағыш болады?
- Осы салада жұмыс істейтін менеджерлер үшін *-ға* тән ерекшелік қасиеттердің маңыздылығын түсінудің себебін талқылаңыз.

Ұйымда бар *-ға* байланысты күтпеген оқиғаларға арналған әрекеттер жоспары, негізгі қызметкерлер тартылатын әрекеттердің толық сипаттамасынан; клиенттермен, туысқандарымен және БАҚ өкілдерімен байланысты қалай ұйымдастырудың сипаттамасы; және істен шығуды барынша азайту үшін қызметтерді қалай қайтадан құру керектігі туралы толық ақпарат болуға тиіс.

Тәсілдердің бірі, дағдарысты бизнесті толығымен жойып жібермейтіндей етіп тәуекелдерді бөлу болып табылады.

Мысалы – соғыс немесе экологиялық апат болған жағдайда, бір ел шегінде ғана турлар мен іс-шараларға мамандандырылған туроператор немесе іс-шаралар ұйымдастырушы тәуекелділікке дұшар болады, ал бірнеше елдермен жұмыс жасаса тәуекелділік бөлінеді де жалпы тәуекелділік төмендейді.

МЫСАЛ КЕЛТІРІЛГЕН ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРМЕ

Дағдарысты басқару: «Райанэйр» әуекомпаниясы және Исландияның жанартау күлі

2010 жылы Исландиялық жанартау Эйяфьядлайёкюдль сәуір және мамыр айларында Еуропа әуежелілерен тасымалдауында ретсіздік тудырды, өйткені Еуропа әуе кеңістігінің ірі жолақтары жабылған-ды. Күлді бұлт аяқ астынан Солтүстік Еуропаның көп бөлігіне көшті, бұл өз тарапынан әуе қауіпсіздігіне әлуетті қауіп тудырды.

«Райанэйр» бюджетті әуежелісі, мысалы, салыстырмалы түрде қажеттіліктің жоқ екендігіне байланысты әуежелісінің өз тарапынан қарсылыққа қарамастан, 9400 рейсті ұшырмай қоюға және 1,5 млн. жолаушылардың жол жүру жоспарын бұзуға мәжбүр болды. Хабарланғандай, бұл оқиға Ирландия әуежелісіне £42 млн. (€65 млн.) шығын әкелген.

Мұндай күтпеген жағдайларда, компанияның келесі әрекеттері маңызды:

- Клиенттерді нақты және ерте, ақпараттарды ретті жаңартып отыруымен хабарландыру;
- Көбірек операциялық икемділікпен қамтамасыз ету; және
- Бір ғана елеулі және күтпеген оқиға ұйымның жойылуына алып келмеу үшін жеткілікті әртараптандырылған болу.

«Райанэйр» әуежелісіне қатысты, күлді бұлттардың қатты әсеріне қарамастан оның жылдық табысы өсті.

www.ryanair.com

Сұрақтар

1.-*ға* байланысты компанияның дағдарысты жағдайларын шешу тұрғыдан берілген мысалдан қандай сабақ алуға болатындығын түсіндіріңіз.

2.-*ға* байланысты ұйымда туындаған өзге дағдарыстық жағдайлардың мысалдарын қарастырыңыз.

ШАҒЫН БИЗНЕС

секторлары жиі шағын бөлшектенумен ерекшеленеді. Бөлшектенген индустрияға, әдетте, шағын және орта көлемді кәсіпорындардың көп саны және нарықта елеулі үлесі бар жетекшінің жоқ болуы тән. Алайда, осы секторларда мықты халықаралық компаниялар бар, сөзсіз осы ойыншылардың әсері және нарықтық үлесі жыл сайын өсіп жатыр. Әр

сектордың жағдайы келесі тұрғыда түрлендіріледі, ірі халықаралық брендтер мейманханалар, круиз желілері, туроператорлар және әуежолдар желілерін есепке алу арқылы құрылса, бір мезетте іс-шаралар ұйымдастыру секторында қазіргі кезде әрекет етіп жатқан халықаралық деңгейде әр тараптандырылған ірі компаниялардың шағын саны да бар.

Алайда, осы ірі ұйымдармен қатар шағын бизнес кәсіпорындар да өркендеп келеді, мысалы, меншік иесі басқаратын қонақ тұрғын үйлер және мейрамханалар, транспорт операторлар, көрікті жерлер, туристік агенттер, гид-экскурсия жүргізушілер және курорт кешендер.

Осы тарауда қарастырылған бірқатар аспектілер секторында әрекет ететін шағын бизнестерге жатады. Кейбір жағдайларда сүреттелген ерекшеліктер шағын бизнеске қарсы әсер тигізуі мүмкін.

Мысалы – кейбір ішкі секторларда үлкен нарыққа кіру кедергілері болады, олар капитал қажеттілігі, нормативтік шектеулер немесе тоқтатылған брендтер. Нарық ерекшелігіне байланысты аталмыш кедергілер біршама ерекшеленеді, алайда, олардың әуежелі, крейсерлік жүзу және кейбір қонақ үй нарықтарында болуы шағын компаниялардың бәсекелестігін қиындатады.

Өзге ішкі секторларда , мысалы, туроператорлар, турагенттер немесе іс-шара ұйымдастырушылар арасында нарыққа кіру кедергісі едәуір аз, бұл шағын компанияларға сәтті бәсекелесуге жол береді.

Кейбір өзге ерекшеліктер кейде шағын компаниялар пайдасына әрекет етеді.

Мысалы,

- *Әр тектілік* – көптеген клиенттердің жаңа затты және өзгешілікті қалауы, шағын компаниялар тұтынушыны қызықтыратын тауашалы өніммен қамтамасыз ете алатындығын білдіреді.
- *Бөлінбеушілік* – өнімдерін бір мезетте тұтыну және өндіру, клиентке қызмет көрсету саласына үлкен назар аударуға алып келеді. Ірі компаниялар қызмет көрсетудің жоғары деңгейіне жету бойынша ғаламат күш салатынына қарамастан, олардың түрлілігі және мөлшері тарапынан бұл орындалуы күрделі міндет болып қала береді. Аз қызметкерлері және қарапайымдау жүйесі бар шағын ұйымдар ептілеу әрекет етеді және стандарттарды қамтамасыз етуді оңайлықпен орындайды.
- *Меншіктік* – тұтынушы өнімін қолданады, бірақ иемденбейтіндіктен, әлуетті клиентпен өзара қарым-қатынас құру қажеттілігі тұспалда-

нады. Көптеген шағын компаниялар тұтынушының белгілі түрін немесе белгілі нарық тауашасын сәтті ұйғарады және жеке байланыс және ынталандыру қызметтер арқылы тұрақты клиенттермен адал қатынастар құрады.

- *әсері* – көптеген шағын компаниялар, қызметтері тарапынан өздерін басқалардан тұрақты ретінде сәтті алып жүреді. Осылай олар, туризмге сәйкестендіріліп қойған жағымсыз әсерледі азайтатындығын білдіреді.

Мысалдағы қысқаша түсіндірмелер, сауда ассоциациясын құру үшін шағын туроператорлар қалай ынтымақтасқандарын, және бұл осы орташа және шағын кәсіпорындар ұсына алатын белгілі артықшылықтарды (біз қарастырған негізгі ерекшеліктерге негізделе), білдіретіндігін көрсетеді.

Менеджерлеріне арналған өзекті ерекшеліктер және олардың мағыналары туралы қысқаша ақпарат

Бұл тарауда 11 ерекшеліктері қарастырылған. Кейбіреуі қызмет көрсету секторлардың көбісіне ортақ болып табылады, ал басқасы саласы үшін ерекше маңызды.

Қайсысы болса да, саласында қызмет атқаратын менеджерлер, осы факторлардан хабардар болуға және олардың әрқайсысына байланысты басқару әрекет нәтижесін ескеруге тиісті екендігі маңызды. Ұйымдар қолданатын стратегиялар осы ерекшеліктерді түсінгендігін және қозғап отырған ұйымға олар тигізе алатын әсерлерді көрсетуге тиіс.

2.2 кестесінде, осы тарауда біз қарастырған және менеджерлерге арналған олардың салдарларының мысалдары келтірілген, өзекті ерекшеліктері туралы қысқаша ақпарат ұсынылған.

2.2 Кесте өзекті ерекшеліктері және олардың менеджерлерге тигізетін салдарлары туралы қысқаша ақпарат

Table 2.2 A summary of key *THE* characteristics and their implications for managers

Characteristic	Summary (examples)	Managerial implications (examples)
Intangibility	Products cannot be tested or sampled	Effective promotion & distribution are essential
Inseparability	Production and consumption take place at the same time	'Front-line' staff must deliver good service
Perishability	Products cannot be stored	Stimulate demand so all products are sold at required time
Heterogeneity	Products are not identical	Good, well trained staff are essential
Ownership	Customers use services rather than own them	Loyalty programmes are important
High cost product	Often a relatively expensive purchase	Customers need reassurance about reliability
Seasonality	Products often have very seasonal demand patterns	Different seasonal prices charged
Ease of entry/exit	Often relatively low barriers to entry	Product differentiation
Interdependence	The sub-sectors of *THE* are closely linked	Coordination or control of the supply chain
Impact on society	Tourism has a high impact on society	Produce 'sustainable' products
External shocks	Prone to external shocks, beyond managers' control	Have contingency plans in place

Characteristic	Ерекшелік
Intangibility	Сезілмеу
Inseparability	Бөлінбеу
Perishability	Сақталмау
Heterogeneity	Әр текті лік
Ownership	Меншіктік
High cost product	Қымбат өнім
Seasonality	Маусымдылық
Ease of entry/exit	Кіру/шығу оңайлығы
Interdependence	Өзара байланыс
Impact on society	Қоғамға тигізетін әсер
Summary (examples)	Қысқаша ақпарат (мысалдар)
Products cannot be tested or Sampled	Сынақ жүргізу немес өнім сынамасын алу мүмкін емес

Production and consumption take place at the same time	Бір мезетті өндіріс және тұтыныс
Products cannot be stored	Өнімді сақтау мүмкін емес
Products are not identical	Өнімдер өзара сәйкес емес
Customers use services rather than own them	Тұтынушы қызметтерді қолданады, бірақ иемденбейді
Often a relatively expensive purchase	Көбінесе салыстырмалы түрде қымбат сатып алу
Products often have very seasonal demand patterns entry	Өнімдер маусымдық сұранысты жиі қолданады
Often relatively low barriers to	Көбінесе салыстырмалы түрде төмен кіру кедергілері
The sub-sectors of THE are closely linked	Ішкі секторлары нығыз байланыста
Tourism has a high impact on society	Туризмнің қоғамға әсері зор
Managerial implications (examples)	Басқару салдарлары (мысалдар)
Effective promotion & distribution are Essential	Нәтижелі жылжыту және бөліп тарату маңызды
'Front-line' staff must deliver good Service	Тікелей клиенттермен қатынасатын қызметкерлер, сапалы қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге тиіс
Stimulate demand so all products are sold at required time	Барлық өнімдер уақытлы сатылу үшін сұранысты ынталандыру
Good, well trained staff are essential	Жақсы және білікті қызметкерлердің маңыздылығы
Loyalty programmes are important	Адалдылық бағдарламасының маңыздылығы
Customers need reassurance about reliability	Тұтынушыны сенімділік туралы сендіру қажеттілігі
Different seasonal prices charged	Әртүрлі маусымдық баға қою
Product differentiation	Өнімнің әртүрлілігі

Coordination or control of the supply chain	Жеткізу тізбегін үйлестіру немесе бақылау
Produce ‘sustainable’ products	Тұрақты өнімдер шығару

МЫСАЛ КЕЛТІРІЛГЕН ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРМЕ

Тәуелсіз туроператорлар ассоциациясы

Ұлыбританиядағы Тәуелсіз туроператорлар ассоциациясы (ТТОА) тауашалы өнім ұсыну арқылы ірілеу туроператорларымен сәтті бәсекелесуге қабілетті 150 астам шағын туроператорлар болып табылады.

Келесі, қызық оқиғалы, әскери, гастрономдық, велотуризм немесе әлемнің белгілі бір жеріне апару секілді өнімдерді, туризм түрлеріне қатыстыруға болады. Ұсынылып отырған өнімдер, оларды қамтамасыз етуге дайын компаниялармен бірдей әртүрлі. Кейбір кезде, белгілі тауашалы сегменттер ірілеу операторлар үшін тым шағын немесе тым жаңа. Өзге жағдайларда, тартылған компаниялар ірілеу операторлармен тікелей бәсекелестікке түседі, бұл үшін олар, клиенттермен өзара қарым-қатынас құрып, клиенттерге жоғары деңгейлі қызмет көрсетуге және негізгі ағындағы өнімнен өзгеше өнімдерді ұсынуға негізгі назарларын аударады.

ТТОА туризм саласындағы тұрақтылықтың маңыздылығын білдіреді, ал тұрақты принциптердің сақталуына көз жеткізу үшін әлуетті жаңа мүшелер қосылар алдында тексеруден өтеді. Ассоциация мүшелеріне арналған тұрақты орын ауысу басқару принциптері бес өзекті міндеттерге негізделген:

- Қоршаған ортаны қорғау – флора, фауна және ландшафт;
- Жергілікті мәдениетті сыйлау – дәстүр, дін, мұра;
- Жергілікті қауымдастыққа пайда әкеледі –экономикалық және әлеуметтік деңгейде;
- Табиғи ресурстар сақтау – кеңседен баратын жерге дейін;
- Ластауды азайту – дыбыстық, қоқыстық, толтырымдық.

www.aito.co.uk

Сұрақтар

1. ТТОА ассоциациясы -ның қандай ерекшеліктер бойынша ірілеу қарсыластарымен бәсекелесу үшін орташа және шағын мөлшерді кәсіпорындарға қолдау көрсетеді.
2. ТТОА ассоциациясына қатыстылық орташа және шағын мөлшерді

кәсіпорындарға тиімді бәсекелесу үшін қалай көмектесетінін түсіндіріңіз.

ТАРАУДЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Бұл тарауда біз, стратегияға сәйкес келетін туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар ұйымдастыру бойынша кейбір өзекті тақырыптармен таныстық. Оларға, өнімдерінің табиғатын түсіну жатады; бұл контексте біз қызмет көрсету өнімдерінің кейбір қасиеттерін қарастырдық. Бұл қасиеттерді туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар ұйымдастыру өнімдеріне қолдануға болады, өйткені оларды қызмет көрсету саласының секторларына да қолдануға болады.

Сонымен бірге, біз, әсіресе осы секторға қолданбалы, алты қосымша факторларды сәйкестендірдік (жоғары құн, маусымдылық, кіру/шығу оңайлығы, өзара байланыс, қоғамға әсері, сыртқы талықсытпа салдарлары). Менеджерлер үшін осы ерекшеліктерді және олардың салдарларын түсіну, стратегиясының сәттілігін анықтаудағы өзекті мәселе болып табылады.

2 Бөлім

Ішкі ортаны зерттеу

Кіріспе

Ішкі талдау

Осы кітаптың алдағы бөлімінде *-дағы* басқаруды өзгеше ететін, бойынша ұйымдастыру контексті қарастырылды. Сондай-ақ, стратегиялық менеджмент зерттеу пәні ретінде – міндеттері, миссиясы, көрімі және құндылығы қарастырылды.

2 бөлімде біз ұйымның ішкі талдауына көшеміз және өз тарапымыздан операциалық контексті қарастырамыз, оның ішінде біліктілік, ресурстар және бәсекелестік артықшылық; артынан – ішкі стратегиялық талдаудың адами, қаржылық және нарықтық (өнімдік) қырын қамтимыз. 3 бөлімінде стратегиялық талдаудың сыртқы қырлары қарастырылады.

Зерттеу оңалысы:

1 бөлім Туризм, қонақ үй бизнесі және іс-шаралар ұйымдастыру стратегиясы және контексті	2 бөлім Ішкі ортаны талдау				3 бөлім Сыртқы ортаны таладу және ССВУ	4 бөлім Стратегиялық іріктеу	5 бөлім Стратегиялық қамтамасыз ету және теориядағы және іс-жүзіндегі стратегия
1 және 2 Тараулар	3 Тарау Кәсіпқойлық, ресурстар және бәсекелестік	4 Тарау Адами ресурстар	5 Тарау Қаржылық құрамдас бөлігі	6 Тарау Өнімдер және нарықтар	7,8 және 9 Тараулар	10, 11 және 12 Тараулар	13, 14 және 15 Тараулар

Ішкі талдау мақсаттары

Ішкі талдау ұйым басқарамасын қамтамасыз етумен байланысты, келе-

сілерге қатысты өз ұйымын егжей-тегжейлі түсіну:

- Ағындағы стратегиялардың нәтижелілік деңгейі;
- Осы стратегияларды қолдаудағы ресурстарды қолданудың нәтижелілік деңгейі;

Ішкі талдауды орындаған кезде менеджерлер, *бәсекелестік артықшылықтың* қаншама қолжетімді екенін және күн көру үшін қай жерде түзету шараларын қолдану қажет екендігін көре және түсіне алады.

Кітаптың осы Тармағында, менеджерлері өз ұйымдарының кешенді таладуын жүргізу үшін қолдана алатын негізгі әдістер және сызбалардың сипаттамасы және бағалануы ұсынылған.

Өз ұйымдарына төменгілерден қамтығандағы бірқатар себептермен ішкі талдау жүргізу қажет:

- Ресурстар, біліктілік және бастапқы біліктілікті дамыту және дайындауды қажет етушілерді анықтап шығару;
- Қосымша әрекеттер ұйымдастыру пәрменділігін бағалау;
- Болашақ стратегиялар және олардың сәтті жүзеге асырылуын қалыптастыру арқылы жұмыс жасау қажет әлсіз жақтарды анықтау;
- Өнім ерекшеліктерін бағалау;
- Қызметтің қаржылық көрсеткіштері бағалау;
- Сыртқы көздерден қаржыландыру іздестірген жағдайда, инвестициялық әлуеттілігін бағалау;
- Адами ресурстарға болашақ талаптардың нәтижелілігін бағалау;
- ССВУ «күшті және әлсіз жақтар» бөліміне талдамалы негіздеме қамтамасыз ету.

Ішкі талдаудың құрамдас бөліктері

Ішкі талдау, әдетте, келесі бір немесе бірнеше қырды қамтиды:

- Ресурстарды қамту;
- Біліктілік және талдауды анықтау;
- Портердің құнылылық тізбегін қолданумен қызметті ішкі талдау;
- Қаржы қорлары және қаржы көрсеткіштері;
- өнімдер және олардың нарықтағы орындары.

Ішкі талдаудың осы қырлары 3 жыне 6 Тарауларда қозғалған, олардан осы кітаптың 2 бөлімі тұрады. Менеджерлерге талдау жүргізу және ақпарат ұйымдастыруға көмектесетін бірқатар әдістемелер және сызбалар қарастырылған.

- Ұйымдық құрылым және қызметкерлердің құрылымдағы орны.
- Іріктеу және іріктеу процедуралары мен олардың тиімділігі
- Оқыту мен дамыту бағдарламаларының сапасы мен тиімділігі.
- Қызметкерлер уәждемесі мен моральдық жағдайы.
- Қызметкердің сапасы немесе әкімшілік пен қызметкер арасындағы еңбек қатынастары.
- Ұйымдағы(және олардың түрлі мақсаттағы тиімділігі) қызметкерлер өздері жасаған сыртқы және ішкі желілер.
- Адам ресурстары мен қолданыстағы бақылау процедурасы саясатына мониторинг жасаудың тиімділігі.

Ресми немесе бейресми адам ресурстарының аудиті

Аудит берген ақпарат ұйымдағы адам ресурстары жайлы маңызды ақпарат беруі мүмкін. Ұйымдардың көпшілігінде тұрақты тексеріс жүргізу табысқа жету үшін қажет. Дегенмен, шараларды ұйымдастырумен байланысты ұйымдардың, мысалы, кәсіби футбол клубы немесе оркестрде, адам ресурстарының жағдайы айқын және аудит үнемі өткізіледі - ол ешқашан бейресми өтпейді.

Әр мачты ойнайтын футбол командасы немесе үні жағымсыз оркестр, кәсіби адам ресурстарының жетіспеушілігін үнемі сезінеді. Мұндай жағдайда бейресми аудиттің қажеті бола қоймайды.

Ресми тексерістер кәсіби қызметкерлер тарапынан немесе басшылыққа стратегиялық сараптама үшін ақпарат қажет болғанда үнемі (айталық, жыл сайын) жүргізілуі мүмкін. Бұл салаға маманданғандар жоғарыда көрсетілген қарапайым «тізімдерге» бағыну, тек оның шыққан жері болып табылатынын білдіреді. Өйткені қызығушылық мүддесі жоғарылаған, оның қатарында шеберліктің шешуші кемшіліктері,

мұндайда, жетіспеушілік себебі (немесе пайда) аудиттің құрамды бөлігі ретінде қарастырылады.

Адам ресурстары аудитінің нәтижелері

Өлшем мәселесі

Адам ресурстары аудитінің түрлі компоненттері сандық бағалау мәселелерінің айырмашылықтарын алға тартады. Біз қызметкерлерге кеткен шығынды, санын, біліктіліктің жетіспеушілігін немесе қалыпты сальдоны сандық өлшем түрінде болғанын санада салмақтауымыз керек. Индустрия қатынастарының өлшемдері әдетте шеруге шығу нәтижесінде жоғалған күндермен өлшенуі мүмкін. Аудиттің өзге бөліктері өлшем қатынастарындағы қосымша қиындықтарды білдіреді.

Мысалы – қызметкерлердің моральдық рухын немесе уәждемесін біз қалай өлшей аламыз? Біз қызметкерлердің моральдық рухы жоғары немесе төмен деп айтатын едік, алайда қызметкерлер шығынын есепке алғанда, бұл мәнге «арасында» деңгейін қоя алмаймыз. Бұл мәселелер қызметкерлер уәждемесінің деңгейінде және жұмысқа қанағаттанғанда да пайда болады. Сонымен қатар, көптеген ұйымдарда қызметкерлердің материалдық емес активтерге қатынасының арасында үлкен айырмашылықтар болатынын мойындау керек. Көптеген қызметкерлер өзгелерге қарағанда жоғары уәждемеге ие болуы және жақсы моральдық рухқа ие болуы мүмкін. Міне, осы себептерге байланысты адам ресурстары аудитінің «бақылау парағына» қатысты өте сирек болуы мүмкін жағдай- аудиттің кейбір бөліктерінің субъективті бағасына ие болуы.

Адам ресурстарының салыстырмалы сараптамасы

С*алыстырмалы сараптама* түсінігі дегеніміз— бұл осы кітапта бірнеше рет кездесетін түсінік. Негізінде, салыстырмалы талдау дегеніміз бір ұйымның өзгешелігін басқа ұйыммен салыстыру деген сөз. Әсіресе, сипаттамасына қарай қарастырғанда осы саладағы үздігімен салыстырған дұрыс. Үздік саланың ізбасарлары озық компания осындай жетістікке қалай жетті деп сұрауы мүмкін

(қараңыз. қаржы саласындағы салыстырмалы сараптаманы талдау, 5 тарау). Алайда қызмет көрсету саласындағы компаниялар түрлі

сектордағы компаниялармен өзін салыстыру сараптамасын жиі жүргізеді.

Мысалы - бұл клиенттерге қызмет көрсету саласында болуы немесе , қонақ үй компаниялары банк ісі, сақтандыру компаниялары, әуекомпаниялары немесе автодилерлердің тәжірибесінен сабақ алуы мүмкін.

Салыстырмалы сараптамада қарастырылған сипаттама ұйым нені білу керектігіне байланысты болады.

Мысалы - егер компания дағдылардың шешуші саласында кері олқылықтарды анықтаса, оның жабылуы қиын болғанда, (түлектердің сапасы жоғары болса), салыстырмалы сараптама компанияға өз бәсекелестерін білуге көмектеседі.

Егер А компаниясы, белгілі болғандай, үздік түлектерді өзіне тарта алса, онда адам ресурстары саласындағы оның саясатын зерттеу өзге компанияларға (бәсекелестерге) өзінің тәжірибесін өзгелермен салыстыруға мүмкіндік береді. А компаниясы карьера пргрессиясында үздік жоспарлаушы ретінде жоғары жалақы немесе дамудың жоғары мүмкіндігіне ие болуы мүмкін. Осылай болған жағдайда, бәсекелестер осы саланы жақсарту бойынша өзінің жағдайын зерттегісі келеді.

Озық компаниялар сондай-ақ ішкі адам ресурстарын басқару тәсілдері саласы бойынша да, және олардың сыртқы еңбек көздерімен байланысына да сараптама жасауы мүмкін.

Мысалы - көптеген әуекомпаниялары контаркт қызметкерлерін пайдалану арқылы олқылық дағдыларын жояды, «аутсорсинг» өзінің белгілі бір жұмыс бөлігін жеткізушілермен немесе кеңесшілер арқылы жояды. Мұндай «мобильді» қызметкерлерді тарту тұрақты қызметкерлерді тартумен бірдей маңызды.

Адам ресурстарын анықтау табысқа жетудің маңызды факторы

Адам ресурстары аудитін пайдаланумен қатар олқылықтарды анықтау үшін егер олар бар болса, стратегиялық табысқа жетуде маңызды қызметкерлер немесе қызметкерлер тобы пайдаланылуы мүмкін. Бұл адамдар ұйымның табысқа жетуіне бұдан бұрын ықпал етуі мүмкін, және қолданыстағы құрылымдар солардың маңайында топтастырылуы мүмкін.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- ұйымдарына адам ресурстары аудитінің қай түрі қолданылады?
- Адам ресурстары олқылықтары деген не және ол олқылықтар ұйымдарымен қалай шешілуі мүмкін?
- Адам ресурстары аудиті нені сараптайтынын түсіндіріңдер.
- ұйымдарына қатысты адам ресурстары аудитінің потенциалды қандай қиындықтары бар екенін қарастырыңдар.
- Адам ресурстарының салыстырмалы сараптамасы деген не және бұл әдісті қай уақытта қолдана алады?
- Табысқа жетудің қандай факторлары маңызды?

Кей ұйымдарда табысқа жетудің маңызды адам ресурстары болып директорлар кеңесі табылады, ол компанияға стратегиялық бағыт береді. Басқа жағдайда, олар зерттеулер мен талдауларда, болашақтағы табыстың кепілі- жаңа өнімдерді жасауда болуы мүмкін. Маркетингтің кейбір қызметкерлері немесе операциялық менеджерлері кей кәсіпорындарды шешуші маңызға ие болуы мүмкін.

Мысалы, кейбір туроператорларда турлардағы жедел аспектілерді басқаруға жергілікті білім мен тағайындау саласының тәжірибесі мен жеке жеткізушілерді енгізуі мүмкін. Дәл осылай, шараларды ұйымдастыру, мысалы, концерттер немесе фестивальдерді ұйымдастыру, бірқатар біліктілігі бар жоғары кәсіби мамандарды, атап айтқанда, жарықтандыру мен дыбыс режиссерлері, режиссерлерін қоса алуы мүмкін.

Бұл ретте білім мен тәжірибелер шешуші тұлғаларда болуы мүмкін, оларды кенеттен жоғалту компания үшін оперативті мәселелерге әкелуі мүмкін. Тәжірибе базасы мен оқыту процедурасын кеңейту үшін жақсы басқарылатын компаниялар мұндай қатерді процедураларды құжаттау, қызметкерлер ротациясының көмегімен төмендете алады.

НЕГІЗГІ ТҮСІНІК

Табыстың маңызды факторлары

Әдетте, саладағы басым орындаушылар қазіргі уақыттағыдай бағытта ұстанатындай жағдай болады. Мұндай табыстың шешуші себептері табыстың шешуші факторлары (ТШФ) болып табылады. Кей компанияларда кәсіби қызметкерлер міндетті түрде болады, олардың қатарында кәсіби қаржыгерлер, өнімді жасау бойынша мамандар

немесе клиенттерге қызмет көрсетудың ерекше деңгейін алға тартатын іріктелген және оқытылған қызметкерлер бар. Мұндайда ТШФ болып адам ресурстары табылады. ТШФ өзге кәсіпорындарында бірегей жағдай, бренда имиджі, қызығарлық репутация, заңмен қорғалатын патент немесе лицензия немесе бірегей өндірістік процесс немесе технология болады. Бұл ұйымның өзге бөліктері мәнсіз деген сөз емес, тек ТШФ табыстың шешуші салдары екенін білдіреді.

Бәсекелестік стратегияға қатысты ТШФ жету ол оның қорғанышы - кей жағдайларда кез келген жолмен. Әдетте, ол басымдық сақталатынына кепілдік беру үшін немесе бәсекелестер осындай басымдыққа ие бола алмайтындай «жабылу» формасын қабылдайды. Егер ТШФ адам ресурстарының формасы қаржылық стимулдарды ұсынудың келісілген механизмдерін алған тартса, оның компаниядан кетуінің ұзақ мерзімі немесе қызметкерлер уәждемесі үшін дұрыс жұмыс ортасы қалыптасады.

Алам ресурстарының бизнестегі табысқа жетудің маңызды факторы ретінде қарастырылып Қытайдың тез дамушы Home Inns желісінде суреттелген шешуші қызметкерлерді уәждеу, оқыту және ұстап қалу шаралары қолданылады.

МЫСАЛ ТҮРІНДЕГІ ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ

Қызметкерлері басқару және мәдениет: Қытайлық Home Inns

Солтүстік Америка мен Европаның халықаралық қонақ үй топтары Қытайдағы қонақ үйлердің жаңа жобаларын тұрақты түрде жариялайды және олар алдыңғы қатарлы қытайлық қалалардың арасында лайықты орын алады. Соның өзінде, Қытаймен бақыланатын қонақ үй сауда маркалары осы үлкен, тез дамитын нарықтағы үстемдікке ие. Нарық «бюджет» сегментінде жоғары бәсекеге ие, (Чан мен Ни есептейді, 2011), алайда қонақ үй топтары, атап айтқанда Jinjiag қонақ үйлері шетелдік бәсекелестер үшін жұлдызды рейтинг активінде мықты бәсекелестікті қамтамасыз етеді.

Алдыңғы қатарлы желілер таңданарлық жылдамдықпен жаңа активтер құрады, бірақ 2013 жылы отельдердің ірі желісі (по www.tophotelchains.com), шамамен 850 актив, Шанхайдағы Home Inns компаниясы ие болды, содан кейін:

- Jinjiang Inns (400) және Jinjiang Отельдері (346)
- 7 Days Inn (658)

- Отели Green Tree (600)
- The Lodging Group және олардың бренді Hanting Inns & Hotels (580).

Home Inns, мысалы, Қытайдағы ең ірі әлеуетті нарықтың: ішкі туризмнің есігін қақты. Кәдімгі стильдегі Home Inn қарапайым болып келеді, бірақ ол бірегей және сөзсіз сүйкімді. «Оның көпқабатты ғимараттары ашық-сары экстерьер түрінде болады, олар халық көп шоғырланған жерлерде көзге бірден шалынады. Ашық түстер сондай-ақ интерьерде де қолданылады: алқызыл және сарғыш қабырғалар жайлы және ыңғайлы атмосфераны қалыптастырады» (Чжан және басқалар, 2013.).

Өзінің жұмысында Чжан және *басқалар*. (2013) ТШФ бойынша академиялық әдебиетті талқылайды және солардың зерттеме Home Inns жағдайында солардың ТШФ қатыстық зерттемесіне ұқсатуға тырысады. (мұндайда Авсикурт және *қос.авт*. зерттеулерімен салыстыру арқылы, 2011 ТШФ түрік отелі контексінде).

Өзге ТШФ біріздендірілсе де, табыстың анықталған екі шешуші факторы адамдармен және мәдениетпен байланысты. Компания басшысы Дэвид Санның айтуынша, адамдар бизнесте табысқа жету үшін орталық рольді ойнайды, «дизайн, концепция, және тіпті стратегиялар мен әдістер ұйым ядросы ретінде –адамдар- дәл сол тәртіпте дубляждала алмағанда, өзгелер арқылы ол жеңіл көшірілуі мүмкін» (Чжан мен *басқ*. 2013).

Қызметкерлер үшін оқуға және дамуға мүмкіндік алу жайлы корпоративті мәдениетпен бірге, сақталуға ықпал етті және 25 пайызға дейін кадрлар тұрақсыздығының төмен деңгейін салыстыруға алып келді. Өзінің бастапқы дамуында Шанхайдың Home Inns білім алу институтында орналасқан Home Inns оқу мен даму бағдарламасы құрылды.

3-6 күн ішінде бөлімшелердің жаңа қызметкерлері менеджер деңгейіне дейін көтеріле алады. Мәдениет, аталған термин сияқты, көретін немесе қолға ұстайтындай болмайды, бірақ клиенттер үшін де, қызметкерлер үшін де мықты, көзге көрінбейтін күш болып табылады. Home Inns клиенттер және қызметкерлер үшін үй жайлылығындай жағдай туғызуға жазбаша түрде уәде беруге ықпал етеді және қызметкерлердің мықты ниеттестігін қамтамасыз ететін сияқты. Басшылардың барлық деңгейінен бастап байланыстағы қызметкерлеріне дейін, Home Inns адамдары қол жетімді және жеңіл қарым-қатынаста болады, және көптеген қызметкерлер компанияның ұқыпты қарауы жөнінде айтады.

Дэвид Санның айтуынша: «Өте қарапайым идея – егер сіздер осы адамдарды ұстап қалғыңыз келсе, оларға жақсы қараңыз, жақсы орта қалыптастырыңыз және олардың карьералық өсу жолын анық етіңіз. Біз қатарда болу сезімін тудырамыз, біз өзіміздің қызметкерлерді сыйлаймыз, және біз үйлесімді қозғалыстамыз. Қызметкерлер қуанышты болғанда, олар қалады. Оның бір мысалы ретінде қызметкерлер үшін жасалатын тегін тамақтану мен баспанамен қамтылу болып табылады, өйткені Шанхай сияқты атақты қалаларда үй қымбат, ал қызметкерлердің көпшілігі басқа қаладан келгендіктен, бұл өте тиімді. *Чжан және тб., 2013. www.tophotelchains.com; и* www.phx.corporate-ir.net

Сұрақтар

1. *Табыстың маңызды факторы* дегеннің астарында не жатқанын түсіндіріңдер және бұл жағдайда табыстың қандай факторлары бар екенін анықтаңдар.
2. Қытайдың ұлғаюына орай Қытайлық Home Inns адам ресурстарына қатысты қандай мәселелермен бетпе-бет келеді?

Ұйымдық мәдениет

Мәдениет деген не?

Мәдениет адам тұлғасының ұйымдық баламасы болып табылады. Адам тұлғасы жағдайында да ұйымдық мәдениетті түсіндіру және анықтау қиын болуы мүмкін, демек , оның түрлі анықтамалары бар.

Ральф Стейси (2010) бір анықтама береді.

АНЫҚТАМА/СӨЗДӘЙЕКТЕР

Ұйымдастыру мәдениеті

Кез келген адамдар топтарының келу жолы және бірге жұмыс істеуде бір-бірімен бөлісуге келген олардың мәдениеті, дінге сенуі, дәстүрлер, тәжірибе мен ойлау қабылеті. Бұл адамдар қабылдайтын, бір-бірімен өзара байланыста болатын болжамдардың жиынтығы болып табылады. Адамдар топтарының мәдениетінің көзге көрінетін деңгейі өзін ұстау, символдар, мифтер, тарих, дыбыстар мен артефактілер түрінде болады.

Стейси (2010) Басқару бойынша алдыңғы қатарлы жазушы Чарльз Хэндидің айтуынша, мәдениетті анықтауда пайда болатын қиындықтар нақты анықтала алмайды немесе ол «қабылданатын, сезілетін бір нәрселер» (Хэнди, 1996).

Хэнди атап көрсеткендей, ұйымдық мәдениет түрлі ұйымдарда әр түрлі болуы мүмкін.

Ұйымдар әлемнің ұлттары мен қоғамдары сияқты өзгеше және әр түрлі. Олар түрлі мәдениетке ие - құндылық жиынтығы мен нормалар және болжамдар-түрлі құрылымдар мен жүйелердің бейнесі. Мәдениет өткен мен болашақтың оқиғаларына, жұмыс әдісіне, мақсаттар мен оларға жұмыс істейтін адамдарға әсер етеді (Хэнди, 1996).

Мәдениет, ұйымның «сезімдері» көзқарасы немесе оның «характері» ретінде түсіндіріледі немесе оларды кейде «біз осы жерде жасайтын заттардың әдісі» деп атайды.

Анықтамалар біршама қолжетімсіз болуы мүмкін, бірақ ұйымдар мәдениетінің мәні оған кездескен әр сәтте оны «сезуге» болатынын білдіреді.

Стратегиялық көзқарастың маңызды сәті болып ұйымдар белгілі бір мәдениетке ие екенін және ұйым жұмысының тиімділігіне әсер ететінін білдіреді. Демек, менеджерлері өз ұйымының деңгейін және оның ұйым қызметіне әсерін (оң және теріс) көтеруге тырысу керек. Менеджерлер кейін өнімділікті көтеру мақсатында озық мәдениет арқылы өзгеруге бастайтын бағдарламаны жүзеге асыру шараларын қабылдау керек. Ұйымдастыру мәдениетіне қатысты міндеттер қолданылды, зерттеулер жүргізілді және барлық бөліктердегі стратегиялық салдары қарастырылды. Мысалы, Гетц және т.б. (2010); Цанг (2011); және Чен мен *т.б.*. қараңыз (2012). Ұйымдар адамдар сияқты жеке болып келеді, қанша ұйым бар болса, сонша мәдениет бар- олардың әрбірі бірегей. Алайда, бұл ұйымдастыру мәдениетінің арасындағы жалпы шекарасын анықтай алмайтынымызды білдірмейді.

Мәдениетті анықтаушылар

Мәдениеттің белгілі бір түріне ие ұйымдардың қатысы, адамның даралығының себебін анықтау күрделі мәселе. Ол көптеген болуы мүмкін әсерлерге ие, оның салдары белгілі бір уақыт аралығында мәдениетті жасайды. Кез келген тізім толық болуы мүмкін, бірақ төменде маңызды себептері көрсетілген.

- Ұйымның негізін салу философиясы оның жасына қатысты
- Бизнес қызметінің сипаты мен сала сипаты, оның бәсекесіне қатысты.

• Жеке дара қатынастар сипаты мен өндірістік немесе қызметкерлер қатынастарының сипаты.

• Басқару стилі мен басқару түрінің механизмі, мысалы, басқару стилі самодержавиелік немесе демократиялық болады.

• Ұйым қызметі жүретін аумақтың ұлттық немесе аймақтық сипаты. Бұл өз кезегінде, дәл осылай мәдениетке ықпал ететін *күш қашықтығына* байланысты.

• Ұйым құрылымы, негізінен, оның «биіктігі» мен «ені» (13 тарауды қ).

• Ұйымның технологияға және пайдаланылатын технология түріне тәуелділігі (электрондық почтаның өсімі, мысалы, кей ұйымдардың мәдениетіне әсер етті).

Мәдениет неге маңызды?

Мәдениет маңызды, ол ұйым қызметінің барлық аспектілеріне әсер етпейді. Адамдардың тұлғалық метафорасы бізге оны түсінуге көмектеседі. Кей адамдардың даралығы олардың уәжделгенін, өткірлігін, қызықтыратынын білдіреді, олармен қызық және т.б. Өзгелер күңгірт, шаршатады, енжарлыққа және кертартпалыққа әкеледі. Бұл даралық ерекшеліктер барлық өмір аспектілеріне әсер ететін болады. Бұл ұйым «даралығына» да қатысты. Мәдениет келесі (жеткіліксіз) себептердің маңызды мәніне ие. Мәдениет әсер етуі мүмкін:

• қызметкерлердің уәждемесі;

• жұмыс беруші ретінде ұйымдардың тартымдылығын тудырады, демек, кадрлардың тұрақсыздығы;

• қызметкерлердің моральдық рухы мен «еркін еркі»;

• өнімділік пен тиімділік;

• жұмыс сапасы;

• қызметкерлер сипаты мен еңбек қатынастары;

• жұмыс орнындағы қызметкерлердің қарым-қатынасы; сондай-ақ

• инновациялар мен шығармашылық

Осындай тізімнен кейін мәдениеттің маңызды мәнін көрсету *өте* жеңіл. Басшылықтың ұйым мәдениетін ұйымның стратегиялық бағыты ретінде де, стратегияны жүзеге асыруын да түсінгені аса маңызды. көптеген ұйымдары қолданыстағы ұйымдық мәдениеттің күшті және қатыстығын

дамытудағы шешуші маңызын мақұлдайды. Күшті мәдениеттің дамуы оған қызығушылық танытқан ұйымға қызмет көрсетудің келісілген стандартына ұмтылуға ықпал етеді, сонымен қатар клиенттер үшін сыртқы жарнама құралы ретінде ғана емес, қызметкерлер үшін іштей мақтаныш пен уәждеме сезімін тудырады. Мәдениет қысқа жарнама ұраны ретінде жинақталады, оның көпшілігі ұйымдары қарастыратын синонимге айналады, мысалы: «Енді әр адам ұша алады» (Air Asia); «Біз бұдан бетер күшті тырысамыз» (Avis); және «Ерекше Индия» (Индияның туризм Министрлігі).

Осындай ұйымдардағы, атап айтқанда географиялық шашырай орналасқан және халықаралық деңгейде жұмыс істейтін ұйымдарында ұйымдық мәдениеттің мықты сезімін құруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мықты тұрақты мәдениетті дамыту ұзақ мерзімдік уақытты құратын ұйымды табысқа жетелейді.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Мысалдарды алға тарту арқылы ұйымдық мәдениеттің астарында не жатқанын түсіндіріңіз.
- Ұйымдық мәдениеттің ұйым табысына қаншалықты маңызды екенін түсіндіріңіз.
- Қандай да бір ұйымның мәдениетін қандай факторлар анықтайтынын бағалаңыз.

Туризм мен қонақ үй бизнесі саласында жұмыс істейтін көптеген ұйымдар жылдан жылға табысқа жету үшін тұрақты режимде жұмыс істейді және осы негізде табысты мәдениетті қалыптастыруға тырысады. Алайда, шараларды ұйымдастыру секторында, бұл көбінесе олай емес, өйткені ірі спорттық шаралар, мысалы, 2016 жылғы Рио-де Жанейродағы Олимпиада ойындары- тек бір рет қабылдайтын қалаларда ұйымдастырылуы мүмкін, немесе фестивальдер қайталанатын негізде жылына бір рет қана ұйымдастырылуы мүмкін.

Дегенмен, осы шараларды табысты ұйымдастыру белгілі бір дәрежеде мереке немесе шараны табысты өткізуге ықпал ететін жұмыс күші мен волонтерлердің құрамына мықты ұйымдық мәдениетті енгізу жолымен мәнге ие бола алады. Канада, Эдмонтондағы жағдай, еріктілердің мықты жұмыс күшін тарту арқылы шаралар мен фестивальді табысты өткізудің

маңызды екенін көрсетті.

МЫСАЛ ТҮРІНДЕГІ ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ

Ерекше қалалар: Эдмонтон, Канада

«Оқиғаларға толы қалалар» санатындағылары орналасудың позитивті образын дамытудың шешуші ролі экономикалық бесенділікті арттырады және даму мен жарнама стратегиясы ортасында түрлі фестивальдер мен шараларды ұйымдастырады. Мысал ретінде, Ричардс пен Палмер (2012) былай дейді, өзін «оқиғалардың әлемдік қаласы» саналатын Австралияның Мельбурны; «оқиғаларға өте бай әлемдегі қала» деп санайтын Оңтүстік Кореяның Сеулы, «Америкадағы оқиғаларға бай қаласы» деп озық шыққан АҚШ-тың Невада штаты, Рено-Тахо аумағындағы глобалды масштаб саналады. Өзін дәл осылай жарнамалаған қалалардың арасында Канаданың Альберт провинциясындағы Эдмонтон қаласы бар, ол өзін «Канаданың фестивальдер қаласы» санайды, және өзін Монреаль мен Квебек сияқты өздеріне осындай атау берген басқа канадалық қалалармен қатар қояды, (Ричардс пен Палмер, 2012:3). Эдмонтонда шамамен миллионға жуық адам тұрса да, ол өзге ірі қала орталықтарынан белгілі бір дәрежеде оқшауланған, зерттеулер көрсеткендей, 2008 жылы ол бояуы қанық, көңілашар фетивальдерін жыл сайын өткізеді, оның қатарында Канаданың халық музыкасы фестивалі мен ірі және Солтүстік Американың ұзақ мерзімді Fringe Халықаралық театрландырылған фестивалі болып табылады. Шектеулі жарнамалық бюджетке ие басқа да қалаларда сияқты Эдмонтон белгілі бір дәрежеде еріктілердің жұмыс күшіне сенеді. 2008 жылдан фестивальдерді өткізу арқылы осы стратегияны қабылдау сәтінен бастап, халық арасында еріктілер мәдениетінің құрылуына ықпал етті. Бұл Edmonton Magical еріктілерінің армиясы арқылы мәдениетті дамытуға ықпал етеді және өзінің тәжірибелік тарихымен бөлісуге қонақтар мен тұрғындарға арналған арнайы веб-сайты бар (edmontonstories.com) *Ричардс пен Палмер (2012); www.edmonton.com, www.edmontonstories.ca*

Сұрақтар

1. Эдмонтондағыдай еріктілерді осындай оқиғаларға жетелейтін басымдығы мен қиындықтар потенциалын қарастырыңыз.
2. Эдмонтон сияқты қалалардың тиімділігі қаншалықты, ол қамтамасыз

етуде ресурстарды пайдалануға және оқиғаларды басқаруға қаншалықты қабілетті екенін қарастырыңыз.

Ұйымдық мәдениеттің табысты орталығы екі әуекомпаниясы жағдайында қарастырылған: АҚШ-тағы Southwest Airline, сондай-ақ Канададағы, WestJet. Southwest Airlines әуекомпаниясының мәдени белгілерінің ізбасары, қызметкерлерді (және тамаша) олардың жасаған істеріне қарай негіздейді. Southwest үшін бұл қарапайым теңдік: бақытты қызметкерлер = бақытты клиенттер.

МЫСАЛ ТҮРІНДЕГІ ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ

Ұйымдық мәдениет: Southwest Airlines

Southwest Airlines мәдениеті, қызметкерлерді әуекомпаниясының «бастапқы клиенттері» мен жолаушылары екіншілер түрінде Southwest Airlines табысының бөлінбейтін бөлшегі саналады. Далластағы Southwest анағұрлым өсті және 1971 жылдың бірінші күнінен қызмет көрсетуден бастап табысқа жетуді көздейді және оны мыңдаған жаңа қызметкерлерді әуекомпанияға тарту арқылы және ол өзінің мәдениетін сақтап қалуы мүмкіндігіне қатысты мәселені көтереді.

1990 жылы әуекомпаниясында штаты 8600 болса, қазір ол шамамен 46000 қызметкерге дейін өсті. Әуе компаниясы Техас штатынан тыс АҚШ-тың өзге аймақтарына да ұшты және бүгін ол 100 елді-мекенге өз қызметін ұсынады. Бұл мәселені шешуде арнайы комитет құрылды, ол жаңа қызметкерлерге ерекше назар аударады. Тұрақсыздық өсе түскендіктен, брендингтің ішкі кампаниясы Southwest беретін жұмыстағы «еркіндік» туралы қызметкерлерінің үнемі есіне салады. Әуекомпания сондай-ақ кандидаттардың келуін күтпей, жаңа талапкерлерді іздейді. Мәдениетті сақтау жолында көп жұмыс істеуге тура келеді, бірақ әуекомпания Америкада жұмыс істеу үшін үздік компаниялар тізімінде жоғары орын бағытына үнемі ұмтылады.

Southwest харизмалық негізін қалаушы және көшбасшысы, 82-жасар Херб Келлехер, компанияның корпоративті мәдениетінің ерекшелігін құру және қолдауға көп уақыты мен энергиясын жұмсады.

1971 жылы өзінің жұмысын бастаған Southwest, қазір негізгі солтүстікамерикандық

әуекомпанияларының «ізбасарлары», атап айтқанда American, United және Deltаға қарсы шығады. Бастапқыда Даллас, Сан-Антонио мен

Хьюстон арасындағы үшбұрышқа ұшу бағыттарын ұсынып, адамдар өз машиналарынан бас тартып, арзан тарифтер арқылы реактивті ұшақтарды таңдауына жол ашып, бұл тұтынушылар үшін өте тартымды және кеңінен еліктеуді туғызды. Оның бағасы төмен операциялық моделі әлемдегі көптеген әуекомпаниялары тарапынан көшіріліп алынды және соған қарай бейімделді, атап айтқанда, олар Европадағы EasyJet пен Ryanair, Азиядағы Air Asia, Tiger Airways пен Lion Airways, Африка мен Оңтүстік Америкадағы FastJet пен Gol. Әуекомпанисының негізгі ұсынысы- қос қала арасында көптеген қысқа рейстерді ұсыну, дегенмен соңғы жылдары ол ұзақ ұшуларды да ұсынды. Төмен тарифтердің бекітілуі кәсібиліктің босаңдығы мәдениетіне әкеледі, ол өз кезегінде стюардессалардың сөз қағыстыруына немесе ән айтуына әкеледі.

Southwest қызметкерлері, әуекомпанияны табысты етіп отырған не екенін түсінуге жетелейді, бұл оңтүстік-батыс бағытқа деген мақсаттың айқындығын білдіреді, және ол даму жағдайында мәдениетті жеңіл сақтауға ықпал етеді. Компания бойынша қызметкерлерге «мерекелер» ұйымдастыру ұсынылады, олар туған күн, дұғалар және басқа кезеңдер. Шығармашылыққа да мән беріледі, ол әсіресе жоғары кернеулі жұмыс орындарына көмек қажет болған жағдайда әсіресе маңызды. Клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлер жұмысқа бір күнге пижамамен келе алады. Кірісті тарату қызметкерлерді компания қызметімен байланыстырады. Southwest инфрақұрылымы бойынша, егер қызметкер жақсы бір нәрсе істесе, онда ұйымның өзге қызметкерлері ол жайында білетін болады. Southwest қызметкерлерінің өмірі компания тарихымен бірге штаб-пәтері қабырғасында көрсетілген, және «арнайы» күндері мерекелер, атап айтқанда 31 қазанда Хэллоуин атап өтіледі. Коммуникация қатыстығына байланысты 1990 жылы «Мәдениет бойынша Комитеті» құрылды, ол рухты құру, жақсарту және байытуды көздеді және комитет жергілікті мәдениет комитеттерімен барлық компания шеңберінде жүзеге асты және Southwest желілеріндегі барлық қалаларда құрылды. Өзге адамдардың ұстанған бағытына қатысты қызметкерлер басқа қиындықтарды бағалайды және адамдар да бағалайтынына орай комитет осындай және басқа формада кепілдеме беруге тырысады. Жаңа қызметкерлерге назар аудара отырып, комитет жаңа қызметкерлерді болып жатқан оқиғаларға оларды қатыстыруда және соған лайықты басшылар мен олардың карьерасының басында

тәлімгердің болуын қамтамасыз ету үшін қосылды.

Компания сондай-ақ қызметкерлерді сақтап қалуға баса назар аударады, өйткені тұрақсыздық өсіп келеді, және брендинг бойынша ішкі кампания Southwest-тегі негізгі сегіз «негізгі бостандықтарды» анықтады. Компания хабарламасында, қызметкерлер еркіндікке қол жеткізеді делінген: олар денсаулығын түзейді, саяхаттайды; оқиды және өседі; байланыста болады; қаржылық қауіпсіздікке ие; жұмыс істейді және содан ләззат алады; жақсы мәнге ие; және шығармашыл әрі инновациялы.

Түрлі газет мақалалары мен www.southwestairlines.com

Сұрақтар

1. Southwest корпоративті мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
2. Өзінің даму және өсу жолында Southwest корпоративті мәдениетті қолдауда орын алуы мүмкін қиындықтарын қарастырыңыз.

Мәдени байланыс

Мәдениет стратегияны табысты енгізуде маңызды болғандықтан, оны анықтау, түсіну және өлшеу қиын, ең бастысы, белгілі бір түсінікті қамтамасыз ететін модельді білу аса маңызды. Ұйымның мәдениетін түсінуде жиі қолданылатын тәсіл көрмені пайдалану (Джонсон, 1992). Бұл ұйымның мәдени элементтерін сызба түрінде елестету, онда біз әр элементтің парадигмаға қалай әсер еткенін көреміз (4.3 суретін қараңыз). Әр компонент өзара байланысты және ұйымның жалпы мәдени парадигмасына әсер етеді.

НЕГІЗГІ ТҮСІНІК

Парадигма

Парадигма бұл дүниетаным – бұл әлемді көру тәсілі. Ол адамдар жасайтын болжам арқылы және терең қалыптастан көзқарастарынан көрінеді. Ұйымның парадигмасы немесе ұлттық мәдениеті үлкен маңызға ие, өйткені ол осы жағдайда өзін қалай ұстау керектігін анықтайды. Қарапайым моральдық диллемаларды немесе осы тәріздес таңдауды ескеріп, бір елде немесе бір мәдениетте өмір сүретін адамның

парадигмасы, басқа елде және басқа мәдениетте өмір сүретін адамға қарағанда, оны түрлі шешім шығаруға жетелейді. Бір мәдениет арқылы бір парадигманы қабылдау және басқа мәдениетті қолдау оның мәдени байланысында жатқанын білдіреді.



Figure 4.3 The cultural web (adapted from Johnson, 1992)

Тарихтар, символдар, күш құрылымы, ұйымдық құрылым, бақылау жүйесі, күнделікті қайталанатын құбылыстар пен салттар, парадигма.

4.3 сурет Мәдени байланыс (Джонсоннан алынған, 1992)

The Paradigm	Парадигма
Stories	Тарихтар
Symbols	Символдар
Power structures	Күш құрылымы
Organizational structures	Ұйымдастырылған құрылым
Control systems	Бақылау жүйесі
Routines rituals	Күнде қайталанатын істер және салты

Желінің негізгі элементтері төменде суреттелген.
Тарихы

Тарих дегеніміз ол ұйым ішінде адамдардың бір –бірінен айтатындары, олардың ұйым жайлы жаңадан келгендерге және шығып кеткендерге айтатындары. Тарихта негізінде оқиғалар мен өткен және жаңа замандағы адамдар жайлы айтылады, белгілі жеңістер мен жеңілістер жайлы әңгімелер жиынтығы. Олар әдетте, ұйым мүшелері үшін не маңызды екенін ескереді.

Күнделікті қайталанатын құбылыстар және салттар

Ішкі бағдарлама ұйым ішіндегі жұмыстарды атқару үшін қажет амал. Олар «заттарды орындау тәсілі» түрінде тұрақты қайталанып тұрады. Күнделікті қайталанатын құбылыстар ұзақ уақытқа созылады және олар ресми және бейресми болуы мүмкін. Ресми процедуралар немесе қайталанатын құбылыстар ұйым тәжірибесінің бір бөлігі саналады, атап айтқанда, ұзақ қызметтің марапаты немесе арасына уақыт салып өткізіліп тұратын жыл сайынғы ұйымның спорттық шаралары. Бейресми процедуралар мен салттарға адамдар жыл сайынғы рождество кештерінде өзін қалай ұстайтыны, не болмаса әріптестердің жұмыстан кейін көңіл көтеруге бару-бармауы енеді.

Символдар

Бірқатар адамдарға бір нәрсені білдіретін заттар ұйымдық жұмыстардың символдық аспектілері болып саналады - алға басудың белгілі бір деңгейі, олар жүретін компания көлігі, олардың лауазымының орны, олардың лауазымы. Кей компанияларда бұл символдар ешқандай маңызға ие емес. Өзге елдерде, ол үлкен мәнге ие. Қызметкерлердің бұл символдарға деген көзқарасы бізге мәдениет жайлы сыр шертеді.

Құрылым

Ұйымның құрылымы ұйым диаграммасында көрсетілген ресми қатынастардан көбірек ақпарат береді. Бейресми құрылымдар тұлғаралық байланыстар арқылы да жұмыс істейді, олар ресми шеңберден тыс шығып кетеді. Кей ұйымдарда бейресми құрылымдар өзгелерге қарағанда жоғары дамыған.

Бақылау жүйелері

Қызмет түрі бақыланатын тәсілдер ол «қатал» немесе «еркін» болғанына

қарамастан, мәдениетпен тығыз байланысты. Ол билік дистанциясымен және ұйым айналысатын қызмет сипатымен мықты байланыста болады. Анықтаманы бақылау жүйелері берілген стандартқа кері калибрленетін өнімділік қызметіне жатады, және стандарттарды бекіту тәсілі де, өнімділік мониторингі де мәдениетке байланысты өзгереді.

Күш құрылымы

Парадигмаға қосқан үлестің негізгі жорамалы ұйымдағы басқарудың мықты топтамасынан жасалады. Бірқатар компанияларда бұл билік зерттеу бөлімінде болады, бұлар өндірістегі адамдар немесе өзге бөлімнің адамдары. Кей ұйымдарда бір немесе бірнеше топтың маңызына қатысты дау тууы мүмкін. Мәдениеттік желінің әр компоненті ұйым парадигмасына әсер етеді. Парадигма образға мәдениеттің әсерінің жиынтығын, ұйым мүшелерінің әлемге көзқарасын сипаттайды. Бұл әлемдегі аймақтарға да, ұйымдарға да қатысты. Таяу Шығыстың байырғы тұрғындарының Солтүтік-Батыс Европа елдерінің азаматтарына қарағанда әлемге көзқарасы басқа. Бұл мәдени желінің әр компонентінің ұлттық немесе аумақтық парадигмасына әсерінің өзгешелігіне байланысты.

МЫСАЛ ТҮРІНДЕГІ ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ

WestJet мәдени желісін қолдану

WestJet 1996 жылы Клайв Бедд басқаратын (төраға есебінде қалып келеді) Калгари кәсіпкерлерінің командасымен құрылған бес қалаға үш ұшақпен рейс жасайтын батыс канадалық аумақтың тасымалдаушысы саналады. Бүгін әуекомпания кесте бойынша (Канадада үлкендігімен екінші орында) Канада, Америка Құрама Штаттары, Мексика және Кариб бассейндеріне, жалпы 70 елді-мекенге қызмет көрсетеді, оның Boeing 737 сериялы «Next Generation» 100-ден астам ұшағы мен заманауи паркі бар.

Әуе компаниясының штаб-пәтері басты орталық саналатын Калгарида орналасқан, дегенмен Торонто (мұнда әуекомпаниясы қаржы биржасында баға белгілейді) әуекомпанияның ірі хабы болып қалып отыр.

WestJet бизнес-модельдің төмен бағасына негізделген, Құрама Штаттарындағы бастамашылығы Southwest Airlines пен Air Morris. Оның бастапқы маршруттары Батыс Канада болды, ұшақ соған орай аталды. 2012 жылы WestJet 17 миллионнан астам жолаушыны тасымалдады.

Тарихы

• 1996 жылдың басында қолданыста болған Boeing 737 үш ұшағы.

• Жоғары басшылықта ерте орын алған түрлі өзгерістер

• Жұмысы жақсы жолға қойылған Air Canada әуе компаниясының «мұрагері», кейін 2001 жылы канадалық Airlines сатып алғаннан кейін өзінің үстемдігін бекітті (ол кезде №2 Канада әуе компаниясы) .

• Өзге арзан әуе компаниялардан үйренгені және Солтүстік Америка әуе тасымалының мүмкіндіктерін пайдалануы.

Символдары

• Әуе кемесінің белгілі бір бөліктеріндегі жазуларды есепке алмағанда, ұшақтар тек ақ түске боялған.

• Калгаридағы штаб-пәтері көшбасшылықтың энергетика және экологиялық дизайн бағдарламасының (ЭЭДБ) алтын сертификатына ие болды.

• Көптеген наградалардың иегері: Канададағы Waterstones зерттеулерінің бірінші орнынан үміткер, төрт жыл бойы ең сыйлы 10 корпоративті мәдениеттің мүшесі және 2010 жылы Даңқ Залына енгізілген; 2011 жылы JD Power Service Champion чемпионы болып тағайындалды - Канададағы екі компанияның бірі және тізімге енген жалғыз әуе компаниясы.

Билік құрылымы

• Біріктірілмеген икемді жұмыс күші.

• Кодтарды бірігіп пайдалану туралы өзге әуекомпанияларымен бірқатар келісімдер бар, бірақ кейбірі авиациялық альянстың мүшесі емес.

• Қызметкерлердің 85 пайызы «Иегерлер қамқорлығы» жарнама слоганын ойлап тапқан акционерлер.

• Бас кеңсесі мықты ниеттестік тудырған канадалық орталықта орналасқан.

Ұйымдық құрылым

• Кейбір шешуші бизнес аутсорсингі - қызметі, мысалы, ірі қалаларда жергілікті жеткізушілер тарапынан ұшақтар қуатталады.

• Бірлесе жұмыс істеуге басымдық беріледі және «WestJetters» (қызметкерлер) бизнесінің табысына үлес қосу: «Иегерлер қамқорлығы»

- біздің ұшақтар сіздерді өз орындарыңызға жеткізетініне сенімдіміз, сіздерді сонда жеткізетін олар шынында да, біздің адамдар» (www.westjet.com).

• Қызметкер өкілі директорлар Кеңесінде отыр.

• Атқарушы емес көптеген директорларды қоспағанда, төраға тарапынан және тәжірибелі директорлар кеңесінен мықты басшылық.

Бақылау жүйесі

• Бір және бір типті әуе кемесінің операциялық нұқсасы масштабының үнемі

• WestJet желілері мен 30 әлемдің әріптес-әуекомпаниялары аралығындағы мол мүмкіндіктерге қосылу.

• Бюджетті қатаң сақтау, тікелей көрсеткіштерді тұрақтандыру және «арзан» модельдерді тасымалдау.

• Үлестік салым жолымен WestJetters уәждемесі, жалақының бәсекелестік сызбасының деңгейі және тағы басқа төлемақылар.

Салттар мен рәсімдер

• Алаңсыз қарым-қатынас. 1 сәуір күні ақымақтар Күні шеңберінде «қалжың» баспасөз-релиздерін шығару – төбе науаларында «жатын кабиналарды» енгізу.

• Қоғамдастық инвестициясының мықты этосы, экологиялық бастамалары мен компания және оның 9000 WestJetters тарапынан демеушілігі.

• Қызметкерлер «иегерлер» сияқты: «Біз» иегерден бастап лауазымдар қатарын толтырудан үміттіміз».

Парадигма

• Ақшаның мәні

• WestJetter мүддесі компания мүддесіне сай.

• Жауапкершілікпен өсім – қоршаған ортаға, қауымдастыққа және қызығушылық танытқан тараптарға.

www.westjet.com және түрлі баспасөз-көздері

Сұрақтар

1. Құру жолымен қандай мақсат қойылатынын қарастырыңыз.

2. Westjet компаниясы сияқтылармен *мәдени байланыс*, және олар менеджерлер тарапынан қалай пайдаланылады.

3. Өзіңіз білетін ұйымын қарастырыңыз және оған *мәдени байланыс* сараптамасын қолданыңыз.

Мәдени тұрпаттамасы

Ұйымдастыру теориясының бірқатар авторлары мәдениеттер түрлерін топтастырғысы келді. *Типологияның* осындай әрекеттерінен шығатын қорытынды, егер ұйымдар өзінің мәдениетін түріне қарай сипаттап бере алса, онда ол стратегиялық сипаттаманы бере алады. Біз түрлі контекстегі ұйымдарына пайдалы болатын осы үш әрекетті қарастырамыз.

Хэнди мәдениетінің түрлері

Ықпалды жазушы Чарльз Хэнди (1996) ұйымдық мәдениетті төрт негізгі түрге бөлуге болады деді: күштік мәдениет, рольдік мәдениет, топтар мәдениеті және адам мәдениеті.

Күштік мәдениет

Бұл ұйымда аса пәрменді тұлға немесе пәрменді кішігірім топ басым болады. Ол кәсіпкерлік сезімталдық нәтижесінде өскен ұйымды білдіреді.

Стратегиялық шешімдер мен көптеген жедел шешімдер басшылықпен қабылданған, және кей шешімдер өзге менеджерлерге беріледі. Ұйым пәрменді тұлғаның қабілетіне байланысты болғандықтан, ұйымның қабілеті қоршаған ортадағы өзгеріске қарай жауап береді, кейде басшымен шектеледі. Күштік мәдениет шағын кәсіпкерлік (иегері басшылық ететін) компанияларда, ал кейбір көзге ілінген ірі ұйымдарда харизмалы көшбасшымен таралады.

Роль мәдениеті

Мәдениеттің бұл түрі қалыптасқан көптеген ұйымдарда кездеседі, олар тұрақты жағдайда дәстүрлі түрде қолданылады. Олар иерархиялық үрдісте болады және қалыптасқан процедуралар, жүйелер мен үлгілі істерге сенім артады. Олар өзгерістерге өте баяу әрекет етеді, өйткені есеп механизмдері арқылы өзгерістерді мойындауға уақыт қажет болады. Баяу қарастыру мен шешімдерді қабылдау процесінде де кідірістер

болады. Мәдениеттің ролі дәстүрлі бюрократияда, атап айтқанда азаматтық қызметте кездеседі. Рольдік мәдениеттегі басшылықтың міндеті процедураны басқару болып табылады. Әдетте, басқарудың бір орталықтан жүргізілмеуі орын алғанда, ұйым ережелермен және бекітілген процедуралармен басқарылады.

Мәдениет есебі

Мәдениет есебі қайталанбайтын сипаттағы, жоғары қаржылық баға, бір реттік есеппен жүретін ұйымдардың қызметін білдіреді. Олардың қызметі, әдетте, жобаны аяқтау үшін қажет, негізгі пәндер саласында тәжірибесі бар пән аралық икемді топтарға негізделеді. Командалар, әдетте, шағын, бірақ икемделу және теңесу үшін жеңіл өзгереді.

Стратегиялық жобалау қойылған міндеттерге қарай топтасуға негізделген. Олардың атауына орай, мәдениет есебін нақты тапсырмаларды орындауға лайықталған ұйымдардан табуға болады. Ірі құрылыс жобаларында жұмыс істейтін консорциумдар есеп мәдениетін алға тарта алады, олар дамушы елдердегі медициналық жобаларда бірге жұмыс істейтін команда миссиясы бола алады.

Тұлғалық мәдениет

Тұлға мәдениеті алдымен мүшелердің өздерінің мүддесіне жұмыс істейді,

демек, олар коммерциялық кәсіпорындарда, ұйымдарда сирек кездесетін оқиғалар тенденциясы бола алады. Олар өзге мәдениеттерге түрлі «сезімде» болуы мүмкін, өйткені ұйымның барлық мүшесі өзі үшін және басқа мүшелер үшін жұмыс істейді. Оларды ғылыми кәсіби қоғамдарда, кәсіподақтарда, кооперацияларда, кейде діни ұйымдарда кездестіруге болады. Шынында да, кей ұйымдар бір ғана классификацияда бола алады, және олар екі немесе одан да көп элементтерді білдіреді. Кейбір әртараптандырылған ұйымдардың бөлімшелері болады, олар барлық категорияға жатады, сондай-ақ мәдениет те уақыттың өтуімен өзгеріске ұшырайды. Көпшілігі энергетикалық мәдениет түрінде болады, содан кейін өлшемінің ұлғаюына қарай олар рольдік мәдениетке ұмтылады.

НЕГІЗГІ ТҮСІНІК

Билік қашықтығы

Термин алыстағы бағынушылардың өз басшылығынан «қашықтық» сөзінің әлеуметтік мәнін қаншалықты түсінетінін сипаттау үшін қолданылады. Жоғары қуатты қашықтық мәдениетінде теңсіздік қабылданады. Төмен мәдениетте билік қашықтығы, теңсіздік және статустың айқын символдары минимумға түседі және бағынушылар кеңестер беруге және қол жетімді менеджерлермен бірлесіп шешім қабылдауға сенім артады. Мәдениеттің төрт түрін мақсатты бағалауда үш критерий қолданылады. Егер басым мәдениет анықталса, онда:

- стратегияны қалыптастыру ұйғарылған немесе қалыптасқан формалармен келісіледі;
- ұйым үшін бәсекелестік басымдықты қамтамасыз етеді;
- стратегиялық өзгерістерді жеңуге болады.

Дегенмен, мәдениеттің негізгі төрт түрін бағалауда үш маңызды түсінікті білу керек:

1. ұйымдар уақыт өтісімен өзгереді;
2. бір ұйымда мәдениеттің бірнеше түрі немесе вариациясы болады.
3. түрлі мәдениеттер штаб-пәтер мен компаниялардың меншігінің басым болуына байланысты.

Майлз бен Сноу мәдениетінің түрлері

Өзінің пайда болу сәтінен, Майлз бен Сноу алға тартқан мәдени типтердің типологиясы (1978), ғылыми әдебиетте кең қолданылады және дәйектеледі. (қараңыз, мысалы, Десарбо және *басқа*., 2005). Майлз бен Сноу әдетте, стратегиялық жоспарға бейімделетін мәдениеттің төрт түрін жіктеді.

Қорғаушылар

Бұл ұйымдар, әдетте, шығындарды төмендету мен мамандану арқылы тауашалы нарықтағы бәсекелестікке ұмтылады. Олар, әдетте, тұрақты дамушы нарықта жұмыс істейді, және олардың атауына орай, қызмет сапасын көтеру немесе шығындарды ары қарай үнемдеу арқылы нарықтағы ағымдық үлесін қорғайды. Сондықтан қорғаушылар, әдетте, басқарудың қатаң жүйесі мен басқарудың иерархиялық құрылымына ие болады, олар кенеттен болатын өзгерістерді пайдаланбайды.

Ынталылар

Бұл ұйымдар нарыққа жаңа өнімдерді жасап шығару және ендіру есебін пайдаланады. Олар өз өнімін өткізу үшін жаңа нарықты белсенді түрде іздейді. Бұл стратегиялар ұйымнан қоршаған ортаны қорғауды және орын алуы мүмкін өзгерістерге дайын болуға және тез әрекет етуді үнемі талап етеді. Осыған орай олар орталықсызданады және икемді болады.

Анализаторлар

Бұл ұйымдар табиғатынан «сатылық» және консервативті болады. Нарыққа ену есебінен тұрақты өсу құрылымдағы радикалды өзгерістерсіз қол жеткізуге болатын мақұлданған нұсқа саналады. Жаңа нарық пен өнімге көшу мұқият берілген баға мен нарықты зерттеуден кейін болады. Олар өзгелердің қателіктерінен сабақ алады, және әдетте, билікті орталық пен басқарудың күрделі жүйелерінің бөлімшелері арасын теңгерімдейді.

Реакторлар

Реакторлар, анализаторларға ұқсайды, олар жаңашылдық енгізуді емес, ілесу тенденциясын ұстанады. Олар анализаторлардан кертартпалығының аздығымен ерекшеленеді және өз әректеттерінің салдарын толық есепке алмай, өздерін ырықсыздандырады. Мұндай ұйымдарда бақылаудың тиісті жүйесі болмайды, олар әдетте, әлсіз, бірақ басым көшбасшылыққа ие болады. Майлз бен Сноу ұсынған мәдениеттің төрт түрі және стратегиялық салдары төмендегі 4.3. кестесінде көрсетілген.

Хофстед жұмысына негізделген қиылыспа мәдениеттердің айырмашылығы

Голландтық ықпалды профессор Хофстед ұйымдық мәдениет саласын зерттеуші. Оның қиылысқан мәдениет зерттеулері маңызды ұлттық және аумақтық мәдени топтардың бар екенін көрсетті. Бұл топтардың маңызы олардың ұйымдарды (және жалпы қоғамды) дамытуға әсер етуінде жатыр. табиғатында халықаралық бағытты ұстанады, шекара арқылы жұмыс істейтін ұйымдармен және түрлі мәдени контексте жұмыс істейтін ұйымдармен байланысты. Демек, бұл секторлардың жетекшілері ұлттық мәдениеттің әсерін және стратегияны табысты жүзеге асырудағы айырмашылық ықпалын түсінетін болғаны маңызды.

АНЫҚТАМА / СӨЗДӘЙЕКТЕР

Ұлттық мәдениет

Ұлттық мәдениеттің келісілген бірде бір анықтамасы жоқ, бірақ Хофстед (1980) үшін бар. ол:

Ақыл-ойды ұжымдық бағдарлау, бір адамдар тобының мүшелерін өзге адамдардан айырады. Мәдениет, бұл ретте, құндылық жүйесін, сондай-ақ мәдениеттің құрылыс блоктарының құндылықтарын іске қосады.

4.3 Кестесі. Майлз бен Сноу типологиясының стратегиялық қатыстығының қысқаша мазмұны

Table 4.3 Summary of the strategic implications of Miles and Snow's typology

Cultural type	Strategic implications	Environmental conditions	Organizational characteristics
Defenders	Hold on to current market position Retrench	Stable	Tight control Centralized Operational efficiency Low overheads
Prospectors	Innovate Find new market opportunities Grow Take Risks	Dynamic and growing	Creative Innovative Flexible Decentralized
Analyser	Maintain current market with moderate innovation	Moderate change	Tight control and flexibility Efficient operations Creativity
Reactors	No clear strategy React to specific conditions Drift	Any condition	No clear organizational approach Depends on current needs

Cultural type	Мәдени тип
Strategic implications	Стратегиялық салдарлар
Environmental conditions	Қоршаған орта шарттары
Organizational characteristics	Ұйымдық сипаттамасы
Defenders	Қорғаушылар

Hold on to current market position	Ағымдық нарықтық бағытын ұстанады
Retrench	Қысқарту
Stable	Тұрақты
Tight control Centralized	Мұқият бақылау
Operational efficiency	орталықтандырылған
Low overheads	Операциялық тиімділік
	Төмен құжат шығындары
Prospectors	Ынталылар
Innovate	Жаңашылдық
Find new market opportunities	Жаңа нарықтық мүмкіндіктерді іздеу
Grow	Өсім
Take Risks	Қатерлер
Dynamic and growing	Динамикалық және өскен
Creative Innovative Flexible	Шығармашыл инновациялы
Decentralized	ізетті орталықсызданған
Analyser	Анализаторлар
Maintain current market with moderate innovation	Қалыпты инновациялы ағымдық нарыққа ену
Moderate change	Қалыпты өзгеріс
Tight control and flexibility	Мұқият бақылау мен икемділік
Efficient operations	Тиімді операциялар
Creativity	Шығармашылдық
Reactors	Реакторлар
No clear strategy	Нақты стратегиясыз
React to specific conditions Drift	Дрифттің нақты шарттарына көзқарас
Any condition	Кез келген шарттар
No clear organizational approach	Нақты ұйымдық қадам жасалмаған
Depends on current needs	Ағымдық қажеттілікке байланысты

Олардың кейбірі әдістемелік негіздегі Хофстедтің еңбегін сынға алды, өйткені оның жұмысы компания қызметкерлерінің үлгісінде жасалды, ол IBM-да жұмыс істеді. Мысалы, Максуинидің (2002) сына сараптамасы және Уильямсонның (2002) шолуы. Сонымен қатар ұлттық мәдениеттер уақыт озған сайын өзгеруі мүмкін; елдердің ішіндегі аумақтық және этникалық айырмашылықтары ұлттық потенциалды стереотиптерге әкеледі.

Дегенмен, оның жұмысы кең көлемде әңгімеленді, өзгелермен бейімделді және нақты жағдайларда қолданылды. Хофстед түсінігі және өзгелері қиылысқан мәдени зерттеулерге әлемнің әр түпкіріндегі басшылар мен қызметкерлер әр түрлі ойлап, әр түрлі әрекет ету себебін түсіну үшін қолданылды. Хофстед жұмысын және өзгелерді негізге алып, Хиксон мен Пуг (2003) әлемнің әр түпкіріндегі басқару және ұйымдастыру өзгерістерін қарастырған кезде, әлем бойынша сараптама саяхатын қамтамасыз етті. Мұндайда олар басқарудағы өзгешеліктерді айырады: «Ағылшындықтар»; «Латындықр»; «Солтүстік европалықтар»; «Шығыс және Орталық Европа»; «Азиаттар»; «Таяу Шығыс Арабтары»; және «Дамушы елдер».

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Мәдени желілер дегенді түсіндіріңіз және контексінде қолданылатын оның компоненттерін сипаттаңыз.
- Күш қашықтығы мен парадигма терминдары астарында не жатқанын түсіндіріңіз.
- Хэнди, Майлз бен Сноу мәдениетінің типлогиясын сипаттаңыз және ұйымдары үшін түсініктің пайдасын бағалаңыз.
- Хофстед жұмыстарын түсіну . Ұйымдарында жұмыс істейтін халықаралық менеджерлері үшін неліктен маңызды екенін түсіндіріңіз.

Райзингер мен Кротс (2010) Хофстед зерттеулерін игерген сегіз елдің туристерінің (Австралия, Греция, Біріккен Корольдік, Құрама Штаттар, Қытай, Индонезия, Малайзия мен Сингапур), таңдауына сүйеніп Хофстедтің сараптамасын туризм үшін әдейі пайдаланады. Нәтижелер көрсеткендей Хофстедтің ұлттық мәдени шараларын қолдау, олардың зерттеулері мен Хофстед жұмысының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көрсетеді. Бұл шешім түрлі елден келушілердің

орталық тенденциясының шаралары есебінде Хофстеда өлшемдерін сенімді қолдауды қамтамасыз етеді.

Райзингер мен Кротс (2010) сондай-ақ бес мәдени аспект бойынша респонденттердің контрастілі мәнінің графикасын анықтайды, ол ұлттар арасындағы айырмашылық ұлттар өзгерістері арасындағы салыстырулардың айырмашылығын көрсетеді , бұл елдерде субмәдениет бар екенін білдіреді. Сараптама сондай-ақ халықаралық аумақтарды да анықтайды,олар бір-бірін жақындастырады, бұл ұлттық мәдени айырмашылықтар ұлттық шектеумен аяқталмайтынын білдіреді.

Хофстед көбінесе өзінің «мәдени өлшемдер теориясы» арқылы танымал, оған 4.4. кестесінде қарастырылған бес өлшемдер енеді. Егер стратегиялық ұғым Хофстедтің жұмыстарының жалпы нәтижесінде құрылатын болса, онда *-да* жұмыс істейтін менеджерлер өзінің стратегиялық жоспарын жасау мен жүзеге асыруда осыны ескергені жөн.

Бұл ұғымдарға мыналар енеді:

Ұлттық нарықтың бірінде жұмыс істейтін ұйымдар үшін:

Қызметкерлер түрлі елдерден және түрлі мәдениеттен бола алады.

4.4 Кестесі Хофстед өлшемдеріне мәдени шолу

Table 4.4 Summary of Hofstede's cultural dimensions

Cultural dimension	Description	Findings
Power Distance	Extent to which the poorest in society are willing to accept their position or countries in which inequalities are less acceptable	Countries such as Panama, Malaysia and Venezuela were found to accept such inequalities, whereas countries such as Ireland, Israel, Denmark and Sweden found inequalities less acceptable.
Individualism/ collectivism	Extent to which countries are collections of individuals or are bound together as a cohesive whole	The more individual countries included USA, UK, Australia and Netherlands whereas South American countries tended more towards collectivism.
Masculinity versus femininity	Extent to which countries are placed on a spectrum from masculinity to femininity	In male cultures there is a sharp distinction between genders with males expected to emphasize work, power and wealth. In female cultures there is more equality. Japan, Austria and Italy tended towards greater masculinity whereas countries such as Sweden, Netherlands and Finland are more feminine.
Uncertainty avoidance	Extent to which members of a culture feel threatened by the unknown	In countries where uncertainty avoidance is weak people are willing to embrace uncertainty and ambiguous situations: precision and punctuality for meetings for instance were useful but not essential. These countries included Singapore, Denmark, Jamaica and Hong Kong. On the other hand, in strong uncertainty avoidance countries people appear to need certainty, planning and order. These cultures included those in Japan, Portugal, Greece and Belgium.
- *Ұзақ мерзім* – еске сақтау керек, корпоративтік есепте қаржылық ақпарат ұзақ уақыт бойы дайындалады және есепте көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін үш ай мерзімге дейін жарияланады. Алайда, ұзақ мерзімді қамтыған ақпарат бұрынғы қызметті бағалау үшін пайдаланылу мүкін, болашақтағы нәтижелерді болжауға пайдалану үшін шектеу қойылуы мүмкін. Балансты есеп қаржылық жағдай ағымдағы кезге келетінін көрсетеді (жыл соңына). Онда (P & Lкомпаниясынан айырмашылықта) жыл бойындағы сату қорытындысы жасалмайды,жыл соңынан кейін оның мәні тез өзгеруі мүмкін. Осы әлеуетті мәселені болдырмау үшін әлемдегі көптеген аймақтардағы нарықта әрекет ететін компаниялар аралық есептерді алуға шешім қабылдайды, ол жарты жылдық және аудит емес, бір кезең үшін пайда және айналымын көрсетеді. Ұлыбританияда әрекет етуші компаниялар компанияның перспективаларына айтарлықтай әсер етуі мүмкін Британдық қор биржасына ақпаратты беруге міндетті, Директорлар кеңесінің немесе кейбір жағдайда«пайданың құлдырауының алдын алу» өзгерістеріне әкелуә мүмкін.
- *Есепті ұсыну* – Компанияның қаржылық есебін ұсынатын қызметкерлер (бухгалтерлер) кейде жәман жағалықтарды “жасырып”, компания инвесторлары тарапынан қиындықтар болдырмай мақсатында әрекет жасайды. Олар шын мәнінде кейбір сандардың жақсы көрінуі үшін заңды қаржыны қайта құрылымдауды пайдалануға құқылы. Одан басқа, қаржылық есеп ережесіне сәйкес, көптеген кәсіпорындар бағытқа алатын, компания орналасқан елдің ережесіне сәйкес егжей-тегжейлі айырмашылыққа ие. Негізгі құралдардың жылдық құнының ұлғаюы, мысалы, бірінші көзқараста қанағаттанарлық көрінуі мүмкін, бірақ компания қаржыландыру үшін борыштың үлкен мөлшерін жинақтады. Осы себепті, бізге кейде компанияның есептілігінің көлегейленген, кез келген

жасырын жаман жаңалықтарды анықтау үшін компанияның қаржылық есептілігінің барлық бөлімдерін зерделеу қажет.

Валюталық тәуекелдер және ақша ағындарының тәуекелі

секторларының сипатын анықтау үшін берілген міндеттер үшін екі өзекті қаржы тақырыбы бар. Бұл тақырыптар шетел валюталары мен ақша ағындарынығ тәуекеліне байланысты. Осы мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау үшін, Эванс (2002) және Бакли (2012) мазмұнына қараңыз.

Валюталық тәуекелдер талдауы

Өз өнімдерінің сипаты ескере отырып, ТГБОМ саласындағы көптеген компаниялар халықаралық деңгейде жұмыс жасап, әр түрлі валюталарда халықаралық ақша ағындарын тудырады. Туроператорлары, әуекомпаниялары, қонақ үйлер желілері және круиз операторлары, және көптеген компаниялар, әдетте, экономиканың басқа салаларында қатысатын ең ұқсас өлшемді компаниялардға қарағанда валюта бағамы қозғалыстары өзгерістерге өте сезімтал болып табылады. Осы компаниялардың мақсаты қызмет тектеріне қарай халықаралық болып табылатынын білдіріп, сонысымен шетел валютасымен байланысты халықаралық тәуекелдерге ашық қалдырады.

Төменде Локвуданың халық аралық деңгейде қызмет көрсететін және саяхаттау мен туризмді ұйымдастыру саласында валюталық курске тәуелде кез келген компанияның табыстылығы туралы дәйексөзі келтірілген.

аясындағы ұйымдардың валюталық тәуекелі **АНЫҚТАУ**

Саяхат және туризмді ұйымдастырумен шұғылданатын компанияның қызметінің басым бөлігі адамдарға ұлттық шекараны өтуге көмектесу болып табылады, сөйтіп, тауарлар мен қызметті шетел валютасында алып, валюта бағамын анықтау және валюта бағамын ықпалын бақылау аясындағы компанияның табысты жұмысы үшін өміршең маіызды болып табылады. Локвуд (1989:175)

Сөйтіп, валюталық менеджмент саласында көптеген кәсіпорындарға өте маңызды. Валюта бағамының үздіксіз ауыса беруінен болатын тұрақсыздық белгісіздікті туғызады.

Көбіне тұрақсыздық қатынаста туындайды:

- Шетел валютасында түсетін пайданың қалай болатыны;
- Төлемдер қандай болады;
- Болашақта болатын сыртқы активтер мен міндеттемелер құны.

Осылайша, валюталық менеджмент саласындағы көптеген кәсіпорындарға өте маңызды. Валютаның айырбастау бағамының тоқтамай өзгеруінің себебінен тұрақтылық болмағандықтан, белгісіздік тудырады.

Сонымен қатар, белгісіздік өзара байланыста туады:

- Шетелдік валютадағы табыс түсуі қандай болуына байланысты;
- Төлемдердің қандай болуы;
- Болашақта болатын сыртқы активтардың және міндеттемелердің құны.

Мысалмен қысқаша түсініктеме

Ашық валюталық жайғасым: British Airways және Live Nation компаниялары

Компанияның ашық валюталық жайғасымы едәуір қиын болуы мүмкін. Валюта бағамдарының өзгерісіндегі тәуекелді төмендету үшін қолданылатын шараларды, әлемдегі жетекші әуе компаниясы British Airways және Live Nation іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жетекші компанияның мысалында көрсетуге болады.

British Airways (BA).

BA ақша түсімі, сатып алу, қарыз жағынан фунт стерлингта көрсетілмеген валюталық тәуекелге ұшырайды. Бұл операциялар жүгізілетін валюталар - доллар, евро және жапон иенасы. Компанияның негізгі жұмысы өтетін көптеген валюталарда арттырылған қаражат жасалады. АҚШ доллары ерекшелік ретінде саналады, АҚШ долларында көрсетілген күрделі қаржы шығындар, қарыз өтеу және жанармайға төлеулер әдетте тапшылық тудырады.

BA валюта бағамның теріс және оң жағдай өзгерістерін көреді. BA әртүрлі валютадағы операциялардан пайда болатын валюталық тәуекелдікті азайту үшін, келісім саясатын қолданады. Түсім алғанда және басқа валютада төлем жасағанда, аударылған валюта артығын АҚШ долларына немесе фунт стерлингке сатады.

BA АҚШ долларында, еврода, иенады көрсетілген елеулі міндеттемелері бар. BA болашақ АҚШ доллары, еуро, иенадағы кірістерін хеджерлеу құралы ретінде қарыз төлеу үшін АҚШ долларын, еуроны, иенаны қолданады. Форвардты валюталық келісімшарттарды және валюталық опциондарды қысқа мерзімді болашақ кірістерді түсіру және әртүрлі валютадағы операциялық төлемдерге арнайы қолданылады.

Live Nation

Live Nation 2012 жылы 22000 іс шараларда, 2300 әртістерге 49 миллиондай жанкүйерлер жинап, әлемдегі жанды музыка концерттерінің жетекші ұйымдастырушысы болып табылады. Live Nation шоу-бизнестің 5 негізгі индустриясында жұмыс жасайды, жанды музыкалық іс шаралар, ашық алаңдарда, билет сату, демеушілік, жарнама шығару және сонымен қатар әртістерге қызмет көрсетеді. Олардың кірісі 5,8 млрд доллар.

Live Nation бүкіл әлемде жұмыс жасайды, сыртқы операциялардың қаржы нәтижесі олардың жергілікті валютамен есептеледі. Нәтижесінде, қаржы кіріске валюта бағамының өзгеру факторы әсер етеді.

2012 жылы 31 желтоқсан күніне қарағанда, еуро, британдық фунт және Канада доллары шетел валюталары негізгі ықпал етеді. Компания валюталық тәуекелдің әсерін азайту мақсатында, әртістерге қаламақы төлем сияқты қысқа мерзімді міндеттемелерге негізі опциондарға толықтауыш ретінде форвардты валюталық келісім шарттарды пайдаланады.

Live Nation сонымен қатар, операциялық кіріс және қысқа мерзімді фирма арасындағы несиелердің болжамынан шетел валютасының бағамының өзгеруімен байланысты, тәуекелдікті және/ немесе шығынды азайту мақсатында форварты валюталық келісімшартқа отырады.

2012 жылдың аяғында компания айналымында 100 млн доллар атаулы сома мөлшерінде форвардты валюталық келісім шарттар және опциондары.

British Airways (2012); Live Nation (2012).

Сұрақтар

1. British Airways и Live Nation валюталық тәуекелмен байланысты, қандай тәуекелге ұшырайды, түсіндіріңіз.
2. саласындағы менеджерлерге валюталық тәуекелді басқару әдетте неге ерекше қиындықтар әкеледі, түсіндіріңіз.

саласында жұмыс істейтін көптеген компаниялардың кірісі валюталық бағамның сыртқы тербеліс әсерінен танылып және өзіне сәйкес бақыланып отыруы аса маңызды. Бірақ тәуекелді бақылау зерделі шешім болғанымен, іс жүзінде әсіресе кішігірім компаниялар ескермейді.

Екі валютаның болашақ айырбастау бағамының қарым - қатынасының белгісіздігінен, валюта бағамының қозғалысымен байланысты тәуекелдердің барлық жағдайлары пайда болады. (Эванс, 2002). Егер болашақ бағам қозғалысын болжау мүмкін болса, тәуекелді ең аз шамаға келтіру ықтимал еді. Өкінішке орай, дәлділік жоқ болғандықтан мүмкін емес және сонымен қатар бұл іс-шара компанияға қаржы жағынан қауіп-қатер әкелуі мүмкін.

Егер валюталық бағамдар болжауға келмесе, басқа амалдың бірі, тапсырушы кез-келген валюта бағамының жағымсыз тербелісін мойнына алса, компания ешқандай шығын болмайды. Көптеген жағдайларда саласындағы кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті мінезі жоғары шығынды қызмет көрсету төлемдерге кіргізбейді.

Біз тәуекелдің үш түрін айта аламыз немесе компанияның басына келетін жағымсыз жағдайлары - операциялық, трансляциялық және экономикалық тәуекел.

Анықтама

Валюталық мәміле, трансляциалық және экономикалық тәуекел

Операциалық валюталық тәуекел – ол мәмілеге келген компаниялардың немесе шетел валютасында міндеттемелері бар фирмалардың тәуекелі: валюта бағамының тербелісінен жергілікті валютада ауыспалы мәні.

Трансляциялық тәуекел қаржы деректерді бір валютада көрсетілген соң, кейін басқа валютаға аударғанда туады. Бухгалтерлік деректердің екі цифрлардың арасында айырбастау бағамының тербелісі жатады.

Экономикалық тәуекел компанияның экономикалық құны валюта бағамының қозғалысына тәуелді болғандықтан, бәсекеге қабілеті азайуына әкеледі .

Арнольд (2012)

Мысалмен қысқаша түсініктеме

Операциялық тәуекел: Ұлыбританиямен сыртқа шығу саяхатының операторы

Ұлыбританияда орналасқан туристік оператор, Америкаға тур сатып, кірісін жергілікті валютада алады, яғни фунт стерлингта. АҚШ долларында көрсетілген төлемнің едәуір бөлігін мейманхананың иесі, көлік компаниясы, жет бетіндегі қызмет көрсету қызметкерлер құрамы сияқты жеткізушілер алады

Кіріс АҚШ долларында болғандықтан бір кезеңде төлемдер жасау үшін компания стерлингтарды айырбастауға мәжбүр болады. АҚШ долларының бағасы фунт стерлингке қарағанда өсіп жатса, тәуекел туғызып (фунт құнсыздандырады), фунтағы төлемдер қымбаттатады:

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел валюталық тәуекелге жатады, мәмілеге келгеннен кейін. Егер компания шетел валютасында ақша алу немесе төлеу туралы келісім шартқа қол койса, болашақта бір мезгілде тәуекелге ұшырайды.

Нақты тәуекел ол айырбастау бағамы қазіргі уақытпен кассалық чек/ төлем уақыты кезіндегі жағымсыз өзгеріс нәтижесі, сонымен қатар

төлейтін сома көбейіп немесе алатын сома азайуы мүмкін. Төмендегі қысқаша түсініктеме Ұлыбританиямен сыртқа шығу саяхатының операторы мысалында тәуекелдің түрлері көрсетілген.

Шамалап көрейік:

- Компания қонақ үйдегі бөлмені Америка валютасында төлесе, бір фунтқа 1,50 доллар мөлшерінде (яғни 1 фунтты 1,50 АҚШ долларына сатып алады);
- Сатып алуға қажет ұйықтау орындарының жалпы құны 1500000 доллар.

Жоғарыда айтылған жағдайда, компанияның фунт стерлингтегі жобаланған құны $ 1500000 / 1,50 доллар = 1,000,000 фунт болады.

Енді, егер бағам бір фунтқа 1,40 доллар дейін түссе, онда құны 1500000 / 1,40 доллар = 1071429 фунтқа дейін өседі.

Компаниянң қосымша шығындары 71000 фунттан астам болады.

Сұрақтар

1.Егер мысалда көрсетілгендей айырбастау бағамы $ 1,40 тан $ 1,65 дейін өзгерсе, компнаияның кірісі қандай болады?

2. Осы мысалдағы мәселені шешу үшін компания менеджерлері қандай әрекет жасайды, ойланып көрейік.

Трансляциялық тәуекел

Шоғырландырылған есеп қисапты дайындаған кезде шетел валютасындағы активтар, пассивтар, кіріс шоғырландырудан пайда болады. Әр жыл казіргі айырбастау бағаммен қайта бағаланса, есеп қисаптың мәні көтеріледі және азаяды Бірақ, трансляциялық тәуекелге қарағанда, шынайы ұтыс немесе жоғалту активтер сатылғанда немесе міндеттемелер төленгенде көрінеді.

Осылайша, теңгерімнің әлсіздігі деген мағына америкалық қонақ үй компаниясының мысалында көрсетілген.

Мысалмен қысқаша түсініктеме

Трансляциялық тәуекел: Қонақ үй компаниясы, Америкада негізделген

Егер өзінің жылдық кірісін желгілікті АҚШ долларында алатын американдық қонақ үй компаниясы Австралияда мейманхана сатып алса, сатып алатын актив (мейманхана) жергілікті валютада тұрады, яғни австралиялық долларда (АД).

Жыл сайын компанияның теңгерімдік есеп беруін дайындаған кезде, компанияның жайғасатын номерінің бағасы сол мемлекеттің валютасына аударылады, бұл жағдайда АҚШ долларын есеп жасайтын күннің бағамына. Бұл жағдайдың тәуекелдігі, мейманхана долларға шаққанда сатып алған бағасынан теңгерім есептегі бағасы аз болуы мүмкін. Егер АД АҚШ долларына қарағанда өссе осындай жағдай болады.

Шамалап көрейік:Компания АҚШ доллары австралиялық долларға қарағанда 1,10 болғанда мейманхана сатып алды, яғни 1 АҚШ доллары 1,10 австралиялық доллар (АД);

- Мейманхана 10 миллион АД тұрады.

Жоғарыда айтылған жағдайда компанияның жобалаған бағасы 10000000 АҚШ доллары / 1.10 АД= $ 9090909 АҚШ доллары. Мүліктің осы бағасы жазылады. Егер АД бағамы күшейсе, айырбастау бағамы 1,15 АҚШ долларына өзгереді, жазылған мүлік құны жылдық есеп теңгерімінде түседі (АҚШ долларында). 10000000 / 1,15 = 8,695,652 - $ 395000 бағасы түседі, жылдық есеп теңгерімінде жазылады.

Сұрақтар

1. Егер компания мейманхана сатып алу үшін 10 миллион АД несие алса, қандай жағлай болушы еді?

2. Егер мемлекеттің валютасы тарихи өзгерімшіл болса, қонақ үйлер сияқты физикалық нысандарға инвестиция жасауды тоқтатады, осыны түсіндіріңіз.

Экономикалық тәуекелдер

Экономикалық тәуекелдер (кейде саясат әсері деп аталады) валюта бағамының жағымсыз тербелісі болашақ ақша ағымдарына әсер етеді, шартпен әлі келісімге қол қоймай тұрып және ақша төлемей тұрып.

Тәуекелдің бұл түрі, ең ерте тәуекелдердің бірі, әдетте дәлдігіне мөлшерлі баға беру және болжау қиын.

Мамандандырылған туристік оператордың мысалында көрсетілген.

Мысалмен қысқаша түсініктеме

Экономикалық тәуекелдер: Мамандандырылған туристік оператор, Еуропада негізделген. Шамалап көрейік, Мамандандырылған туристік оператор қызмет көрсетудің едәуір бөлігі бір мемлекетке саяхат брондау, мысалы, Мысыр мемлекеті. Компания осы мемлекеттің және оның валютасының экономикалық тәуекелдерін көтередіКейбір жағдайларда саяси және экономикалық жағдайы белгісіз болуы мүмкін, мысалы, мемлект үкіметі күшпен ауысқанда, Соңғы жылдары Мысыр мемлекетінде болғандай. Клиенттер бұл мемлекетте мейманхана брондағысы келмейді, осылайша туристік оператордың кірісі күрт азаяды.

Сұрақ

1. Осы жағдайда экономикалық тәуекелден сақтау үшін компания қандай қадамдарға барады?
2. Мекемеге ықпал ететін экономикалық тәуекелдің тағы басқа қандай түрлерін білесіз.

Осылайша, валюта бағамының қозғалысы әр түрлі қиындықтарға немесе компания «тәуекелдеріне» әкеледі. Тәуекелмен ең айқын күресу жолдары оларды мүлдем алып тастау немесе ішкі нарықта ғана сауда жасау, немесе тәуекелдерді тапсырушыға немесе клиенттерге беру.

Бұл халықарылық бәсекелесе алатын секторда балама таңдау мүмкіндігі аз, сондықтан шетел валютасында тәуекелді азайту үшін форвадты валюта келісім-шарттары немесе опциондары сияқты басқарудың басқа түрлері керек.

Бұл мәселелерді талқылау үшін Арнольдтің материадарын қараңыз (2012: Ch. 22).

Шешуге арналған мәселелр

- Білуге тиісті қаржы ақпаратының негізгі шектеуі не?
- Валюталық тәукелдің негізгі категориялары қандай? Саласына сәйкес әрқайсысының суретін салыңыз .
- Сала бойынша қаржы құралдарының маусымдық әсерін түсіндіріңіз.

Қаржы құралдарыныың тәуекелдік ағымына талдау

2 Тарауда айтылғандай, саладағы компаниялар кейбір тауар тобына немесе қызмет көрсету сұранысы мезгіл тербелісіне ықпал (Булл, 1995). Мезгілдік мінез климатпен байланысты, және мектеп демалыстары, фестивальдары және тарихи саяхат үлгісі сияқты басқа да факторларға байланысты.

Мысалы – қоңыржай климатта саяхаттаудың, іс шаралар өткізудің, қо-

нақ үй қызмет көрсетуін жоғары үрдісі, жағымды ауа-райы кезінде, күннің ұзақ уақытында, көктемде немесе жазда.

Бұндай өнімдерге мезгілдік сұраныс мезгілдік ақша ағымының кіруі және шығуына әкеледі.

Сондықтан, жылдың белгілі бір уақытында бұл секторларда үлкен ақша инвестициялары болуы мүмкін, ал басқа уақытта көптеген компаниялар несие алып жеткізушілерге төлем жасайды. Өнеркәсіптер де кезеңді мінезді, ақа ағымдары экономиканың белсенділігінің жалпы деңгейінің өзгеруіне сезімтал.

Ақшалай қаражатты басқару жағынан туристік операторлар, іс шараларды ұйымдастырушылар, туристік агенттіктер және әуе компаниялар пайдасы аз мекемелерге жатады. Олардың кірісінің едәуір бөлігі операциялық түсімнен емес (қызмет көрсетуді сатудан емес), жылдың бір мезгілінде қолда бар қалған ақшаның инвестициясының проценттік кірісінен алады. Бұл пайда көзі пайыздық мөлшерлеме саласында маңызды рөлді атқармайды. Сонымен қатар, компаниялар зардабын барынша жақсарту үшін қадам жасау керек.

Бұндай мезгілдің ақша ағымын халықаралық іс шаралар ұйымдастыратын Live Nation компнияның мысалында көруге болады.

Мысалмен қысқаша түсініктеме

Ақшадай қаражаттардың тербелісі: іс шаралар ұйымдастыратын Live Nation.компниясы

Біздің жыдық ақшадай қаражат тербелісіне әртүрлі өндірістің мезгілдік ықпалы тиеді. Мезгілдік салдарға екінші жіне үшінші тоқсандағы кірістің үлкен бөлігін алатын концерт сегменті кіреді Ақшадай қаржынң кіруі мен шығуы іс шараның төлеу мерзіміне байланысты, көп жағдайда ақша түсімі іс шараның алдында келеді.

Live Nation (2012)

Сұрақтар

1. Ойланыңыз, Live Nation сияқты компания мезгілдік ақша ағымдарының қандай зардаптарын кезіктіреді.
2. Мезгілдік ақша ағымдарының зардабы бар қандай компанияларды мысалға әкеле аласыздар компания менеджерларын қандай зардапқа әкеледі?

Төменде көрсетілген мысал мен қысқаша түсініктемесінде, британиялық туристтік оператордың ақша ағымның мезгілдігі жайлы жазылған. Мысалда туристік операторлардың жұмысы сипатталғандай, ақша ағымын талдау және ақшадай қаражатты басқару салдары бар. Ақшадай қаражаттар мезгілмен жиналады және шығындалады. .

Жылдың белгілі бір уақытында, әсіресе көктемде ақшадай қаражаттың қалдығын, артық қаражатты инвестиция жасауға болады, егер де жазғы уақытта немесе жылдың басқа уақыттында төлемдерге ақша керек болмаған уақытта . Ақша қалдығының сомасы және оның пайда көретін пайызы жыл сайын өзгеріп отырады, өйткені тапсырыс маманы және пайыз мөлшерлемелердің деңгейі де жыл сайын өзгеріп отырады.

Көптеген компанияларға тәуекелдіктің ең ауыр кезеңі күз және қыс уақыты, тәжірибе бойынша осы уақытта банкроттқа ұшырау көп. Жаз мезгілінің төлемдері жасалынғандықтан ақшадай қаражаты бітеді, ал келесі мезгілге тапсырыс түспеген жағдайда. Ақша түсімі болмайтын жағдайды көрсетеді. Компанияларға бұл кезеңнен өту үшін банктердің қолдауын қажет етеді.

Егер банк (немесе басқа жақ) көмек көрсетпесе банкротқа ұщырау шарасыз. Банкротқа ұшырау саласындағы компанияларда егер болжамды кіріс ақталмағанда көп кездеседі (мерзімі келген төлемдерді төлей алмау).

Егер компания төлей алмайтын позицияға келгенде әдетте банкрот болады. Кейде компания көп жылдар бойы ақша түсімсіз немсе өте аз мөлшердегі кіріспен өмір сүре береді, бірақ қолда бар ақшасы біткен кезде, компанияны сақтап қалу мүмкін емес, өйткені жұмысшыларға жалақы және қарыздарын төлеу керек.

саласындағы көптеген компаниялар әдетте банктың көмегіне жүгінеді, жылдың бір бөлігінде қысқа мерзімді қаржыландыру алу үшін. Теріс ақша қалдығында банктен ақша қаржыландыру алу қиындықтарға әкеледі.

Ақша ағымдарды талдау маңызды стратегиялық есеп, ол компанияның қазіргі уақыттағы жағдайы туралы ақпарат береді және болашақтағы қиындықтарды көрсетеді. Төмендегі қысқаша түсініктемеде саласындағы көптеген компаниялардың мезгілдік ақша ағымдар жайлы жазылған. Бұл мысалда британдық туроператор туралы.

5.6 кестеде мамандандырылған туристік операторы мысал келтірген

(ойдан келтірілген), қысқа түсініктеме сипатталғандай, ақша ағымдарының толық талдауы маңызды қаржы сұрақтарына жауап табады. Мезгілдіктің мағынасы капитал мезгілдік принциптер негізінде жиналады және шығындалады.

Мысалмен қысқаша түсініктеме

Ақша ағымының мезгілділігі: Сыртқа шығу турнесіндегі Ұлыбритания операторы

Маусымның Толық модельдері компаниялар мен елдердің секторларымен ерекшеленеді, бірақ көптеген кәсіпорындар кейбір дәрежеге дейін ақша ағынының маусымына тәуелді болып келеді.

Егер біз көбінесе Еуропаның оңтүстік бөлігінде орналасқан «кешенді турне» бойынша мамандырылған британдық туроператорын мысалға алатын болсақ, ол өнімнің мезгілділігіне қатты тәуелді және бұл ақша ағынына, сонымен қоса қаржы басқармасына тікелей әсер етеді.

Мұндай оператор бірнеше қолданыс сипатамаларына ие:

Турненің көп бөлігі сәуір айынан қыркүйек айына дейін созылатын жазғы маусымда сатылады, бірақ маусым және шілде айларында, мектеп оқушылар демалысы кезінде сатылым деңгейі шарықтау шегіне жетеді.

Жаздық турне үш түрлі кезеңде брондау басталады.

- Алғашқы кезең, брондау кезеңі тамыз айынан бастап қыркүйек айына дейін сатып алушылардың үлкен ағыны болады. Бұл кезеңде, әдетте белгілі бір уақытта демалыс алатын отбасылар қолданады.
- Ең үлкен брондау Рождество алдындағы кезеңде қаңтар айынан наурыз айына дейінгі мерзімде орын алады
- Соңғы кезең, брондау мерзімі сәуір айынан басталады, бұл уақытта операторлар жолдама бағаларын өзгерту арқылы сатуға тырысады, себебі бәсекелестіктің өршуі белең алуы мүмкін.

Көптеген туроператорлар өз қызметінің аумағын кеңейту және маусымдық кезең зардаптарын төмендетуге тырысты, мысалға, қысқы маусымда шаңғы тебу бағдарламасын енгізді. Бұл кезең қазан айынан сәуір айына дейінгі мерзімді қамтиды, шаңғы тебу маусымы желтоқсан айынан сәуір айына дейінгі уақытты қамтиды, жолдама сату шарықтау шегі ақпан айында болады. Көптеген жағдайларда жазда түскен табыспен салыстырғанда бұл бағдарламалардың жалпы көлемі көп емес.

Қысқы шаңғы және қысқы бағдарламалары үшін тапсырыстар жазда және күз айларында қабылданады, бірақ шаңғы тебу бағдарламаларына тапсырыс көбінесе куз айының соңында болады,сонымен қоса тапсырыс берушілер қарлы жерлердің қанағаттандыру сәтін күтеді.

Туристік операторлардың бірталай мезгілдік шығындары болады, жанармай, шипажайда қызмет ететін жұмысшылар және орналастыру құны. Сонымен қатар туроператорлардың жыл бойы жасалатын жоғары деңгейлі шығындары болады, басты кеңсенің жұмысшыларына, әуе кемелерінің және есептеу техниканың техникалық қызмет көрсетуіне

Сұрақтар

1. Операторлардың мезгілдік ақша ағымынан басына түсетін қиындықтар жайлы түсіндіріңіз.

Алдыңғы қысқаша сипаттамада көрсетілген британдық туроператорының жалған Interjet компаниясының ақша ағынының мәселелері келтірілген.

Interjet өршіл жоспары бар көтеріліп келе жатқан шағын туроператор

болып табылады. Компания сату көлемін әр жыл сайын 25 пайызға арттыруды жоспарлайды. Дегенмен, көптеген басқа туроператорлар, туристтік агенттіктер және басқа да туристік компаниялар тәрізді Interjet жыл сайын ақша құралдарының ағынының маусымдық қиындықтарын бастан кешіреді.

Ақша ағынының болжамы төменде көрсетілген келесі қаржы кезеңі үшін дайындалды.

Ойлануға арналған тапсырмалар

- Interjet компаниясы туралы мәліметтерді оқыңыз (5.6 кесте)
- Ақша ағынының болашақта туындаутын болжамды қиындықтарын анықтаңыз.

1.5 кесте Interjet компаниясының ақша ағынының болжамы (мыңдық британдық фунт стерлингі)

Table 5.6 Interjet – cash flow forecast (in thousands GBP)

	1 Apr	2 May	3 Jun	4 Jul	5 Aug	6 Sep	7 Oct	8 Nov	9 Dec	10 Jan	11 Feb	12 Mar	TOT.
INFLOWS													
Receipts from debtors	230	250	120	50	60	75	80	90	110	150	220	320	1,755
Dividend on investment							45						45
TOTAL INFLOWS	230	250	120	50	60	75	125	90	110	150	220	320	1,800
OUTFLOWS													
Payments to creditors		80		80		88		88		88		92	516
Wages and other expenses	102	77	58	103	79	59	105	80	62	108	83	63	979
Payments for fixed assets				70	10	15					5		100
Dividend payable			80										80
Corporation tax									120				120
TOTAL OUTFLOWS	102	157	138	253	89	162	105	168	182	196	88	155	1,795
NET IN/OUT	128	93	–18	–203	–29	–87	20	–78	–72	–46	132	165	5
Bank balance													
Opening	30	158	251	233	30	1	–86	–66	–144	–216	–262	–130	
Closing	158	251	233	30	1	–86	–66	–144	–216	–262	–130	35	

Notes:

As a tour operator most funds are received by customers as a deposit and subsequent payment of balance. On average this results in three month's credit being granted to customers.

On average six weeks' credit is taken from customers.

Capital expenditure budget:

New computer facilities	Month 4	£40,000
Routine replacement of motor vehicles	Month 4	£30,000
Computer software and programming costs	Month 5	£10,000
Progress payment on building extensions	Month 6	£15,000
Office furniture and equipment	Month 11	£5,000

Negotiated overdraft facilities currently stand at £60,000

May	Мамыр
Jun	Маусым
Jul	Шілде
Aug	Тамыз
Sep	Қыркүйек
Oct	Қазан
Nov	Қараша
Dec	Желтоқсан
Jan	Қаңтар
Feb	Ақпан
Mar	Наурыз
TOT.	Барлығы
INFLOWS	Кіріс
Receipts from debtors	Кредиторлардан түсетін табыс
Dividend on investment	Инвестициядан түсетін дивидендтер
Total inflows	Кірістің жалпы сомасы
Outflows	Шығыс
Payments to creditors	Кредиторларға төлемақы
Wages and other expenses	Еңбекақы ж/е т.б шығын төлемдері
Payments for fixed assets	Негізгі құралдар үшін төлем
Dividend payable	Төленетін дивидендтер
Corporation tax	Салық салу
Total outflows	Шығыстың ортақ сомасы
Net in/out	Таза пайда/шығын
Bank balance	Шоттағы қалдық
Opening	Ашылуы
Closing	Жабылуы

On average six weeks' credit is taken from customers.	Жарты жыл ішінде сатып алушылардан алынған орта кредит
Capital expenditure budget:	Күрделі шығындардың сметасы:
New computer facilities	Жаңа компьютерлер

Routine replacement of motor vehicles	Автомобильді құралдарды ауыстыру
Computer software and programming costs	Бағдарламалық жасақтама және бағдарламалау құны
Progress payment on building extensions	Ғтиаратты кеңейту аралық төлемі
Office furniture and equipment	Кеңсе жиһазы және жабдықтар
Negotiated overdraft facilities currently stand at £60,000	Келісім шарт құқығы бойынша кредит 60000 фунтқа артады

Ескертпе:

Мұндай көптеген құралдарды туроператорлар клиенттерден депозит немесе келесі теңгерім төлемі ретінде алады. Сатып алушылардан үш айда келіп түсетін орташа табыс

Ақша ағынын талдау кезінде:

- Ақша құралдарының қозғаласының кестесінде көрсетілетін, әрбір кезең үшін, белгілі табыстар мен шығыстар (5.6 кестесінде Interjet жағдайы үшін көрсетілгендей);
- Ортақ кіріс және келесі кезең үшін теңгерімдік есептемені құруға арналған төлемдер;
- Қолда бар ақпаратты пайдалана отырып алдағы ақша құралдарының болжамын жасау;
- Өнімдерге сезімталдылық талдауын жүргізу. Мысалы, егер сауда ойлаған бағадан 10 пайызға төмендесе немесе 10 пайызға көтерілген болса не болмаса реактивті қозғалтқыштардың жанармай бағасы 50 пайызға көтерілсе;
- Әр ай сайынғы немесе әр апта сайынғы баланстарды көрсететін график құру қажет.

Ақша ағынының талдауын жүргізген сәтте келесі сұрақтар пайда болуы мүмкін:

- Ақша ағыны қаншалықты күтілмелі болып табылады?
- Ақша ағыны қандай түрде маусымдық және циклдік сипатын алады?
- Компания өз лимиттерін қарыз шегінде ұстап тұра алады ма?
- Компания өзінің өмір сүруін қамтамасыз ету үшін ақша құралдарын

қаншалықты түрлендіреді?

- Компанияға қосымша кредиттік құралдар қажет пе?
- Компания клиенттер төлеміне қанша уақыт қажет болады?
- Компания жеткізушілер мен басқада тұлғаларға қанша уақыта есеп айырысады?

Менеджрлер түрлі қадамдарды пайдалана отырып 12-тарауында баяндалған стратегияны іске асыру ұғымына кіретін осы анықталған мәселелерді шеше алады.

Шағын кәсіпорындар, қызметтік бағыт ретінде

саласында шағын бизнес үшін қаржыны жұмылдыру басқа да салалардағы сияқты үлкен мәселе болып табылады:

- Активтермен қамтамасыз етуі жиі жеткілікті болмайды (кредиттер үшін кепілдік);
- Басқарушылық тәжірибенің жетіспеушілігі;
- Кейбір қаржыландыру көздеріне қол жеткізу ықтималдығының аз болуы;
- Кәсіпорындардың ашылуына тәуекелдер мен шығындар артып келеді, сол себепті кредиторлар қарыз өтеу мөлшерін жоғары түрде өтеуін талап етеді;
- Компания сауда нарығына төлеуге қабілеттілігін дәлелдеуін қамтамасыз етуі үшін, шықты;
- Компания аз ресурсты немесе тар мамандырылған нарықта тәуекелдер туралы көп ақпараттың болмауы немесе оларды басқару қабілетінің төмендігі, сонымен қатар теңдестірілген қоржынға емес, бір нарық сегментіне бағынышты болуы мүмкін;
- Ірі компаниялар, банктер және де басқа қаржыландыру көздері компания үлкен шығындардың есебінен мүшкіл халде болуы үшін жағдайлар туғызуы мүмкін;

Осы қиындықтар аясында шағын компаниялар үшін өзіндік біршама артықшылықтары бар, менеджерлер бизнесте өте жақсы біледі және тез әрекет етіп, нарықтық өзгерістерге бейімделеді. Банктер мен басқа да несие берушілер кәсіпорындарды несиелеуге тырысады, себебі кәсіпорын иесі өз қаражатынан салымдар салады және өз қаражатын ақтап алуы үшін жақсы жұмыс істейтін болады. Сонымен қоса, егер бизнес сәтсіздікке ұшыраса, бірінші кезекте иеленуші капиталын жоғалтады, ал банктер мен несие берушілерге пайда түседі. Шағын бизнес иелері басқа инвесторларды тарту мақсатында және ұзақ мерзімді табысқа жетуі үшін өз инвестицияларынан төмен мөлшердегі кірістерді алуға дайын.

Дегенмен, қазіргі заманда несие алу туралы өтініштер орталықтандырылған несиелеу өлшемдеріне сәйкес компьютердің көмегімен жиі қабылданады және банктер мен басқа да инвесторлардың арасындағы жақсы қарым-қатынастардың қалыптасуы маңызды шарт болып табылады. Шағын кәсіпорындарды қаржыландыру кезінде компания өкілеттілігі және негізгі менеджерлер адекватты қаржыландыруды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады, егер кәсіпорынды тастап кетсе, кәсіпорын ауыр шығынға ұшырайды.

Шағын бизнес қаржыландырудың сыртқы көздерін іздеген кезде, олар бизнес жоспар немесе бизнес-жоба шеңберінде ресми түрде ұсынылу қажеттілігін түсіну маңызды болып табылады. Сол себепті кез келген инвесторлар иелердің инвестициялауға мүдделі екенін білгілері келеді; бұл инвестиция сомасы – мақсаттарға жету үшін жеткілікті болуы; және ең маңыздысы несие беруші қандай сыйақымен марапатталады және қандай талаптарға сәйкес ақшаны кері қайтаруға болады.

Инвесторлар шағын кәсіпорындарға ақша құралдарын салу туралы шешім қабылдаған жағдайда «сенімнің бес сипаттамалары» қағидаларын сақтау қажеттілігі қанағаттандырмайды. (Лашер, 1999);

,

Бөлімге қысқаша шолу

- Мінез құлық – Иесінің және/немесе негізгі менеджерлердің мінез-құлқы; көбінесе адамның қарыз қайтару ұмтылысы және олардың ниеттерінің шынайылығының көрсеткіші.
- *Белсенділік* – қарыз өтеушінің төлеу қабілеттілігін пайымдау. Көптеген шағын кәсіпорындар тез ұлғаюды қалайды және өз несиелерінің өтемділігін қамтамасыз етуін жоғарылатуға тырысады.
- *Капитал* – қарыз алушының қаржылық есептілігінде көрсетілген жалпы қаржылық жағдайы;
- *Кепіл* – кепілдік ретінде берілетін активтер;
- *Талаптар* – Жалпы экономикалық талаптар және несиелеудің айрықша жағдайы немесе кәсіпорынның географиялық аймақта орналасуы. Экономикалық құлдырау кезінде ұзақ уақыт бойы қызмет нарығында болған компанияларда сәтсіздікке ұшырауы мүмкін және банктер оларды несиелеуден бас тартады.

Компанияның қаржылық жағдай талдамасы кез келген стратегиялық шолудың бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Жауапты тұлғалар қаржылаудың жеткілікті деңгейін, қаржыландыруға қажетті стратегиясын білулері қажет, егер білмеген жағдайда ақша құралдарын қарастырулары керек.

Компанияны қаржыландыру көзін және оның капитал құнын білу өте маңызды. Акционерлік капитал қарыз капиталымен бірге стратегиялық даму пайдалану үшін олардың артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Табыстың ағымдағы деңгейі капитал құнын қамтамасыз етуі үшін жеткіліктілікті болып табылатынын атап айтқан жөн. Салада белгілі бір бөліктің капитал сыйымдылығы назарға алынады, себебі ол менеджерлер үшін стратегиялық маңызды мәні бар.

Компанияның қаржылық есептілігін зерттеу кезінде қолданылатын көптеген құралдар бар. Динамикалық талдау белгілі бір уақыт кезеңінде болған өзгерістерді қарастырады, ал кросс-сэкциялық талдау сол уақытта компанияның қаржысын бәсекелестер қаржысымен салыстырады. Коэффициенттерді талдау есептегі белгілі бір санды келесі бір санға бөлу арқылы есептілікті ұғынуға мүмкіндік береді. Салыстырмалы талдау компания өнімділігін басқа ұқсас компаниялармен салыстыруға жағдай туғызады.

Сонымен қатар, көптеген компаниялар үшін валюталық және ақша

ағынының тәуекелдері стратегиялық қаржылық тәуекелдердің маңызды аспектілері болып табылады, сол себепті осы бөлімде мұндай тәуекелдерді талдау үшін құралдар қарастырылған.

6 Тарау

Туризм, қонақ үй бизнесі
мен шараларды ұйымдастыру
Өнім мен нарық

Кіріспе мен тараудың қысқаша сипаттамасы

Біз тараудың аталмыш бөлімінде 3, 4 және 5 Тарауларда көрсетілген ұйымдарға қолданылатын функционалдық, әлеуметтік және қаржы аспектілерін талдадық. Аталған тарауда ұйымның өнім мен нарық сияқты функционалдық ерекшеліктерінің қорытынды бөлімі зерттеледі. Ұйым өзінің нарықтық механизмін анықтайтын тәсіл бәсекеге қабілетті стратегияның ең маңызды аспектісі болып табылады. Сатушылар мен сатып алушылар өздерінің табыстарымен жинақтарын қолдануға жиналатын алаң ретіндегі нарық тұжырымдамасы. Өткізу нарығы өнімді өткізуге бәсекелесетін ұйымдар шегінде нарықтар болып табылса, ал ресурстар нарығы енгізілетін ресурс үшін ұйымдар бәсекелестігі болып табылады.

Аталған тарауда аталмыш жүйенің негізгі элементтері – нарықтар ерекшеліктері, сондай-ақ туризм, қонақ үй бизнесі мен шараларды ұйымдастыру мәнмәтініндегі өнім ерекшелігі мен маңыздылығы талқыланған. Ұйым аталған элементтер қатынасында өз қызметін құратын тәсіл бизнес стратегиясының табыстылығында маңызды роль ойнайды.

ОҚЫТУ МІНДЕТТЕРІ

Аталған тарауды оқығаннан кейін оқушылар төмендегідей қабілетті болуы керек:

- *нарық* терминін түсіндіру мен нарықтарды анықтауға болатын ерекшеліктерді сипаттауға;
- нарықтардың маңыздылығын түсіну және соған сәйкес туризм, қонақ үй бизнесі мен шараларды ұйымдастыру саласында мысалдар келтіру;
- нарықтарды саралау әдістерін түсіндіру, сондай-ақ нарықтық жағдайға байланысты қағидаларды қолдана білу;
- нарықтағы жағдайға байланысты бағдарлау мен жайғастыру тұжырымдамасын түсіну;
- «өнім» терминін түсіндіру, Котлер бойынша тауар құндылығының бес дәрежесін сипаттау, сондай-ақ туризм, қонақ үй бизнесі мен шара-

ларды ұйымдастыру саласында мысалдар келтіру арқылы аталған қағидаларды көрсету;

- өнімнің жұмыс істеу циклінің кезеңдері мен оның туризм саласындағы туынды қолданысын түсіну – Туризмдегі өнімнің жұмыс істеу циклі;
- өнім түрлері туралы білу мен ақшалай қаражат қозғалысының негізгі нәтижелерін түсіну;
- өнімнің жұмыс істеу циклі, БКГ қалыптамасы мен Мак Кинзи қалыптамасы сияқты таңдалған стратегиялық модельдердің құрылымы мен шектеулерін түсіну.

Бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге арналған стратегиялық маркетинг

Ұйым өнімі мен нарық арасында байланыс жасайтын тәсіл бәсекелестерінен басым болу мақсаты бар бәсекеге қабілетті стратегияның ең маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Ұйым кең техникалық және операциялық мүмкіндіктерге ие болуы мүмкін, бірақ аталмыш мүмкіндіктер «ерекше мүмкіндіктер» нарықта қолданылғанда бәсекелес басымдылықтың дереккөзі болып табылады (Кей, 1995:127). Демек, жетекшілер қызметтерін жүзеге асыратын нарықты, сонымен қатар нарықтарды анықтау тәсілдерін анықтауы және түсіне білуі өте маңызды.

Менеджмент саласындағы заманауи зерттеушілер маркетингті ұйымдастыру бөлімінің негізгі құрамдастарының бірі және көп жағдайда қызметтің кешендік, бәсекеге қабілетті бағыты ретінде қарастырады (Эванс, 2012:228). Осылайша бірінғай қағидалар, құралдар мен әдістер қолданатын стратегиялық менеджмент жөніндегі әдебиет пен маркетинг жөніндегі ғылыми әдебиет бір-бірімен тығыз байланысты.

Аталған тараудың мақсаты туризм, қонақ үй бизнесі мен шараларды ұйымдастыру мәнмәтініндегі маркетингті толық сипаттау емес, себебі ол төменде көрсетіледі, керісінше ұйымның стратегиялық бағдарын кешенді түсіну аясында талдау жүргізуге қажетті маркетингтің стратегиялық аспектілеріне назар аудару болып табылады.

Соңғы уақытта туризм, қонақ үй бизнесі мен шараларды ұйымдастыру мәнмәтініндегі маркетинг бойынша көптеген кітаптар, сонымен қатар туризм мен қонақ үй бизнесі бірге қарастырылатын бір қатар оқу құралдары, шараларды ұйымдастыру жөніндегі жеке оқулықтар шықты.

Мысалы туризм мен қонақ үй саласындағы маркетингті басқару бойынша қосымша ақпарат алу үшін келесі басылымдарды қараңыз: Fyalland Garrod (2005); Hudson (2008); Middleton және т.б.(2009); Reid and Bojanic (2009). Шараларды ұйымдастыру саласындағы маркетинг бағыты бойынша ақпаратты Kolb (2012); Preston, (2012); Yeoman және т.б.(2012) басылымдарынан қараңыз.

Нарықтар сирек жағдайларда толықтай біркелкі болуы мүмкін. Нарықта талаптары бірдей тұтынушылар тобы бар, бұл бір нарық сараланымын екіншісінен ажырататын сұраныстар мен қажеттіліктер ұқсастығы.

Маркетинг бойынша жиі дәйексөз алынатын авторлар (Котлер мен Келлер, 2012) заманауи стратегиялық маркетинг негізі « STP – маркетинг»: саралау, мақсатты нарықты анықтау мен жайғастыру ретінде көрсетіле алатын болжамдар өзгешеліктерінің мәліметтерін қолданады. STP – маркетинг (немесе «мақсатты маркетинг») кезінде сатушы негізгі нарық *сараланымдарын* (анықталатын бөліктер) айқындайды, аталған сараланымдардың біреуін немесе бірнешеуін *бағдарлайды* және таңдалған мақсатты сараланымдардың сұраныстары мен қажеттіліктеріне жауап беретіндей өнім мен маркетинг бағдарламаларын *орналастырады*. Котлер өз амалдарын туризмде, қонақ үй бизенсінде (Котлер *және т.б.*, 2013) және бағыттың соңғы пунктеріне (Котлер *және т.б.*, 2013) қолданды.

Кеңінен қолданылған және өзге авторлармен бейімделген Котлер амалы аталған тарауда сипатталады, себебі ұйымдардағы маркетигтің стратегиялық шолуды көрсетеді, түсіну мен қолдануға оңай, сондай-ақ оқыту барысы мен тәжірибеден өту кезінде кеңінен қолданыла алады.

Нарықтарды анықтау мен түсіну тәсілдері

Нарықтарды түсіну маңыздылығы

Жалғастырмас бұрын нарық терминін түсіну үшін ұйым нарыққа қалай қол жеткізетініне назар аудару керек.

Экономисттер нарықты екі «жағы» бар жүйе ретінде қарастырады. Өнім мен қызметтерді сатып алушылар мен тұтынушылардан құралған сұраныс жағы және өнім мен қызметті өндіретін немесе басқаратын ұсыныс жағы.

Стратегия мәнмәтінінде аталған терминді біз басқа түрде қолданамыз. «Нарық» терминінде ұқсас сұраныстар мен қажеттіліктері бар нақты

немесе ықтимал сатып алушылар (сұраныс жағы) тобын тұспалдаймыз. Сонымен қатар біз ұсыныс жағын өндіріс ретінде қарастырамыз.

Ұйым нарықтарын анықтау мен шектері стратегияны құрудың шыққан жері көрсетеді және бәсекеге қабілеттілікті анықтау үшін негізді қамтамасыз етеді. Нарықты талдау мен анықтау тап болатын тәуекел мен мүмкіндіктер туралы негізгі ақпаратты береді.

Ерекше қабілеттілік нарыққа (Кей, 1995:127) қолданған жағдайда бәсекелес басымдылық болады, яғни жетекшілер қызметтерін жүзеге асыратын нарықты анықтауы және түсіне білуі өте маңызды.

Атап айтқанда, нарықтарды түсіну бір қатар себептерге байланысты маңызды болып табылады:

- ол жетекшілерге сұраныс көрсеткіштері, сондай-ақ ұйымның өнімі мен қызметтерінің ықтимал сұранысқа ие болуы туралы мәлімет береді;
- ол жетекшілерге нарық дамуының мүмкіндіктері мен бәсекелестерге қарағанда нарықтағы үлестің өсуін бағалауға мүмкіндік береді;
- ол жетекшілерге бәсекелестердің санын, түрі мен мүмкіндіктерін анықтауға, бағалауға мүмкіндік береді;
- ол жетекшілерге өнім мен қызметтердің нарықта дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін ұстап тұратындай жайғастыруға мүмкіндік береді.

Нарықтың тартымдылығы

Жетекшілер әдетте нарықтың тартымдылығын назарға алады; олар белгілі бір нарықта ұсынылған тауар ұйым үшін де, инвесторлар үшін де жағымды инвестиция бойынша табысты қамтамасыз етуі мен етпеуін ескереді. Нарық көлемі, нарықтық даму мен жеткізушілердің шоғырлануы сияқты көптеген факторлар нарық тартымдылығына ықпал етеді.

Нарық көлемі

Жалпы айтқанда, нарық көлемі үлкен болған сайын көптеген ұйымдар үшін үлкен мүмкіндіктер қамтамасыз ететін тартымдылығы да жоғары. Сонымен қатар мұндай нарық нарықтың жалпы көлемінің үлкен үлесін қамту арқылы көшбасшылық орынға ие болуға ұмтылатын ірі жеткізушілерді тартады.

Мысалы – Испаниядағы бұқаралық туристтік демалыс нарығы Солтүстік Еуропа туристері үшін өте ірі және туроператорлардың көптігімен ұсынылған, ал Еуропа жасөспірімдеріне арналған белсенді дема-

лыс нарығы алдынғыға қарағанда аз және жеткізушілердің аздығымен ұсынылған.

Нарықтың даму қарқыны

Дамушы нарық тұрақты немесе төмендеуші нарыққа қарағанда тартымдырақ, себебі дамушы нарықтар нарықты дамытумен қатар бизнестің кеңеюіне мүмкіндік береді. Тұрақты немесе төмендеуші нарық жағдайында жеке ұйымдардың дамуына нарықтан бәсекелестер үлесін жою арқылы қол жеткізуге болады, ол шығынды немесе төмен кірісті болу мүмкін.

Мысалы – соңғы жылдары Қытайдың ірі қалалары арасындағы жылдам көліктік қызмет нарығы жылдам қарқынмен дамуда, соған сәйкес мемлекеттік (немесе жартылай мемлекеттік) әуекомпаниялары, бюджеттік әуетасымалдаушылары, сонымен қатар темір жол және автомобильді тасымалдаушы қызметін көрсететін компаниялар әлеуеттерін арттырды, ал Англия теңіз шипажайларындағы қонақ үйлердің өткізу қабілеті төмендеуде.

Жеткізушілерді шоғырландыру

Шоғырландыру ірі жеткізушілері бар және нарық айналымында көшбасшы төрт немесе бес компанияның меншік салмағымен өлшенетін нарық көлемін тұспалдайды. Төменде келтірілген мысал халықаралық қонақ үйлер жағдайында жеткізушілер шоғырландырылуының жетіспеушілігін көрсетеді.

Нарықта көшбасшы ірі ұйымдар баға, өнімді алға жылжытуға бюджеттің қолжетімділігі, сонымен қатар бағаларды қою мен шығынды оңтайландыру арқылы тұтынушылар мен жеткізушілерге ықпал етуде шағын компанияларға қарағанда басымдыққа ие болуға тырысады. Алайда ірі ұйымдар үшін өздерінің нарықтағы үлестерінің өсуі нормативтік шектеулерге байланысты қиын болуы мүмкін, ал шағын ұйымдар пайдасыз жағдайдың орнын толтыруға қабілетті.

Және де керісінше шағын ұйымдар тез бейімделуге қабілетті, клиенттерінің ықыластары туралы жан-жақты біледі, нарық сараланымына рұқсаты бар (ірі ұйымдар үшін тартымдылығы аз болып табылатын) және ірі бәсекелестеріне қарағанда шамалы ғана бюрократты болып табылады. Осындай шарттарда орташа компанияларға бәсекеге қабілеттілігін

ұстап қалу қиындық туғызады, себебі ауқымдылық басымдығы да жоқ, шағын ұйымдар пайдалануға қабілетті пайда да жоқ.

МЫСАЛДАҒЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРМЕ

Нарықтық шоғырландыру: бүкіл әлемдегі қонақ үйлер

Қонақ үй бизнесі бүкіл әлемде әрқашан біраз фрагменттелген еді. Көптеген елдерде отбасылар басқаратын, бір қонақ үйге ие шағын операторлар басымдыққа ие. Алайда, осы үлгі көптеген елдерде белсенді қызмет ететін ірі халықаралық концерннің келуімен өзгертіледі. Осының арқасында көптеген елдердің нарығы түрлі ұлттық нарықтарда өзгеше болуына қарамастан шоғырландырылған болып келеді.

Уорвик Клифтон 'Global Hotel Research Limited' (www.globalhoteldata.com) қонақ үй бизнесі саласындағы жетекші кеңес беруші ұйымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының басшысы қонақ үй бизнесінің жетекші компанияларының осындай компанияларда бар жалпы қонақ үй нөмірлік қоры қатынасындағы жаһандық қонақ үй құрылымына ену дәрежесінің талдауы жүргізілген есепті ұсынды. Аталған нөмірлік қор қатынасы 2,100 қонақ үй компаниясында пайызбен есептеліп, елдер бойынша санаттарға бөлінді.

Төмендегі кестедегі мәліметтер (таңдалған қонақ үйлер бойынша, ақпараты қолжетімді болуы бойынша) кейбір ұлттық нарықтар мен басқалары арасындағы шоғырландыру айырмашылығын көрсетеді. Осы зерттеуге сәйкес АҚШ, БАӘ мен Жаңа Зеландия сияқты елдерде шоғырландыру дәрежесі өте жоғары, ал Италия, Австралия мен Пәкістанда фрагменттелген құрылым мен шоғырландырудың төмен дәрежесі көрсетілген.

6.1 Кесте. Таңдалған елдердегі қонақ үй бизнесі компаниялары (2012)

Table 6.1 Penetration by hotel groups in selected countries (2012)

>74%	50–74%	25–49%	10–24%	<10%
UAE	South Africa	Finland	Croatia	Austria
Djibouti	Singapore	Spain	Portugal	Pakistan
New Zealand	Dominican Republic	France	Germany	Italy
Cuba	India	Australia	Mexico	Argentina
Monaco	Norway	Netherlands	Morocco	Paraguay
Burundi	Canada	Denmark	Saudi Arabia	Ukraine
USA	UK	Sweden	Turkey	Peru
	China	Ireland	Switzerland	
		Swaziland	Japan	
		Egypt	Russia	

Дереккөз: Клифтон (2013)

UAE	БАӘ	Morocco	Мароккко
South Africa	Оңтүстік Африка	Paraguay	Парагвай
Finland	Финляндия	Burundi	Бурунди
Croatia	Хорватия	Canada	Канада
Austria	Австрия	Denmark	Дания
Djibouti	Джибути	Saudi Arabia	Сауд Аравиясы
Singapore	Сингапур	Ukraine	Украина
Spain	Испания	USA	АҚШ
Portugal	Португалия	UK	Ұлыбритания
Pakistan	Пакистан	Sweden	Швеция
New Zealand	Жаңа Зеландия	Turkey	Түркия
Dominican Republic	Доминикан Республикасы	Peru	Перу
Germany	Германия	China	Қытай
Italy	Италия	Ireland	Ирландия
Cuba	Куба	Switzerland	Швейцария
India	Индия	Swaziland	Свазиленд
Australia	Австралия	Japan	Жапония
Mexico	Мексика	Egypt	Египет
Argentina	Вргентина	Russia	Россия

Monaco	Монако	France	Франция
Norway	Норвегия	Netherlands	Нидерландия

Сұрақтар

1. Қонақ үй бизнесінің нарығы бүкіл әлем бойынша басқа салаларға қарағанда неге нашар қаныққан?
2. Қонақ үй бизнесінің шоғырлануын қандай факторлар қамтамасыз ете алатынын талқылаңыз.

Нарықтарды анықтау

Біз нарық шегінбасқа тәсілдермен анықтай аламыз. Егер түрлі компаниялар нарықты түрлі тәсілдермен анықтаса, нарықтағы олардың жиынтық үлесі жүз пайыздан көп немесе аз болуы таң қаларлық емес. Аталмыш мәселе қызмет көрсету аясының көптеген салаларында күрделі, себебі олардың арасындағы шекара сәйкес келіп, кейбір жағдайда автокөлік сияқты өнеркәсіптік өндіріс өнімдері үшін нарық шекарасын тауып анықтау қиын.

Мысалы, «шетелдік туристік демалыс» нарығы түрлі компаниялар үшін түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Бір компания шеелдегі барлық турларды қамтыса, басқа компания қызметтер пакеті құрамындағы турларды қамтиды.

«Шараларды ұйымдастыру» сияқты сектордағы мәселе күрделірек болуы мүмкін, себебі оның шекарасын анықтау мен орнату қиын. Аталмыш секторда (кітаптың 1 бөлімінің алғысөзінде айтылғандай) бірнеше танымал сауда атаулары, фрагменттеу дәрежесі, сондай-ақ шекара туралы мәліметтер ұсынылған. Алайда шараларды ұйымдастыру басқару мәселелерімен келесі қатынаста байланысты:

- шараларды ұйымдастыру компаниялары;
- спорттық шараларды;
- концерттер мен өнер көрсету;
- фестивальдер;
- көрмелер;
- кездесулер мен конференциялар.

Демек, нарық үлесі көрсеткіштері мен оның шекаралары нақты анықталуы маңызды.

Нарық үлесі басқа ұйымдармен салыстырғанда клиенттерді тарту мен

ұстау қабілеттілігі көзқарасынан ұйым қызметінің көрсеткіші болып табылады. Ол *көлем* бойынша немесе *бағасы* бойынша өлшенеді.

· *Көлем көрсеткіштері* нарықта сатылған ұйым өнімі бірлігінің үлесіне қатысы бар.

Мысалы, барлық кезең ішінде сатылған әуебилеттерінің құнын қосқанда жолдамалардың жалпы санына байланысты туроператорлар сатқан әуебилеттерінің құнын қамтитын туристік жолдама саны; сатылатын орынның жалпы санына байланысты қонақ үй иесі сатқан орын саны; немесе барлық администраторлардың сату көлеміне байланысты ұйымдастырушылар сатқан шара билеттерінің саны.

· *Көлем көрсекіштерінің* компанияның сату айналымы жалпы нарықтық құнына пропорционал қатысы бар.

Мысалы, әуе билетінің құнын қосатын барлық туроператорлардың тауар айналымымен салыстырғандағы қызметіне әуебилетінің құны қосылған бір туроператордың тауарайналымы; сатудың жалпы көлемімен салыстырғанда қонақ үй иесінің орындарды сатудың құндық көлемі; немесе билеттерді сатудың жалпы көлемімен салыстырғанда бір администратордың алған шара билеттерін сату көлемі.

Келесіге негізделген нарықты жалпы анықтаудың үш тәсілі бар:

· *өнім;*

· *қажеттіліктерді қамтамасыз ету немесе орындалған функциялар; сондай-ақ*

· *клиент тұлғасы*.

Одан әрі әр тәсілді кезек-кезек қысқаша қарастырамыз.

Өнім негізінде нарықты анықтау

Белгілі бір ұйымда жұмыс істейтін кез келген қызметкерден сіздің қызметіңіз қай нарықта жүзеге асады деп сұрағанда, өткізілген тауардың, мысалы жолдама, конференияға, көрмеге билет сипаттамасын талап ететін жалпы жауап беріледі. Егер өнімнің шоғыры берілген болса, онда мұндай анықтау түрі өнеркәсіпті анықтаумен сәйкес келеді. Мемлекеттік экономикалық статистика жиі осыған негізделе құрылад, онда аталмыш тәсілмен нарықтарды анықтау оңай болып табылады.

Кейбір жағдайда осы тәсілдің кемшілігі өнімнің бір қатар түрлі ерекшеліктері бар, ал түрлі дереккөздерден алынатын түрлі өнімдер сол қажеттіліктерді қамтамасыз ете алатынын ескеру мүмкіндігінің болмауы табылады.

Бұл жалпы өндірістің түрлі салаларының қызметі нәтижесінде қауіпті анықтау мүмкіндігінің болмауына әкелуі мүмкін. Туристік демалыс, спорттық шаралар мен өнер фестивальдеріне қатысу әртүрлі нарықтың әртүрлі өнімдерін ұсынады, бірақ әрқайсысы клиенттің дискрециялық табысы мен уақыт (негізгі қажеттіліктерді қанағаттандырғаннан кейін қалған уақыт пен жеке табыстың бөлігі) үшін бәсекеге түседі. Сонымен қатар олар «бос уақыттық қызметтердің» кең нарығының бөлігі ретінде қарастыра алады.

Өнім негізінде нарықтарды анықтаудың артықшылығы өндіріс көлемінің өсуі себеп болған үнемділікке белгілі үрдістерге бірге қатысу арқылы қол жеткізуге болады. Болмаған жағдайда бұл тәжірибелік жағынан алғанда нарықты бағалауға әкеледі. Нарық компания шығарған өнімнің жиынтық көлемін оның қызметінің тауардың осы түріне қатысы аз болған жағдайда да көрсетеді.

Мысалы, көптеген адамдар демалысты өткізу туралы шешім қабылдаған кезде, тыныштық және демалу немесе белсенді түнгі өмір тәрізді белгілі бір пайда алуды көздейді, бірақ адамдар жеке сұрақтарға шын жауап бергілері келмегенде нақты себептерін өлшеу қиынға түседі. Кейбір жас адамдардың шын мәнісінде саяхаттауының себебі өзіне қарама - қарсы жыныстағы адамды кездестіру ниеті болуы мүмкін немесе ащшы сусындарды қолдану, бірақ олар нақты осы себепті жария етуді қаламайды.

● *Тәжірибеде қолдану* – әрбір сегмент тәжірибеде қолданылуы керек, нақты экономикалық тиімді бағдарламаларда ол нарық сегментіне қызмет жасау үшін құрылуы мүмкін.

Мысалы, шағын әуе компаниялары жеті нарық сегментін белгілеп көрсетеді, бірақ олардың адамдары және қаржы қоры әрбір бөлінген сегмент үшін жеке экономикалық тиімді маркетинг бағдарламасын жасап шығару үшін жеткіліксіз.

Бірақ, экономикалық тиімді болуы мүмкін нарық сегментін шамалы шектейтін бірнеше ескірген пікірлер өзгеруі мүмкін. Ыңғайлы технология клиент үшін таңдау мүмкіндігін арттыра отырып, артынша, аз шығынмен жеке талаптарға сәйкес өнімдерді шығаруға мүмкіндік береді. Жарнама қызметінде біз кең көлемде тарату тұжырымдамасына үйреніп кеттік. Болашақта біз ауқымды ақпарат аймағында революция

болысымен мекен – жайлы таратуға тұжырымдамасына көшеміз. Егер компания заттарды теледидар арқылы жарнамалайтын болса, өнім тек қала тұрғындарының қызығушылығын туғызады, бұл сонымен қатар ереже бойынша ауыл аудиториясының да назарын аударуға тырысады. Кабельді, спутникті және қалта телефон технологиялары ұйымдарға, өнімді потенциалды тұтынушыларға нақты дәлірек тікелей жарнамалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осыған ұқсас үрдіс, мәліметтер, сатып алушы әдеттері және геодемографиялық ақпараттар потенциалды клиенттермен бағытталған жұмысты дұрыс жүргізуге мүмкіндік беретін, тікелей маркетингтеуде (жарнама почтасы) және желі маркетингтері кезінде жүзеге асырылады. Осы үрдістің нәтижесі болып қарапайым ескірген ауқымды маркетингпен салыстырғанда аяқталған ыңғайлы стратегияны қолданатын ұйымдарға арналған нақты сыйақылар жатады.

Өнімді орналастыру

Барлық ұйымдар қарсылас компаниялар өнімдері және өздерінің араларында айырмашылық орнатулары қажет. Өнімді орналастыру бәсекелес өнім және нарық сегменті қолдауына тәуелді бренд немесе нақты өнім қабылдау кезіндегі әдіс болып табылады.

Тұтынушыларда ұйымдар туралы пайда болатын перцептивті бейне немесе өнім үлкен маңызға ие, жағымды және жақсы бейнелер тұтынушыларды өнімдерді қаралған ұйымдардан иемденуге итермелеуі мүмкін, сонда жағымсыз бейне міндетті түрде клиенттерді өнімді басқа жерлерден іздей бастауына алып келеді. Сол себепті *қонақ үй бизнесі және ұйымдастыру кештері туризм саласында*, сонымен қатар осы нақты сегментте қажеттілік және тұтынушылар приоритеттері есебінен нақты мінездемелерді тұтынушылар қабылдауы керек, стратегтер және маркетологтар өнім сапасына сәйкес келуге тырысулары керек. Бірнеше авторлар қатарлары *қонақ үй бизнесі және ұйымдастыру кештері туризм саласы* мәтінінде өнімдерді орналастыру сұрағы қарастырылды, мысалы: Дев *және т.б.,* (1999); Сахин және Балоглы (2011); Пайк және Мейсон (2011); Морган *және т.б,.* (2012); Робертсон және Уордроп (2011).

Мысал үшін шамалайтын болсақ, әуекомпаниясын бағалау үшін клиенттер қолданатын екі басты фактор нарық талдауын жүргізгенде

анықталды, олар:

- баға
- сапасы.

Бұл әрбір әуе компаниясын екі критерии бойынша – сапа және бағаны бағалау, клиенттерге өтініш білдіру жолымен оларға талдау жүргізу арқылы нақты сегменттегі барлық негізгі бәсекелес өнімдерді орнына қоюға мүмкіндік береді. Клиенттерден әрбір компанияларды он баллды шкаламен бағалауды өтінуге болады. Нәтижесін әрбір жауап орны нақты белгіленген нүктелі диаграмма түрінде көрсетуге болады (мысалы 6.1 суретті қара).

Бес бәсекелес A, B, C, D және E көрініп тұрғандай сатылу көлемі мен шеңбер өлшемі бойынша ерекшелінеді. Бәсекелестердің картадағы орналасуы келесідей болып келеді:

- A бәсекелесі жоғары сапалы/жоғары бағалы орынды алады, кейде «бірінші класс» жағдайы деп аталады.
- Б бәсекелесі орта баға бойынша орта сапалы өнімді жеткізу сияқты нарық түрінде қабылданады.
- C бәсекелесі кейде «бюджетті» терминімен аталатын, төмен бағамен төмен сапалы өнімдерді сатады.
- D бәсекелесі «баға/сапа» қатынасы жағдайын иелене отырып, төмен-бағамен жоғары сапалы өнімді сатады.
- E бәсекелесі «ковбой» термині экономикасына сәйкес келетін, жоғары бағамен төмен сапалы өнімдерді сатады.

Өнім үшін ең жақсы орынды анықтауға болады. Сәтті болған жағдайда ешқандайда бір бар өнім иеленбейтін «идеалды» орынды зерттеулер анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда, қанағаттандырылмаған қажеттілікті тұтынушылар топтарын орналастыру мақсаты орындалған болады.

6.1 суретте нарықта жаңа пайда болған ұйым, орта бағамен жоғары сапалы өнімді ұсынатын F жағдайын енгізу сұрақтарын қарастыруына болады. Бірақ, шындығына келетін болсақ, бүгінгі жоғары бәсекелі нарықта, өнімді орналастыру картасы белгілі мүмкіндіктерді көрсетпеуі мүмкін. Таза өнім бірнеше бар өнімдерге немесе бірен –саран кездесетін өнімге жақын болуы мүмкін. Бұл жағдайда орналастырудың екі негізгі нұсқасы мүмкін:

- тауар – ұқсастық енгізу, ұқсас орынды алатын, бар өнімнің қасиеттерін қайталау; немесе

● Өнімдерді орналастыру картасында, алдыңғы қатардаға бар өнімдермен өте аз ұқсастыққа ие өнімдерді енгізу жолымен бос орындарды толтыру.

6.1 сурет Өнімді орналастыру



Figure 6.1 Product positioning

High price	Жоғары баға
Low price	Төмен баға
Low quality	Төмен сапа
High quality	Жоғары сапа

Егер ұйым қасиеттері үйлесетін нарықта ұсынбайтын, белгілі бір талаптары бар тұтынушылар тобын тапса, нарықта бос орын пайда болады (‘ бос орын’ сызбаның оң жақ төменгі бөлігінде).

Бірақ B2B нарығында, өнімді орналастыру жағынан бренд атағына қарағанда, компания атағы маңызды мәнге ие (біз осында қарастырған). Калафатистің дәлелдеуі бойынша және т.б. (2000), бренд атағы негізінде орналастыру стратегиясы, маркетингте кең көлемде тараған кең қолданыстағы тауарлар, бизнес маркетингінде тарамайды.

МЫСАЛ ТҮРІНДЕ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Өнімдерді орналастыру: Marriott және IHG компаниясы

Қонақ үйдің жаңа брендтері арнайы нарықтарға қызмет көрсету арқылы пайда болады және дамиды. Қонақ үй бизнесінің ірі халықаралық компа-

ниялар топтарының барлығының (IHG and Marriott сияқты) нарықтың әр түрлі сегменттеріне арналған бірнеше суб-брендтері бар.

Ұлыбританиядағы IHG plc компаниясының басшысы Ричард Соломонс (Holiday Inn және Crowne Plaza сияқты брендтері бар) 'қазіргі клиенттердің барынша жан-жақты және қалауларын нақты айта алатындығын' растайды. Өз сөзінің дәлелі ретінде Соломонс мәшинелермен аналог жүргізеді. Мен ересек болғанда маған спорттық мәшинелер мен "кабриолет" түріндегі мәшинелер ұнайтын. Қазір үлкен және кіші, т.б. жол таңдамайтын көліктер бар. Тұтынушылардың санаттарының көбі сегменттерге бөлінеді (Гудман, 2013). Расында, оның Holiday Inn, Crowne Plaza, Intercontinental және Indigo сияқты брендтерден тұратын компаниялар тобы жаңа брендтерді іске қосуды жоспарлауда. Hualuxe тек қана қытай нарығына жауап беретін және қытай нарығындағы батыстық брендтерден ерекшеленетін қытай тұрғындарының мәнеріне сәйкес келетін бренд болады.

Қонақ үй бизнесінің Вашингтонда орналасқан Marriott компаниялар тобының қазіргі уақытта 15 бренді бар (Ritz-Carlton, Renaissance және Edition бутиктер тобын қосқанда) және үнемі жаңасын іздеу үстінде. 1980 және 1990 жылдары Courtyard брендтерін, сондай-ақ Moxy брендін дамыту төменде көрсетілген.

Courtyard бренді 1983 ж. үш сынақ қонақ үйлерді іске қосу мезетінен бастап өзінің жұмысын бірнеше елдерде кеңейтті. Бірнеше қонақ үй желілерінің формат көшірмесін құруға әрекет етті. Зерттеулер кез-келген қонақ үй бизнесінде сол уақытта атқарылмаған нарықтық орташа деңгейді анықтады.

Marriott компаниясының басшылығы Courtyard тұжырымын жасау кезінде сақталуға тиісті үш санатты атап көрсетті:

- клиенттерді тиімді баға қатынасымен және жаңа тұжырым сапасымен қамтамасыз ету;
- сол топтың қонақ үй өнімдерінің желінуіндегі нарық үлесін азайту;
- мәнді бәсекелестік артықшылығы бар нарықтық ұстаным орнату.

Marriott компаниясы Courtyard өнімдері қызметтік істер бойынша саяхаттаушыларға, сондай-ақ қолжетімді нөмір алуды қалайтын демалушыларға жоғары сапалы, бағасы сай келетін қызмет көрсетуге бағыттау үшін қонақ үй өнімдерінің позициялануының негіздемесін әзірледі. Со-

дан соң өнімнің негізгі тұжырымдық моделі жасалды. Өнімнің келесі қасиеттері болуы тиіс (Кроуфорд-Уэлш, 1994):

- өтпелі орташа-бағалық нарық сегментіне қатаң түрде негізделген;
- тұрғын үй бейнесін құру үшін нөмірлердің салыстырмалы түрде аз болуы (150 нөмір немесе одан да аз);
- шектелген меню, жалпы қолданылатын тұрақтардың аз болуы, әлеуметтік инфраструктурасының болуы;
- бір аудандағы қонақ үйлер кластеріне кіретін стандартты өнімнің болуы;
- Тиімділікті және танымалдылықты қамтамасыз ету мақсатында Marriott атауын иемдену.

Moxy Hotels модульдік конструкция негізінде Ikea Group бөлімшесімен бірігіп жасалған Marriott компаниясының экономика сегментіндегі жаңа бренді. Еуропада қонақ үйлер келесі онжылдықта сауда-саттық артықшылықтары бар 150 аймағына дейін жылдам дамитын болады. Жаңа үшжұлдызды бренд Y ұрпаққа және 2000 жылдар ұрпағына арнайы жасалған.

Moxy компаниясының вебсайтындағы мәліметтерге сәйкес: ‘Marriott International компаниясының қолжетімді үш жұлдызды сегментінің жаңа ойыншысы Миллениум ұрпағының саяхатшыларына арналған. Бренд жарқын болашақты құруға арналған күш, стиль, инновациялық шешімдер мен техникалық жоғары деңгей, сондай-ақ жоғары потенциалға ие (www.moxyhotels.com).

Еуропадағы қонақ үй нөмірлерінің бес милиионнан екі милиионға жуығы эконом-санаттағы қонақ үйлер, бірақ Marriott компаниясының президенті Арне Соренсон клиенттер барлық жерде үнемді өнім туралы еске салатынын растайды. Яғни, мақсат жаңа ұрпақ санатындағы туристер есебінен дизайн мен жайлылық үшін қолжетімге бағаға бола құрбандыққа бармайтын жаңа клиенттерді тарту.

Marriott компаниясының ұйымдастыру тәжірибесіне сәйкес, өнімнің технолгиясы мен дизайны жас тұтынушыларды тартуға бағытталған. Y және миллениум ұрпақтары. Ауданы 17 квадрат метр (183 квадрат фут) құрайтын Moxy қонақ үйінің нөмірлері кіріктірілген USB порттары бар, мәліметтерді трансляциялау мүмкіндігі бар, жалпақ экранды 42 дюймдық теледидарлар сияқты жаңа технологиялардан тұрады. Әрбір бөлменің қабырғасы төбеден бастап еденге дейін айналадағы жағдайды бей-

нелейтін өнер стилінде әрленген. Ортақ пайдалануға берілген аймақтар әр түрлі меню мен спирттік ішімдіктер ұсынылатын тұрақты кездесулер орны болып табылады (Мейок, 2013).

Сұрақтар

1. Моху кең танылған брендтер желісі қандай артықшылықтар мен кемшіліктерге ие болатындығын ойланыңыз.
2. Marriott компаниясы Моху брендін қандай себеппен пайдаланатыны туралы ойланыңыз.

Туристік бағыттарды позициялау

Позициялау және репозициялау қағидалары әдебиеттер саны көбірек жазылған тақырып бойынша қолданылдадын. Мысалы, Скотт *және т.б.* (2000); Галларза *және т.б.* (2002); Пайк және Райан (2004); Усаклы және Балоглу (2011); және Пайк (2012).

Туристік бағыттардың ұйымдардан айырмашылығы мықты басшылық пен нарықтың барлық қатысушылары ұстанатын нәтижеге бағытталған мақсатты шешімнің болмауымен ерекшеленеді. Бұл туристік бағыттардың рқайсысы өзіндік мақсатқа ие туристік қызығушлықытың конгломерат объектісі ретінде қарастырылу себебінен туындауы мүмкін. (Скотт *және т.б.*, 2000:198–9).

МЫСАЛ ТҮРІНДЕ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Австралияның Квинсленд туристік демалыс орнын позициялау

Туризм **Квинслендтің** келушілер тұрақтануына байланысты күніне 43 милиион АҚШ долларына тең немесе жылына 16 миллиард АҚШ долларына тең кіріспен қамтамасыз ететін негізгі секторларының бірі. Туризм сондай-ақ **Квинслендтің** 124,000 (немесе 5.4 пайыз) жұмыс орнын қамтамасыз етеді және елдегі екінші экспортты кіріс көзі (көмір өндірісінен кейінгі) болып есептеледі. Tourism and Events Queensland (TEQ) компаниясы ұлттық туризм сферасын және шараларды ұйымдастыру индустриясын көрсететін Квинсленд штатының шараларын ұйымдастыратын жетекші сауда агенттігі болып есептеледі.

2010 жылғы қыркүйек айында, барлық нарық қатысушыларымен 18 ай бойы жүргізілген зерттеулер мен кеңестер нәтижесінде Tourism Queensland (бұрын Tourism and Events Queensland) компаниясы алғашқы

жаһандық туристік брендін шығарды. ‘Queensland, Where Australia Shines’ бренді Квинслендтің жаңа туристік бағыттарын ұсынады. Жаңа брендтің Квинслендтің дамуына арналған аймақтық брендті құрайтынына қарамастан, ерекше сипаттары бар туристік брендтерінің көптігінен, масқатты нарық пен портфельді басқару тәсілін қамтамасыз ететін дамыған туристік сала есебінен Квинсленд штатының Австралиядағы орны ерекше. Бұл тәсіл Квинслендтің (және оның туристік саласының) жан-жақтылығын және масштабын көрсетеді және турситік бағыттардың әр түрлі бейнелерін, мақсаттық нарығын, сондай-ақ әрбір туристік бағыттың дамуы және позициялануына арналған бағдарламаларды көрсетеді. Берілген мәліметтер 6.5 кестеде ұсынылған:

Table 6.5 Queensland tourist destinations – positioning summary

Destinations	Positioning elements	Brand personality	% domestic visitors
Tropical North Queensland (TNQ)	Great Barrier Reef and tropical rainforest	Relaxed, friendly, natural, adventurous, active	57
Brisbane	Stimulating subtropical capital city experience	Plenty to see and do, relaxed fresh outdoors	75
Gold Coast	Beach and excitement, nightlife and entertainment	Exciting, fast-paced, fun	70
Sunshine Coast	Beach and relaxaion	Relaxed, simple, the way things used to be	90
Whitsunday Islands	Aquatic playground	Relaxed, fresh, friendly, vibrant, natural	75

Дереккөз: Скотт және т.б материалдары бойынша (2000)

Destinations	Бағыттары
Positioning elements	Позициялау элементтері
Brand personality	Бре ндтің жекелігі
% domestic visitors	% жергілікті келушілер
Tropical North Queensland (TNQ)	Квинслендтің тропикалық солтүстік аудандары (TNQ)
Great Barrier Reef and tropical rainforest	Үлкен Барьерлі риф және ылғалды тропикалық ормандар
Relaxed, friendly, natural, adventurous, active	Тыныш, достасқыш, табиғи, белсенді

Brisbane	Брисбен
Stimulating subtropical capital city experience	Субтропикалық ортасы бар
Plenty to see and do, relaxed fresh outdoors	Көп нәрсені көруге және айналысуға болады, таза ауада тыныш демалыс
Gold Coast	Алтын жағалау
Beach and excitement, nightlife and entertainment	Жағажай және ойын-сауық, түнгі өмір мен ойын-сауық
Exciting, fast-paced, fun	Әсерлі, динамикалық, көңілді
Sunshine Coast	Күнгей жағалау
Beach and relaxaion	Жағажай және демалыс
Relaxed, simple, the way things used to be	Тыныш, қарапайым, әдеттегідей
Whitsunday Islands	Уитсандей аралы
Aquatic playground	Су ойындары алаңдары
Relaxed, fresh, friendly, vibrant, natural	Тыныш, таза, достасқыш, жарқын, табиғи

Сұрақтар

1. Туристік бағытты позициялаудың бір компанияның *туризм, қонақ үй бизнесі, шараларды ұйымдастыру* саласындағы өнімінен ерекшеленділіретін потенциалды айырмашылығын түсіндіріңіз.
2. Квинслендке суб-брендтер қатарының не үшін қажеттігін және оның аймақтық брендке қатынасын түсіндіріңіз.

Ұйым бәскелесетеріне қатысты өзін қалай позициялайтыны туралы шешім қабылдағаннан кейін, оған аталған ерекшеліктерді орнату үшін маркетингтік комплексті қолдану қажет. Маркетингтік комплекс ұйым бақылай алатын және тұтынушы сұранысын ынталандыратын айнымалылардан тұрады. Ережеге сай маркетинг саласындағы мамандар құрамында төмендегілер болатын маркетингтік кешенді қарастырады:

- Өнім;
- Алға жылжу;
- Баға;

● Орын (таратылу).

Бірақ, кей жағдайда қызмет көрсету саласындағы мамандар үшін 6.2 суретте көрсетілген қызмет көрсету маркетингінің кешені деп аталатын үш қосымша аспектілерді енгізу жалпыға сай түрде болады. Яғни, маркетингтің бұл қосымша факторларының қызметтерді анықтау кезіндегі маңызы зор.

Үш қосымша фактор:

● персонал;

● физикалық орта;

● процесс.

Аталған қызмет көрсету маркетингі кешенін жан-жақты қарастыру егжей-тегжейлі тәсілдермен жүзеге асыру маркетологтардың қарастыруын қажет ететіндіктен, бұл мәтін аясына кірмейді. Маркетингтік кешенді туризм, қонақ үй бизнесі және шараларды ұйымдастыру мазмұнында егжей-тегжейлі зерттеу үшін Мак Крехер (1995); Ален *және т.б.* (2005); Хадсон (2008); Мидлтон *және т.б.* (2009) жұмыстарын қараңыз.

Дамудың әр түрлі сатыларында өнімдер арасындағы тепе-теңдікке жету ресурстардың орналасуына, қолма-қол қаржылардың және тәуекелдерге әсер ететін стратегиялық сұрақ ретінде қарастырылатындықтан өнімді қарастырамыз.

Өнім

Өнімнің анықтамасы

Нарықты зерттеп алғаннан кейін өнімге назар аударамыз.

Стратегияляқ маркетинг бойынша әдебиеттердің көбінде стратегия- нарық –өнім терминін қолдану арқылы өнімдер мен нарық зерттеледі.



Figure 6.2 The services marketing mix

6.2 сурет Қызметтер маркетингі кешені

Product marketing mix	Тауарлық маркетинг кешені	Physical evidence	Физикалық дәлелдер
Product	Өнім	Process	процесс
Pricing	Баға	Services marketing mix	Қызметтер маркетинг кешені
Promotions	Жылжу	People	тұрғын
Placement	Орналасу		

АНЫҚТАМА/ДӘЙЕКСӨЗ

Котлер мен Келлер бойынша өнім дегеніміз:

Бұл үміттер мен қажеттіліктерді қанағаттандыратын нарықта назар үшін, сатып алу үшін немесе тұтыну үшін ұсынылатын барлық заттар. Өнім құрамына физикалық объектілер, қызметтер, субъектілер, орны, ұйымдастырулар мен идеялар кіреді.

Котлер мен Келлер (2012:347)

Компанияға сатуынан табысты қамтамасыз ететін өнімнің сатуы маңызды болып табылады. Егерде клиент бір туроператордан кешенді туристік саяхатты сатып алып, өткізген демалысына қанағаттанса, немесе іс-шарадан не белгілі жерге барғанда оң әсер алса, ол келешекте сол компаниядан турға тапсырыс беру жөнінде шешім қабылдауы мүмкін. Демек, компания өнім клиенттің үміттеріне сай келу үшін және тұтынушының осы брендке және/немесе компанияға бейілділігін қамтамасыз ету мақсатында оның барлық жақтарына аса назар аударуға тиіс.

Туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру саласында өнімдерді қарастыру кезінде ‘өнім’ дегеніміз демалыс немесе саяхаттау, көз тартатын жерлерге, фестивальдар немесе іс-шараларға бару ғана емес екенін мойындау керек.

Іс жүзінде өз жиынтығында клиентте жағымды әсерлерді қалдыратын барлық элементтер өнім құрамына кіреді. Өнім – нарық стратегиясында тұтынушылар кейіннен оны сатып алуға құштар болатын өнімнің сипаттамалары қандай жолмен жетілдірілетіні маңызды орынға иеленеді.

Бұл үшін өнім сипаттамаларын және онымен әртүрлі деңгейлерде ұсынылатын тиімділіктерді зерделеу пайдалы болуда. Әралуан ұсынылатын тәсілдер деңгейлердің әртүрлі көлемін ұсыну мүмкін, бірақ, Котлер мен Келлер (2012:348) маркетинг саласындағы мамандарға (стратегтерге) құрамына бес деңгей кіретін өнімді қарастыруын ұсынады:

- негізгі өнім;
- стандарттық өнім;
- күтілетін өнім;
- қосымша қызметтер кешенімен өнім; және
- әлеуетті өнім.

1. *Негізгі өнім* дегеніміз тұтынушы өнімді сатып алу кезінде алатын негізгі пайда.

Мысалы, демалушы Еуропа бойынша Мальорка аралына туристік саяхатқа барғанда, негізгі өнім құрамына демалыс пен ойын-сауықтар кіреді, ал Вьетнам еліне баратын туристпен сатып алынатын негізгі өнім қандай да бір дәрежеде айрықшалануы мүмкін. Бұл жағдайда негізгі өнім жақын арада ашылған, халықаралық туристік бағыттың зерделенуін қарастыру мүмкін.

2. *Стандарттық өнім* өнімнің негізгі нұсқасын ұсынады. Ол сатып алынатын өнімнің сипаттамаларын көздейді.

Мысалы, фестивальға бару дегеніміз бұл фестивальға барып-қайту саяхатын ұйымдастыру, фестивальды өткізу орнында қонақүйге орналасу және жергілікті көз тартарлық жерлердегі экскурсиялар, жергілікті мейрамханаларды қолдануға болатынваучерлер сияқты ‘қосымшалар’. Фестивальға барып-қайту саяхатына енгізілген барлық стандарттық сипаттамалар, брошюраларды немесе жарнамалық материалдарды қосқанда, стандарттық өнім бөлігі болып табылады.

3. *Күтілетін өнім* құрамына әдеттегінде сатып алушылар өнімді сатып алу кезінде күтетін және олармен келісетін сипаттамалар жиыны кіреді. *Мысалы,* клиенттер өзіне қызмет көрсету нөмірлерін алғанда, олар тапсырыс беріп демалыстарын өткізген жерлерде таза бөлмелер, төсек жабдығы, орамалдар, сантехника, киімге арналған шкафтар, тыныш аудан және оңаша болудан тұратын ұсынылған қызметтер топтамасы сияқты белгілі сипаттамаларды күту мүмкін.

4. *Қосымша қызметтер кешенімен өнім*клиентке неғұрлым кеңейтіл-

ген және күтетін қызметтерді ұсына отырып, оның үміттерінен асады.

Мысалы, туристік агенттіктің немесе концертке билеттерді брондау агенттіктің қызметкерлер құрамымен, брондауды жүзеге асыратын колл-орталықтарының мамандарымен ұсынылатын қызмет көрсету деңгейі немесе белгілі компанияның клиенттердің шағымдарымен жұмыс атқару тәсілдері қосымша қызметтер кешенімен өнім мысалдарын ұсынады. Осы қызметтерді ұсыну тәсілі сатылатын өнімнің 'құндылығын арттырады' және де жиі жағдайда бір компанияның басқа компаниядан ұсыныстарын ерекшеліндіру мүмкін.

Котлер қызмет көрсетудің осы кеңейтілген деңгейін бәсекелестігі жоғары нарық жағдайларындағы негізгі бәсекелестік орын алатын және қазіргі таңда компаниялар тап болатын деңгей ретінде қарастырады. Компаниялар бизнесінде табысқа жету үшін бәсекелестер алдында артықшылығын қамтамасыз ету мақсатында өз өнімін үнемі қарастыруға мәжбүрлі (*туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру* саласында олар ұсынылатын тәсіл өте маңызды). Бірақ, компанияға әр қосымша қызмет уақыт немесе ақша түрінде ресурстарды талап етеді. Демек, клиент осыны қосымша шығындарды жабу ретінде жеткіліктідей дәрежеде өтей ала ма деген сұрақ қою қажет. Қосымша пайда жақын арада күтілетінге айналады.

Мысалы, соңғы қырық жылдакөптеген халықаралық қонақүйлерінде жеке ваннасы бар нөмірлер ерекшелік қатарынан стандарттық қатарға ауысса, ал интернетке қосылу нормаға айналды.

Сонымен, бір нарықтағы күтілетін өнімде бар нәрсе басқа нарықта қосымша қызметтер құрамына кіру мүмкін.

Мысалы, қалыпты климаты бар ауа кондиционерлерінің бар болуы бонус саналса, ал тропикалық немесе құмды климат елдерінде бұл жайт міндетті талапқа айналады. Жергілікті әуе б ағыттарының жолаушылары төмен баға орнына тар орындармен ұшса, алыс рейстердің жолаушылары мұндай қолайсыз жағдайларға төзе алмайды.

Бұл жайт бәскелестер өнім құрамына кіру мүмкін қосымша ерекшеліктер мен пайдалардың іздестіруін үнемі жүргізуге тиіс. Кейде, қатысушылары неғұрлым көп сипаттамалар мен бағаларды қоса отырып, өнімді толтыруға тырысқан бәсекелестіктен соң нарық сегменті күтілетін тиімділіктерді ғана ұсынатын қарапайым, жеңілдетілген, шығыны төмен нобайға ауысады.

Мысалы, соңғы жылдарыбюджеттік авиатасымалдауларсекторының (мысалы, Air Asia, easyJet және Ryanair) жәнеқонақүйлердің бюджеттік брендтердің (мысалы Formula 1, Etap және Premier Inn) пайда болуын байқауға болады.

5. *Әлеуетті өнім* құрамына өнімге қолданылу мүмкін барлық жақсартулар мен түрлендірулер кіреді. Қосымша қызметтер кешенімен өнім қазіргі өнімге енгізілген сипаттамаларды қарастырса, әлеуетті өнім оның ықтимал дамуын ұсынады. Осы себептен табысты компаниялар өз өнімін мұқият басқарады және бағалауын жүзеге асырады. Олар кейбірқосымша пайдалар бәсекелі нарықтарда тұтынушыларды жұмылдыру үшін ұсынылуға тиіс екенін мойындайды. Мұқият компаниялар осылай зерттеу мен дамуға көп күш салатын болады, өйткені үлкен әлеуеті бар өнім ертеңгі нарықта табысты болатын өнім. Барлық компаниялар тұтынушыларға ұсынылатын әртүрлі өнімнің оңтайлы көлемін анықтау керек:

Мысалы, туроператор тек Грекияға инклюзив-турларын ұсынуға тиіс пе, немесе туристік пакеттер сондай-ақ Кипр мен Түркияға да әзірленуге тиіс пе? Туристік агент ірі турларға және алыс жолмен турларға ғана, немесе жаппай нарық сұраныстарына жауап беретін өнімдерге мамандануға тиіс пе?

Осыған қарамастан, ұйым тек ағымдағы жағдайды ескермеуге тиіс, өйткені тұтынушылардың қалауы өзгеру мүмкін. Жаңа курорттар пайда болғаннан кейін, сонымен бірге жаңа іс-шаралар және фестивальдар ашылған соң туристік бағыттар сұранысқа ие болмай қалу мүмкін. Демек, сондай-ақ ұйым жағдайды перспективада және де қандай өнімдер нарыққа қай уақытта қосылу мүмкін екені жағынан қарастыруға тиіс?

Осы сұрақтарға деген жауаптар келесі факторларға байланысты болады:

- бизнес үшін қолжетімді ресурстар;
- оларға бағдар жасау тиіс нарық сегменттері; және
- тұтынушылық сұраныс.

Компания өнімінің түржинағын бақылау *өнім қоржыны*деп аталады. Қолданыстағы өнімге қызығушылық басылған сайын жаңа өнімді қосу, маркетинг бойынша менеджерге қарағанда, стратегия саласындағы маманның маңызды функциясы болып табылады. Сондай-ақ осы маман әрөнімге енгізілетін сипаттамаларға қатысты шешім қабылдауға тиіс.

Осындай стратегиялық шешімдер жаңа тұжырымдамалар мен модельдерді әзірлеуге итермеледі, олардың кейбіреуі келесі тарауларда талқыланатын болады және мысалы, Броунли (1985), Флейшер мен Бенсузанның (2003) жұмыстарында сипатталады.

Өнімнің тіршілік циклы

Өнімнің тіршілік циклы тұжырымдамасы тірі жәндіктер өмір сүрудің шектеулі ұзақтылығына ие болғандықтан олардың ұқсастығына негізделген. Барлық өнімдер қызмет етуінің шектеулі, ұзақ немесе қысқа ұзақтылығына ие болады. Тіршілік циклы өнімнің не өнім үлгісінің жеке деңгейінде, немесе нарықтың тіршілік циклы неғұрлым қолайлы атау болатын өнім класы деңгейінде әрекет ету мүмкін.

Өнімнің жеке деңгейінде тауардың тіршілік циклы – бұл тіршілік циклдың әртүрлі кезеңдерінде өнімнің болуын қамтамасыз ететін түр. Ж инақты жоспарлаудағы пайдалы құрал.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Өнімге қатысты метафора ретінде тіршілік циклы

Тіршілік циклының тұжырымдамасы адамға (немесе жануарларға) ғана жатпайды; ол сондай-ақ өнімге, туристікбағыттарға, фестивальдар мен іс-шараларға жатады. Адамдар біздің биологиялық өзгерістермен қатар, мінез-құлығымызға үлкен әсер ететін тіршілік циклдарды басынан кешсе, өнім де сондай-ақ ұқсас циклдан жиі өтеді. Біз ана құрсағында жатып, танысу кезеңінен өтеміз. Туғаннан кейін біз өсе бастаймыз – бұл жыныстық жетілуден соң, толық бойымыз бен салмағымызға жеткенше дейін жалғасатын үдеріс. Кәмілеттілік кезеңі ең ұзақ болуда. Көптеген адамдар үшін ол бозбала шағынан басталып, қабелеттеріміз бізді, шамамен алпыс немесе жетпіс жасымызда, жайсыз жағдайларға қалдырған уақытқа дейін жалғасады. Көздеріміз нашар көре бастайды, реакциямыз бәсеңдейді, кейбір зияткерлік қабілеттеріміз жоғалады. Ең соңында, өмір ағысы кемейгенде, адам тіршілік қабілеттілігін жоғалтып қайтыс болады. Өнім класының деңгейінде біз бәсекелес жағдайларды талдау және болжау үшін тауардың тіршілік циклының тұжырымдамасын қолданып, басқарудың маңызды сұрақтарын анықтай аламыз. Ол сұлбада көрсетілгендей, шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлінген. Біз әр кезеңдерде туындайтын негізгі сұрақтарды зерттейтін боламыз.

Өнімнің тіршілік циклының әр кезеңінде (6.3-сур.) өнімді ұйымдастыру мен басқарудың барлық кезеңдері үшін әралуан салдары бар. Жекелеп айтқанда, менеджерлер бағаларға, бәсекелестерге, ақшалай қаражаттардың мақсаттары мен ағынына деген өзгеріп отыратын ықпал жайлы хабардар болуға тиіс, өйткені өнімдертіршілік циклдан өтеді. 6.3-суретте тіршілік циклдар көрсетілген жәнеосы факторлардың негізгі салдарлары жинақталған.



Sales-Сату,
Introduction – Енгізу,
Growth – Рост,
Maturity – Толық даму,
Decline – Құлдырау,
Time - Уақыт

	Енгізу	**Өсуі**	**Толық дамуы**	**Құлдырау**
Баға	Бір клиентке ең көп құн	Бір клиентке жоғары құн	Бір клиентке төмен құн	Бір клиентке төмен құн
Бәсекелестер	Біреуде емес немесе аз	Бірнеше	Бәсекелестердің максималды саны	Бәсекелестер санының төмендеуі

Өнім мақсат-тары	Өнім жөнін-дегі жақсы хабардар болу және сынау - ин-новациялар сипатын түсіндіру қажет	Бәсекеле-стердің көп саны пайда болғанша дейін на-рықтың максималды үлесі	Нарық үлесін қолдау кезінде пайданы максималды арттыру және клиенттерді басқа брендке ауысуға уәждеу	Шығстарды қысқарту және брендтен пайда алу. Шығындармен басқару өте маңызды деп саналады.
Ақшалай қаражат-тардың ағыны	Теріс болу мүмкін, өйткені қосу құнын сатулар өтемейді	Сатулар өскен сайын теріс ақшалай ағыны оң ақшалай ағынына ауысады	Өнімнің қа-лыптасуымен максималды оң ақшалай ағыны, бұл артық ақшалай қаражаттарын басқа тауар-ларға салуға мүмкіндік бе-реді	Шығындардың мұқият бақылауы ақшалай қаражаттардың артықшылығын төмендеткенде оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді

6.3-сурет.Өнімнің тіршілік циклы және оның салдарлары

Енгізу кезеңі

Өнімнің бастапқы әзірленуінің енгізу кезеңі. Өнім нарық үшін жаңа болып табылады және де новаторлармен енгізілетін болады, әлеуетті нарықтың шағын үлесін сипаттау үшін термин. Инноваторларға алдын ала нарықты анықтау қиын, ең алдымен өнімді қосу және маркетинг бойынша шығындардың жоғары деңгейі орын алады. Өйткені операциялық (немесе өндірістік) көлемдер төмен болу мүмкін, сондай-ақ өнім әлі “эксперименталдық” кезеңде болғандықтан бірлікке деген пайдалану шығындары жоғары болады.

Сұраныстың бағалық икемділігі бастапқы максималды жоғары пайданы алу немесе нарыққа “бұзып кіру” бағасын алу мақсатында өнім жоғары бағамен қосылатынына байланысты мықты әсерге ие болады.

Бастапқы максималды жоғары пайданы алу мақсатындағы жоғары баға өнім жаңа эксклюзивтік курорттардың немесе жаңа бағыттарға қызмет көрсететін авиакомпания ұсынатын бірінші класты салонында орындардың пайда болуымен икемді емес сұранысқа ие болған жағдай-

да орынды.

*“Бұзып кіру” бағ*адегеніміз бағасы бойынша икемді сұраныстағы тауарлар үшін және де нарық үлесін бағындыру дамуына шығындарды жылдам өтеуіне қарағанда, неғұрлым маңызды болғанда жарамды. Жаңа маршрутты іске қосатын бюджеттік авиакомпания немесе жаңа қалада қызметін жүзеге асыратын бюджеттік қонақүй операторы осындай өнімдердің мысалдары.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Сұраныстың бағалық икемділігі

Сұранысуақыттың белгілі кезеңінде белгілі бағадағы өнімді сатып алуға дайын және жай-күйі жететін тауар сатып алушыларының санын көрсетеді.

Экономистердің пайымдауы бойынша сұраныс “тілек” дегеннің мәніндегідей емес. Әр адам кереметтей Жер шарын айналған саяхатқа барғысы келу мүмкін, бірақ, барлық адамда оның ақшасын төлей алу мүмкіншілігі жоқ. Өзге тең жағдайларда, біз талап етілетін қызметтер саны олардың бағасына кері пропорционалды болады деп күтеміз. Басқалай айтқанда, егерде бағасы артса, өнім аз көлемдерде талап етіледі және керісінше болады.

Сұраныстың бағалық икемділігі деген маңызды ұғымсұраныстың бағадағы сезгіштігін өлшейді – кейбір қызметтер басқаларына қарағанда неғұрлым икемді. Бағасын құру бойынша шешімдерді қабылдау кезінде, егерде максималды пайданы артырса, сұраныс қалай ықпал ететінін ұғыну маңызды.

*Туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру*өнімдеріне қатысты сұраныстың бағалық икемділігіне ықпал ететін негізгі факторлар келесідей болуда:

- *Ауыстырғыш-тауарлардың болуы* – бәсеке деңгейі жоғары болған сайын (және, демек, ауыстырғыш-тауарлардың болуы), сұраныс неғұрлым икемді болады. *Мысалы*, бүкіл Еуропа бойынша, әсіресе жазғы айларда, көптеген фестивальдар өтеді, олардың арасында бәсеке мықты, ал белгілі маршрутта жұмыс атқаратын авиакомпаниялар саны көп жағдайда тым шектеулі.
- *Уақыт кезеңі* – ұзақ кезеңі бойында тұтынушылық сұранысықтимал

түрде неғұрлым икемді болады. *Мысалы*, егерде Солтүстік Еуропадан Испанияға туристік сапарларға бағалар Грекияға деген турлармен салыстырғанда артса, қысқа мерзімді перспективада сұраныс күрт өзгермейтін болады (өйткені брондау және тапсырыстар жасалған болатын), бірақ, тұтынушылар арасында неғұрлым ұзақ кезеңде Грекияға деген турларға сұраныс арту мүмкін. Басқалай айтқанда, Грекияға деген сапарлар бағасы бойынша сұраныстың икемділігі өседі.

- *Табыс үлесі* – тұтынушы табысының үлесі нақты өнімге қатысты жоғары болған сайын сұраныстың бағалық икемділігі жоғары болады. *Мысалы*, тұтынушы қарындаш сияқты қарапайым затты сатып алу кезінде, оның бағасы жөнінде алаңдамау мүмкін, ал мысалы, ұшаққа немесе концертке билет алу сияқты қымбат сатылымдар жасағанда, алаңдаушылық білдіреді.
- *Сән-салтанат және қажеттілік* – сән-салтанатты іздейтін адамдар, әдеттегінде, төлеуге дайын және қабілетті. Демек, сұраныстың бағалық икемділігі люкс класының бұйымдары үшін төмен болу мүмкін.
- *Бизнес және рақаттылық* –іскери саяхатшыларда, бәлкім, туристтерге қарағанда, бағаға сезгіштігі төмен болады, өйткені олар уақыт пен сенімділікті бағалайды және де, демек, сұраныстың бағалық икемділігі төмен болу мүмкін.

Эванстың материалдары бойынша (2002)

Ісін бастаушы компаниялар (нарыққа нақты өніммен алғашқы рет шыққандар) көбінесе қолданыстағы брендке идеяларды сатуға мәжбүрлі, ал кейде ол үшін әдейі күш салуда, және де уақытында ілгері басу нарыққа кейіннен ұқсас өніммен шығатын бәсекелестерге көмектесу мүмкін.

Әдеттегінде, ерте кезеңде нарыққа шығу қауіпті. Белгілі кезең бойында тек компаниялар шығынға батпайды, осы кезеңде көптеген өнімдер де құлдырау мүмкін. Осы қауіптілікті еңсеру ұқсас өнімдерді пайдаланумен қарағанда, жаңа сауда саласында үлесін арттыру перспективасы, осының салдарынан, *бірінші қадам артықшылығы* деп аталатын жетістік болып табылады.

Бірінші қадам артықшылығы алғашқы өнім кеңінен танылғанда және нарыққа кейінгі тауарлардың шығуы үшін *тосқауыл* құрағанда туындайды.

МЫСАЛМЕН ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Бірінші қадам артықшылығы**: Дубай мен Сингапур**

Бірінші қадам артықшылығын фирманың жаңа сауда санатында нарыққа алғашқышығу нәтижесінде өз бәсекелестерден дәулетті болу қабілеті ретінде анықтауға болады (Суарес және Ланзолла 2005). Фирманың нарықтағы үлесін немесе ұзақ кезең бойында табыстылығын бекітетін ізашардың тұрақты артықшылығы және қысқа мерзімді тіршілік циклы барларының арасында айырмашылық өткізуге ұсыналады. Қандай да болсын артықшылықтар мәңгі сақталмайтынына қарамастан, бірінші қадамның тұрақты артықшылығын құруда табысқа жеткен фирмалар, әдеттегінде, көптеген жылдар бойы, нарық дамуының ерте кезеңінен оның қорытынды дамуына дейін, тауарлар санатында басым болады.

Алкогольсіз сусындар сегментінде Coca-Cola компаниясы және шаңсорғыштар өндірушілері арасында Hoover ерте кезеңдегі жетістіктерінің құндылығымен қатар ұзақ мерзімділігін көрсетуде (Суарес және Ланзолла 2005). Олардың бірінші қадам артықшылығымен ізашарларын қуып жетуге және көшіріп алуға тырысып, артынан пайда болатын өнімдерді көбінесе ұқсастықтар деп атайды.

Авиатасымалдау желілерінің өсуі және реттеуді жою, Сингапур пен Дубай сияқты тұрғындар саны салыстырмалы аз шағын қалаларына, ірі халықаралық туристік және көлік орталықтарына айналуға мүмкіндік берді. Сингапурда болсын, Дубайда болсын Еуропа, Азия және Тыңық мұхит өңірінің оңтүстік-батыс бөлігінің елдері арасындағы ұзақ маршруттар кезінде осы қалалардың кез келгенінде тоқтайтын жолаушылардың көп санын жұмылдыруға қол жеткізілді (Ломанн және басқ., 2009).

Екі жағдайда да көлік тораптары ретінде, сондай-ақ Emirates және Сингапур авиабағыттары сияқты тиісінше авиакомпаниялар арқылы табысқа жеткізілген шоғырланған және күрделі желілер әзірленген болатын. Орталықтар туристік объектілердің, көлік секторының және қонақүйі қызмет көрсету саласының өзара әрекеттесу есебінен туристік бағыттарға өзгертілген болатын. Екі жағдайда да келушілерді қалу үшін нандыру мақсатында сауда ‘жұмағы’ құрылды. Сингапур пен Дубай олармен қабылданған модель тұрғысында ізашар артықшылықтарын қолданды, бірақ, басқа елдерде оның тартымдылығын біртіндеп төмендете алатын сондай-ақ ұқсас географиялық ерекшеліктер бар. Куала-Лумпур (Малайзия) және Бангкок (Таиланд) сияқты өңірлік бәсекелестерде ұқсас гео-

графиялық ерекшеліктер бар, енді өңірдегі жетекші көлік орталығы бола тұрып, Сингапурмен бәсекеге түсуге тырысады(Боуэн, 2000). Абу-Даби (ОАЭ) және Доха (Катар), сондай-ақ олардың Etihad және Qatar Airways деген тиісінше авиабағыттары дамуда және Әмірліктер мен Дубайға бәсекеге түсуде (Ломанн жәнебасқ., 2009).

Сұрақтар

1. *Туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру* саласынан мысалдар келтіре отырып, *алғашқы қадам артықшылығы* және *ұқсастық стратегиясы* деген ұғымға түсінік беріңіз.
2. Сингапур пен Дубай қалалары*алғашқы қадам артықшылығын* пайдаланумен қандай табыстарға жететінін ойластырыңыз.

Өсу кезеңі

Өсу кезеңінде жалпы нарықтағы көлем артады және нарық үлесін иеленуде көшбасшыларға бәсекелестікті құрайтын жаңа қатысушылар пайда болады. Бәсекелестер нарықтың қалыптасқан көшбасшыларымен тікелей бәсекелестікке тап болмау үшін нарықтың жаңа сегменттерін дамыта алады.

Нарық кірісті бола бастайды, ақшалай қаражаттардың оң ағыны құрылады. Осы ағынды өнімді әзірлеуге және оны іске қосуға деген шығындарын өтеу мақсатында қолдануға болады. Бұл нарық үлесін иелену үшін маңызды мезет. Өйткені кейіннен клиенттерді басқа брендтерге ауысуға мәжбүрлегенге қарағанда, жаңа клиенттердің үйлесімсіз үлесін жұмылдыру оңайға соғады. Нарықтың жаңа сегменттері пайда болған сайын, оларды ұстану немесебастапқы бағдарды сақтап қалу жөнінде маңызды шешімдерді қабылдау керек.

Кәмілеттік кезеңі

Бір кезде сатып алған тауарды сатып алған адамдардың көп үлесі соңғы нәтижесінде оны қайтадан алғанда кәмілеттікке қолжеткізіледі. Осы кезең ең ұзақ, бірақ, нарыққа байланысты ол бірнеше күндер мен аптадан көптеген он жылдықтар немесе жүз жылдықтарға дейін өзгеру мүмкін. Осы кезеңде нарықтың жоғары үлесіне қолжеткізу немесе нарықтың белгілі сегментінде басым болу маңызды. Осы кезеңде нарықтың үлкен үлесін игеру қымбат және қауіпті болу мүмкін, сондықтанда кейбір

компаниялар өз бәсекелес күштерін әрекеттегі клиенттерін ұстап қалуға жұмылдыруға тырысады және жаңадан пайда болған тұтынушылардың аз ғана санына өте мықты бәсекеге түседі. Осы кезеңде жаңа өнімдерге инвестициялану мүмкін үлкен оң ақшалай ағындар немесе олардың дамуының неғұрлым ерте кезеңдеріндегі өнімдер құрылатыны ықтимал. Компаниялар дамыған нарықта өз айқындамаларын сақтап қалу және қорғау үшін жүріп жатқан өзгерістерді анықтау кезінде қарағылық таныту керек. Ұйымдар өзгерістерге байланысты өнімдерді, клиенттер қалай қабылдайтынын ескерумен, өзгертуге немесе жақсартуға дайын болуға тиіс, сондай-ақ өнімнің түзетуін жүргізу керек.

Құлдырау кезеңі

Осы кезеңөнімнің тіршілік циклының бөлігі болып табылады, ол нарықтағы барлығына соңында сұраныс төмендейтінін көздейді. Сондықтанда компаниялар сұраныстың төмендуі міндетті түрде болған жағдайда жаңа нарықтарға ауысуға дайын болу керек немесе, егерде бұл мүмкін болса, өнімнің тіршілік циклын ұзарту үшін стратегияларды әзірлеуге тиіс. Кеңейтудің тиісінше стратегияларына, жаңа клиенттерді іздестірумен және өнімді түзетумен, нарықтың қалған бөлігінің құлдырауынан кейін қалатын нарық сегменттерінде өз болуын қамтамасыз ету үшін тауарды пайдаланудың жаңа бағыттарын дамыту кіреді. Нарықтар құлдыраудың жоғары кезеңіне жеткен жерлерінде жеке сегменттер қалу мүмкін. Осы сегменттер оларды анықтай алған және иеленген ұйымдар үшін пайда әкелу мүмкін.

Өз айқындамаларын жоғалтатын нарықта табысқа жеткен компаниялар, әдеттегінде инвестициялар минимумға жеткізілген нарықты ‘сауып алу’ стратегиясын, сондай-ақ бәсекелестермен айналымның төмендеуінен қалдырылған нарық үлесін иеленуді пайдаланады. Соңы әйтеуір болады деген белгілі пікір бар, сонымен, уақыттың осы аралығында алуға болатын кез келген табыстар қандай да бір бонус болып табылады.

Туризм саласының тіршілік циклы (ТСТЦ)

Өнімнің тіршілік циклының қағидаттары туризм мән-мәтінде қолданылған болатын. ТСТЦ бойында модель әлемнің әртүрлі бөліктерінде және әртүрлі мәнмәтінде қолданылған туризм саласындағы әдебиеттегі ең көп талқыланатын және жиі ескерілетін модельдердің біріне айнал-

ды (қараңыз, мысалы, Алмейда және Коррейя, 2010: Мадейра; Дидрих және Гарсия-Буадес, 2009: Белиз; Уитфилда, 2009: конференцияларды ұйымдастыру және өткізу; Гарай мен Кановес, 2011: Каталония, Испания; сондай-ақ Козак жәнеМартин, 2012: табысқа бағдарланған басқару әдістері).

Батлер, басқа кеңестік-экономикалық модельдермен тығыз байланысты өнімнің тіршілік циклдары жөніндегі классикалық бизнес-әдебиеттен мәліметтерді алып, туристік бағыттар өнімдер ретінде қарастырылу мүмкін және олардың даму моделі тіршілік циклдың классикалық қисығына дәл сай келеді деп пайымдайды (Батлер 2009).ТСТЦ сәйкес (қараңыз, мысалы, Батлер, 1980, 2000, 2009; және Ма мен Хассинк, 2013) туристік бағыттар дамудың ұқсас кезеңінен өтеді. Туристік бағыттар тоқырау кезеңіне жеткенше дейін (өнімнің тіршілік циклының бойындағы кәмілеттілік кезеңіне ұқсас) жұмылдыру, дамыту және бекіту жолымен (өнімнің тіршілік циклының бойындағы өсуге ұқсас) эволюция дәрежесінен (өнімнің тіршілік циклының бойындағы өсуіне ұқсас) өтеді. Осы туристік бағытқа қызығушылықты қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ешқандай әрекеттер жасалмаса, құлдырау міндетті түрде орын алады. Қисық түрі, әр кезеңнің ұзақтығы және циклдың ұзақтығы өзгеру мүмкін.

Мысалы, Купер және басқ. (1998:114) Мексикадағы Канкун немесе бірлескен иеленудегі курорттық аймақтағы тұрғын үй сияқты ‘лезде’ дамып жатқан курорттарды белгілейді, олардың өсуі кідірмей орын алады. Салыстыру үшін Англияның шығыс жағалауындағы Скарборо сияқты өзін жақсы ұсынған курортқа зерттеу кезеңінен қалпына келтіру кезеңіне көшу үшін үш жүз жыл қажет болды.

Өнімнің тіршілік циклының сыни талдауы

Өнімнің тіршілік циклы (және оның туризм саласындағы тіршілік циклының түріндегі туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру мән-м әтінінде қолданылуы*)* кеңінен зерделенген және кеңінен пайдаланылған ретінде ұсынылады (Гринли мен Баюс, 1993). Флейшер мен Бенсузан (2003) осы тұжырымдаманың және оның пайдалануының шолуын ұсынды. Осыған қарамастан, ұқсас концепцияны пайдалану кезінде мағыналы кейбір маңызды сыни ескертулер басқа дәлелдемелермен қоса жасалды. Тарихи дәйектерді еске салу және осы тұжырымда-

маның барлық ерекшеліктерін көрсету оңай болғанына қарамастан, болашақты болжау, нақтылап айтқанда, өзгерісті кезеңді айту қиын. Бірақ, мүлдем оны істемей қою қиын, әрі стратегиялық сұрақтарға тап болуыңыз кәдік.

Басқа сыни ескертудің мәні тіршілік циклдары нарық мәжбүр еткендіктен емес, сауатсыз басқару салдарынан болатындығында. Басшылық тоқыраудың басталуы жөнінде болжам жасаған жағдайда, тоқырауды күтуде инвестицияларын және жарнамалық қызметін төмендету жайлы шешім қабылдайды. Сондықтанда, егерде инвестициялар кері қайтарылмаса, тоқырау ерте басталатыны таңғаларлық емес. Моутиньо (2000:143) туризм саласында бірнеше сыни ескертулерді толығымен келтіруде. Туризм саласындағы тіршілік циклының құлдырауы туристік бағыттың мүмкіндіктерін артыратын келушілер санымен байланысты. Бірақ, Моутиньо осындай өткізу қабілеттілігі күрделі түсінік екенін атап өтуде, өйткені әртүрлі шекті әлеуетін қарастыруға болады. Физикалық, экологиялық және психологиялық мүмкіндіктер өзгеру мүмкін, бұл жайт олармен ‘басқаруға’ мүмкіндік береді.

S-тәрізді қисық (технологиялар тіршілік циклын талдау)

Браун (1991) технологиялық өзгерістерді қарастыратын қандай да бір тәсілді жақтай отырып, маркетинг бойынша әдебиетте баяу басталатын, кейіннен жылдам өсуіне жеткенше дейін қарқын алатын, нарық қанықанша дейін жалғасатын және одан соң өсуі бәсеңдейтін және де соңында дамуында тоқтайтын үдерістерді көрсететін көптеген “S-тәрізді қисықтарды” енгізеді деп пайымдайды. Өнімнің тіршілік циклы бір қалыпты болжанатын қисықты сирек көздейді, онда үзілістер жиі байқалады. Сауда нарықтары бір тұтас ретінде сирек дамиды, олар ең дұрысы жаңа технологиялар енгізілуінің ықпал ету салдарынан сегменттер қатары ретінде дамиды (Браун, 1991).

Бизнес тарихында 1970 жылдар бойы электрондық бақылау-кассалық машиналарымен механикалық кассалық аппараттарды жылдам ығыстыру сияқты жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізудің зор ықпал етудің көптеген мысалдары бар. Туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру салаларынан ұқсас бірнеше мысалдар келтіруге болады. *Мысалы*, 1950 жылдары реактивтік ұшақтарды және 1970 жылдары Боинг-747 (аэробусты) ұшыруавиатасымалдаулар саласына транс-

формациялық ықпал көрсетті. Ұқсас жолмен, интернеттің дамуы 1990 жылдан бастап барлық салалар үшін және де, бәлкім, туристік агенттіктер және алдын ала брондау өкілеттілктері сияқты туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастырусаласындағы делдалдарға зор салдар әкелді. Интернеттің жан-жақты таралуы клиенттерге туристік компаниялармен және іс-шара ұйымдастырушылармен делдал арқылы емес, тікелей қатынас жасауға мүмкіндік береді, бұл *делдалдардан босау үдерісі*деп аталатынды қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, Интернет клиенттерге неғұрлым жылдам бағаларды салыстыру мүмкіншілігін ұсынды.

S-тәрізді қисықтардың талдауына стратегиялық жоспарлау құрылымына технологиялық өзгертулер кіреді. Осыған өнім мен технологияны құру үдерісіне және нәтижесінде алатын пайдаға күштерді жұмсау жолымен қолжеткізуге болады. Әр технологияның пайданы алуының өз табиғи шегі бар болатындығы осыған негіздеме. Қандай да бір қатынаста ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге шығыстарды арттыру өсу қарқындарын төмендетуге әкеледі (Флейшер мен Бенсузан, 2003).

6.4-суреттуризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру саласындағы қарапайым брошюралар және интернет арқылы тарату арқылы өнімді таратудың мағынасын көрсетеді. Деректер, тауарды брошюраларды пайдаланумен жылжыту маңызды мәнін сақтасада, онлайн тарату өзін таратудың ең тиімді құралы ретінде ұсынғанын көрсетеді.

6.4-сурет.Туризм, қонақүй бизнесі және іс-шараларды ұйымдастыру саласындағы компаниялары үшін өнімді интернет және брошюралар арқылы таратудың стратегиялық мағынасы.

Figure 6.4 Strategic implications of online distribution vs. brochure distribution for *THE* companies



Service Performance Improvement	Қызмет көрсету тиімділігін арттыру
Brochure Distribution	Брошюраларды пайдаланумен тарату
Online Distribution	Онлайн дистрибуция

Неғұрлым тиімді және экономикалық технологиялардың болуы жиі жағдайда, 6.4-суретінде көрсетілгендей, бірнеше S-тәрізді қисықтардың пайда болуына әкеледі. Жоғары S-тәрізді қисықтарда көрсетілген бәсекелестер және S-тәрізді қисықтан сол жақтағы ұйымдар неғұрлым бәсекеге қабілетті болады, өйткені оларда неғұрлым төмен шығындар, неғұрлым жоғары сапа немесе жоғары саралау болу мүмкін. Осы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілу мүмкін болғандықтан, менеджерлер міндетті қадам жасау емес, ал жаңа сегментке көшу технологиялары қымбат бола алмағанда және жиі жағдайда жаңа дағдылар мен үдерістерді қарастыру болып табылады. Көптеген компаниялар үшін жаңа технологияға ауысу тым қиын болуда, осы тұрғыда уақыт бірінші кезектегі мәнге ие. Нарықтың жаңа технологияларды қабылдауға дайын болуына дейін тым ерте ауысуды жүзеге асыру қымбат тұратын қате болуда. Ауысуды неғұрлым кеш мерзімге қалдыру бәсекелестерден қалып қалу қауіпін келтіруде, бұдан соң жоғалтып алған деңгейді қуып жету қиынға соғады.

МЫСАЛМЕН ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Жаңа технологияларды енгізу: Boeingкомпаниясының Dreamliner ұшағы

Ескі, үнемділіге аз, Boeing 747 сияқты алысқа ұшатын ұшақтарды едәуір заманауи, үнемді Boeing 787 (‘Dreamliner’) ұшақтарына ауыстыру авиакомпанияның технологиялық тұрғыда жылжуына ықпал етеді және авиакомпаниямен қатар, өндіруші үшін де жұртшылықпен байланыс жасау мүмкіндіктерін ұсынады. Бірақ, бұл қымбат және ұзақ дайындық пен дамуды талап етеді. Бұдан басқа, осы жайт ұшақтардыңжаңаүлгісін енгізумен байланысты қауіптерді қарастырады.

Оны іске қосқаннан кейін “Dreamliner” әуе кемесі тап болған техникалық ауыртпалықтар(негізінен батареялармен) аталған қауіптерді растайды. All Nippon Airlines (ANA) және Japan Air Lines (JAL) деген екі жапон

авиакомпаниясы 2012 жылы алғашқы болып Dreamliner ұшақтарын сатып алды. Олар осы ұшақтарда Бостон мен Сан-Хосе, Калифорния қалаларына отынның үнемді шығысымен рейстерді атқара бастады, өйткені неғұрлым ірі ұшақтарды пайдалану тиімсіз еді.

Бірақ, 2013 жылдың басында 787 кеме екі әртүрлі ұшақта литий-ионды аккумуляторлардың аса қызып кетуі жағдайларынан соң бақылау органдарының ұйғарымдарына сәйкес төрт айға қызмет көрсетуден алшақтатылды. Сонда бір ұшақ жерге қону кезінде тұтанып кетті. Осындай жағдайлар қоғам сенімін аса төмендетті және де жаңа өнімді бұрын іске қосқан Ethiopian Airlines, Qatar Airways, Air India және United Airlines сияқты барлық авиакомпанияларды күрделі операциялық қиындықтарға соқтырды.

- Бизнес, микро орта, макро орта ұғымдарының өзара байланысын түсіндіріңіз
- Макро орта сараптамасының кезеңдерін түсіндіріңіз

STEEP-сараптаманы қолдану

STEEP-сараптаманы жүргізу

STEEP-сараптаманың жекелеген элементтерін пайдалану үшін біз нысандық құрылымды қалай қолданатынымызды қарастыруымыз керек. Нысандық құрылымда жекелеген элементтердегі қандай ақпаратты ескеруіміз керек және ақпаратты қалай қолданамыз?

Сараптама, әдетте, төрт кезеңге жіктеледі

- макро ортаның нақты немесе әлеуметтік, технологиялық, экономикалық және саяси факторларға байланысты потенциалды өзгерістерге *сканерлеу* және *мониторинг* жасау
- бизнесте, салада және нарықтағы өзгерістердің маңыздылығы мен қолданылымдылығына бағалау
- сәйкесінше өзгерістердің әрқайсысына және олардың арасындағы потенциалды қарым-қатынасқа толықтай сараптама жасау
- бизнес, сала және нарықтағы өзгерістерге потенциалды әсер етуді бағалау;

Нені сараптаймыз:

Жетекшілер стартегиялық сараптаманың бөлігі ретінде STEEP-сараптаманы жүргізетін болса (бұл оқу мысалын зерттеп отырған студенттерге де қатысты), ереже бойынша, олар әрбір фактордың ықпал етуін қарастырады:

● Ұйымның ішкі бөліктері - STEEP-факторлардың ұйымның ішкі мамандандырылған негізгі салаларына, стратегияларына, ресурстарына, құндылықтар жүйесі мен ұйымның функционалды салаларына әсер етуі (өндірістік қызмет, маркетинг, адами ресурстар мен қаражат)

● *Ұйым нарықтары* – STEEP-факторлардың өнімдер нарығы (мысалы, өлшем, құрылым, нарық сегменттер, тапсырыс берушінің талаптары мен тілектері және т.б.) мен адами ресурстардың ресурстық нарықтарына, қаражат нарықтарына және т.б. әсер етуі

● Ұйымның бәсекелесетін саласы – STEEP-факторлардың бес бәсекелесетін күштерге әсері (сатып алушы күші, тапсырыс беруші күші, ену қауіпі, алмастыру қауіпі, бәсекелестік қарсыласу – тарау 8-ді қараңыз).

Келесі тарауларда STEEP-тің құрамдас бөліктері жүйелі түрде қарастырылады. Кез келген нақты бір ұйымға кез келген сәтте потенциалдық әсер ету өте алуан түрлі және ұйымның жекелеген мән- мәтініне өте тәуелді (оның мекен-жайы, саласы, өлшемі және т.б.). Бұл жерде қолданылған әдіс – бұл жалпы факторлардың және кейбір нақты факторларды әшекейлеу, авиа сала мысалында, кейбір болашақтағы мысалдарды қоса әшекейлеу мақсатында және басқа салалардан болашақта оқу.

Әлеуметтік-демографиялық ықпал

Әлеуметтік орта сараптамасы бизнеске әлеуметтік өзгерістер мен қоғамға потенциалды әсер ету түсінігімен, нарықпен және саламен байланысты.

Көптеген сараптамалар барысында әлеуметтік орта сараптамасы келесілердің қарастырылуын талап етеді:

● *әлеуметтік мәдениет* (құндылық, қатынас және нанымдар) – өнімдер мен қызметтерге, жинақтық пен инвестицияларға, экологияға, этикаға және т.б. деген сұраныстарға әсер ету.

● *демография* – сұраныстың құрылымы мен жұмыс күшіне тұрғындардың құрылымы мен өлшемінің әсері;

● *әлеуметтік құрылым* – жұмысқа, өнімге және қызметтерге деген қатынастарға әсер ету

Әлеуметтік мәдениет

Бизнес қызмет ететін мемлекеттердің мәдениеті (4-тарауда қарастырылған) аса үлкен маңыздылыққа ие болуы мүмкін. Мемлекет мәдениеті

құндылықтардан, қарым-қатынастардан және оның тұрғындарының қатынастарына әсер ететін және қызмет ететін (немесе, жеңілдетіп айтқанда «тұлға» нанымдарынан құрылады. Барлық мемлекеттер арасында мәдени айырмашылықтар болады. Мәдениет тұтынушылардың талғамына және тілектеріне, білімге жіне білім алуға көз қарасы, жемқорлық пен этикаға қатынасы, несиелеуге қатынасы, бизнестің қоғамдағы әлеуметтік рөлі және көптеген басқа заттарға әсер етеді.

Демография

Демографиялық үрдістер де маңызды. Демография – бұл тұрғындардың құрылымы мен көлеміне кесте құрумен байланысты әлеуметтік ғылым. Популяция көлемі жұмыс күші мен нарықтың потенциалды өлшемінің детерминанты болады. Сонымен қатар, тұрғындардың құрылымы да маңызды болып табылады. Жас ерекшеліктер құрылымы белгілі бір сегменттердің көлемін белгілеп , тұрғындардың еңбекке жарамдыларының мөлшерін анықтайды. Тұрғындардың саны мен құрылымы үнемі өзгеріп отырады және бұл өзгерістер нарықтың салаларына әсер етеді.

Әлеумттік құрылым

Әлеуметтік құрылым демографиямен және тұрғындардың әлеуметтік топтарының ұйымдастырылуымен тығыз байланысты. Әлеуметтік құрылымды анықтайтын жас ерекшеліктері бойынша, жынысы бойынша, мекен-жайы бойынша, әртүрлі аудандардағы тұрғындардың орналасу тығыздығы бойынша әлеуметтік-демографиялық топтарды жіктеу сияқты бірнеше әдістер бар. Әлеуметтік құрылым адамдарға қажетті өмір деңгейіне әсер етеді және олардың жұмысқа деген және белгілі бір өнім мен қызметке деген сұраныстарына да ықпал етеді.

Соңғы жылдары әлеуметтік ортадағы аса маңызды өзгерістер – адамдардың табиғи қоршаған ортаға деген қатынасы. Орны толмайтын ресурстардың азаюы және ластануынан туындаған мәселелер саяхат және туризм жөніндегі мекемелерге өз өнімдерін өндіру әдістері мен өнім құрамын қайта қарау керек (көптеген жағдайларда). Соған байланысты әлеуметтік құрылымдардағы (әлеуметтік қимыл), өмір салтындағы (демалысты дамыту) және демографиядағы (дамыған мемлекеттердегі қартайған адамдар) өзгерістер көптеген нарықтық және өндірістік құрылымдарды өзгертті.

Мысал бойынша қысқаша түсіндіру

Әлеуметтік-демографиялық ықпалдар: әуе тасымалдау саласы

Демографиялық факторлардың бірқатары әуе саяхаттарын таңдаудың артуын көрсетеді. Ол келесі факторлар:

- Тұрғындардың дені сау және жақсы тұратын топтарының өсуі;
- Зейнеткерлердің санының артуы;
- Жанұяның орта санының кемуі;
- Жұмыс күшінің халықаралық белсенділіктерін арттыру;
- Ақысы төленетін мерекелердің санының артуы;
- Екі еселенген кірісі бар көптеген отбасылар

Барлық аталған факторлар авиа тасымалдауды пайдалануды арттыруды көрсетеді. Демалу мақсатындағы саяхаттар саны (саяхаттардың 80 пайызын құрайды) ресми саяхаттарға қарағанда тез артуда.

Қарастыруға болатын басқа факторлар – бұл өмір салтының тренді мен қоғамның әуе тасымалдауларға бейімделуі, сонымен қатар, осыларға байланысты әуежайлардың дамуы. Белсенділігі жоғары қоғамда адамдар көбіне қауіпсіз, сенімді және қол жетімді әуе көлігін таңдайды және әуе тасымалдауларының ауаны ластауын, шумен ластауын қарастыратын қоғамдарды таңдайды (Холлоуэй және Хамфриз, 2012). Бұл дихотомияда әуе компаниялардың акционерлері тобының мүдделері мен қажеттіліктері бойынша бәсекелестіктер әуе компаниялары мен реттегіштер және басшылықтарға сұраныс болады.

Авиация саласының бір зерттеулерінде (Ойэуол, 2001) жыныс, білім және отбасылық жағдай сияқты факторлар әуе компанияларының қызметіне деген қанағаттануға әсер ететіні анықталған.

Сұрақтар

1. Әлеуметтік-демографиялық ықпал ету түсінігі неге әуе компанияларының басшылары үшін маңызды?
2. Болашақта қандай демографиялық факторлар әуе саяхаттарының санын арттыруға әкелуі мүмкін?

Технологиялық әсерлер

Технологиялық ортаны талдау технологияларға енгізілген өзгерістердің бизнес пен оның қызметінің барлық салаларына әсерлерін түсінуді әзірлеуді қамтиды, оның ішінде:

- өнімдер мен қызметтер;

- жұмыс процестері;
- ақпарат пен коммуникация;
- көлік пен үлестіру;
- қоғам, саясат пен экономика.

Дербес компьютерлер, ноутбуктар мен планшеттер, желілер, жерсеріктер, кабельдік және сандық коммуникациялар, интернет, сонымен бірге мобильдік қосымшалар бағдарламалық қамтамасыз етудегі жедел ілгерілетулермен қатар ақпараттық және коммуникациялық технологиялардағы (АКТ) әзірлемелер көптеген салалардағы бизнесті жүргізуді революцияландыруға өз үлесін қосты.

Қазір қызмет әлдеқайда жақсы үйлестірілген, зерттеулер мен әзірлемелер жеделдетілген, осылайша бизнесті неғұрлым икемді және жауапкершілігін көтереді . Бұрын менеджерлердің орта буыны атқарып келген, көбінесе өзіне фирманың ағымдағы қызметінің мәліметтерін іріктеу мен талдау және оларды аға менеджерлерге хабарлауды қамтитын қызметтердің көп түрі қазір АКТ-шешімдерді қолдану арқылы анағұрлым тиімді орындауға болады.

Мәселен, British Airways пен Thomas Cook секілді ТГБОМ-дағы көптеген компаниялар (өзге салалардағыдай), жалданған қызметкерлердің, атап айтқанда ұйымның орта деңгейлеріндегі қызметкерлердің санын *құрылымның деңгейлерін қысқарту* атты процестің жолымен төмендету арқылы шығындарын қысқартты.

Осылайша, көліктік технологиялардағы өзгерістер бизнесті жетілдіріп , қоғам мен мәдениетті өзгертті. Автокөлік, темір жол, теңіз және әуе жолы көлігі әзірлемелерінің нәтижесінде туристер мен бизнесмендерді, соынмен қатар материалдар, қосалқы бөлшектер мен өнімдерді әлдеқайда үлкен жылдамдықпен әрі анағұрлым төмен шығындармен тасымалдауға мүмкіндік туды. Көліктің осылайша жетілдірілуі сонымен қатар персонал мен адамдардың іскерлік саяхаттарының жалпы санын да көбейтті, бұл туристерді «экспорттаушы» және «импорттаушы» аймақтардағы айтарлықтай әлеуметтік өзгерістерге әкеп соғады. Көптеген елдердегі шарапты тұтынудың жоғарылауы мен аспаздық талғамдардың алуан түрлілігінің артуы - бұл халықаралық саяхаттарға неғұрлым жиі қатысуға (ішінара болса да) жауап.

Осының нәтижесінде ұйымдар үшін олардың ағымдағы қызметін немесе нарықтарын әсер етуі мүмкін технологиялардағы өзгерістерге мони-

торинг жүргізу маңызды. Салалардың басым бөлігіндегі ұйымдар икемді және инновацияларға әрі жаңа технологияларды өз жұмысына енгізуге дайын болуы тиіс. Ұйымдар соңғы технологияларды қалай (және ондағы көлемі) қолданатыны немесе қолданбайтыны олардың бәсекелік артықшылығының маңызды айқындаушы факторы болуы мүмкін.

МЫСАЛ АРҚЫЛЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Технологиялық әсерлер: Әуе тасымалы саласы

«Американ Эйрлайнз» әзірлеген Sabre секілді Броньдаудың компьютерлік желілері (CRS) саяхаттардың маркетингтік технологияларының қуатты құралы болып табылады. Негізінен 1960-1970 жылдарда әзірленген (басты назарда әуе компаниялары тұратын) жүйелер халықаралық деңгейде таралды, сондықтан оларды көбінесе Броньдаудың жаһандық жүйелері (GDS) деп атайды. GDS бірнеше онжылдықтың ішінде саяхаттардағы электрондық сауданың орталық бөлшегі ретінде пайда болып, шынайы уақыт режимінде саяхатқа арналған тауарлардың мыңдаған жеткізушілерінің (әуе компаниялары, қонақ үйлер, автокөліктерді жалға беру, туроператорлар, круиздік жолдар және т.б.) мен саяхат саласындағы өнімдердің жүздеген мың бөлшек сатушыларының арасындағы виртуалдық байланысты қамтамасыз етті (Сисманидоу *и др.* 2009).

GDS біртіндеп өзінің жағдайын тек төрт ірі жүйеге, атап айтқанда Sabre, Amadeus, Galileo және Worldspan (бүгінгі таңда соңғы екеуі «Трэвэлпорт, Инк.» (Travelport, Inc.) компаниясымен сатып алынды, алайда Атлантадағы «Трэвэлпорт» деректерді өңдеу орталығымен жеке басқарылады) әкеп тіреді. Арнайы әзірленген Табыстарды басқару жүйелері (Revenue Management System) GDS пайдаланумен байланысқан. CRS жинақталған деректер базасын қолданатын бұл жүйелер бағаларды түрлендіру мен шығарылатын билеттер санатының құрамын өзгерту арқылы іске асырылған табысты оңтайландыруға мүмкіндік береді.

1990-жылдардың ортасында интернеттің пайда болуы әуе компанияларын бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін өздерінің үлестіру стратегияларын трансформациялауға мәжбүрледі (Бухалис, 2004). Жинақталған озық деректер базаларымен қатар интернет-іздеу мен броньдау құралдарының пайда болуы (Expedia, Travelocity және ebookers секілді) диверсификацияланған үлестіру және коммуникация арналарын пайдалануға жол ашып, осылайша әуе компанияларының маркетингі үшін жаңа мүм-

кіндіктер жасады.

Ұшу аппараттарының өздеріне қатысты технологиялық инновациялары шығындарды азайту мен бағыттық құрылымдарға әсер етуін жалғастыруда. Мәселен, «Эйрбас Индастриз» (Airbus Industries) компаниясы әзірлеген 380 («Мегалайнер») 550 жолаушыны сыйдыра алады, ал пайдалану шығындары Boeing 747 қарағанда шамамен 17 пайызға төмен (Браун, 2001). Бағыттың схемасы мен әуежайдың инфрақұрылымы – жаңа ұшу аппаратын енгізуге жауап ретінде өзгеруге тиіс екі аспект. Оның үстіне, азайған қоспаның жану жүйесіне ие отынды үнемдеуші қосарланған қозғалтқыштары бар бірқатар реактивті ұшақтардың модельдері енгізілді, сонымен қатар осы секілді бұдан кейінгі әзірлемелер де жоспарлануда.

Мәселен, еуропалық «Эйрбас» компаниясы ұзақ қашықтыққа ұшуға арналған Airbus A350 кең фюзеляжды ұшу аппаратын әзірлеуде. Ұшақ 15 000 шақырымға дейінгі қашықтықта 270-тен 475ке дейінгі аралықтағы жолаушыларды тасымалдауға арналған. Бұл сегменте A350 американдық Boeing 787 («Дримлайнер») бәсекеге түседі. Мұндай ұшу аппараты әуе компанияларына бұған дейін өмірге қабілетсіз болып көрінетін бағыттардың енгізуін қарастыруға мүмкіндік береді.

Сұрақтар

1. Соңғы жылдарда әуе компаниялары өнімдерінің үлестірілуі қалай өзгергенін түсіндіріп беріңіз.
2. Ұшу аппараттарының түрлерінде болып жатқан өзгерістерді түсіндіріп, олардың әуе компанияларының бағыттар желісіне әсерін бағалаңыз.

Экономикалық әсерлер

Экономикалық ортаның талдамасы макроэкономикалық өзгерістер мен олардың бизнес пен тұтынушыларға әсеріне шоғырландырылған. Үкіметтер (түрлі деңгейде) барлық елдердің экономикаларының жұмыс істеуіне араласатындықтан, осы тарауда саяси ретінде жіктелетін көптеген факторлардың маңызды экономикалық салдары болатынын есте сақтау қажет.

Жалпы айтқанда, ұлттық экономиканы реттеу саясаттың негізгі екі құралымен жүзеге асады: салық саясаты мен ақша-несие саясаты. Халықаралық нарықтардың әсерімен қатар бұл құралдар елдегі биз-

нес бәсекелесетін экономикалық климатты анықтайды. Осыдан өзге де бірқатар маңызды экономикалық көрсеткіштер «туындайды» және ұйымдар соларды бастан кешіріп, игілігін көреді немесе зиян шегеді.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Салық және ақша-несие саясат

Салық саясаты - бұл ұлттық экономиканы мемлекеттік табыстар мен шығыстарды басқару арқылы реттеу. Әр фискалдық жылы үкіметтің табыстары да (салық салу секілді) өседі де түрлі департаменттері арқылы (денсаулық сақтау, білім, қорғаныс және т.б. секілді) басқа соманы жұмсайды. Сондай-ақ үкімет осы фискалдық басқарудың қандай да бір немесе екі жағын да өзгерте отырып, елдегі экономикалық климатқа әсер етеді.

Ақша-несие саясаты – бұл ақша массасы мен ақшаның бағасын өзгерте отырып ұлттық экономиканы реттеу. Ақша массасы экономикадағы ақшаның көлеміне (түрлі формаларда) қатысты, ал ақшаның «бағасы» - банктер мен өзге кредиторлардың займдар үшін есептеген пайыздық мөлшерлемені анықтайтын базалық мөлшерлеме.

Мәселен, Ұлыбританияда Қазынашылық канцлері (мемлекеттік министр) салық саясаты үшін жауап береді, ал ақша-несие саясатын Ағылшын банкінің Ақша-несие саясаты жөніндегі комитет қадағалайды.

Салық және ақша-несие саясаты қысымының салдары экономикада көрініс тапқанда, олар бірқатар немесе барлық экономикалық факторларға әсер етуі мүмкін:

- экономикалық өсу қарқыны (әдетте ішкі жалпы өніммен өлшенетін ұлттық экономиканың мөлшерінде жылдан жылға өсу);
- экономикадағы табыс деңгейлері;
- өнімділік деңгейлері (яғни, экономикадағы әр жұмысшыға өнім шығару);
- еңбекақы деңгейлері мен еңбекақыны арттыру қарқыны;
- инфляция деңгейлері (яғни, жыл сайын бағалардың өсуі);
- жұмыссыздық деңгейлері;
- төлем балансы (бір ел экономикасының халықаралық бәсекеге қа-

білеттілігінің басқа елдерге - оның халықаралық бәсекелестеріне қарсы өлшемі); және

- валюта айырбастау бағамы (бір валютаның басқаға қарсы айырбастау құны).

Экономикалық өсім, валюта бағамын айырбастау, табыс, инфляция мен жұмыссыздық деңгейлері адамдардың азық-түлік және қызметтер үшін төлем қабілеттілігіне әсер етеді, сондықтан сұраныстың деңгейі мен құрылымынан көрініс табады. Осы секілді өнімділік деңгейлері, еңбекақы деңгейлері, инфляция деңгейлері мен валютаны айырбастау бағамдары өнеркәсіптің өзіндік құны мен бәсекеге қабілеттілікке әсер етеду. Халықаралық бәсекеге қабілеттіліктегі өзгерістерді көрсету үшін осы барлық көрсеткіштерді олардың шетелдегі бәсекелестері тап болатын көрсеткіштермен салыстыра отырып, мониторинг жүргізіп отыру қажет.

МЫСАЛ АРҚЫЛЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Экономикалық әсер: Әуе тасымалдары саласы

Авиация – түрлі нарықтық күштерге үздіксіз бейімделетін серпінді сала. Әуе тасымалдары саласына әсер ететін негізгі экономикалық нарықтық күштер - отынның бағасы, экономикалық өсім және экономикалық дамудың кезеңі.

Әуе арқылы саяхаттарға сұраныс кезеңдік жоғарылау мен құлдырауға ден қоятын ішкі жалпы өнімнің (ҒЖӨ) мәндерімен көрсетілетін кезеңдік схеманы етене көрсетеді. Соған қарамастан, кезеңдердің басым бөлігінде авиасаяхаттардың өсімі ҒЖӨ өсімінен анағұрлым жоғары болып отырды.

Авиасаяхаттар әрдайым қатаң кезеңдік бизнес болып келді. Әлемдік жиынтық жолаушы ағынының жылдық 7-9 пайыздық өсім кезеңдері сұраныстың неғұрлым аз өсімі немесе төмендеген жылдарsмен алмасып отырды (Франк пен Джон, 2011). Сала өзінің жылына шамамен 5 пайыздық ұзақ мерзімді өсім қарқынына анық оралды, ал «Boeing» өзінің 2032 жылға дейінгі болжамында осы ұзақ мерзімді үрдістің жалғасын күтуде (жердің аймақтары бойынша әркелкі таралған болса да).

Әуе тасымалдарының саласы да белгіленген шығындардың жоғары деңгейіне ие, демек, жүктеменің орташа коэффициенттері мен әр жолаушыға табыс алудың өлшемі табыстылықты ұстап тұру үшін аса маңызды болып табылады. Жүктеме коэффициенттері әуе компаниялары басшыларының тарапынан жүйелі түрде өлшенеді және мұқият

зерттеледі. Негізгі шаралар төмендегі 7.1. Кестесінде көрсетілген:

7.1 Кесте Экономикалық әсерлер - әуе тасымалдары саласы

Шара	Сипаттамасы
RPK – *Табыс Жолаушы Шақырым*	Жолаушы ағынының өлшемі = Ұшудың 3 шақырымына төлейтін жолаушылар саны
ASK –Қолжетімді орын	Жолаушы сыйымдылығының өлшемі
FTK – Жүктің тоннасы	Жүк ағынының өлшемі
LF – Жүктеме коэффициенті	Қуаттарды пайдалану өлшемі = RPK / ASK

Бұдан бөлек, отын мен ұшу аппараттарының бағалары – ауытқуға ұшырағыш шығындардың негізгі баптары, ал саланың халықаралық бағдарлануы валюта айырбастау бағамының өзгерістері саланың табыстылығына қатты әсер етуі мүмкін. 2008 жылдан кейінгі әлемдік экономикалық құлдырау әуе компанияларының қаржылық жағдайына ізін қалдырды, алайда әуе компанияларының басым бөлігі 2001/2003 жылдардағы (11 қыркүйектен кейін орын алған) оқиғалардан сабақ алып, қысқа кезеңге айтарлықтай қуаттылықты жұмсап, жедел ден қойды (Франк пен Джон, 2011).

Сұрақтар

1. Авиасаяхаттар неге осыншалықты циклдік болып табылады?
2. Әуе компаниялары өз өнімділігін қалай бағалайтынын түсіндіріңіз.

Коршаған ортаның әсері

Бұл кітапта қоршаған ортаның әсерлері қоршаған ортаның (табиғи және жасанды қоршаған орта) ТГБОМ ұйымдарына физикалық әсеріне жатады. Соңғы жылдардағы экология мен «қоршаған ортаның проблемалары» жайлы айрықша қамқорлық өнімдер мен пайдалану процестерінің қоршаған ортаға әсер етуге қатысты көзқарасты өзгерткен маңызды әлеуметтік үрдіске айналды. Климаттың әлемдік өзгеруі, озон қабатының сарқылуы, ормандарды кесу, түрлердің жойылуы, топырақ эрозиясы, шөлге айналу, токсикалық жаңбыр, судың ластануы мен шулы ластану табиғи қоршаған ортаға қатысты маңызды мәселелерге айналды (Пьятти мен Мутинхо, 2000).

Қоршаған ортамен байланысты мұндай проблемаларға жасанды ортамен байланысқан әуежай трафигі мен асыра жук тиеуді , тозығы жеткен ғимараттар мен тарихи көрікті жерлерді, нашар қалалық жоспарлау мен көзге бірден түсетін ғимараттарды қосуға болады. Аталған проблемалар мен сауалдар бірқатар біріктіруші сипаттамаларға ие, дәлірегі олар:

● барлығы да халықаралық өлшемдерге ие;

● тек туризм, қонақ үй бизнесі мен іс-шараларына қатысты емес, сөйте тұра өзгелердің арасында ТГБОМ секторларындағы басшылар үшін маңызды салдарға ие.

Осыдан отыз жылдай бұрын тұтынушылардың басым бөлігін өнімдер мен процестердің қоршаған ортаға әсері айтарлықтай толғандырмаса, бүгінгі таңда адамдардың оны қорғау қажеттігі жайлы түсінігі жоғарылауда. 1987 жылғы Брундтланд Есебінің жариялануы (Қоршаған орта мен даму жөніндегі бүкіләлемдік комиссия (WCED), 1987) мен 1992 жылғы Рио-де-Жанейродағы «Жер Шары» Жоғары деңгейдегі кездесулер секілді түрлі әзірленімдерден кейін ТГБОМ қосқанда көптеген салаларда тұрақты даму қағидаттарына адалдық арта түсті. «Тұрақты даму» термині тұрақты дамудың анықтамасын әщірлеген Брундтланд Комиссиясымен қолданылып, ол ең жиі айтылатын дәйексөздің біріне айналды.

АНЫҚТАМА / ДӘЙЕКСӨЗ

Тұрақты даму:

> Бүгінгі ұрпақтардың қажеттіліктерін болашақ ұрпақтардың өтелуіне зақым келтірмейтіндей етіп өтейтін даму.
>
> Қоршаған орта мен даму жөніндегі бүкіләлемдік комиссия (1987)

Бұл үкіметтерді ластану мен қалдықтарды шектеу ісін бақылау үшін заңнамалық және басқа да шараларды енгізуге мәжбүрледі. Тұтынушылардың қоршаған орта үшін зиян тигізбейтін және «жасыл» әдістермен шығарылған өнімді алудағы бірлескен ниеті бищнес-ұйымдардың «қоршаған орта үшін зиянсыз» бола тұра немесе кем дегенде осыған ұқсас түрде алуға болатын пайданың барын түсінуіне әкеп соқты.

Мәселен, 1964 жылы Уоррон Авис негізін қалаған автокөліктерді жалға беруші «Авис» халықаралық фирмасы соғыстан кейінгі жылдардағы саяхаттардың үрдістерін ептілікпен алдын-ала болжай алды. Детройтта үш автокөлікпен іс бастаған «Авис» бүгінде 165-тен астам елдерде 5200 жуық жалға беру бекеттеріне ие әлемдік бренд болып табылады. «Авис» автокөліктерді жалға беруші компаниялардың арасында алғашқы болып 1997 жылы Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясатын енгізді

және 2000 жылдан бастап «көміртекті шығарудың бейтарап деңгейіне» ие екенін мәлімдеуде.

МЫСАЛ АРҚЫЛЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарлама бәсекелік артықшылықтың қайнар көзі ретінде: «Скандик» (Scandic) отельдер желісі

Штаб-пәтері Швецияның Стокгольм қаласында орналасқан «Сандик» Скандинавиядағы үздік қонақ үй бренді болып табылады. Олардың брендін ілгерілету ісіндегі негізгі мәнге ие Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарлама тұтынушылар қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде дәстүрлі түрде саналы болып табылатын осы аймақта «Скандик» үшін бәсекелік артықшылықтың қайнар көзіне айналды. Отельдер тобының қоршаған ортаны қорғау бойынша новаторлық бағдарламалары сонымен бірге ғылыми әдебиеттерде қарастырылды, мәселен Богданович пен т.б. (2005) және Богданович пен Зиентара (2008).

7500 адам еңбек ететін топтың 160 отелі бар, олардың 133-і скандинавиялық елдерде орналасса, қалғандары Еуропа бойынша таралған. Өзін «ақша үшін құндылық» ұсынушы ретінде ұстанымдайтын бренд ұйымның барлық деңгейлерінде персоналдың құзыреттілігін үздіксіз дамыту мен өзінің қоршаған ортаны қорғау бағдарламасына үлкен екпін беруде.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі «Скандик» бағдарламасы персоналмен кеңес өткізілген соң 1994 жылы іске қосылып, отель көптеген жүлделерді жеңіп алды. Бағдарлама барлық қызметкерлердің үздіксіз білім алуын меңзейді және келесі бастамаларды қамтиды:

- 1995 жылы 97 пайызға қайта өңдеуге жарамды эко-нөмірлерді енгізу. Кейіннен компания барлық құрастырылымы қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын басшылыққа алатын «эко-отельдерді» де әзірледі. Бүгінгі таңда 8000 астам эко-нөмірлер мен алты эко-отель салынды.
- Бірқатар отель үшін «Swan» сапасының сертификаты налу. «Swan» (Аққу) – бұл отельдер қоршаған ортаны қорғаудың ең қатаң талаптарына жауап беретінін білдіретін Скандинавиядағы ресми экологиялық таңбалама;
- 1994 жылы сабын және сусабынның дербес сыймдылықтарынан бас тарту сабын және сусабынның шығарылуын 40 метрикалық тоннаға

азайтып, жыл сайын 10 миллион сыйымдылықты жойып отырды.

- 2000 жылы «Скандик» персоналмен ақылдасқан соң «Scandic in Society» (қоғамдағы Скандик) атты қоғамдық қызметке қатысудың бағдарламасын енгізді, оның мақсаты «Скандик» отельдері орналасқан әр қоғам үшін маңызды жергілікті проблемаларға қатысу арқылы компанияның қоғамдағы рөлін анықтау болып табылады. Осындай бағдарлама арқылы компания өзінің корпоративтік азаматтығын көрсетіп, әлеуметтік өзгерістер мен жақсартуларға үлес қосуға тырысуда.

www.scandic-hotels.com

Сұрақтар

1. «Скандик» қалайша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламасын өзінің бәсекелік ұсынысының бөлігіне айналдырғанын түсіндіріңіз.
2. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі осындай айтулы позицияны қабылдаған компания үшін қандай тәуекелдер болуы мүмкін?

Туристік белгіленген бекеттер, отельдер, іс-шаралар мен көрікті жерлердің тұрақтылығы мәселесі соңғы жылдарда Хоукинс пен Хольц (2001), Тимур мен Гетц (2009) және Бакли (2012) сияқты авторлармен ТГБОМ жөніндегі ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылды. Бірқатар авторлар сонымен бірге ТГБОМ белгілі-бір секторларының қоршаған ортаға әсерін де қадағалады.

Мәселен: Гетц (2009) фестивальдар мен оқиғаларды сәтті жоспарлау үшін қоғамдық сектордың тартылу қажеттігін талқылайды; ал Хзи (2012) 50 отель-компаниялардың корпоративтік сайттарында мәлімделген қоршаған ортаны басқарудың саясаты мен әдістемесін талдайды. Грэхэм (2013) Осло, Манчестер, лондондық Хитроу мен Амстердамды қоса бірқатар әуежайлардың табиғат қорғау саясаты мен әдістемесін бақылауда.

Картрайт пен Бээрд (1999), крейсерлік жүзудің қоршаған ортаға әсерін бақылай отырып, круиздік кемелердің ластаушы әсерін төмендетуге талпынған жолдар жайлы хабарлады. Кемелердегі қалдықтардан құтылудың дәстүрлі жолы оны борттың сыртына лақтыра салу еді. Қазір мұндай тәжірибе заңсыз болып есептеледі, ал осындай ластауда кінәлі деп танылған кеме жүзу компанияларына белгілі деңгейде тұтынушылар тарапынан болған қысымға жауап ретінде үлкен айыппұлдар салынады.

«ПИэндОу» (P&O) компаниясының «Ориана» секілді заманауи круиз кемесі неғұрлым көп мөлшердегі қалдықтарды ұстап қалып, порттарда контейнерлер арқылы қауіпсіз түрде кәдеге жарату үшін ағын суларды өңдеу бойынша төрт қондырғыға ие. Сондай-ақ, теңізге отын майын тастауға халықаралық деңгейде тыйым салынған (Картрайт пен Бээрд, 1999).

МЫСАЛ АРҚЫЛЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Қоршаған ортаның әсерлері: Әуе тасымалдары саласы

Әуе тасымалдары саласындағы экологиялық пайымдар келесілерді қамтиды:

- ұшудың әсері;
- ұшу аппараттарының қалдық шығаруынан туындаған ауаның ластануы; және
- әуежайлар мен жер үсті көлік инфрақұрылымының әсерлері.

Шуы неғұрлым аз ұшу аппараттарының әзірленуіне байланысты шудың деңгейі азайғанына қарамастан ұшу аппараттарының шуына қоғамдық төзімділік төмендеп барады (Грэхэм, 2013). Ұшу аппараттарының шуымен байланысты проблемалар көптеген ірі әуежайларда шуды төмендету бойынша шаралардың қаталтандыру мен күрделендіруге әкеп соқты. Ұшу аппараттарының ұшқан кезде бөлетін кейбір газдары, негізінен, көмірқышқыл газы мен су буы, жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруіне өз үлесін қосатын парниктік газдар болып табылады. Әйткенмен, авиацияның көмір қышқыл газының әлемдік антропогендік шығаруларына қосып жатқан үлесі небәрі 2 пайызды құрайды деген болжам бар (Грэхэм, 2013). Әуе тасымалдары секторының қоршаған ортаға әсері мен оларды реттеу жөніндегі бастамалар ғылыми әжебиеттерде құжат түрінде белгіленген (Мәселен, Линс пен Андрачук (2008) және Каупер-Смит пен дэ Грозбуа (2011).

Әуежайлар мен әуе компанияларын қолдауға арналған жер үсті көлігін жасайтын инфрақұрылым көп жағдайда даулы мәселеге айналып отырды. Сондықтан, Лондонның Хитроу әуежайында бесінші терминалдың құрылысы жайлы келісімге тек он жылға созылған қоғамдық тыңдаулардан соң қол жеткізілді, ал Манчестер әуежайы қоршаған ортаға қысым жасауға қарсы шыққан топтар тарапынан белсенді лоббилендіруге қарамастан екінші ұшып-қону жолағының құрылысын жалғастырды.

Сұрақтар

1. Әуе компанияларының басшылары не үшін экологиялық түсініктерді ескеруі тиіс екенін түсіндіріңіз.
2. Акционерлердің қандай топтары әуежайлардың инфрақұрылымдық жобалары бойынша шешімдердің қабылдануына әсер етуі мүмкін екенін қарастырыңыз.

Саяси, үкіметтік, құқықтық және нормативтік әсерлер

Саяси орта үкіметтің тікелей бақылауында немесе ықпалындағы макроортаның бір бөлігі ретінде анықталады. Үкіметтер келесілерге тікелей бақылауда немесе ықпалында ұстайды:

● *Заңнама арқылы реттеу* – бұған жұмыспен қамту, тұтынушыларды қорғау, еңбекті қорғау мен жұмыс орнындағы қауіпсіздік, келісім-шарттар мен сауда, сауда одақтарына, монополиялар мен бірігулерге, салықтарға және т.б. әсер ететін заңдар жатады.

● *Экономикалық саясат* – атап айтқанда, салық саясаты. Әдетте үкіметтер саясатты елдегі салық салу мен шығындардың деңгейлері бойынша орнатады.

● *Мемлекеттің меншігіндегі бизнес* – өнеркәсіптің мемлекеттік меншікке алынған салалары. Кейбір үкіметтер негізгі стратегиялық (әуе компаниялары сияқты) салаларды бақылауында ұстайды және оларды бақылаудың қалайша жүзеге асатыны экономиканың басқа бөліктеріне қатысты домино әсеріне ие болуы мүмкін.

● *Үкіметтік халықаралық саясат* – үкіметтің валюта айырбастау бағамына, халықаралық саудаға және т.б. ықпал ету мақсатында араласуы.

Үкіметтің бизнесті реттеу тұрғысындағы көздеуі мүмкін мақсаттары көп жағдайда басқарушы партияның саяси ықыласына тәуелді болады. Соған қарамастан, үкіметтердің басым бөлігі шаруашылық қызметтің бірқатар негізгі салалары бойынша саясатты құруға талпынды:

● инфляцияны бақылау (халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін);
● экономикалық өсім мен инвестицияларға жәрдемдесу;
● жұмыссыздықты бақылау;
● валюта айырбастау бағамдарын тұрақтандыру;
● төлем балансын бақылау;
● монополистік биліктің бизнесті де, сауда одақтарын да бақылауы;

● денсаулық сақтау, білім, қорғаныс және т.б. секілді мемлекеттік және қоғамдық пайдалы тауарларды ұсыну;
● ластауды бақылау мен қоршаған ортаны қорғау;
● табыстарды қайта үлестіру (түрлі деңгейде);
● тұтынушыларды қорғау;
● жұмыс шарттарын реттеу; және
● сауданы реттеу.

Саяси ықпалды түрлі деңгейде бизнестің барлық түрлері сезеді. Сәйкесінше, басшыларға тиімді ден қою үшін өзгерістерді дер кезінде анықтау мақсатында үкіметтік саясатқа мониторинг жүргізіп отыру маңызды.

Саяси ортаның басқа маңызды аспектісі – бұл *саяси тәуекел* мен оның бизнеске әлеуетті әсері. Саяси тәуекел әсіресе залықаралық бизнесте айрықша маңызға ие. Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка саяси тұрғыда салыстырмалы түрде тұрақты болса, Шығыс Еуропа, Оңтүстік Америка, Сахарадан оңтүстікке қарай Африка мен Таяу Шығыстың бір бөлігінің елдері, Орталық Азия мен Солтүстік Американың елдері тұрақсыздық кезеңдерін басынан өткізді. Сондықтан, осы аудандармен арадағы сауда-саттық кезінде олардағы саяси жағдайды жіті бақылау қажет, себебі саяси тәуекелдер өте үлкен. Тіпті неғұрлым тұрақты аудандарда саяси белгісіздік бұдан да жоғары болуы мүмкін. Айталық, сайлау кезінде немесе бұдан өзге қандай-да саяси дағдарыстар орын алған жағдайда.

МЫСАЛ АРҚЫЛЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Саяси әсерлер: Әуе тасымалдары саласы

Әуе тасымалдарының саяси ортасы ұлттық және халықаралық ережелер мен нормативтерінің кеңейтілген желісімен сипатталды, олардың көпшілігі 1944 жылғы Чикаго Конвенциясы мен 1946 жылғы Бермуда Келісімінен бастау алады. Халықтардың өз әуе кеңістігіне қатысты егемендігі мен әр халықтың авиа саяхаттарға қатысуға тең құқықтарын мойындауға негізделен отырып, ауаның бес бостандығы деп аталатын қағидаттар белгіленді:

• Бірінші бостандық – Басқа елдің үстінен қонусыз ұшып өту құқығы;
• Екінші бостандық – Техникалық себептерге байланысты басқа жақта коммерциялық тасымалдар жолаушыларын алмастан/түсірместен

қону құқығы (Мәселен, жанармай құю);

- Үшінші бостандық – Сіздің елден (А) сіздің келісім-шарт бойынша әріптесіңіздің еліне (В) қарай коммерциялық тасымалдарды жүргізу құқығы;
- Төртінші бостандық – В еліненд қайтадан сіздің А еліңізге коммерциялық тасымалдарды жүргізу құқығы; және
- Бесінші бостандық – А еліндегі әуе компаниясының В елі мен С немесе D секілді өзге елдердің арасында өзінің туған А елінде басталатын немесе аяқталатын қызметтер бойынша коммерциялық тасымалдарды жүргізу құқығы (бұл бостандықты С немесе D елдерінің рұқсатынсыз пайдалануға болмайды).

Доганис (2005)

Бес бостандықтар тартылған елдердің ұлттық үкіметтеріне авиа саяхаттармен байланысты ұлттық мүддені бақылауға мүмкіндік берген екіжақты үкіметаралық келісімдердің күрделі желісіне ұласты. Ашық аспан деп аталатын келісімдерде неғұрлым либеральды тәсіл көрініс тауып, онда қатысушы мемлекеттердің тасымалдаушыларына осы мемлекеттердегі әуежайлар арасында бағыттарға шектеусіз қолжетімге кепілдік берілді. Ашық аспан тұжырымы әуе тасымалдары саласы үшін айрықша маңызды жақсаруды па шетеді: жер шары бойынша өрістеп келе жатқан либералдану (Доганис, 2005).

АҚШ-та (әлемдік әуе тасымалдары саласының 40 пайызынан астамы соларға тиесілі) отандық әуе тасымалдары нарығын реттейтін қатал нормалар 1978 жылғы әуе компанияларының қызметін мемлекеттік реттеудің жойылуы жайлы актісімен алынып тасталды. Акті белгілі-бір бағыттар бойынша ұшуға қандай тасымалдаушылардың жіберілетінін анықтайтын нормативтік құжаттар, сонымен қатар әуе тасымалдары тарифтерін басқарудың құралдары жойылып тасталды. Реттеу жойылған соң нарыққа көптеген жаңа тасымалдаушылар шықты (кейіннен көпшілігі кеңейе түсті). «Саусвест» (Southwest), «ДжетБлю» (JetBlue) и «Фронтьер» (Frontier) сияқты кейбір неғұрлым жаңа тасымалдаушылар бүгінгі таңда төмен шығынды операциялық модельдермен жұмыс істейтін толыққанды масштабты субъектілер болып табылады. Алайда, «ЮС Эйрвэйз»-бен (US Airways) біріккен «Континентал Американ»-мен (Continental American) біріккен «Юнайтед» (United) және «Нортвэст»-пен (Northwest) біріккен «Дельта» (Delta) сияқты ірі тасымалдаушылардың басым бөлігі аман қалды, алайда, АҚШ отандық нарығындағы

бәсекелестік өсті.

Кейіннен мемлекеттік реттеуді осылайша жою Еуропада да орын алды, әйткенмен ол Еуропалық одақтың көптеген бөлшектерге бөлініп кеткен саяси ландшафтының құрделілігіне байланысты жүзеге асырылуда басқа тәсіл қолданылды. Сондықтан, либералдануға қатысты біртіндеп іске асатын тәсіл қолданылып, оның шарықтау шегі 1997 жылға тұспатұс келді (Ханлон, 2007).

Кейіннен әлемнің басқа бөліктері мемлекеттік бақылауды жоюдың ұқсас саясатын қабылдады. Еуропалық және өзге үкіметтер арасындағы басқа ірі тенденция «Бритиш Эйрвэйз» (British Airways), «Эйр Франс» (Air France) и «Люфтганза» (нем.Lufthansa) секілді мемлекетке тиесілі тасымалдаушыларды (толық немесе ішінара) жекешелендіру болды.

Сұрақтар

1. Әуе тасымалдарына арналған саяси ортаның басқа кез-келген саладан не үшін айырмашылығы барының себептерін түсіндіріңіз.
2. Әлемнің түрлі бөліктеріндегі мемлекеттік реттеуді жоюдың әсе тасымалдары саласына әсерін қарастырыңыз.

STEEP-әсерлердің арасындағы өзара іс-қимыл

Қоршаған орта ықпалының мысалы

STEEP-талдауды жүргізген кезде әр құбылыс іс жүзінде жиі өзара байланысты болғанымен, олардың әрқайсысын жеке ретінде қарастыру еліктіре бастайды. Мысал ретінде қоршаған орта ықпалының әсерін алайық.

• *Мәселен* – экологиялық пайымдаулардың өзі (гольф ойынына арналған алаңшалар үшін су ресурстарын пайдалану немесе табиғаты тамаша өлкеде көзге ғаламат болып көрінетін отельдің құрылысын қолға алу сияқты) – STEEP-талдау кезінде қоршаған орта санатының аясында қарастыруға тиісті сұрақтарды білдіреді. Соған қарамастан, мұндай пайымдаулар талдау кезінде әлеуметтік, саяси және технологиялық факторларды тарта алады.

Осылайша, гольфқа арналған алаңша немесе көзге ғаламат болып көрінетін ғимараттың қарапайым мысалында әзірлеумен қозғалған экологиялық пайымдаулар саяси факторларға (заңнама мен реттеу) әсер ететін әлеуметтік факторларға (хабардар болудың артуы) әкеп соғуы мүмкін, ал осы екі күш бірлесіп технологиялық өзгерістерге әкелуі ықтимал

(қоршаған ортаға зияны неғұрлым аз өнімдер мен процестер).

Сәйкесінше, макроортаны талдау кезінде бес STEEP факторлар жекелеген факторлардың өзіне қосымша ретінде бірімен бірі байланыста болуы мүмкін әдістерді сезіну қажет.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Турбуленттілік пен белгісіздік макроортаны талдаудың пайдасын төмендететін уәжді талқылаңыз.
- ТГБОМ мәнмәтінінде макроортаны талдау үшін тұрақты дамудың маңыздылығын түсіндіріңіз.
- STEEP-элементтердің арасындағы байланысты сезінудің не үшін маңызды екенін түсіндіріңіз.

ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ ШОҒЫРЛАНУ

Сыртқы ортаны түсіну бизнестің барлық түрлері үшін маңызды, алайда басқару тұрғысынан алғанда ішкі және сыртқы ортаның (3-6 Тарауларда қарастырылған) арасындағы негізгі саралаушы фактор - ол бақылау. Басшылар ішкі ортаны белгілі деңгейде бақылай алғанымен, сыртқы ортаға қатысты бұл тек сирек жағдайда ғана расталады. Соған қарамастан үлкен ұйымдар кейбір жағдайда сыртқы ортаға аздап әсер ете алады немесе олар төнген қатерлерден өздерін қорғай алады.

Мәселен, неғұрлым ірі ұйымдар келесі әрекеттерді атқаруға қабілетті:

- Инвестицияларды бір елден екінші елге көшіру;
- Мемлекеттік саясатқа ықпал жасау;
- Пайыздық мөлшерлеме және мұнай бағасының өзгеруіне қарсы «хеджирлеу» үшін қаржылық құралдарды пайдалану; және
- Бұйымдардың бір номенклатурасы үшін қолайсыз сыртқы орта басқасы үшін қолайлы ортамен орны толуы үшін өзінің тауарлық сұрыпталымын диверсификациялау.

Соған қарамастан, ШОБ әлдеқайда шектеулі: олардың сыртқы ортаға қандай да ықпал ету деңгейіне сирек жағдайда ғана қабілетті, олар инвестицияларды оңай көшіре алмайды және қаржылық және тауарлық нарықтарға әлдеқайда шектеулі қолжетімге ие (немесе осыны әлдеқайда үлкен шығынға жасайды), мұның барлығы оларды сыртқы әсерге неғұр-

лым ұшырағыш етеді. Оның үстіне, ШОБ әдетте неғұрлым шектелген тауарлық номенклатураға ие, бұл бір саладағы нашар көрсеткіштердің орны басқа саладағы жақсы көрсеткіштермен толықтырыла алмайтынын білдіреді.

Туризм секторындағы шағын бизнестің тиімділігіне қатысты зерттеуінде Моррисон мен Тэйксэйра (2004) туристік сектордың аясында ШОБ жекелеген бірліктерінің әлсіз позициясына назар аударады. Сыртқы ортадағы пайыздық мөлшерлеменің жоғарылауы, экономикалық құлдырау немесе іс-шарадағы болмаса белгіленген бекеттегі апатты жағдай секілді бір ғана ірі өзгеріс кез-келген бизнеске терең әсер етуі мүмкін, алайда ТГБОМ секторларында жұмыс істейтін ШОБ--ты мұндай өзгерістер (әдетте солай болады) банкроттыққа тірейді.

Осылайша, ШОБ үшін аман қалу мен іскерлік табысының кілті сыртқы ортаны сканерлеу және болуы мүмкін сценарийлерді түсіну болып табылады, себебі Орэйджа-Родригез және Янэс-Эстэвэз (2007) өздеріінң испаниялық қонақ үйлердің зерттеуінде мәлімдегендей, белгісіздік әрдайым орын алып отырады

Әрбір болуы мүмкін сценарийдің салдарын және бизнестің оған қалай жауап бере алатынын ойластырған жөн. Соған қарамастан, ШОБ өзінің табиғаты бойынша әлдеқайда шектеулі адами, физикалық және қаржылық ресурстарға ие. Оның үстіне ШОБ көп ретте қысқа мерзімді артықшылыққа жету мақсатында ресурстарды үлестіруге шоғырланады, бұл көп жағдайда олардың алдын-алу тәсілдерін пайдалану емес, сыртқы әсерлер орын алғанда ден қоюға мәжбүрлікке әкеп соғады (МакАдам, 2000). Бірқатар куәгерлік жайттар шағын фирмалардың басым бөлігі стратегиялық жоспарлаудың дәстүрлі құралдары мен әдістерін пайдаланбайтынын болжайды (Меерз және Робертсон, 2007).

Құралдар мен модельдер кешенді проблемаларды түсіндіруге арналған, ал Банхэм (2010) ШОБ иесіне/басшысына оның шаруашылық қызметіне әсер ететін сыртқы факторларды түсінуіне көмектесу үшін өзінің «Турбуленттілік деңгейлері» моделін енгізеді. Бұл ортаның тиісті турбуленттілігін өлшеу үшін ұпайларды есептеу жүйесін пайдаланумен шағын бизнес үшін сыртқы ортаны сканерлеуін жеңілдету мен жүйелендірудің талпынысы болып табылады.

ТАРАУДЫҢ ТҮЙІНДЕМЕСІ

Макроортаны талдау негізінен ұйымның болашағына көзқарасты қамтамасыз етуге қатысты. Ортаның күрделілігі мен турбуленттілігі мұндай болжам жасауды қиынға соқтырады.

Сөйте тұра, талдау басшыларды стратегиялық шешімдерді қабылдауда хабардар етеді. Сыртқы ортаның күрделілігі оны неғұрлым шағын әлеуметтік, технологиялық, экономикалық, саяси компоненттер мен қоршаған орта компонентіне бөлу арқылы оңайлатылады. Бұдан соң ортаның мәліметтерін оның бизнес пен оның микроортасына әлеуетті әсері тұрғысынан талдауға мүмкіндік пайда болады. Өзгерістердің қарқынына жауап беру үшін макроортаны талдау процесі үздіксіз болуы тиіс.

8 Тарау

Сыртқы орта шарттарының туризмді, қонақ үй бизнесін дамыту мен іс-шараларды ұйымдастыруға әсері: микро мән мәтін.

Кіріспе және тараудың қысқаша сипаттамасы

3 Бөлімге кіріспеде біз ұйымның сыртқы ортасы өзіне екі қабатты - макро орта мен микроортаны қамтитыны жайлы идеяны сипаттаған едік. Біз 7 Тарауда макро ортаны (STEEP негізін қолдана отырып) қарастырдық, ал осы тарауда біз микроортаны талдайтын боламыз.

Микроорта ұйым айтарлықтай жиі ұшырайтын әсерді білдіреді. Көптеген бизнестер үшін бұл олар жұмыс істейтін өнеркәсіптің салаларына қатысты болады. Мұндай аренаның шеңберінде бизнестер бірімен бірі бәсекелесе алады, немесе кейбір жағдайларда ынтымақтастыққа қол жеткізіледі. Осы тарауда біз өнеркәсіптік талдау үшін екі модельді талқылаймыз. Одан кейін бірлескен мінез-құлықтың көлемін өнеркәсіп саласындағы бәсекелестер оны пайдалана отырып түрлі стратегиялық топтарға түсіп қалатын әдісті қарауға дейін талқылаймыз.

ОҚЫТУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Бұл тарауды зерттеген соң оқырмандар келесіне жасай алуы тиіс:

- Сыртқы талдаудың микро және макро деңгейлерін айыра білу;
- Өнеркәсіп пен нарық салаларын талдаудың ТГБОМ секторларына қатысты маңызын түсіндіру;
- ТГБОМ құрылымы мен Портердің бес (бәсекелік) моделіне қатысты қолдануды сипаттау;
- Портердің бес күші моделінің шектеулерін түсіндіру;
- Бәсекелестік жағдайында мінез-құлықты анықтау және ажырату мен өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастық;
- Ресурстар негізінде өнеркәсіптік талдау моделінің шектеулерін бағалау және түсіндіру;
- ТГБОМ секторларын өнеркәсіптік талдау кезінде стратегиялық топтарды анықтау мен концептті қолдану.
- Сындарлы сәттілік факторларының мәнін түсіндіру мен оларды өнімділіктің негізгі индикаторларынан ажырату.

Өнеркәсіптің салалары мен нарықтар

Өнеркәсіп пен нарықты сәйкестендірудің маңызы

Басқару жөніндегі кейбір стратегиялық мәтіндерде бірін-бірі алмастыра алатын болып көрінетін *өнеркәсіп* пен *нарық* терминдері дұрыс қолданылмайды. Кай (1995) осы екі концептті шатастыру бәсекелік ортаның қате талдауына әкеп соғып, осылайша дұрыс емес стратегияға ұласуы мүмкін екен атап өтті. Тік интеграцияланған туристік компаниялар секілді заманауи туристік компаниялар өнеркәсіптің (немесе өнеркәсіптік сектордың) бірден көп саласында және бірден артық нарықта жұмыс істей алады.

Мәселен,– «Tui plc», тік интеграцияланған еуропалық туристік топ әуе жолдары, аралық туристік деңгей (тур операторлар мен туристік таралу), қонақ үй бизнесі мен туристік саланың круиздік секторында жұмыс істейді және Скандинавия, Құрлықтық Еуропа, Біріккен Корольдік пен Солтүстік Америкадағы негізгі нарықтарына ие. Өнеркәсіптің (немесе өнеркәсіптік сектордың) әр саласы мен нарық стратегияны нақтылауда белгілі-бір мәнге ие өзінің жеке ерекше құрылымдары мен сипаттамаларына ие болады

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Өнеркәсіп пен нарық

Өнеркәсіптің салалары тауарлар мен қызметтерді шығарады – экономикалық жүйедегі *жеткізулер жағы*.

Нарықтар өнеркәсіптің салаларымен шығарылған тауарлар мен қызметтерді тұтынады – экономикалық жүйедегі *сұраныс жағы*.

Өнеркәсіп салалары тауарлар немесе қызметтерді жеткізуге шоғырланса, нарықтар сұраныспен ұштасады. Осылайша, стратегияны таңдау процесіне жәрдемдесу үшін өнеркәсіптің салаларын да, нарықтарды да түсіну мен талдаудың маңызы зор.

Кейде өнеркәсіптің саласын дәл анықтау қиынға соғады. Портер (1980) өнеркәсіпті өнімдері бірін-бірі алмастыра алатын бизнестер тобы ретінде анықтайды, алайда мұндай анықтама қате болуы мүмкін, себебі өнеркәсіптегі кейбір ұйымдар мен салалар түрлі нарықтарға арналған өнім-

дердің толық спектрін өндіреді. Өнеркәсіп саласын ойдағыдай сәйкестендіру мен оның әсерін түсінудің маңызын Румельт (1991) және Мак Гахан мен Портер (1997) қарастырды.

ТӘЖІРИБЕДЕГІ СТРАТЕГИЯ

Стратегияда нарықтарды, өнеркәсіпті және стратегиялық топтарды түсінудің әдістері

Кай (1995) нарық, өнеркәсіп пен стратегиялық топтардың арасындағы айырмашылықты қарастырады. Басты құзыреттілік (немесе ерекше қабілет) тек ол нарықта, өнеркәсіпте немесе стратегиялық топта қолданылған жағдайда ғана бәсекелік артықшылыққа айналады.

Бәсекелік артықшылық - ұйым өзге жеткізушілерге қатысты сол нарықта, өзге ұйымдарға қатысты өнеркәсіптің сол саласында немесе бір стратегиялық топтағы басқа бәсекелестерге қатысты бәсеке артықшылығымен жанға жайлылықты меңзейтін салыстырмалы термин. Сұраныстың факторлары нарықты анықтаса, жеткізудің факторлары өнеркәсіпті анықтайды.

Мысал ретінде Кай «Eurotunnel» мен «P&O Ferries» пайдаланады. Қос компания да бір нарыққа қызмет көрсетеді, себебі тапсырыс берушілер Франция мен Біріккен Корольдіктің арасындағы Ағылшын арнасын кесіп өту үшін таңдай алатын баламалы опциялар болып табылады.

Сөйте тұра олар өнеркәсіптің түрлі салаларында орналасқан, себебі олардың бірі көліктік компания болса, екіншісі ірі инфрақұрылымдық жобаларды басқарады. Стратегиялық топ ұрыстың бәсекелік алаңына ұқсайды және ұқсас стратегияларға ие компанияларды жіктеу арқылы анықталады. Осылайша, «Lufthansa» мен «British Airways» бір стратегиялық топтың бөлігі болып табылады, АҚШ аумағында тек ішкі қызметтерді ұсынатын Оңтүстік-Батыс әуе жолдары, төмен құнға ие әуе жолы басқа стратегиялық топта болады.

Ұйым үшін релеванттық нарықты, өнеркәсіп пен стратегиялық топты сәйкестендіріп, олар бір еместігін түсіну аса маңызды. 80-жылдарда Британияның ең ірі сыра өндірушісінің бірі «Bass» сыра жеткізу нарығындағы перспективалары көңіл көншітерліктей емес деген қорытындыға келіп, өзінің негізгі қызмет ету түрі бос уақыт өткізумен байланысты

ретінде қайтадан анықтады. Компания жетекші тур оператор «Horizon Travel»-ды сатып алды, себебі пабтарда уақыт өткізу мен демалыс күндерінде шығу бос уақытты өткізудің баламалы жолдары ретінде дұрыс қарастырылып, тұтынушылар шығынының бір үлесі үшін бәсекеге түсті.

Соған қарамастан, сыра қайнату дағдылары демалыс пакеттерін ұсыну үшін қажеттілерге, жұмсартып айтқанда, ұқсамайтын және бұл сатып алу сәтсіздікпен аяқталды. Кейіннен бизнес «Thomson Travel Group» компаниясына сатылды (қазір –«Tui plc» бөлігі). «Bass» *бос уақыт нарығы* мен *өнеркәсіптегі бос уақыт саласы* екі түрлі нәрсе екенін түсінбегендіктен сәтсіздікке ұрынды.
Кай (1995)

Сондықтан, өнеркәсіп тауарлар мен қызметтерді шығарушыларға шоғырланса, нарық клиенттер мен олардың талаптарына (қажеттіліктері мен тілектеріне) шоғырланған. Белгілі-бірнарық арнайы талаптардың жиынтығына ие клиенттер тобынан тұрады, олар бір немесе бірнеше өнімдермен қанағаттандырыла алады. Осылайша нарықты талдау клиенттерді, олардың талаптарын, осындай талаптарды қанағаттандыратын өнімдерді, солар арқылы клиенттер тауарлар алатын (таралу арналары) тауарлар мен құралдарды өндіретін ұйымдарды түсінуді меңзейді.

Нарықтарда өз өнімдерін сатумен қатар бизнестер нарықтардан өз ресурстарын алады (еңбек, материалдар, қондырғылар, жер және т.б.) - оларды *ресурстар нарығы* деп атайды. Бұған қоса бизнестердің басым бөлігі нарықтарға өнімдерді ауыстыру үшін қызығушылық танытады және сондай-ақ олар өз тауарлары үшін жаңа нарықтарды зерттеуге мүдделі болады.

Бизнес-ұйым, оның өнеркәсіп саласы мен нарықтармен арадағы қатынастар

Оның өнеркәсіп саласы мен нарықтарын талдау ұйымға келесіге мүмкіндік береді:

- Ол өзінің басты құзыреттіліктерін қолдана алатын өнеркәсіптің өзге салаларын сәйкестендіру;
- өз клиенттерінің табиғаты мен олардың қажеттіліктерін түсіну;

- оның құзыреттіліктері қолданыла алатын жаңа нарықтарды сәйкестендіру (басты құзыреттіліктерді талқылау тақырыбына арналған 3 Тарауды қараңыз);
- өмірде бар және әлеуетті бәсекелестерді өнеркәсіптегі өзінің және өзге салаларындағы қатерлерін сәйкестендіру;
- өз ресурстарын алып жатқан нарықтарды түсіну.

Бәсекелі ортаны (өнеркәсіп пен нарықты) талдау макро ортаны талдау (7 Тарауда талқыланған) және ішкі талдау (осы кітаптағы 2 Тараудың тақырыбы болған) секілді ұйымның болашақ стратегиясын әзірлеу үшін маңызды. Өнеркәсіп пен нарықтың мән-мәтіні ұйым құзыреттілігінің сырт пішінін қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды.

Бизнестің басты құзыреттіліктері келесі мәндерде үздіксіз қарастырылуы тиіс

- клиенттердің өзгеріп отыратын қажеттіліктері;
- бәсекелестердің құзыреттіліктері; және
- басқа нарықтардағы мүмкіндіктер.

Өнеркәсіп саласын талдау

Өнеркәсіп саласын талдау деген не?

Өнеркәсіпті талдау өнеркәсіп пен бизнестің бәсекеліс позициясында бәсекеліктің табиғатын орнатуға мақсатталған. Өз кезегінде өнеркәсіптің қарқыны макро ортадағы өзгерістердің әсеріне ұшырайды (7 Тарауды қараңыз).

Мәселен - көптеген елдердегі популяцияның қартаюы круиздер, автобустардағы турлар мен белгілі орындарда ұзақ демалыс арқылы туризм саласындағы сұранысқа айтарлықтай әсер етті, бұл өнеркәсіптің үрдіске қатысты үш жауабын білдіреді.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- ТГБОМ мысалдарын пайдалана отырып, өнеркәсіп пен нарықтың аражігін бөліңіз.
- Өнеркәсіпті талдаудың маңызы қандай?

- ТГБОМ мысалдарын майдалана отырып, *стратегиялық топ* термині нені білдіретінін түсіндіріңіз және оның өнеркәсіптен айырмашылығын сипаттаңыз.

Өнеркәсіпті талдау «бір реет орындалатын» міндет ретінде қаралуы мүмкін деген қатер бар, алайда стратегиялық процестің барлық компоненттері сияқты ол әрдайым орындалып отыруы тиіс. Портермен (1980) әзірленген өнеркәсіпті талдаудың моделі кеңінен қолданылады және осы бөлімде сипатталған.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Микро және макро орта

Бизнестің сыртқы ортасын талдау үшін кеңінен қолданылатын модельдер сыртқы орта әсерінің қабаттар деңгейіне қатысты айырмашылықтарға ие.

Микро (немесе жақын) орта – бұл бизнесті тікелей қоршап тұрған орта, бизнес оның бөлшектерімен неғұрлым жиі өзара әрекеттеседі және белгілі деңгейде оған әсер ете алады. Мақсаттардың көбінде біз бәсекелестерді, жеткізушілер мен клиенттерді орта қабатының негізгі өкілдері ретінде сәйкестендіре аламыз.

Макро (немесе алыс) орта бизнес әрекет етіп жатқан өнеркәсіптің бүкіл саласына әсер ететін ықпалды білдіреді. Макро орта саяси, экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және технологиялық факторлардан туындайтын ықпалды меңзейді. Мұндай факторлардың табиғаты әдетте жекелеген бизнестердің оларға әсер етуге қабілетсіздігін білдіреді - әдетте стратегиялар макро ортадағы өзгерістерге сай болу үшін тұжырымдалуы тиіс.

Өнеркәсіпті талдауға арналған Портердің бес бәсекелі күштерінің моделі

Кеңінен қабылданып және қолданылып жатқан модельдер көп жағдайда қарапайым және жеңіл болып келеді. Өнеркәсіпті талдауға арналған Портердің «бес күші» моделі де сондай. Оның үстіне, тұжырымдама кеңінен қолданылып, ТГБОМ академиялық әдебиетінде сыналды (мәселен, Ли мен Кинг, 2006г.; Бенсон мен Хендерсон, 2011г; және Тавитияман бірлескен авторлармен бірге, 2011г.).

Портер (1985) өнеркәсіп аясында бәсекелестіктің табиғаты мен көлеміне талдау жүргізу үшін модель әзірледі. Ол өнеркәсіп саласындағы бәсекелестіктің деңгейін анықтайтын бес бәсекелі күштің барын алға тартты. Өнеркәсіп саласының аясындағы осы бес күштің әрқайсысының табиғаты мен маңыздылығын түсіну менеджерлерге өзге ұйымдардың бәсекелік стратегиясын әзірлеу кезінде көмектеседі. Бұл бес күшке келесілер жатады:

- Нарыққа жаңадан келіп жатқандар тарапынан болатын қатер;
- Алмастыру өнімдері тарапынан болатын қатер;
- Сатып алушылар немесе клиенттердің билігі;
- Жеткізушілердің билігі (өнеркәсіптегі бизнестің үстінен); және
- Өнеркәсіптегі бизнестер арасындағы бәсекелестік

Осындай күштердің әрқайсысының салыстырмалы «билігін» анықтау арқылы ұйым мүмкіндіктер артықшылығына ие болып, айналадағы қатерлерді еңсеру үшін өзін қалайша ұстанымдау қажеттігін сәйкестендіре алады. Ұйымның стратегиясы кейіннен өнеркәсіптің аясындағы жұмысы кезінде бәсекелік күштерді пайдалану үшін жобалануы мүмкін.

Бес күш моделінің жан-жақты аспектілерін қарастырудан бұрын осы модельге қатысты кейбір жақтарды назарға алу керек:

- Бастапқыда бұл коммерциялық бизнестерді меңзей отырып әзірленгенімен, модель ұйымдар, алушылар немесе аттракциондардың басым бөлігі үшін айтарлықтай мәліметтерді ұсына алады.
- Портер моделін пайдалану кезінде бес күштің қайсысы өнеркәсіптің белгілі-бір саласындағы жұмыс кезінде негізгі болып табылатынын сәйкестендірудің маңызы зор. Көптеген жағдайларда бес күштің бір немесе одан көбі «негізгі күшке» айналғаны анықталады және модельді пайдалы түрде қолданар болса стратегиялық талдау соларға шоғырлануы тиіс.
- Бәсекелі ортаның қарқынды табиғаты (ол үнемі өзгеретінін білдіреді) өнеркәсіптің белгілі-бір саласындағы күштердің салыстырмалы түрдегі маңыздылығы уақыт өте келе ауысып отыратынын меңзейді. Сондықтан, бәсекелестер осыны іске асырып, стратегиясын тиісті түрде реттегенге дейін мұндай өзгерістерді орнату үшін бес күштің талдамасын тұрақты негізде қайталап отыру маңызды.
- Өнеркәсіп аясындағы бәсекелестіктің табиғатына қатысты қандай-да

бір қорытынды шығарғанға дейін бес күштің әрқайсысы жан-жақты талдануы тиіс.

- Модель бүкіл ұйым деңгейіне емес, стратегиялық бизнес-бірлік (СББ) деңгейіне негізделуі тиіс. Бұл ұйымға қаратылған барлық бес бәсекелі күшті назарға алу кезінде тек оларды емес (тек ұйым тым қарамайым немесе бір СББ-дан тұратын жағдайлардан басқа), тиісті СББ-ға қатысты күштерді қарастыру қажеттігін білдіреді. Бұл дербес ұйымдар өздерінің нарықтары мен әрекеттерінде түрлі әрқилы болу мүмкіндігінен орын алады.

Мәселен – «Tui» (бұған дейін оны мәсал ретінде қарастырғанбыз) секілді тік интеграцияланған туристік компаниясы тур операторлармен, туристік агенттермен, онлайн таратумен, қонақ үй бизнесімен, әуе және круиздік кемелермен әрекет етеді. Осы секторлардың әрқайсысында компания бәсекелестердің, жеткізушілер мен алмастырулардың түрлі топтарына, сонымен қатар реттеудің әртүрлі процестеріне тап болады. Әуе желісі бір мезгілде ұзақ тасымалдаулар, ішкі және еуропалық секілді қатарынан бірнеше ареналарда бәсекелесуі тиіс. Олардың әрқайсысында әуе желісі бос уақыт өткізу, бизнес пен фрахт секілді түрлі мақсатты топтарда мақсат қоюы, сонымен қатар бәсекелестердің түрлі топтарымен ұшырасуы тиіс. Осылайша бәсекелеік күштер әрбір таңдалған бәсекелік ареналарда әртүрлі болып келеді.

- Бес күш өзге күштерде өзгерістерді тудыратындай әлеуетке ие бір бәсекелік күш тарапынан қысым болатындай бірінен бірі тәуелсіз күш болып табылмайды.

Мәселен – нарыққа әлеуетті жаңадан шығушылар олардың жолдары бұғатталғанын анықтап, таралудың дәстүрлі арналарын айналып өту арқылы, тауарлар мен қызметтерді тұтынушыларға тікелей сату үшін агенттерді немесе аралық кезеңдерді пайдалана отырып нарыққа барар жаңа жолдарды табуы мүмкін. Арзаншылдық моделіне еретін «easyJet», «Air Asia» немесе «Southwest Airlines» секілді көптеген әуе желілері әдетте туристік агенттіктер секілді аралық компаниялар арқылы таратуды және айтарлықтай деңгейде GDS жүйелерін пайдаланбайды. Оның орнына билеттер әдетте тікелей тұтынушыларға (негізінен интернет арқылы) сатылып, осылайша аралық кезең мен онымен байланысты тиісті шығындарды жояды. Осылайша нарыққа жаңа бірлікті енгізу

арқылы сатып алушылардың бір тобының (туристік агенттіктердің) нарықтық билігі азайып, басқа топтың (тұтынушылар) нарықтық билігі нарықтағы жаңа бірлікпен қамтамасыз етілген жоғарылаған бәсекелестіктің нәтижесінде арта түсті.



Figure 8.1 Porter's five forces framework (adapted from Porter, 1985).

8.1 сурет Портердің бес бәсекелі күшінің моделі (Портердің жұмысынан бейімделген, 1985г.)

Potential entrants	Нарыққа әлеуетті шығушылар
Substi tute products	Тауарларды ауыстыру
Suppliers	жеткізушілер
Buyers	Сатып алушылар

Competitive rivalry	Бәсекелік қарсыласу

Бес күштің әрқайсысы саяхаттар мен туризмді ұйымдастырудың түрлі формаларының мән-мәтінінде талқыланатын болады.

1 күш: Өнеркәсіп саласына кіретін жаңа бірліктердің қатері

Өнеркәсіп саласына жаңа бәсекелестердің кіру қатері кіру кедергілері санының «биіктігіне» тәуелді. Кедергілер формалардың көптеген түрлерін қабылдауы мүмкін.

Кірудің бастапқы капиталдық шығындары

Өнеркәсіп саласына (немесе өнеркәсіптік секторға) кіргісі келген бизнеске қажет инвестициялардың көлемі жаңа бірліктердің қатер мөлшерінің маңызды негіз қалаушысы болады. Талап етілетін инвестициялар неғұрлым жоғары болса, ол жақтан келетін қатер соғұрлым аз. Отельдің құрылысы немесе келушілердің көңілін көтеру, круиз желісін немесе әуе желісін іске қосу секілді ТГБОМ кейбір салаларында кіру инвестициялары айтарлықтай жоғары болатыны анық.

Әйткенмен, кейбір жағдайларда лизинг немесе франчайзингтің көмегімен иелік етуді активтерді басқарудан бөлу арқылы кейбір капиталдық шығындардан құтылу немесе кейінге шегеруге мүмкіндік туындайды. Иелік пен басқаруды бөлу отель секторында кеңінен таралған тәжірибе, онда меншік иесі-компания фищикалық активтерге иелік етсе, отельдің операторы отельді басқарады. Теңіз және әуе кемелерін лизнигке беру де әуе және теңіз тасымалдаулары саласында кеңінен таралған құбылыс болып табылады және уақыттың кезеңіне бастапқы жоғары шығындарды бөлуге мүмкіндік береді. .

Тур операторды, туристік агенттікті, интернет дүкенді немесе тіпті басқарушы компанияны іске қосу секілді ТГБОМ өзге салаларында капиталдық шығындар салыстырмалы түрде төмен болуы мүмкін, себебі әдетте қымбат активтерді сатып алу қажеттілігі туындамайды. .

Брендке адалдық және тұтынушыны ауыстырудың құны

Егер өнеркәсіптің белгілі-бір саласындағы компаниялар дифференцияланған тауарлар мен қызметтерді өндірсе және тұтынушылар бел-

гілі-бір брендтерге адалдық танытса, мұндай жағдайда әлеуетті жаңа бірліктер өнеркәсіпке кіруде қарсылыққа тап болады. Брендке адалдық сонымен қатар тұтынушыларды жаңа бәсекелестерге ауыстыру үшін қажетті шығындардың өсуінде маңызды фактор бола алады.

Мәселен – кейбір инстанцияларда туристік тауарлар өз өнімдерін толықтай дифференциалдая алады. Мона Лизаны тамашалауға болатын Париждегі жалғыз Лувр көркем сурет галереясы бар, ал императорлық пингвинді (бостандықта болмаған жағдайларда) көңтүстік жарты шарда тамашалауға мүмкіндік бар. Сондай-ақ, Гластонбери рок фестивалі жыл сайын жаздың басында тек Біріккен Корольдіктің Сомерсет атты дерінде өтеді.

МЫСАЛ АРҚЫЛЫ ҚЫСҚАША ТҮСІНДІРУ

Брендке адалдық: Гонконгтағы айдаһар-қайықтардың фестивалі

Барлығы да гонконгтық балықшылар Гонконг аралының солтүстік-шығыс жағалауында 1976 жылы айдаһар-қайықтарға мініп, халықаралық жарысқа қатысқан сәтінен басталды (оған шетелдік жалғыз команда - Жапония қатысты). Мұндай қарапайым бастамадан соң бүкіл әлемді қызықтырған айдаһар-қайықтардың іс-шарасы пайда болып, кейіннен көне қытай халықтық рәсімін заманауи халықаралық спорт түріне айналдырды.

Қазіргі таңда жарыстар жыл сайын өтетін халықаралық іс-шараның мәртебесін алды. 2013 жылдың маусым айында Гонконгтың дәстүрлі суреті бейнеленген фонда әлемнің 200-ден астам командасының намысын қорғаған 5 000 жуық атлет айдаһар-қайықтар жарысына қатысты.

Өзінің атауына сәйкес Гонконгтағы айдаһар-қайықтардағы жарыс басқа жерде өткізіле алмайды. Дәстүр көп жылдар бойы қалыптасты және бизнес-демеушілер қолдап отырған бренд спорттық іс-шарасына қатысушылар мен демеушілер адалдық таныта бастады.

www.discoverhongkong.com

Сұрақтар

1. Осы жағдайда брендтің құрылысы кіре берісте кедергіні қалайша орнатқанын түсіндіріп өтіңіз.
2. Өзіңіздің ТГБОМ білімін пайдалана отырып, бренд өзінің құрылуымен кіру үшін кедергіні жасаған басқа мысал ұсыныңыз.

Яғни, тұтынушылар осы ойын-сауықтар немесе іс-шараларға қатысқысы келсе, жаңа бірліктерге ауыса алмайды.

Әйткенмен, көптеген жағдайларда ТГБОМ тұтынушылары бағаны басшылыққа алады және брендке адалдықтың төмен белгісін паш етеді. Сондықтан тұтынушылар қазірде бар тур операторлар, турагенттіктер, отель топтары, іс-шаралар мен аттракциондары, әуе тасымалдаушыларынан неғұрлым бәсекеге қабілетті ұсыныстың негізінде жаңа бірліктерге ауыса алады. Сөйте тұра, кей жағдайларда ауысудың құны әуе тасымалдаушылары, отельдер мен басқа да өнім берушілер жүргізетін Frequent Flyer (жиі келетін жолаушы) мен Guest Loyalty (қонақтың адалдығы) секілді тұтынушылардың адалдық схемалары арқылы есептеледі. Мұндай бағдарламалар (мәселен, AAdvantage от American Airlines, Flying Blue от Air France-KLM, HHonors от Hilton, Le Club Accorhotels от Accor Group) ТГБОМ тұтынушылары үшін қуатты бастамалар болып табылады және белгілі-бір брендтерге адал болуға итермелейді.

Өндірістің өсуі немесе көлемі есебінен әрекеттегі бәсекелестерге қолжетімді үнемдеу

Егер әрекеттегі бәсекелестер өндірістің өсуі есебінен экономияға қол жеткізіп жатса, бұл оларға өндіріс бірлігінің төмен бағасына сәйкес бола алатын жаңа бәсекелестер алдында басымшылық береді.

Мысалға – негізгі еуропалық нарықтардан (Германия, Біріккен Королдік және Скандинавия) Испанияда демалысты өткізу пакетін ұсынатын саладағы жаңа бірлік Tyu, Kuoni и ThomasCook сияқты ірі операторлармен мықты бәсекелестікке түседі.

Көбінесе мұндай операторлардың Испаниядағы және басқа жерорта теңізі елдеріндегі тұрғын үй-жайларын берушілермен ұзақ мерзімді келісімдері бар.

Көп халыққа жатар орындарды ұсынуға келісім жасау мүмкіндігін назарға ала отырып, олар кішігірім жаңа бірліктер ұсына алмайтын қолайлы жағдайларды ұсынады.

ӨЗЕКТІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Өндірістің өсуі және көлемі есебінен туатын экономия

Өндірістің өсуі және көлемі есебінен туатын экономия академиялық әдебиетте кең қолданылатын термин болып табылады. Экономиялар тұжырымдамалық тұрғыдан ұқсас боп келеді (көбінесе термин екі концептті де белгілеу үшін қолданылады), бірақ нақтырақ қарайтын болсақ

- олар әртүрлі.

Кәсіпорын үшін *өндірістің өсуі есебінен туатын экономия* біріншіден өнімнің бөлек түрі үшін жасалатын операциялардың өсуімен байланыстырылатын орта бағаны (бірлік үшін бағасы) төмендетуге байланысты.

Кәсіпорын үшін *өндірістің көлемі есебінен туатын экономия* екі немесе одан да көп өнімді өндіретін компания үшін орта бағаны төмендетуге байланысты.

Мысалға – белгіленген бір пунктке дейін әуе жолымен тасымалдау желісін үнемдеуге аса көлемді ұшақты қолдану арқылы жетуі мүмкін, бизнес кеңейе түседі және сондықтан жолаушы үшін баға төмендейді. Осы сияқты әуе жолымен тасымалдау желісіне қосымша маршруттар қосылса, *көлем есебінен үнемдеу* болады, техникалық қызмет көрсету, сату және маркетинг, тексерістер үшін жұмсалатын шығындар бірнеше бағытқа бөлініп, жолаушы үшін орта баға төмендей түседі.

Инвестицияларға және тарату каналдарына қол жеткізу

Жаңа бәсекелестер тарату каналдарына қол жеткізу кезінде қиындықтарға ұшырауы мүмкін, бұл олардың тауарларын тұтынушыларға жеткізуін немесе қажетті инвестицияларды алуын қиындата түседі.

Мысалға - жоғарыда аталған туроператорын айтар болсақ, белгіленген пункттерде туристерді орналастыру үшін кейбір категориялардың жетіспеуі мүмкін, себебі олар бар бәсекелестермен келісім бойынша алдын ала қалдарылып қойған, ал бұл өнеркәсіп саласындағы жаңа бірліктердің қажетті салымдарға қол жеткізуін болдырмайды. Бұдан басқа, әрекеттегі ірі тур операторлары негізгі нарықта бағасы жағынан аса тиімді тарату құралдарын ұсыну үшін бірнеше жылдар бойы әзірлеген тарату каналдарын белгілеп қойған (туристік агенттер, колл-орталықтар және ғаламтор сияқты). Жаңа бірлікке өз активтерін сақтандыру үшін ауқымды инвестициялау қажет болады.

Әрекеттегі бизнестер жағынан қарсыластық

Егер әрекеттегі бәсекелестер мықты қарсыластықты таңдаса, жаңа бірліктердің өнеркәсіпке кіруі өте қиын болады.

Мысалға – егер әрекеттегі бизнестер өсу есебінен экономия жасаса,

жаңа бірліктердің бағаларына сәйкес өз бағаларын төмендете алады, мұнымен олар баға жағынан басымдылыққа ие болады. Кейбір жағдайларда әрекеттегі бәсекелестер жаңа бірліктерге кедергі болу үшін бағаны төмендетуі немесе маркетингті қолдануды асыруы мүмкін. Кейде мұндай пайдаланушылық баға әрекеті «бәрі ішінде» әуе желілерімен жаңадан келген арзан тасымалдаушыларды нарықтан шығару үшін көрсетілген деседі (мысалдарды Форсайт 2006; Хэнлон, 2007; Фагеда, 2011 қараңыз).

Егер нарыққа кіру шектеулері өнеркәсіпке жаңа бәсекелестердің кіруін қиын ете түссе, бұл өнеркәсіптің осы саласындағы бәсекелестікті шектей түседі. Нәтижесінде бәсекелестер сала шеңберінде нарыққа кіру құнын көтеріп және инвестициялау мен тарату каналдарын өзіне қарай неғұрлым күштірек «байлау» арқылы брендті сақтау деңгейін асыру жолымен өз позицияларын нығайта түсуге тырысатын болады.

Екінші жағынан, нарықтың ықтимал жаңа қатысушылары мұндай шектеулерді бұзу немесе азайту үшін жол іздейді, мұнымен олар өздерінің салаға еніп, бизнесте бәсекелесулеріне мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, олар саланы кейде аталатындай *даулы* етуге тырысатын болады.

Мемлекеттік реттеу

Кейбір жағдайларда жаңа бәсекелестердің үкімет немесе үкіметаралық реттеу секторлары тарапынан нарыққа шығуға мүмкіндіктері жоқ.

Мысалға - ұйымдардың туристерге тұрғын үй мен қызметтер ұсынуы АҚШ-тың Йеллоустон және Йосемити сияқты бүкіл әлемге танымал ұлттық парктері аясында қатаң реттеледі. Бұл негізінен парктер шегінен тыс реттелмейтін позицияларға күрт қарама-қарсы.

Институционалдық орта бәсекелестікті реттеуде, әсіресе Қытай сияқты экономикасы өтпелі елдерде өте маңызды рөл атқарады.

Мысалға - Қытайда шетелдік инвестицияларға мейманханалық сектор екі онжылдықтың ішінде ашылған және туристік қызмет көрсету секторында мемлекеттік фирмалар үстем болып тұрғанның өзінде меншіктің әртараптандырылған құрылымына ие және олар шетелдік инвестицияға біршама жабық болып табылады (Къю бірл. авт 2005).

Ванг пен Сюй үкіметтің араласуы экономикасы өтпелі елдердегі институционалдық ортаның әдеттегі сипаттамасы болып табылады деп тұжырымдайды (2011). Мұндай жағдайда үкімет тек инвестиция саясатының әзірленуіне ғана емес, оның жүзеге асырылуы мен тіпті фирмалар-

дың, әсіресе мемлекеттік кәсіпорындардың операциясына да араласады. Амал-тәсілдердің әртүрлілігі, соның ішінде қолайлы жер, салық және қаржы стратегияларымен қамтамасыз ету туризм секторына инвестициялар тарту үшін қабылданған (Ванг пен Сюй, 2011).

2 күш: Ауыстырушы тауарлар жағынан қауіп

Ауыстырушы ретіндесол саладағы өнімнің қажеттілігімен сәйкес келетін затты қарауға болады.

Мысалға – Ла-Маншты кесіп өткісі келетін жеке тұлға Англия мен Франция арасынан канал арқылы туннельді пайдаланып, көпканалды паромдағы немесе поездағы саяхатты таңдай алады. Бұл өнімдер паромдық және теміржол қызметтері өнеркәсіптің әртүрлі салаларымен көрсетілетініне қарамастан, Франциядан өтуде клиентті басымдылықтармен қамтамасыз етеді.

Нақты ауыстыру жағынан қауіп деңгейі екі факторға байланысты.

Ауыстырушының бағасы мен өнімділігі сала өнімімен теңесе алатын деңгей

Өнімділігі сала өнімімен теңесетін және бағасы бірдей аса жақын ауыстырғыштар сала үшін шынайы қауіп болады. Ауыстыру қаншалықты жанама болса, олардың бағасы мен өнімділігі бірдей болу тәуекелі соншалықты аз болады. ТГБОМ өнімдерінің бағасы жоғары болғандықтан, онымен байланысты шығындар қажеттілік ретінде емес, байлық ретінде қарастырылады, өнімдер автокөліктер және әақ тауарлар» (тоңазытқыштар және кіржуғыш машиналар) тәрізді басқа бағасы жоғары заттармен бәсекелестікке түседі.

Сатып алушылардың ауыстырғыштарға көшуге дайындығы

Сатып алушылар жеткізушілерді ауыстыруға шығындар көлемі көп болмаса немесе бәсекелес өнім неғұрлым төмен бағане жақсартылған өнімділік бойынша ұсынылған жағдайда дайын болады. Осымен қатар, бұл клиенттердің белгілі бір маркаға адал болатын деңгеймен тығыз байланысты. Бір өндіруші өнімдерінің адал клиенттері неғұрлым көп болса, соғұрлым ауыстырушы жағынан қауіп төмен болады.

ӨЗЕКТІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Көшу шығындары

Клиенттердің адалдығын қолдаудағы өзекті стратегиялық маневрлердің бірі болып бағаның көтерілуі – клиент үшін – жаңа жеткізушіге көшу табылады. Егер көшу шығындары жоғары болса, клиенттер көшу үшін экономикалық кедергіге тап болады, сондықтан әрекеттегі жеткізушімен қалу тенденциясына бағынады. Тікелей ауыстырушылар үшін көшу шығындары клиенттердің адалдығы схемалары немесе жарнамалық ұсыныстар есебінен өсуі мүмкін.

Жанама ауыстырушылар үшін көшудің аса жоғары немесе нақты шығындары болуы ықтимал, өйткені мысалы, демалыс немесе фестивальға барудан түсетін пайда жаңа кіржуғыш машина сатып алудан түскен пайда арасында айырмашылық бар, бірақ ол екуі де тұтынушылар табысының бөлігі үшін бәсекеге түседі.

Саладағы бәсекелестер ауыстырушы тауарлар жағынан келетін қауіпті өз өнімдерінің өнімділігін арттыру, шығындар мен бағаларды төмендету, сонымен қатар, саралау есебінен төмендетуге тырысатын болады.

ӨЗЕКТІ ТҰЖЫРЫМДАМА

Тікелей және жанама ауыстырғыштар

Ауыстыруға болмайтын өнімдер өте аз. Ауыстырғыш басқа өнімге қатысты эквиваленттік басымдылықты ұсынатын өнім ретінде белгіленуі мүмкін. Бұл критерий – эквиваленттік басымдылыққа ие болу – екі тәсілмен орындалуы мүмкін: тікелей және жанама.

Тікелей ауыстырғыштар шын мәнінде бірдей өнімдер. Тікелей ауыстырғыштар жай ғана бәсекеге қабілетті марка немесе бәсекелес бағыттар болуы мүмкін. SingaporeAirlines, MalaysiaAirlinesжәнеThaiAirways Оңтүстік-Шығыс Азиядағы әуе тасымалдары үшін тікелей бәсекелес болып табылады, ал Амстердам, Париж және Лондон қысқа мерзімді демалыстар еуропалық нарықтағы бәсекелес бағыттар болып отыр.

Жанама ауыстырғыштар мәні бойынша ұқсамайды, бірақ белгілі жағдайларда дәл сондай басымдылықтарды қамтамасыз етеді. Осылай, халықаралық әуе тасымалдары мен телеконференциялары шын мәнінде бір-біріне ұқсамайды, бірақ белгілі жағдайларда ұқсас басымдылықтарды қамтамасыз етеді. Егер өнімнің жаңа бастамаларын талқылау үшін

кеңесу қажет болса, екі жанама ауыстырғыш та қаралады. Егер іскер сапардың мақсаты ықтимал жеткізушілерді қанағаттандыру немесе жаңа қонақүйлер мен қызметтерді, түрлі іс- шараларды қарау болса, телеконференцияның дұрыс ауыстырғыш болатыны екіталай.

3 күш: Сатып алушылардың нарықтық билігі

Өнімді сатып алушылар (клиенттер) жеткізетін ұйымдар алдында билік көрсететін деңгей көптеген факторларға байланысты. Өрескел тілмен айтқанда, сатып алушылар қаншалықты билік көрсетсе, соншалықты мәміле құны төмен болады. Бұл жеткізушінің табысты болуы үшін анық көрсеткіш. Сатып алушылардың қатысты күшіне әсер ететін факторларға мыналар жатады:

Клиенттер саны және олардың сатып алуларының көлемі

Сатып алушылар саны неғұрлым аз болып және олардың сатып алулары көп болса, келіссөздегі олардың позициясы соғұрлым маңызды болады. Бір-бірінен тәуелсіз түрде әрекет ететін және өнімді көп емес мөлшерде сатып алатын сатып алушылардың көп саны салыстырмалы осал болады.

Мысалы – Кариб хауызында әрекет ететін ірі круиздық желілер (өте аз) өздерінің круиздық кестелері және порттық салықтар туралы келіссөздер жүргізу кезінде Кариб хауызының бәсекелес кіші бұғаздық бағыттарына билік етеді. Екінші жағынан, жеке саяхатшылар ірі круиздық желілер жайында сөз болса шектелген нарықтық билікке ие болады, өйткені мұндай клиенттер саны көп, ал круиздық желілер саны неғұрлым аз.

Өнімді жеткізетін кәсіпорындар саны және олардың мөлшері

Егер өнімді жеткізушілер саны сатып алушыларға қарағанда айтарлықтай жоғары болса, сатып алушылық қабілеттілік азая түседі. Жеткізушілердің саны мынаған да әсер етеді – жеткізушілердің аз саны сатып алушылардың нарықтық билігін төмендетеді, өйткені таңдау және «тағы қарайын» мүмкіндігі төмендейді.

Мысалға - Лондонда қызмет еткісі келетін және табысты бизнес нарықта қызмет еткісі келетін әуе компаниялары көбінесе қиын жағдайға тап болады. Лондонның үш ірі әуежайы (Хитроу, Гатвик және Станстед) бұдан былай 2013 жылға дейін болғандай BAAplc компаниясының мен-

шігінде емес және онымен басқарылмайды, ол кезде BAAplc Гэтвик пен Станстэдті бақылаудан бас тартқан еді.Сонда да, Хитроу бүгінгі күні ең ірі әуежай болып табылады, ең көп бизнес-клиенттерге ие және басқа бағыттарға көшу бойынша үлкен мүмкіндіктері бар. Бұл Лондондағы Хитроу әуежайының операторына әуе компанияларымен отырғызу құқықтары туралы жүргізілетін келіссөздер кезінде күшті позиция береді.

Көшу шығындары және ауыстырғыштардың болуы

Егер ауыстырғыш өнімдерге көшу шығындары төмен болса (себебі ауыстырғыштар функционалдылық көзқарасынан бағасы бойынша да жақын болады), тиісінше клиенттердің билігі ұлғая түседі.

Мысалға – клиенттер әдетте өз бизнесін бір испандық курорттан басқаға көшіргенде немесе концерт орнын бір жерден екіншіге көшіргенде (егер келісім талаптарына қайшы келмесе) қаржылық тұрғыдан жауапты болмайды.

Сатып алушылар жеткізулер тізбегінің соңында болуы міндетті емес екенін ескергеніміз жөн. Жеткізулер тізбегінің әр кезеңінде сатып алушылардың нарықтық билігі бағаға және өнеркәсіп құрылымына қатты әсерін тигізетін болады.

Мысалға –белгіленген ерекше орынға қонақүй нөмірлері үшін жеткізулер тізбегінде сатып алушыларға жеке бизнес-клиенттер және жай туристер, туроператорлар, туристік делдалдар (мысалы, туристік агенттіктер мен интернет-сайттары), әуе компаниялары және басқа көлік топтары мен оқиға промоутерлері жатады. Көтермелеп сатып ала алатын және жұмыспен қамтылудың кепілді деңгейімен орналастыратын жеткізушіні ұсынатын сатып алушылар жеке клиенттерге қарағанда қонақүйлерге көбірек қысым жасайды.

Сөйтіп, сатып алушылардың қатысты билігі мынадай жағдайда ең жоғары болуы ықтимал:

- Олардың саны аз және олар көп көлемде сатып алады;
- Көп жеткізушілердің болуы;
- Сатып алушылар саны жеткізушілер санынан басым;
- Сатып алушының бір жеткізушіден басқасына көшу құны төмен;

- Ауыстырғыш тауарлар қолжетімді;
- Жеткізушілер арасында көшу құны төмен.

Қарама-қарсы жағдайлар қолданса, сатып алушылар осал болады.

4 күш: Жеткізушілердің нарықтық билігі

Кәсіпорындар ресурстарды жеткізушілерден өз қызметтерін іске асыру үшін қажетті ресурстарды алуы тиіс. Бұл ресурстар төрт категорияға бөлінеді: адами, қаржылық, физикалық және интеллектуалдық.

Ресурстар бағасы белгілі бір ресурсты пайдаланатын әр саладан ресурстармен (жеткізушілермен) қамтамасыз ететін ұйымдар арасындағы өзара әрекеттестікпен белгіленетін ресурстық нарықтардан алынады. Көптеген ресурстардың бірнеше салада пайдаланатыны туралы айта кету маңызды. Нәтижесінде, жеткізушілердің нарықтық билігі бір ғана саламен ғана емес, қызмет ететін барлық саламен жасалатын қарым-қатынастарымен белгіленетін болады.

Жеткізушілердің билігін білгілейтін негізгі факторлар:

Жеткізушілер ұсынатын ресурстың бірегейлігі мен тапшылығы

Сала үшін бөлінетін ресурстар ол үшін маңызды болса және жақын ауыстырғыштары болмаса, жеткізушілер өнеркәсіп алдында айтарлықтай билікке ие бола алады. Егер ресурс басқа ресурстармен оңай ауыстырылса, оны жеткізушілер аз билікке ие болады.

Мысалы, нақты осы себептен біліктілігі азырақ адамдарға қарағанда сирек кездесетін және ерекше дағдылары бар адамдар барынша жоғары жалақы талап ете алады. Мәселен, музыкалық орындаушы немесе спорттық команда фестиваль концерттерде немесе ірі спорттық оқиғаларда таланттарын ұсынады. Жеке және командалық брендтің күші олардың оқиға үшін негізгі *сатудың бірегей сәтін*(USP) қамтамасыз етуінде. Демек, әртіс немесе спорттық команданың мүшелері оқиғаның олардың тікелей қатысуымен сәтті өтуіне байланысты болғандықтан жоғары жалақы талап етеді.

Осылайша, ауа кеңістігі жеткізушілері санының шектеулі болуы оларға бірқатар билік береді. Реактивті қозғалтқыштардың ірі масштабты жет-

кізушілері төртеумен шектеліп отырғанда(General Electric және Пратт пен Уитни АҚШ, Rolls Royce Великобритания және SNECMA Франция) үлкен реактивті ұшақтардың әлемдік жеткізушілері екеумен шектелген (Боинг АҚШжәне Airbus, Ұлыбританияның қатысуымен Франция, Германия және Испания арасындағы ынтымақтастық)

Қанша басқа сала ресурс талап етеді?

Егер жеткізушілер өнеркәсіптің бірнеше салаларын нақты ресурспен қамтамасыз етсе, онда олардың бір салаға тәуелді болу мүмкіндіг төмендеу. Осылайша ресурс жеткізетін салалар барынша көп болса, келіссөздердегі олардың позициясы да күштірек болады.

Мысалы, Лондон, Дубай және Нью-Йорк сияқты кейбір айрықша дамыған мейманханалық нарықтарда басқа салалармен еңбекте бәсекелесетіндіктен, мейманханаларға қызметкерлер қорын жеткілікті түрде қабылдау қиын болады. Сондықтан, қызметкерлер жалақысы тым төмен және/немесе жұмыссыздық деңгейі тым жоғары шет елдерден келеді.

Жеткізушілер арасында көшу шығындары

Кейбір жағдайларда жеткізушілер арасындағы көшу қиын және қымбат тұруы мүмкін. Тығыз қызметтік қарым-қатынастар ұзақ уақыт аралығында орнатылуы мүмкін, сондықтан кез келген жаңа жеткізуші қажетті білім мен дағдысының болмауынан жүйелер мен қызметтер нақты жеткізушінің талаптарына қарай қалыптасады.

Мысалы, тек қана Боингтерден тұратын ұшақтар паркімен жұмыс істейтін әуе компанияларына ұшқыштары Боинг ұшақтарында жұмыс істеу үшін оқытудан өткендіктен, Airbus-та жеткізуге ауыстыру қиын болады, өнімділік Боинг орындықтарының конфигурацияларын пайдалануға сүйенген, инженерлер Боинг ұшақтарын техникалық қамтамасыз ету үшін оқытудан өткен және қосалқы бөлшектер де Боинг ұшақтарына сатып алынған.

Екінші жағынан, компания үшін нақты қалада бір жерден екінші жерге ұйымдастыратын және көмек көрсететін концерттің қозғалысы кезіндегі оқиғаларды басқару бойынша
көшуге арналған шығындар өте төмен болуы мүмкін.

Ресурстарды жеткізушілер саны мен мөлшері

Егер ресурс жеткізетін ұйымдардың саны аз, ал сатып алушылардың саны көп болса, онда кез келген салада жеткізушілердің ұйымдарға деген билігі жоғары болады. Егер жеткізушілер үлкен емес және олардың саны көп болса, олар салыстырмалы түрде, әсіресе олар өздерінен ресурс сатып алатын ұйымдармен салыстырғанда әлсіз болады.

Мысалы, азық-түлік тауарлары мен Sheraton сияқты мейманханалардың халықаралық топтарының қызметтерін жеткізушілердің көпшілігі әлсіз болып табылады, өйткені мейманхана әкімшілігімен салыстырғанда олар аз. Мейманхана топтары әртүрлі жерлерде бірқатар жеткізушілерге ие және қажет болған жағдайда тым төмен өндірістік шығындармен немесе тым жоғары сапамен қамтамасыз ету үшін жеткізішілерді ауыстыру мүмкіндігі бар.

Осылайша, сала жеткізушілері мынадай жағдайларда ең үлкен билікке ие:

- Олар жеткізетін ресурс тапшы болған жағдайда;
- Оларды алмастырушылардың саны аз;
- Басқа жеткізушіге көшу құны үлкен болғанда;
- Олар өнеркәсіптің көптеген салаларына ресурс жеткізіеді;
- Өз бетімен ірі жеткізуші болып табылады;
- Ресурс сатып алатын ұйымдар өнеркәсіп саласында аз болып табылады;

Қарама-қарсы жағдайлар қолданылғанда жеткізушілер әлсіз болады.

5 күш: Өнеркәсіп саласында бәсекелестердің арасында бәсекелестіктің қарқындылығы

Кәсіпорындар өнеркәсіп салалары шегінде басқаша бірнеше тәсілмен бәсекелесіп отырады. Өрескел тілмен айтқанда, бәсекелестік бағалы және бағасыз бәсеке негізінде болады.

- Бағалы бәсекеде кәсіпорындар бір-бірінің бағаларын қысқартқысы келеді, ал бұл өз кезегінде, олардың өндіріс құнын қысқарту қабілетіне байланысты болады.

- Бағасыз бәсеке маркетингтің, жарнаманың, тауарлар қозғалысының, клиенттерге қосымша қызметтер мен инновациялық өнімдер формасын ұсынады.

Кейбір *ТГБОМ* секторында басқалар да оның қарқындылығы аздау немесе олигополия немесе монополия қалыптаспау салдарынан бәсекелестік қатаң.

Мысалы, жоғары үлгідегі Лас Вегас, АҚШ мейманханаларының арасындағы бәсекелестік соңғы бірнеше жыл ішінде қатаң болып табылады (төмендегі түсініктемені қараңыз). 90 жж. және 2000ж. басындағы құрылыстық серпіліс тұру құнына әсер етіп, номерлерге айтарлықтай жеңілдіктерге әкеп соққан 2008ж. экономикалық бәсеңдетумен аяқталды.

Бұл мемлекеттік кәсіпорындар монополияларды ұстап қалатынФранция, Италия, Германия, Малайзия және Қытай сияқты көптеген елдерде темір жол қызметтеріне қарама-қарсы болуы мүмкін.

МЫСАЛ ТҮРІНДЕ ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ

Бәсекелестік: Лас Вегас мейманханаларында тұру құны

Бұл клише болуы мүмкін, бірақ Лас Вегас, штат Невада Американың басқа қалаларына барғанмен бірдей емес.

Гувер Дамбасын салып жатқан жұмысшыларға қызмет көрсететін бірнеше отельдері және салондары бар шөлдаладағы кішкентай қалашық ретінде құрылғанынан бастап қала өсе бастады, күннен күнге отельдер мен сауық орындары көбейе бастады. Dunes и Sandsсияқты бұрынғы отельдер жаңа меншіктер үшін орын босату үшін құлатылды. Адамдар Лас Вегасқа жергілікті бизнес соңғы жылдары дами түскендіктен шаруалары бойынша, осымен қатар, құмар ойындары мен жоғары дәрежелі сауық іздеп саяхаттайды.

Лас Вегастың туризм жөніндегі конвенциясы мен ведомствосы (LVCVA) Лас Вегастың экономикасын алға итеретін экономикалық механизмінің өсуі мен жағдайын өлшеу үшін қолданылатын түрлі ақпараттарды жинауда. 2012 жылы қалаға 39,7 миллион адам келген, бірақ Лас Вегастың қонақүйлік нарығы аса бәсекелес боп келеді және үнемі бағалық баста-

малар арқылы қосымша келушілерді тартудың, сауық орындарын жақсартып, жаңа орындарды салудың, осы сияқты, жаңа аттракциондарды қосудың жолдарын іздейді.

Ештеңеге қарамастан, қоныстандырудың жалпы көрсеткіштері 2007 жылдағы көтерілумен салыстырғанда 2008 ж. экономикалық дағдарыс салдары нәтижесінде төмендеді, бұл 8.2. суретінде көрсетілген.

2012 жылы қоныстандырудың жалпы көлемі 84,4% құрады, бұл көрсеткіш көптеген стандарттар бойынша тым жоғары, бірақ мұндай көлемнің нөмірлерге сұраныс көп болатын демалыс күндерінде айырмашылығы болады, ал жұмыс күндері нөлге жуық. Қоныстану көлемінің құбылуы икемді бағалық құрылымды құруға әкеп соқты. Жұмыс күндері көлемі ұлғая түсетін басқа қалалардағы отельдер нарығына қарағанда, Лас Вегаста демалыс күндері баға көтеріліп, жұмыс күндері төмендейді.



Отельдерді қоныстанудың жылдық %

8.2 суреті. Лас Вегас отельдерінің қоныстану көлемі

Сұрақтар

1. Лас Вегас отельдерінде орналасуға сұраныс үлгісін көрсетіңіз және оны басқа қалалардағы нарықтармен салыстырыңыз.
2. Лас Вегастағы мемлекеттік теміржол компаниясымен бәсекелес қарсыластықты салыстырыңыз

Жоғары бәсекелес нарықтарда компаниялар өзекті қарсыластарға жиі және кеңейтілген мониторинг жүргізеді.

Мысал ретінде мыналар жатады:

- Бағаөзгерістерінзерттеужәнеәрайтулықадамғакідірместенәрекет жасау;
- Қарсыластықтыңнысаныболатынкезкелгенөнімдізерттеужәнеөзұйымдарындажаңабастамалардыжиіенгізу;
- Жаңабәсекелестікоперациялардағыинвестициялардыбақылау;
- Өзекті қызметкерлерді өз жағына тарту әрекеттері

8.1 суретте қалған төрт күш осы бесінші күшке жататыны көрініп тұр.

Бұл бізге осы күштің билігі оған «азық беретін» қалған төртеуінің қосқанына байланысты екенін еске түсіру үшін әдейі ұсынылған. Алайда, сала ішінде бәсекелес қарсыластықтың аса жоғары деңгейіне әкеп соғатын кейбір жағдайлар да болып тұрады. Бұл спецификалық факторларға келесілер жатады:

Бәсекелестердің салыстырмалы мөлшері

Сектордағы бәсекелестер шамамен бірдей көлемде болса, бәсекелестік өсуі ықтимал, себебі бәсекелес компаниялар нарықтағы басымдылықтың жоғары деңгейіне ие болуға тырысады, бірақ осы көбейген бәсекелестік нәтижесінде табыс азаяды.

Сол сияқты керісінше, басым ұйым болған жағдайда бәсекелестік азырақ болуы мүмкін (демек, табыстылықтың тым жоғары деңгейі), себебі, ірі ұйым жиі жағдайларда ұсақ бәсекелестердің қадамдарын тоқтата немесе шектете алады.

Мысалға – Макао, Шэн (2011) бойынша жергілікті толықтай қаржыландырмау және шетелдік жұмыс күшінің үлкен ағымы орын алатыны айтылады, ал мұндай жағдайда ірі транснационалды кәсіпорындар жергілікті кәсіпорындар есебінен табысқа жетеді. Нәтижесінде, мұны Шэн Макао үлгісіндегі Қытай үкіметтің тұрақты дамуға себеп болатын шетелдік инвестицияларды реттеу жауапкершілігі деп сендіреді.

Өнеркәсіп салаларындағы шығындар сипаты

Егер өнеркәсіп секторларының капиталды қажет ететін болғандықтан тұрақты жоғары шығындары болса, бәсекелестер арасындағы қарсыла-

стық одан да қарқынды бола түсуі мүмкін.

Мысалға – круиздық секторда және отельдер, туроператорлар, оқиға менеджерлері және әуе компаниялары арасында кетер күн жақындағанда орналастыру немесе іс-шараны өткізу жоспарланған кезде жеңілдіктер жүйесі қалыпты жағдай болып есептеледі.Бұл жағдай өнімге тән «шірушілік» және тұрақты шығындардың жоғары деңгейі нәтижесінде болып тұрады.

Қызмет көрсетілетін нарықтардың жетілуі

Егер нарық толық жетілген болса, осылайша тек баяу өсетін бәсекелестік жылдам өсіп жатқан нарыққа қарағанда тым қарқындырақ болуы ықтимал.

Бұндай құбылыс жетілген нарықта жоғары сатылымдарға қол жеткізу үшін жалғыз жол ретінде бәсекелестерден нарық үлесін тартып алу болатындықтан орын алады және осы себепті бәсекелестік өсе түседі. Жылдам өсетін нарықтарда ұйымдар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылады, демек, осылай сатулар көлемі бәсекелестерден алынатын нарық үлесін есепке алмай өсуі мүмкін.

Клиенттердің брендке беріктігінің деңгейі

Егер клиенттер брендтерге берік болса, бәсекелестік деңгейі төмендейді және бәсекелестік бағадан тыс болады. Егер бренд беріктігінің төмендігі байқалса, бәсекелестік қарқынды бола түседі.

Мысалға – круиз кемелерінің жолаушылары дәстүрлі түрде белгілі круиздың және тіпті, өздері қалайтын кеме желісіне берік болды, ал Жерорт а теңізіне демалысқа барушы туристер бағаның жоғары болуынан бәсекелестердің тартып алуларына көніп, бір брендтен екіншісіне еркін көшуге дайын екендіктерін көрсетті. Мұндай бренд беріктігі саралауға жататын тағы бір факторға тікелей байланысты.

Саралау деңгейі

Өнімдерді оңай ажырату мүмкін жерде бәсекелестік бәсеңдеу болады да, ал егер саралау қиын болса, бәсекелестік аса қарқынды болуы ықтимал.

Мысалға – жоғарыда келтірілген мысалды жалғастыра отырып, крейсерлік өнімді түрі, көлемі, сапасы және кеме экипажы жағынан саралау

оңай. Бұған қарама-қайшылық –Жерорта теңізінде демалу пакетіне қатысты туроператорлар әуе кемелерінің, орналастырудың, агенттерге жерде қызмет көрсетудің және тарату каналдарының ұқсас түрлерін пайдалана алады және дәл сондай белгіленген пунктті таңдауды ұсынады. Демек, мұндай жағдайларда өз өнімдерін саралау мүмкіндіктері шектеулі.

Мемлекеттік реттеу

Мемлекеттік реттеудің деңгейі сектордағы бәсекеге күрес деңгейіне әсер етеді. Халықаралық авиация саласы дәстүрлі қатаң реттелген, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында үкіметаралық келісімдерді құру тікелей рөл атқарды.

Мысалы – екі жақтың үкіметтері аралығында жасалған екі жақты шарттардың күрделі желісі арқылы көп елдер арасында әуетасымалдау халыұаралық реттей алайда реттейдің күшін жоюдың көптеген оқиғалар болғанымен, шектеулердің көбісі әлі де бар. Осыған ұқсас жағдай, Ұлыбританияның үкіметі әуетасымалдау(ATOL) бойынша азаматтық авиациясы өкілетті органның лицензиялық жүйесі арқылы әрекет ете, инклюзивтік туристік операторлардың жеткізу қабілетін бақылауға тырысады. Егер мемлекеттік реттей болмаса, осы айтылған екі жағдайда да бәсекелестік аса қарқынды болар еді

Және керісінше, жоспарлауды шектеу арқылы бақылауға алмағанда халықаралық конақ үйлер саласында үкіметтік бақылау сирек.

Шығу үшін тосқауылдың биіктігі

Шығу үшін тосқауылдың биіктігі (ұйымдарлдың сектордан шығудың жеңілдігі) бәсекелестікке әсер етуі мүмкін. Әуе кемелерін, круиздік лайнерлерді, қанақүйлерді немесе туристік көрікті жерлерді салу сияқты күрделі шығындар болған жерлерде, бұл секторлардан шығу қиынға соғуы мүмкін, себебі бұл активтер басқа мақсаттар үшін оңай пайдалына алынбайды және оларды сату әсіресе экономикалық дағдарыс кезеңдерінде қиынға соғады. Демек, уақыт кезеңі ішінде артық қуаты бәсекелестер арасында бәсекелестіктің өсуіне әкелуі мүмкін.

Мысалы – Гонконг және Шанхай сияқты азия нарығындағы қонақжай бизнесінің артық қуат мәселелері, сәйкесінше Тсай және Гумен (2012) мен Чжэн және ГУ (2001), сол уақытта Ли және ЧанАҚШ-та өмір сүру үшін орын беру артық қуаттың әлеуетті проблемаларды бағалайды

Байқаудың жоғары деңгей і өнеркәсіп әлеуетті табыстылығын азайтады және сатылатын өнімнің тұтынушылық сұранысын ынталандыру үшін қызмет инновациялар әкелуі мүмкін бейім. Соңғы жылдары көптеген салаларда, оның ішінде бірнеше факторларға, нәтижесінде неғұрлым бәсекеге қабілетті айналды

- технологияларды дамыту;
- мемлекеттік реттеудің күшін жою;
- Мемлекеттік жекешелендіру;
- экономиканың көптеген салаларында экономикалық рецессия;
- Шет елдерге сапарлар бойынша шектеулерді алып тастау; мен
- жеткізу туралы шектеулерді жоюға.

Мысалы – бірінші дәрежелі испан курорттарындағы нөмірлер мен ас үйі бар апартаменттермен қамтамасыз ету бойынша еуропалық туристік операторлар арасындағы бәсекелестік; қысқа мерзімдік демалысқа арналған бағыттар ретінде еуропалық қалалар арасындағы бәсекелестік; туристік бағыттағы Дубайдың өсуі; Еуропалық жазғы музыкалық фестивальдардың қызулы кестесі; Еуропа мен Солтүстік Америка арасындағы әуе тасымалы нарығында бәсекелестікті арттыру секторлардағы өсіп бара жатқан бәсекелестіктің мысалдары болып табылады.

ОЙЛАНУ ҮШІН

- Өнеркәсіпті талдау үшін Портердің бес күші моделі инструмент ретінде қалай жұмыс істейтінін түсіндіріңіз?
- Бес күш моделінің шектеулері қандай?
- ТГБОМ мысалдарын пайдалана отырып, кірістегі тосқауыл мен олардың «биіктігі» арасындағы байланыс және өндіріс саласының тиімділігі не екенін түсіндіріңіз.

Бес күштің моделі мен тиімділік – қызқаша шолу

Жоғарыда айтылғандай, ұйымның бес күші мен оның әлеуетті пайдасы арасындағы позициясының анықтау жөніндегі қатынасын белгіленуі мүмкін. 8.1 кестесінде өндіріс саласындағы және компанияның пайдасын анықтауға бес күш қалай көмектесетіні туралы қысқаша сипаттама берілген.

8.1 кестесі Портердің бес күш моделі мен пайдасы – қысқаша шолу

(Кэмпбелл бойынша с бірлескен автор., 2002:141)

Table 8.1 Porter's five forces and profitability – a summary (after Campbell *et al.*, 2002:141)

Force	Profitability likely to be higher if there is/are:	Profitability likely to be lower if there is/are
Bargaining power of suppliers	Weak suppliers	Strong suppliers
Bargaining power of buyers	Weak buyers	Strong buyers
Threat of new entrants	High entry barriers	Low entry barriers
Threats from substitute products	Few possible substitutes	Many possible substitutes
Competitive rivalry	Little rivalry	Intense rivalry

Force	Күш
Profitability likely to be higher if there is/are:	Пайда жоғары болады, егер:
Profitability likely to be lower if there is/are	Пайда төмен болады, егер:
Bargaining power of suppliers	Жеткізушілердің сауда күші
Weak suppliers	Әлсіз жеткізушілер
Strong suppliers	Іргелі жеткізушілер
Bargaining power of buyers	Сатып алушылардың сауда күші
Weak buyers	Әлсіз сатып алушылар
Strong buyers	Іргелі сатып-алушылар
Threat of new entrants	Жаңа бірліктер жағынан қауіп-қатер
High entry barriers	Кірістегі жоғары кедергілер
Low entry barriers	Кірістегі төмен кедергілер
Threats from substitute products	Өнімді ауыстырғыш жағынан қауіп-қатер
Few possible substitutes	Ауыстырғыштардың аз болуы
Many possible substitutes	Ауыстығыштардың көп болуы
Competitive rivalry	Бәсекелестік
Little rivalry	Бәсекелестіктің аз болуы
Intense rivalry	Қарқынды бәсекелестік

Портердің бес күші моделі бәсекелестік күшін түсінудің жақсы нүктесі болып табылады және осы күштердің жақсы түсінуге ұмтылатын менеджерлердің құралы ретінде айқын мәні бар. Алайда, бұл құрылым бірқатар маңызды шектеулерге ұшырады. Модельдің негізгі шектеуле рі төмендегідей болып табылады.

Бұл жеткізушілер, сатып-алушылар және бәсекелестер қатер болып табылатынын білдіреді

Құрылым жеткізушілер, сатып алушылар және бәсекелестер шешуді қажет ететін қатерлерді білдіреді деген болжаммен құрастырылған. Алайда кейбір ұйымдар жеткізушілермен, сатып алушылармен және бәсекелестермен тығыз жұмыс қатынастарын орнату негізінде жемісті стратегияларды құрастырды.

Ынтымақтастық (немесе кооперативтік) стратегиясы жалпы бәсекелестік ортаның маңызды бөлігіне айналып, стратегиялық және маркетингтік бірлестіктер, соның ішінде серіктестік, желілерді жасау және кластерлеу сияқты аспектерін қосып бірқатар нысандарды қабылдай алды;. Түрлі жолдармен, бұл іс-шаралар (11-тарау) жеке ұйым немесе олардың бөліктері, барлық өзара пайда үшін бірге жұмыс істеуге, сондай-ақ көптеген жағдайларда мемлекеттік және жеке секторлар деп аталатын мемлекеттік-жеке меншік әріптестікпен бірге жұмыс істейді.

Бұл стратегияның аспектісі ұйымдар үшін кең литератураны құрастырып, олар бірқатар авторлармен келесі мәселелер бойынша талқыланды:

- Әуе жолы: Клейман мен Серисто (2001); Эванс (2001а); Морриш пен Гамильтон (2002); Хэнлон (2007); және де Ман бірлескен авторлықпен., (2010).
- Туристік аралық нүктелер: Эванс (2001б).
- Туризм мен қонақ үй бизнесі: Кроттс автбір., (2000); Го мен Аппельман (2001); Часот пен Олсен (2003); Фьёлл мен Гаррод (2005); Пансири (2008); Рамайя автбір., (2011); және Габудди автбір. (2013).
- Мемлекеттік-меншік кәсіпорындар: Холл (1999); мен Бромвелл және Лэйн (2000).
- Ісшаралар мен ойын сауықтарды: Лонг (2000); Аас автбір. (2005);және Стоукс (2006).

- Белгіленген пункт: Ванг пен Фесенмайер (2007); және Ванг автбір. (2012).

Саланың табыстылығын бағалау үшін пікірге сәйкес

Портер (1980) саланың қайсы бір түрінде әлеуетті пайданы бағалауды құрылым жағдай туғызады деп сендіреді. Осы пікірді қолдау бойынша кейбір дәлелдер бар болса да, салалық факторларға қарағанда жекелеген кәсіпорындардың табыстылығы үшін нақты компаниялардың факторлары аса маңызды екені айқын дәлелдер бар (Румельт, 1991).

Бұл бес күштің саладағы барлық бәсекелестерге тең дәрежеде қатысы бар

Шындығында, күштің қуаты кәсіпорынға байланысты айырмашылығы болуы мүмкін. Құрылымы, мысалы, қуат жеткізуші күшті болса, онда ол филиалының барлық кәсіпорындарға қолданылатын болады дегенді білдіреді. Шын мәнінде, электр жеткізуші өнеркәсібінде бизнестен бизнеске әр түрлі болуы мүмкін. Ірі кәсіпорындар аз болғанына қарағанда, провайдерлер тарапынан аз қауіп тап болады. Сонымен қатар, күшті брендтер бар компаниялар әлсіз брендтермен адамдарға қарағанда, сатып алушы билік пен алмастырғыштар аз сезімтал болады.

Сындарлы сөздерге қарамастан, Портердің бес күтің талдауы кеңінен қолданылды және ықпалы бар. Басқа да жеңілдету модельдері сияқты ол мұқият және сынау арқылы қолданылуы тиіс, басқалармен қоса пайдалынатын дәлелдердің бір нысанымен пайдалануы тиіс.

Портердің бес күшінің талдауын Еуропалық авиациялық индустриясын үлгі ретінде қысқаша түсініктемен қолданылады.

ҮЛГІСІ БЕРІЛГЕН ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ

Бәсекелестің жылжымалы күштері: Еуропалық әуе тасымалдау саласы

Жаңа қатысушылар

- Енгізу үшін салыстырмалы жоғары кедергілер
- • Бастау үшін жоғары күрделі шығындар
- • Белгіленген брендтер
- Ұлттық «туды тасымалдаушылар» үшін бейресми мемлекеттік қол-

даудың кейбір мысалдары

- Кейбір ірі әуежайларда қону және кету үшін қозғалыс жолақтарының жетіспеуі
- • Жеке ұшақтар, арзан тасымалдау және аймақтық әуе желілері үлкенірек белгіленген әуе желілермен бәсекелеседі.

Сатып алушылар

- Тұтынушылар адалдығының төмендеуі
- Жиі белгілі бір әуежелілерін пайдаланатын жолаушылар үшін бағдарламалар
- Кейбір бағыттардың үлкен таңдауы
- Күрделі және шиеленіскен төлем құрылымдары
- Белгілі бір бағыттар бойынша жеке тасымалдаушылар есебінен бәсекелестік
- Туристік аралық нүктелер арасында нығайту
- •Бағаны салыстыру үшін тұтынушылармен сайттарды пайдалануды арттыру

Ауыстырғыштар

- Еуропа бойынша жылдамдығыжоғары поездерді әзірлеу;
- Машиналарды пайдалану үшін жолдардың кең жүйесі
- Телеконференция сияқты коммуникацияның жаға технологиялары.

Жеткізушілер

- Әуе кемелері мен оларға механизмдерді жеткізушілердің олигополиясы;
- Әуе кемелері олигополия компанияларының лизингі;
- Инфрақұрылымды жеткізушілердің желілік монополиясы (аэропорттар мен жер транспорттары);
